

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ
Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

ӘОЖ 930.253(574)”1937/91”

Қолжазба құқығында

ШОТАЕВ МӘДИ ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ

Диссертация жұмысының тақырыбы: **Қазақстан Республикасы Президенті**
Архивінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалардың»
құжаттары: тарихи-архивтанулық зерттеу (1937–1991)

Шифр және мамандық атауы
8D03205 – Архивтану, құжаттану
және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертация

Ғылыми кеңесшісі:
Әлімғазинов Қайрат Шәкәрімұлы
тар. ғыл. докторы

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:
Горак Артур Генрикович
доктор хабилитус, профессор

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

Мазмұны

Нормативтік-құқықтық актілер мен стандарттар	3
Қысқартылған сөздер	5
Кіріспе	7
1 ҚР Президенті Архивіндегі партиялық құжаттар және оларды ғылыми айналымға енгізу мәселелері	
1.1 Партиялық құжаттардың жинақталуы және архивтерде сақталуы	25
1.2 «Ерекше папка» грифінің пайда болуы және атқарған рөлі	37
1.3 Партиялық құжаттарды пайдалану және ғылыми айналымға енгізу мәселелері	42
2 Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкалар» құжаттық кешенін зерттеудегі архивтанулық мәселелері	
2.1 Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қызметі мен іс жүргізу ерекшеліктері және «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің құрамы...	54
2.2 «Ерекше папкалар» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудағы ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талдау	64
2.3 «Ерекше папкалар» құжаттар кешеніндегі істердің қалыптастырылу ерекшеліктері	76
3 XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «Ерекше папкалардың» ақпараттық құндылығы	
3.1 «Ерекше папкалардың» құжаттарының тарихи дерек ретінде құндылығы	86
3.2 Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкалар» хаттамалық бөлімі құжаттарының ақпараттық құндылығы	97
3.3 Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкалар» құпия бөлімі құжаттарының ақпараттық құндылығы	125
Қорытынды	137
Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі	140
Қосымшалар	154

Нормативтік-құқықтық актілер мен стандарттар

Осы диссертациялық жұмыста келесі нормативтік-құқықтық актілер мен стандарттардың сілтемелері пайдаланылды:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы. Күшін жойған. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2001 жылғы 16 наурыз № 573. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2004.11.10. № 1471 Жарлығымен. / «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U010000573>

2. «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы және "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы. Күшін жойған. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 464 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681 Жарлығымен / «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000464/links>

3. «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 326-І Қазақстан Республикасының Заңы.

4. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы.

5. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ (10.09.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).

6. 2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы / «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>

7. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысы. / «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000832>

8. «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 9 тамыздағы № 215 бұйрығы.

9. «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 235 бұйрығы.

10. «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығы.

11. «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-І Заңы. «Әділет». Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

12. Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі № 2200 Заңы. «Әділет». Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

13. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 Жарлығы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 22 қаңтардағы № 438 Жарлығымен Күші жойылды. «Әділет». Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

14. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын сақтау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 19 қаңтар. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.15. № 350 Заңымен. ~Z990350. «Әділет». Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

Қысқартылған сөздер

АКСР	—	Автономиялы Кеңестік Социалистік Республика
АҚШ	—	Америка Құрама Штаттары
БК(б)П	—	Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы
БЛКЖО	—	Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы
БМСБ	—	Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма
БСБ	—	Бас Саяси Басқарма
БРХШ	-	Бүкіл Ресейлік Халық Шаруашылығы
ҒА	—	Ғылым Академиясы
КОКП	—	Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы
КСР	—	Кеңестік Социалистік Республика
КСРО	—	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚК(б)П	—	Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы
ҚМЛИ	—	Қазақстан марксизм-ленинизм институты
ҚМЛҒЗИ	—	Қазақстан марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институты
ҚМЭБИ	—	Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты
ҚМЭЛИ	—	Қазақстан Маркс-Энгельс-Ленин институты
ҚР	—	Қазақстан Республикасы
ҚРПА	—	Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві
ҚРА	—	Қазан революциясы Архиві
ҚХР	—	Қытай Халық Республикасы
МСБ	—	Мемлекеттік Саяси Басқарма
МҚК	—	Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті
МҚХК	—	Мемлекеттік қауіпсіздік Халық Комиссариаты
МЛИ	—	Марксизм ленинизм институты
МЭЛИ	—	Маркс Энгельс-Ленин институты

ОК	—	Орталық Комитет
ПБЖП	—	Поляк Біріккен Жұмысшы Партиясы
РГАСПИ	—	Ресей Мемлекеттік Әлеуметтік Саяси Тарих Архиві
РК(б)П	—	Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясы
РКФСР	—	Ресей Кеңестік (Советтік) Федеративті Социалистік Республикасы
РСДЖП	—	Ресей Социал Демократиялық Жұмысшылар партиясы
СТӘК	—	Сараптау-тексеру, әдістемелік комиссиясы
ҰАҚ	—	Ұлттық Архив Қоры
ХЖК	—	Халықтық Жер Комитеті
ХКК	—	Халық Комиссарлар Кеңесі
ІМ	—	Ішкі Істер Министрлігі
ІХК	—	Ішкі Істер Халық Комиссариаты

Кіріспе

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Еліміздің қоғамдық және саяси өміріндегі орын алған өзгерістер өткен тарихымызға, соның ішінде кеңестік дәуірдегі тарихымызға деген үлкен қызығушылық тудырды. Егемендік алғаннан кейін тарихымыздағы ақтаңдақтарды зерттеуге деген құлшыныс заңды құбылыс еді. Қоғамдық ғылымдардағы ұзақ уақыт орын алған тоқырау құбылысы санамызды, ойлау қабылетіміз мүлдем басқа басқа арнаға түсіп жеке басқа табыну, «маркизм-ленинизм-сталинизм», «партияның негізгі жолы» сияқты атаулармен шектелген белгілі бір шеңбер аясында ғана қалып қойды. Бұл жүйеде жазылған тарихымызда өткенімізді қарама-қайшылық пікірлердің тартысымен жан жақты кешенді түрде зерттеу мүмкін болмады.

Ежелден «жеті атасын білмеген жетесіз» деген принципті ұстанып келген қазақ халқы тәуелсіздікке қолы жеткізіп тарихына жаңа көзқараспен қарай бастады. Халық даналығындағы «өткенді сараламай тұрып, болашақты болжай алмайсың» деген принциппен тарих ғылымындағы саяси-идеологизация нәтижесінде зерттелмей қалған тарихымыздағы ақтаңдақтар, қарама-қайшылықтар мен келеңсіздіктерді терең түсіну арқылы ғана еліміздің болашағын айқын болжау мүмкіндігіне ие боламыз.

Қоғамдағы бұл қызығушылықты кеңес дәуірінде пайдалануға шектеу қойылған архивтік құжаттарды кеңінен ғылыми айналымға ендіру біршама қанағаттандырды. Уақыт және кеңістікте әлеуметтік және ретроспективті ақпаратты тасымалдаушы болып табылатын архивтік құжаттарға деген сұраныс артып келеді. Бұрын қол жетімсіз болып келген архив құжаттарының құпиясыздандырылып, ғылыми айналымға кеңінен ендірілуі тарихымызды қайта жазу мүмкіндігін берді. Сондай құжаттардың бірі Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалардың» құжаттары болып табылады.

Кеңестік дәуірде партия аппаратының қоғамды идеологияландыруы, архивтік ақпараттарды пайдаланудың қатаң бақылауда болуы және партиялық құжаттардың жалпы көпшілікке, зерттеушілерге қол жетімсіздігі, шектеулер, ішінара шектеулер қойылуы кеңінен орын алды.

Партия аппаратының қоғамды идеологияландыруы, архивтік ақпараттарды пайдалану мен жариялауды қатаң бақылауда ұстауы және партиялық құжаттарға қол жекізудің шектелуі Қазақстанның саяси тарихын зерттеушілер жұмысына үлкен кедергілер келтірді. Партия органдарының архивтік қорларында 18 мыңнан астам іс жіктелген, оның ішінде 93-і «ерекше папкалар», 13,8 мың іс «қолға берілмейтін» грифімен болды. Сонымен қатар 317,8 мың жеке істер, жеке тергеу істер мен партиялық тергеу істерінің қолдану аясы шектеулі еді [1]. Дәл осы қорлар Қазақстандағы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының архив қорының негізін құрады. Олардың ішінде елдің саяси құрылымы, күштеп ұжымдастыру, саяси қуғын-сүргін, жер аудару, Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі эвакуация, әскери құрылымдар дайындау, тың және тыңайған жерлерді игеру, социалистік дәуірдегі Қазақстанның

әлеуметтік-экономикалық дамуы және т.б. туралы құпия сипаттағы құжаттар есепке алынды.

XX ғасырдың 80-жылдарының ортасынан бастап жариялануы тиісті ретроспективті ақпараттың жекелеген санаттарын анықтау үдерісі басталғаннан кейін мұндай құжаттарға қол жеткізу жағдайы біршама жақсарды. Осыған байланысты КОКП ОК жанындағы Қазақстан марксизм-ленинизм институтының шектеусіз пайдалануға арналған қорлар шеңберін кеңейту мүмкіндігі туралы қорытынды дайындау үшін арнайы жұмыс тобы құрылды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті құрған комиссия, саяси партиялардың, департаменттер мен кеңселердің 9 қорын, партия және комсомол оқу орындарының 11 қорын, КОКП кәсіподақ органдары фракцияларының 40 қорын пайдалануға қойылған шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылдады.

«Ерекше папкалар» құжаттарындағы материалдардың күнделікті тұрмыс тіршілікпен қатар жалпы саяси тұрғыдағы тарихын зерттеуде дереккөз ретіндегі маңызын атап өту қажет.

XX ғасырдың саяси тарихын жазуда 1930–1950 жылдары жасақталған «ерекше папкалар» бүгінгі таңда аса үлкен сұранысқа ие. Қазақстанда және посткеңестік елдердің, социалистік лагерь құрамында болған шетелдік мемлекеттерде «ерекше» папкалар» құрамына енгізілген құпия деңгейдегі құжаттарды архивтанулық жағынан зерттеу әлі де болса зерттеу объектісіне айналған жоқ. Құпиялылық грифімен рәсімделген құжаттар көбінесе белгілі бір тарихи оқиғаны сипаттау барысында пайдаланылды. Архивтанулық, деректанулық сипаттағы еңбектер саусақпен санарлық қана. Партия құжаттарының қалыптастырылуы, есепке алынуы мен сақталуы, пайдаланылуы жайындағы зерттеулер Қазақстандағы архивтердегі құжаттармен жұмыс істеуде басшылыққа алынатыны сөзсіз. Қол жетімсіз болған құжаттарды зерттеу тек академиялық мәселе емес, сонымен қатар қоғамдық-тарихи маңызы бар.

Диссертация жұмысының ғылыми жаңалығы еліміздің тарихындағы маңызды кезеңдерді қамтитын «ерекше папкалар» құжаттарының ақпараттық мазмұнына Қазақстан тарихын зерттеуде деректанулық және архивтанулық тұрғыдан кешенді түрде талдау жүргізіледі. Алғаш рет партиялық құжаттардың типтік және сипаттамалық құралы ретінде партиялық құжаттарды іріктеп сараптау әдістері ұсынылатын болады.

«Ерекше папкалар» құжаттарының ғылыми анықтамалық аппаратының архивтік қор қалыптастыру нормаларына сәйкестігіне талдау жасалып, соның ішінде:

- «ерекше папкалар» құжаттары тізімдемелеріне архивтік сипаттама жасау арқылы «ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талданады;

- партиялық архивтердегі құпиялық грифімен сақтауда болған құжаттардың істерге немесе сақтау бірліктеріне қалыптастыру ерекшеліктері

талданады.

XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкалар» құжаттарының ақпараттық құндылығын сарапталып:

- «ерекше папкаларда» сақтаулы құжат түрлеріне сипаттама беріліп, ақпарат сыйымдылығы талданады;
- «ерекше папкалардың хаттамалық бөлімі мен құпия бөлімі құжаттарының мазмұндық ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасалады;
- құпия бөлім құжаттары корреспонденциялық және тақырыптық ерекшеліктеріне қарай жүйеленеді;

Сонымен қатар диссертация жұмысын дайындау үшін дереккөздер мен ғылыми-зерттеу бағытындағы еңбектерді іздеп табу, талдау, зерделеу барысында төмендегідей жаңалықтар айқындалды:

- партиялық құжаттардың жинақталуы және архивтерде сақталуы, «ерекше папка» грифінің пайда болуы және атқарған ролі, партиялық құжаттарды ғылыми айналымға енгізу және оларды пайдаланудың кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі ұйымдастырылуының барысы жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу нысаны: Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалардың» 1937–1991 жылдардағы құжаттары.

Зерттеу жұмысының пәні – «ерекше папкалар» құжаттарының реквизиттік бөлімі мен ақпараттық мазмұны, оларды сақтау мен пайдалану ерекшеліктерінің архивтанулық қырлары болып табылады.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейін жұмыстың ерекшелігіне байланысты, мәселенің саралануына қарай екі топқа бөліп көрсетуге болады. Оның біріншісі партиялық іс-жүргізу құжаттарын деректанулық тұрғыда зерттеуге арналған ғылыми еңбектерді жатқызуға болады.

Іс-жүргізу құжаттарының деректанулық дамуында Мәскеу мемлекеттік тарихи-архивтік институтында А.Ц. Мерзонның «Тарихи деректердің сыны туралы» баяндамасын талдау маңызды орын алды. Онда деректерді сыни талдау қажеттілігі айқын танылып тұрған кезде, кеңестік кезеңдегі іс-жүргізу құжаттарын зерттеуде тарихшылардың 20-жылдардың деңгейінде қалып қойғаны айтылады [2].

Я.З. Лившиц [3], Г.Е. Рейхберг [4], А.С. Покровский [5] мақаласында хаттамалардың толтырылу процесіне талдау жасап, хаттаманың мәтіні мен мазмұнына ұйымның іс жүргізуінің ұйымдастырылуы әсер ету деңгейі туралы жазады.

КОКП құжаттарын деректанулық тұрғыдан жан-жақты зерттеп, құжаттарды дереккөз ретінде пайдаланудың теориялық-методологиялық әдіс-тәсілдерін қарастырған М.А. Варшавчик КОКП тарихы деректануының іргетасын қалыптастырып, құжаттарды сыныптау арқылы олардың олардың деректік маңызына сипаттама беріп өткен. Автордың еңбектері КОКП үстемдік құрып тұрған дәуірдегі идеологиялық сарында жазылғанымен, партиялық құжаттарды деректанулық тұрғыдан жүйелеудегі орны ерекше.

Автордың еңбектері 1967 жылдан бастап 1989 жылға дейін бірнеше рет өңдеуден өтіп, қайта басылып шықты. [6].

И.Д. Ковальченко халық шаруашылығын басқару принциптері мен кеңестік мемлекеттік аппарат функциясының өзгеруіне байланысты кеңестік кезеңдегі іс жүргізу құжаттарының стандартизациялау мен унификациялау процесіне талдау жасай отырып, даму заңдылықтарын көрсетеді [7].

В.Я. Борщевский нормативтік деректер, соның ішінде жоспарлау құжаттары, заң шығарушылық басқарушылық деректер сенімділігі жағынан талдануға жатпайды, кеңестік қоғам деректері буржуазиялық кластық-антагонистік қоғам деректерінен идеялық бағытталғандығымен, толықтығымен және шынайылықты бейнелеудегі сенімділігімен ерекшеленеді деп жазды [8].

80 жылдардың деректанулық еңбектерінде іс жүргізу құжаттарының ішіндегі хаттамаларды зерттеуге басымдылық беріледі [9, 10].

Осылайша іс жүргізу құжаттарының ішінде орталық кеңестік басқару органдарының, қоғамдық және кооперативтік ұйымдардың хаттамалары басты зерттеу объектісі болып табылды. Тарихи жағдайды ескере отырып олардың сенімділігі мен репрезентативтілігін талдау әдістері жасалды. Деректанушылар деректанудың теориялық-методологиялық мәселелерінің жалпылау мен дамуына зор үлес қосты. Бірқатар авторлардың еңбектерінде тарихи деректерді өткеннің ақпаратын тасымалдаушысы ретінде олардың әлеуметтік табиғаты, ондағы объективтілік пен субъективтілікке қатынасы, тарихи шындықты бейнелеуде толықтығы мен шынайылығы ашылады.

Тарихи деректерді сыныптау мәселелері, негізгі принциптері, тарихи деректерді пайдалану мен зерттеу әдістері, деректермен жұмыс жасау кезеңдерінің тізбектілігі мен мазмұны туралы В.П. Данилов пен С.И. Якубовскийдің [11], В.К. Яцунскийдің [12], М.К. Макаровтың [13], А.П. Пронштейннің [14], О.М. Медушевскийдің [15] және т.б. еңбектерінде қарастырылады.

Соңғы жылдары тарих ғылымында деректану, тарихнама, әдістеме, теория туралы зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Іс жүргізу және архивтік құжаттарға негізгі нормативтік құжаттарға қойылатын талаптар туралы анықтамалық жолсілтемелерде іс жүргізу құжаттарын басқарушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық-анықтамалық деп сыныптай бастады [16, 17].

1983 жылы Қазақстанда жылы іс жүргізу құжаттарының тарихын зерттеуге арналған «Тарихи-партиялық ғылымның әдіснамалық, тарихнамалық өзекті проблемалары» атты ғылыми-теоретикалық конференция өтті [18]. Онда Д.А. Искакованың мақаласында Қазақстандағы партиялық архив қорлары құжаттарының құрамы қарастырылса, Г.А. Карпыкова партиялық архив қорлары құжаттарын Қазақстандағы мәдени құрылыстағы партиялық басшылықтың тарихын зерттеу деректері ретінде қарастырады. Ұйымдастыру-әкімшілік құжаттарды, соның ішінде хаттамаларды талдауға В.И. Трусовтың мақаласы арналады. Бұл мақалалар

негізінен жалпылау сипатында жазылған.

Қазақстанның тарих ғылымында деректанудың теориялық аспектілерін зерттеуге арналған Қ.М. Атабаев пен М.А. Қадыртаеваның еңбектерін атап өтуге болады [19,20].

Тарихи деректермен жұмыс әдістерін жұмыс жасау әдістерін қарастырған М.А. Қадыртаеваның [21], Жакишеваның [22], А. Кульшанованың [23], Қ. Әлімғазинаның [24], А. Балапановтың [25] диссертациялық жұмыстарын назардан тыс қалдыруға болмайды.

Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы 1991 жылы өз өкілеттілігін тоқтатқан соң, күн тәртібіне шыққан оның архивінің қорларын есепке алу, сақтау және ғылыми жариялау мен пайдалану мәселелері туралы еңбектерді екінші топқа жатқызуға болады. КСРО елдерімен қатар, социалистік режимдегі елдердің ғалымдары, архившілері КОКП архивтерінің мемлекеттік архивтер жүйесіне интеграциялануы, қорларды қайта жасақтау, істерді ғылыми-техникалық өңдеуден өткізу сияқты архивтік жұмыстардың жүргізілуі туралы мәселелерді көтеріп, жариялаумен айналысты. Ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, архившілер мен архив ісі теориясының мамандары өз тәжірибелерімен бөлісіп, пікір алмасты.

КСРО аумағында архив мекемелерінің жұмысын жан-жақты көрсететін басылымдардың қатарында «Вопросы архивоведения», «Советские архивы» журналдарының маңызы ерекше. Архивтердің жалпы жұмыс бағыттарындағы жаңалықтар, жинақтау, есепке алу және сақталуын қамтамасыз ету, анықтамалар беру мен ғылыми жариялау жұмыстарының барысы туралы баяндайтын жарияланымдар зерттеушілер назарына ұсынылып, мамандар талқылауына берілетін бірден бір кәсіби басылымдар болып табылды.

1990 жылы Е. Грибанова «Советские архивы» журналына жариялаған хабарламасында КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Қазақ филиалының партия архивіндегі архив құжаттарына қол жеткізудің шектеулерін алып тастау жөніндегі жұмыстар жүргізілгені туралы баяндады.

Е. Грибанованың айтуынша, 1946–1961 жылдар аралығындағы дербес және жеке істердің қол жетімділігіне қойылған шектеуді сол қалпында қалдырды. Бұл жұмыс тобының, комиссия мүшелерінің шешімімен этикалық жағынан қабылданды. КОКП ОК жанындағы марксизм-ленинизм институтының Қазақ филиалының партия архиві комиссия шешімі негізінде ашылған құжаттарды іздеп тауып, жарияланымға дайындады.

Архивші-тарихшы Е.М. Грибанованың бұл хабарламасы шағын болғанымен партия құжаттарының пайдаланылуындағы шектеулердің алынып тасталуы туралы жұмыстың алғашқы кезеңінен, яғни 1989, 1990 жылдардағы жүргізілген жұмыстар жайында ақпарат береді. Партия құжаттарының қорларындағы деректердің пайдаланылуы барысындағы кедергілердің оп-оңай алынып тасталмағандығын, партия органдары өз құпияларының шектен тыс пайдаланылуына деген көзқарасын көрсетіп береді. 1985–1990 жылдардағы қайта құру, жеделдету сияқты КОКП Бас хатшысы М.С. Горбачев бастаған партиялық саясаттың құпия құжаттардың

сеңін сөуге көп әсерін, пайдасын тигізгендігі бұқаралық ақпарат құралдарында, архив құжаттарында айқын көрініс тапты. Қоғамның құпия, бұған дейін көпшіліктің назарынан тыс қалып, бүркемеленіп келген деректерге деген қызығушылығы партия архивтеріне көптеген сілкіністер мен өзгерістер әкелді. Е.М. Грибанова хабарламасында аталған тақырыптар бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты мен Қазақ КСР Ғылым академиясы ұйымдастырып өткізген ғылыми тәжірибелік конференциялардың материалдарынан, мерзімдік басылым беттеріне жарияланған еңбектер арқылы танысуға мүмкіндік алды [26].

1994 жылы 11–13 қазанда Алматы қаласында ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы архив ісі Бас басқармасы мен ҚР Ұлттық Архив Қорының құжаттарды сақтау, тіркеу және ақпараттандыру, жариялау және ғылыми айналымға енгізу бөлімдерінің ұйымдастыруымен «Бұрынғы Қазақстан Компартиясы архивтерінің құжаттарына қол жетімділікті жеңілдету арқылы тарихи ғылымдардың деректік қорлар базасын кеңейту» тақырыбында республикалық семинар жиналысы өтті. Семинарға архив ісінің мамандары, ғалымдар қатысып өз пікірлерін білдірді.

Осы семинарда ҚР Президенті Архивінің Ғылыми жариялау бөлімінің басшысы Т.Б. Митропольская Президент Архивіндегі партия құжаттарының құпиясыздандырылу тәжірибесімен бөлісе отырып құпиясыздандырудың ұйымдастырушылық-әдістемелік жағына көңіл бөледі [27]. 1993 жылы 19 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» заңында [28] қарастырылған құжаттық ақпаратты 20 жылда құпиясыздандыру мерзімін және 5 жыл сайын қарастыру туралы бабын жүзеге асыратын ережелер мен нұсқаулықтардың жоқтығын көтеріп, мәселенің шешілу жолдарын ұсынады.

ҚР Ұлттық Архив Қоры құжаттарын жариялау және ғылыми айналымға енгізу бөлімінің басшысы, М.Қ. Қайырғалиев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті партиялық архиві құжаттарының құрамына талдау жасай келіп, әр түрлі категориялы құжаттарға құпиясыздандыру да әр түрлі тәсілмен жасалуы қажет екеніне тоқталады [29]. «Ерекше папкалар» құжаттарындағы партия шешімдерінің орындалмау себептері, жұмыстағы қателіктер және т.б. көлеңкелі ақпараттардың басымдылығына бас назар аударады. Оларды құпиясыздандыруда таңдамалы әдісті қолдануды ұсынады. Мұның өзі кеңестік дәуірден қалған ақпаратты сүзгілеу немесе тарихи деректерге қол жетімділікті шектеу арқылы ғылыми зерттеу жұмыстарының бағытына әсер ету саясатының сарқыншағы болуы мүмкін. Әйтпесе құжаттағы ақпаратқа тарихи тұрғыдан баға беру тарихшының ісі деп білемін деп атап өтеді.

Т. Омарбеков кеңес дәуірінен қалған архивтік деректер қорын жүйелеуді ұсына отырып, оларды төмендегідей үш топқа бөледі: жеке адамдар жасаған құжаттар, саяси партия мен қоғамдық ұйымдардың құжаттары, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың құжаттары [30]. Партиялық құжаттарды жүйелеу арқылы оларға деректанулық тұрғыдан баға беру, ісі мен сөзінің

арасында үлкен алшақтық жатқан партия құжаттарымен жұмыс жасауда маңызды кезеңдердің бірі болып табылады.

В.И. Себряев ақпаратты құпияландыру мен құпиясыздандырудың барысын заңнамалық тұрғыда талдау жасап түсіндіріп өтті [31]. Бұл партия құжаттарын құпиясыздандыру үдерісі кезінде мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер тізіміндегі құжаттардан идеологиялық мақсатта құпияландырылған құжаттарды ажыратуға қажет мәлімет екендігі белгілі.

Л.Ж. Байкенжина Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитетінің партиялық архивінің құжаттарының құрамы мен құпиясыздандырылуы туралы баяндайды [32]. Партиялық құжаттардағы ақпараттарға құпиялық деңгейіне сипаттама бере келе құпиясыздандыруда басқа органдардың мақұлдауына жалтақтап отырғандығын көрсетеді.

Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінің Петропавл филиалының директоры В.И. Трусков партиялық архивтердегі құпия құжаттардың пайда болу тарихына, олардың негізсіз құпияландырылуына тоқтала келе әскери, дипломатиялық, табиғи ресурстар және жеке тұлғаға қатысты конфиденциалды ақпараттары бар құжаттарды құпиясыздандыру мерзімін 50 немесе 75 жылға зерттеушілердің пайдалануына шектеу қою отырып қалған құжаттарды құпиясыздандыруды ұсынды [33]. Сол уақыт өлшемімен алғанда өте батыл да орынды ұсыныс.

М. Хасанаев өз баяндамасында Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің құпиясыздандырылған құжаттары туралы мәлімет береді, тоталитаризм дәуірінің құпиясыздандырылған және әлі құпиясыздандырылмаған құжаттарын ғылыми айналымға енгізудің маңыздылығын көрсетеді [34].

Ресейлік және шетелдік архившілер мен тарихшы мамандардың пікірлері де әр алуандығымен ерекшеленеді. Бірақ авторлардың басым бөлігі партиялық құжаттар енгізілген істердің, партия архивтерінің дереккөздерінің ерекшеліктерін атап өтеді.

В.И. Митрофанова декретке сәйкес Ресейде Қазан революциясына дейін болған барлық үкіметтік мекемелер архивтері мемлекеттік архив қоры құрамына енгізілуі керек еді, алайда революцияға дейінгі үкіметтік мекемелерге жатпағандықтан партиялық ұйымдардың құжаттары оның құрамына кірмейтінін және сәйкесінше орталықтандыруға жатпайтынын айтады [35]. С.Ю. Малышеваның [36] ойынша большевиктер өздері қабылдаған заңнамалық актілерді өрескел бұзған болса, И.В. Митрофанованың пікірінше декретті қабылдау кезінде бұл мәселе алдын ала ескерілген болатын. Революцияға ұзақ жылдар бойы дайындалып мол тәжірибе жинақтаған және теориялық тұрғыдан жоғары деңгейде қамтамасыз етілген большевиктер партиялық құжаттардың мәртебесін ескере отырып әрекет жасаған болуы мүмкін деген И.В. Митрофанованың пікірімен келісуге болады.

Урал гуманитарлық институтының «Құжаттану, архивтану және мемлекетті басқару тарихы» кафедрасының доценті С.И. Цеменкова

«неприкасаемый» партиялық архивтерден кейін басқа ведомстволық архивтердің бөлінуі басталғанын, осылайша орталықтандыру ісінің қирағанын айтады [37].

«Вопросы архивоведения» журналына жарияланған «Новое в методике работы партийных архивов» атты мақаласында В.В. Аникеев [38] КОКП XII съезі мен КП ОК Пленумдарының шешімдері негізінде елдегі партиялық архивтердің қызметіне жоғары талаптар қойылып, партияның идеологиялық жұмыстарының мүддесі мақсатында құжаттық материалдарды белсенді түрде пайдалану саласындағы және сонымен қатар толыққанды құжаттар кешенін жинау мен сақталуын қамтамасыз ету ісіне де баса назар аударылғандығын атап өтеді. 1964 жылы жарияланған бұл мақалада аталған кезеңде партиялық архивтердің ғылыми және ұйымдастыру деңгейі жоғары сапаға көтерілгені туралы айтылады. Осыған байланысты КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институттарының Орталық партия архиві тарапынан жергілікті партия архивтерінің жұмысына ғылыми-әдістемелік басшылығының ролі артты. Аталған мақалада автор КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институттарының Орталық партия архивінің ғылыми-әдістемелік жұмысының бір бағыты болып саналатын партия архивтерінің қызметінің негізгі қырларын тәртіпке келтіретін ережелер мен нұсқаулықтардың жетілдірілуін қарастыруды мақсат етіп қойған.

Автордың пайымдауынша, 1949 жылы КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институттарының Орталық партия архивінің жұмысын реттейтін әдістемелік құралдарды құрастыру негізі қаланды, ал 1954 жылы соңғы жылдары іс жүзіне асырылып жүрген барлық ережелер мен нұсқаулықтар әзірленді, оның ішінде кейбірі (анықтамалық жұмыс, құжаттарды пайдалану, КОКП бастауыш ұйымдарының сақтау мерзімдері көрсетілген құжаттық материалдарының типтік тізбесі, аудандық партия комитеттеріне арналған нұсқаулық) екі реттен шығарылып, таратылды. Аталған жұмыстардың барлығы жергілікті органдардың жұмысын қалыпқа келтіруге септігін тигізгендігі сөзсіз. Сонымен қатар, аталған жұмыстарды тәжірибеден өткізіп, сынау барысында кемшіліктері де ашылды, сондықтан толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, кейбіреуі тіпті қайта жазылып шықты. 1961 жылдың күзінен бастап аталған ережелер мен нұсқаулықтарды қайта дайындау жұмысы жүргізіліп, 1963 жылдың соңында жаңартылған, нақтыланған партия қорларын анықтау туралы, құжаттық материалдарды есепке алу, партия архивтерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану мен анықтамалық жұмыстар туралы ережелер мен нұсқаулықтар дайындалып, партия органдары мен архивтерінің қызметкерлерінің жұмысында пайдалануға ұсынылды.

Мақалада аталған ережелер мен нұсқаулықтар алдыңғы нұсқаларын соңғы нұсқаларымен салыстырыла отырып талданды.

КОКП ОК жанындағы Орталық партия архивінің аға ғылыми қызметкері М.В. Гребенников [39] «Отбор документов в партийных архивах» (Партия архивтеріндегі құжаттарды іріктеу) атты мақаласында 1960-жылдардың ортасындағы партия архивтеріндегі құжаттарды іріктеудегі ерекшеліктері

жайындағы келелі мәселені көтереді. «Соңғы жылдары архивтерге ғылыми және тәжірибелік құндылығы жоқ құжаттар көптеп қабылданды, партия архивтері жақын арадағы 1-2 жылдың ішінде жаңа «Тізбеге» сәйкес, қабылданған құжаттардың толықтай ғылыми және тәжірибелік құндылықтарын сараптаудан өткізуді және қарастырылған материалдардың ішінен сақтауға келмейтін құжаттар кешенін анықтап, оларды жоюға бөлуді алдына міндет етіп қойды» деген мәселені көрсетеді. КОКП архив қорын құнды құжаттармен жинақтауда «Партия архивтерінде сақталуы тиіс партия органдары мен бастауыш ұйымдардың құжаттық материалдарының тізбесі» енгізілгеннен кейін партия органдарының бұл жұмысты жүзеге асырудағы қызметіне оң серпіліс берді деп атап өтеді.

А.В. Щегельский «К вопросу рассекречивания архивных документов» (Архив құжаттарын құпиясыздандыру туралы мәселеге орай) атты мақаласында құжаттардың құпиясыздандырылуымен пайда болатын архив жазбаларын өзгертуге байланысты қосымша жұмыстарды оңтайландыру мәселесімен бөліседі [40].

Бұрынғы КОКП-ның Мәскеу қалалық комитеті және МК партия тарихы институтының партиялық архиві негізінде құрылған Мәскеудің қоғамдық ұйымдар орталық архивінің директоры В.В. Никонорова және орынбасары Т.Н. Коршунова «Рассекречивание документов бывших партийных органов» атты мақаласында партиялық органдардың құжаттарының, олардың ішінде «Ерекше папкалардың» құрамы, мазмұны, құпиясыздандырылу деңгейі туралы жазады [41].

В.А. Савин мен Я.Ю. Виноградованың «Из истории создания и функционирования спецхрана в архиве» атты еңбектерінде қазіргі Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архивін мысалға ала отырып құжаттардың құпияландырылуы мен құпиясыздандырылуы тарихын сипаттайды [42].

В.Е. Корнеева мен О.Н. Копылова «Архивы на службе тоталитарного государства (1918 – начало 1940 годов)» атты мақаласында сол уақытқа дейін белгісіз болып келген архив мекемелерінің материалдарын репрессиялық жазалау органдары қызметіне пайдалану туралы жаңа қырынан сипаттайды [43].

С.Р. Жұмалиев «Рассекречивание архивных документов, созданных компартией и комсомолом Киргизии» (Қырғызстандағы Компартия мен комсомол жасаған архивтік құжаттарды құпиясыздандыру) атты еңбегінде көршілес қырғыз еліндегі құпиясыздандыру үдерісін сипаттайды [44]. Посткеңестік дәуірде тәуелсіздігін алған республикалардың бәрінде архив құжаттарын құпиясыздандыру үдерісі әр түрлі деңгейде жүріп жатты. Ресейде 1965 жылға дейінгі құжаттардың барлығы құпиясыздандырылса, Украина бірден барлық архивтерін ашып тастады. Ал Қырғыз елінде құпиясыздандыру үдерісі басқа да посткеңестік мемлекеттерге тән сипатта жүріп жатты.

Партия құжаттарының құпиясыздандырылуы мен мемлекеттік архивтер жүйесіне партиялық архив қорларының енгізілуі тақырыбында социалистік лагерь елдерінің тарихшылары мен архившілері де белсенділік танытты.

Польша Республикасының Мемлекеттік архивтер Бас дирекциясының, Варшавадағы Жаңа актілер архивінің ұйымдастыруымен өткізілген «Орталық және Шығыс Европа елдеріндегі бұрынғы Коммунистік партиялардың архивтері» атты халықаралық конференция осының айғағы. Жиында көтерілген мәселелер Кеңестер Одағының аумағындағы партия архивтерінің жай-күйімен бір мазмұнда болып келетін тақырыпты талқылайды.

Конференция жұмысына Орталық және Шығыс Еуропаның 13 елінен 28 архивтің өкілдері қатысты. 15 мақала және 32 ғылыми хабарлама ұсынылып талқыланды. Еңбектердің барлығында дерлік Коммунистік партия архивтеріндегі құжаттардың XX ғасырдағы саяси және әлеуметтік тарихты зерттеудің дереккөздік базасы ретінде қарастырылатыны атап көрсетілді.

Қырым Республикасы Мемлекеттік архивінің директоры Л. Гурбова «Некоторые вопросы рассекречивания документов бывших партийных архивов» (Бұрынғы партия архивтерінің құжаттарын құпиясыздандырудың кейбір мәселелері) тақырыбындағы баяндамасында партия архивтерінің қорларын қалыптастырудағы ерекшеліктердің мемлекеттік архив жүйесіне енгізудегі қаралатын мәселе етіп көтереді. Істердің орнында болуын тексеру барысында партия архивтерінің істерінде «құпия», «өте құпия», «ерекше папка», «қызметтік пайдалану үшін» айдарымен қатар тізімдемелерде «оқу залына берілмейді» деген белгі қойылғандығы анықталды. Украинада КОКП өз жұмысын тоқтатқан соң, оның архивтерін есепке алу, сақталуын қамтамасыз ету және пайдалану мәселелері күн тәртібіне қойылды. 1992 жылы сәуірде Украина Бас архив басқармасы Коммунистік партияның бұрынғы архивтерінің құжаттарын құпиясыздандыру туралы бұйрық шығарды. Бұйрық бойынша 1960–1991 жылдар аралығындағы мобилизациялық іс-шаралар, қорғаныс, әскери-өндірістік кешендер, қауіпсіздік қызметі, азаматтық қорғаныс және т.б. мемлекеттік, әскери құпияларға қатысты құжаттарды пайдалануға шектеу қойылды. 1960 жылға дейінгі құжаттар құпиясыздандырылатын болды. Аталған бұйрық бойынша лауазымды тұлғалардың дербес және жеке істерін пайдалану тәртібін де қарастырды, бірақ 1960 жылдан кейінгі сақтаудағы құжаттарды пайдалануға қатысты мәселелерді толығымен шешіп бере алмады. Бұрынғы партия архивтерінің құжаттарын құпиясыздандыру жөніндегі комиссия құпия айдары бар істерді есепке алу мен сақтау тәртібі туралы қандай ұсыныстар беретіндігін анықтай алмады. Мемлекеттік архивтің комиссиясы бұрынғы партия архиві қорының құпиялылық айдары бар істерді есепке алу мен сақтаудың ерекшеліктеріне орай екі ұсыныс жасады: Бірінші, барлық істерді жеке тізімдемелерге бөліп алу, ерекше сақтаудағы қорлардың қатарынан алып шығу, одан кейін бір іске топтастырылған құжаттар бойынша жұмыс жүргізу. (Барлық мәжіліс хаттамалары құпия айдарына ие, бір сақтау бірлігіне қаралған мәселелердің әр түрлілігіне қарамастан 5-6 хаттама қалыптастырылған).

Екінші, есепке алуды сол күйінше қалдыру, хаттамалары бар істердің құпия айдары бар құжаттарды анықтау үшін құндылығын сараптау, ал қалғандарын жалпы пайдалануға ұсыну.

Бұл екі ұсыныс та өзінің тәжірибелік жағынан тиімсіздігін көрсетті (барлық істерді сөгу, олардың құжаттарын бірнеше істерге қалыптастыру, оларды тігу, істердің парақтарын сараптамадан өткізу, тізімдемелердегі істердің тақырыптарын жасамаса хаттамалардың істеріндегі құжаттардың мазмұнын айқындау мүмкін болмай қалуы және т.б.) бұл жұмыстың барлығы көп уақыт бюджетін талап етті [45].

Эстония Архивтер департаментінің директоры Пээп Пиллак «Из партийного архива Компартии Эстонии в Филиал Госархива Эстонии. Краткий обзор истории Партийного архива Компартии Эстонии и перенятия его государственной архивной системой» (Эстония Компартиясы партиялық архивінен Эстония Мемлекеттік архивінің филиалына дейін: Эстония Компартиясы Партиялық архивінің тарихы мен оның мемлекеттік архив жүйесіне қосылуы тарихына қысқаша шолу) атты баяндамасында 1945 жылы 1 қаңтарда құрылған кезінен бастап жүргізілген жұмыстарға, сонымен қатар 1990 жылы 3 радикалды пиғылдағы тарихшы мен 3 партия өкілінің қатысуымен құрылған қоғамдық комиссияның алдына қойған мақсатына тоқталып өтеді. Комиссияның алдына партия архивінің қорларының тізбесін жасау міндеті қойылады. Бұл міндет толығымен орындалмаса да, бұқаралық ақпарат құралдарына қызықты деректерге толы материалдар жарияланды. Ал 1991 жылы «Мәскеудің Орталық Архиві тарапынан жүргізілетін тексеру жұмыстарына орай» деген себеппен партия архиві зерттеушілер үшін жабылып қалды. Қысқаша шолуда Коммунистік партия архивтерінің құрамындағы құжаттарға, олардың сақталу тәртібіне тоқталып өткен. Сонымен қатар мемлекеттік архивтер жүйесіне өткеннен кейінгі қорлардың пайдаланылуы барысындағы келелі мәселелер туралы баяндалады [46].

Украина қоғамдық бірлестіктер Орталық мемлекеттік архивінің директоры Р. Пирог «Архивы Компартии Украины: проблемы интеграции в систему государственной архивной службы» (Украина Компартиясының Архивтері: мемлекеттік архив қызметінің жүйесіне интеграциялану мәселелері) атты баяндамасында мемлекеттік архивтердің нормативтік-әдістемелік базасынан өзгеше параметрлер бойынша қалыптастырылған құжаттар кешенінің келіп енгізілуі көптеген мәселенің бетін ашқандығын атап өтеді. Партия архивтерін мемлекеттік архивтердің жүйесіне көшіру барысында ең басты мәселе оларды құпиясыздандыру болғандығын баяндайды. Оның ішінде автор «ерекше папкалар» деп аталатын құжаттар кешенінің мәселесін ашып айтып береді. Ол 1920 жылдардың басынан бастап, ұзақ уақыт бойы партиялық-мемлекеттік іс жүргізуде құпиялылықтың ең жоғары категориясындағы құжаттар тобы өмір сүргендігін айтады. «Ерекше папкалардың» материалдарының басым бөлігі әскери және мемлекеттік құпияны көрсететін ақпараттардан тұрды. Бұл қорғаныс, әскери-өнеркәсіптік өндіріс, шекараны күзету және т.б. тақырыптарда еді.

«Ерекше папкалардың» күн тәртібінде украин буржуазиялық ұлтшылдығына қарсы күрес, диссиденттік қозғалыс, интеллигенция арасындағы кеңестік билікке қарсы пікірлер және т.б. тақырыптардағы

идеологиялық мәселелер қалыптастырылған.

Украиналық әріптестер партия құжаттарын істерден бөліп алмастан, оның кейбірін көшірме жасап, жеке тізімдеме құрастыруды тиімді санайды. Кейбір құжаттардың сақтандыру қорларын құру мәселесі де шешіліп жатты. Украина қоғамдық бірлестіктер Орталық мемлекеттік архивінің аталған мәселе бойынша жүргізген жұмыстарына шолу жасай отырып, партиялық құжаттардың тарихи дереккөз ретіндегі маңыздылығын атап көрсетеді [47].

Р. Платонов «Архивы бывшей Коммунистической партии Белоруссии как источниковая база по истории республики» (Белоруссияның бұрынғы Коммунистік партиясының архивтері республика тарихы жөніндегі дереккөздік база ретінде) атты баяндамасында әріптестері көтерген мәселені өз тәжірибесіне сүйене отырып баяндайды. Ол да өз сөзінде Орталық Комитеттің Ерекше секторының құжаттар кешенінің қоғамдағы билік қызметінің партия аппараты тарапынан жүргізілуі, оппозиция мен қарсылық танытушылықтың кез келген түрінің басып-жаншылуы, жүргізіліп жатқан саясатқа сыни көзқарас білдіру мен қарсылық қатынас жасау, партиялық тазалаулардың жұмысына мемлекеттік қауіпсіздік органдарының араласуы, Мәскеумен, БСБ, ПХК ұйымдарымен жүргізілген құпия хат алмасулар және т.б. туралы айтады [48].

Э. Росовска «Передача архивов бывшей Польской объединенной рабочей партии на государственное хранение – методические вопросы» (Бұрынғы Поляк біріккен жұмысшы партиясының (бұдан әрі – ПБЖП) архивтерін мемлекеттік сақтауға беру – әдістемелік мәселелер) атты баяндамасында Поляк біріккен жұмысшы партиясының архивтерінің қалыптастырылу ерекшеліктеріне, ондағы сақтауға алынған құжаттар кешенінің мазмұнына тоқталады. Бұрынғы партия архивтерінің құжаттық қорларының жағдайын алдын-ала талдай келе, сонымен қатар олардың мемлекеттік архив қорына толығымен интеграциялануы үшін бірыңғай әдістемелік-ұйымдастыру базасын құру үшін Бас дирекцияның Ғылыми бөлімі бұрынғы ПБЖП құжаттарымен жұмыс жүргізу бойынша бірқатар әдістемелік ұсынымдар дайындады. Оларды шамамен екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі құжаттарды жіктеу және қорға енгізу мәселелеріне, архив қорларын, кешендер мен архив коллекцияларын біріктірген құрылымының белгілеріне және мемлекеттік архивтердің жүйелері бойынша орналастырылуына қарай бөлшектенеді. Ал екінші топ құжаттардың құндылығын сараптау мәселелерін қамтиды [49].

Бүкілресейлік құжаттану және архив ісі ғылыми-зерттеу институтының қызметкері, архивтанушы ғалым И.А. Дегтярева «К вопросу об архивных документах, содержащих информацию, составляющую профессиональную тайну» (Кәсіби құпияларды құрайтын ақпараттардан тұратын архив құжаттары туралы мәселеге орай) атты мақаласында кәсіби құпиялары бар ақпараттардан құрастырылатын архивтік құжаттардың пайдаланылу мүмкіндігін қарастырады. Осы мақсатта кәсіби құпия және шектеулі қолжетімділіктегі ақпаратты пайдалану тәртібін реттейтін қағидалары

берілген Ресей Федерациясындағы қолданыстағы заңнамалық ережелерді талдайды. Автор Ресей Федерациясының Конституциясында: кез-келген заңды тәсілде ақпаратты еркін іздеу, алу, беру және тарату құқығына ие деп көрсетеді және сол 29-баптың 4-тармағында: «мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер тізбесі федералды заңмен айқындалады, белгіленеді» деп көрсетілгендігін атап өтеді. Аталған құқықтың кейбір шектеулерге ие екендігін анықтайды: ақпаратқа қол жетімділік құқы кез-келген адам өзін қызықтырған әрбір ақпаратты ала алады дегенді білдірмейді. Ресей Конституциясындағы 23, 24-баптарда «құпия» тақырыбы белгіленген, бұл жерде мемлекеттік құпия қатарына жеке және отбасылық құпия, хат алмасу, телефонмен сөйлесу, телеграф және басқа да хабарламалары құпиясы туралы ақпараттармен толықтырылады. Сонымен қатар Ресей Федерациясының «Ресей Федерациясындағы архив ісі туралы» заңының 25-бабы 2-тармағында «Ресей Федерациясының мемлекеттік немесе заңнамалармен қорғалатын мәліметтер олардың меншік түріне қарамастан архив құжаттарына қол жетімділікке шектеу қойылады» деп көрсетіледі. Аталған еңбегінде автор құпиялардың барлық түріне қатысты деректерді сарапқа салады. Шектеулі мерзім қойылған құжаттардың пайдаланылуы, олардың ашықтығы заңнамалық актілермен реттелетіндігі туралы баяндалады [50].

Әскери-тарихи әдебиетте қазіргі таңға дейін КСРО-ның өндірістік күштерінің көшірілуі тарихына арналған арнаулы ірі зерттеулер әлі күнге дейін жазылмаған. Аталған тақырыптың кейбір қырлары М.Қ. Қозыбаев [51], Г.А. Куманев [52], А. Трушин [53], Н.А. Вознесенский [54], М.Н. Потёмкина [55], А.И. Микоян [56], Е.В. Чиликова [57], А.Т. Иманғалиев [58], Ж.А. Сатаева [59] және т.б. авторлардың еңбектерінде қарастырылған.

Партиялық архивтерді құпиясыздандыру, «ерекше папкалардағы», «ерекше сектордағы» жинақталған құжаттық дереккөздің көпшілік пайдалануына ұсыну жұмыстары XX ғасырдың 80-жылдарының соңында қарқынды, белсенді түрде жүргізіле бастады. ТМД елдерінің басым бөлігінде қабылданған Архив ісі, құжаттандыру, құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы құқықтық-нормативтік актілер әр елдің өз бейініне сай, тарихына байланысты құпия және құпия емес ақпараттардың тізбесін айқындады және бекітіп алды. Мемлекеттік құпиялар қатарына жатқызылатын мәліметтер мен деректердегі шектеулер сол күйінше қалдырылды, ішінара шектеулер алынып тасталды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің партиялық қорларындағы 1937–1991 жылдардағы «ерекше папкалардың» құжаттарын тарихи дереккөз ретінде архивтанулық тұрғыдан талдау.

Алдымызға қойған мақсатқа қарай төмендегідей міндеттер белгіленді:

– партиялық архивтердің қалыптасуы және партиялық құжаттардың жинақталуы және архивтерде сақталуы, партиялық құжаттарды ғылыми айналымға енгізу және оларды пайдаланудың кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі ұйымдастырылуы барысын қарастыру;

- «ерекше папка» грифінің пайда болу тарихнамасын талдау және атқарған ролін анықтау;
- «ерекше папкалар» құжаттарына түрлік сыныптау жүргізу;
- «Ерекше папкалары» құжаттары тізімдемелеріне архивтік сипаттама жасау арқылы «ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талдау;
- «Ерекше папкалар» құжаттар кешені істерінің қалыптастырылу ерекшеліктерін қарастыру;
- XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкалардың» ақпараттық құндылығын ондағы қарастырылған мәселелерді жүйелеу арқылы көрсету.

Зерттеудің деректік негіздері. Зерттеу жұмысында партиялық конференциялардың, пленумдардың, төралқа отырыстарының, бюролардың, облыстық комитеттер хатшылықтарының, аудандық және қалалық партия комитеттерінің, кеңестік, кәсіподақ және комсомол активтерінің отырыстарының стенограммалары және оларға қосымша дайындық материалдары пайдаланылды.

Олардың қатарында: Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі «Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитеті» № 708 архивтік қорының 1937–1991 жылдарды қамтитын тізімдемелері, партиялық қорлардың, оның ішінде ерекше сектордың құрамына енетін құпия бөлімнің құжаттық қоры, № 708 архивтік қордың тізімдемелеріндегі істердің қабылдануы, олардың ерекшеліктері, саны мен құрамы туралы актілерді, тарихи анықтамаларды тіркеп отыратын әр жылдардағы қор істері және т.б. бар.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында қолданылған әдістер мен әдіснама. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі ретінде деректанулық, нақты-тарихилық, тарихи-салыстыру, тарихи-архивтанулық, дереккөзтанушылық зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихилық пен ғылыми объективтілік принциптері құрады. Біріншісі дереккөздердің барлық түрін интерпретациялау кезінде тарихи контексті ескеруді талап етеді, сонымен қатар зерттеу пәнін XX ғасырдың 30-90-жылдарындағы архивтану, деректану ғылымында орын алған үрдістер мен құбылыстарға байланысты қарастыруға мүмкіндік береді. Ал ғылыми объективтілік принципі қарастырылатын материалдарға деректанулық пен тарихнамалық талдау жүргізуге негіз болды.

Партиялық құжаттардың пайда болуы және архивтерде сақталуы, «Ерекше папка» грифінің пайда болуы және атқарған ролі, партиялық құжаттарды ғылыми айналымға енгізу, партиялық құжаттарды пайдаланудың кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі ұйымдастырылуы туралы отандық және шетелдік тарихшылардың, архивтанушылардың пікірлерін салыстыру кезінде салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды, бұл зерттелетін мәселені тұтастай қарастыруға, ал тарихи-генетикалық әдісі ерекше папкалардағы құжаттардың пайда болу, даму және жетілу кезеңдерінің жаңа деректерін

алуға мүмкіндік берді. Зерттеушілердің назарынан тыс қалған көптеген дереккөздерді саралау үшін сандық талдау әдісі пайдаланылды, соның арқасында ерекше папкаларда сақталған партиялық құжаттардың археографиялық пайдаланылуы мен сақталуының негіздері туралы пікірлер анықталды.

Зерттеу жұмысының жекелеген тарауларының құрылымын құру кезінде проблемалық-хронологиялық және есепке алу әдістері қолданылды, бұл зерттеу жұмысының жазылу барысында хронологиялық және бірізділік принципін ұстануға негіз болды. Атап айтқанда ҚР Президенті Архивіндегі партиялық құжаттар және оларды ғылыми айналымға енгізу тақырыбын зерделеу барысында төмендегідей хронологиялық және бірізділік әдісі есепке алынды. Ең алдымен партиялық құжаттардың жинақталуы және архивтерде сақталуы жайындағы архивтік деректер мен зерттеулер талданды. Одан соң «Ерекше папка» грифінің пайда болуы және атқарған роліне тоқталуға мүмкіндік жасалды. Партиялық құжаттарды пайдалану және ғылыми айналымға енгізу мәселелерін қарастыру кезінде аталған кезеңнің ерекшеліктері басты назарға алынды.

Жүйелік-функционалдық талдау әдісін қолдану құрылымы күрделі және әр түрлі ғылыми әлеуметтік, экономикалық бағыттарда қалыптастырылған партиялық құжаттарды белгілі бір жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Партиялық құжаттардың қалыптасуы, есепке алынуы, сақтау әдістері және олардың ғылыми, ғылыми-көпшілік, әлеуметтік-құқықтық сипаттарда қолданылуы барысын жан-жақты талдауға және саралауға мүмкіндік берді. «Ерекше папкаларды» зерттеудің архивтанулық мәселелерін қарастыру барысында ең алдымен оның тарихи қалыптасу кезеңдері сараланды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалар» құжаттарының құрамы мен сипаттамасы, «Ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талдау, «Ерекше папкалар» құжаттар кешенінің істерінің қалыптастырылу ерекшеліктері жайлы зерттеу жүргізу барысында жүйелік-функционалдық талдау әдісі қолданылды. Осы әдістің негізінде «Ерекше папкалардың» істерін қалыптастыру және істерінің тізімдемелерін құрастыру барысында істер мен тізімдемелердің жүйелілігі мен функционалдық маңыздылығы анықталды.

XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкалардың» ақпараттық құндылығын анықтау барысында «ерекше папкалардың» хаттамалық және құпия бөлімдерінің құжаттарының ролі жан-жақты талданды. Зерттеудің тарихилық пен ғылыми объективтілік принциптері негізінде монографиялық еңбектер мен ғылыми жинақтарда жарияланған тұжырымдар мен «ерекше папкалар» құрамындағы дереккөздердің мәліметтері сарапқа салынды. Бұл тақырып көлемі жағынан тек еліміздің тарихына ғана емес, сонымен Кеңес Одағы мен әлемдегі көптеген елдердің тарихына әсері бар өте үлкен масштабтағы оқиғалар. Республика

басшылығының осы кезеңдердегі атқарған ролін көрсететін «ерекше папкалар» құжаттары осы күнде үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Ғылыми зерттеу нәтижесі түсінікке, заңға және теорияға айналатын нақты мақсаттылық танымның негізінде жүзеге асырылады. Аталған үрдіске қол жеткізу мақсатында нақты шешімдер міндеттер қатарына жататындар:

1) жаңа, шығармашылыққа, белгісізді ашуға, айрықша идеяларды іске асыруға әрі қарастырылмақ мәселелерді жаңаша қарауға бағытталған үрдіс;

2) ол жүйелілігімен сипатталады: яғни зерттеу үрдісі әрі оның нәтижесі тәртіпке, жүйеге келтіріледі;

3) оған дәлелділік, жинақтаулар мен тұжырымдарды жүйелі түрде негіздеу тән.

Ғылыми-теориялық зерттеулердің нысаны жеке, нақты жағдай емес, оның зерттеу нысаны ұқсас құбылыстар мен жағдайлардың толық тобы, олардың жиынтығы болып табылатындығын зерттеушілер атап өтеді. Ғылыми-теориялық зерттеулердің мақсаты жекелеген құбылыстардың қатарынан жалпылықты іздей отырып, ондай құбылыстардың пайда болуын, қызмет етуін, даму заңдылықтарын ашу, демек ондай құбылыстардың мәніне терең үңілу болғандықтан Ерекше папкалардың құрамы мен мазмұнын талдауда жеке дара түрінен барлығына, жалқыдан жалпыға көшу үрдістері жүзеге асырылды.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы бүкіл адамзаттың дамуындағы жаңа белеспен сәйкес келіп отырғандығын атап көрсеткен іргелі жиында тарихшы ғалымдар пікір алмасқан болатын. Тарих ғылымына феноменология мен герменевтика әдістерінің енуі тарихи зерттеулердің сипатының өзін едәуір өзгертіп жіберді. Ендігі жерде тарихшы фактілерді тізбелеп, суреттеп отырушы, оқиғаларды тек «тіркеуші» емес. Ендігі жерде тарихшы «пайымдаушыға» зерттелетін уақыттың ішкі мағынасына ой жіберетін ғалымға, фактілерді жай зерттеп қана қоймайтын, нақты қоғамның құндылықтарын, жөн-жосықтарын, моралін «түсінуге» қол жеткізетін ғалымға айналуға тиіс. ҚР Мемлекеттік хатшысы М. Тәжин: «Біздің тарихнамамыз өзінің әдістемелік және тілдік құралын қатты өзгертуге тиіс. Қазақстанның тарих ғылымының алдында нақты сынақ тұр, ол сынақтың жауабын табуға әбден-ақ болатынын» атап өтті [60].

Диссертация жұмысының негізінде ұсынылатын ғылыми тұжырымдар: Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі партиялық құжаттардың қалыптастырылу тарихы мен оларды ғылыми айналымға енгізу барысын зерттей келе мынадай ұйғарым жасалады:

Партиялық архивтердің қалыптасуын: а) 1904 жылдан қазан төңкерісіне дейінгі партия ұйымдарының астыртын жұмыс жүргізе отырып, партия құжаттарының шет мемлекеттерде сақтаған мерзімі; ә) Қазан төңкерісінен 1927 жылға дейін, коммунистер билік басына келгеннен кейін партиялық архивтердің ресми мәртебе алғанға дейінгі қалыптасу кезеңі; б) 1927 жылдан 1991 жылға дейін партиялық архивтер тоталитарлық жүйенің элементі ретінде жұмыс істеген кезеңіне бөліп қарастыру қажет.

Сонымен қатар көп жылдар бойы астыртын түрде жұмыс жүргізген коммунистер билік басына келгеннен кейін де конспирациялық режимнен құтыла алмауын мынадай белгілерден: партиялық архив қорының мемлекеттік архив қорынан бөлек болуы; партиялық құжаттарға деген ерекше көзқарас; партиялық құжаттардың басым бөлігінің құпиялық режимде сақталуы сияқты белгілер арқылы анықталды.

Партиялық құжаттарға деген ерекше көзқарас КОКП тарихын зерттеуде тарихи деректемелік маңызы бар маңызды әрі көлемді құжаттар кешені қалыптасып архив қорларында сақталып қалуына мүмкіндік берді.

– Билік басына келген коммунистердің елдің қандай жолмен дамитыны және оны қалай қалай жүзеге асыратындары туралы нақты бағдарламасының болмауы, партия басшыларының арасында әр түрлі пікірлердің қалыптасып алауыздықтың пайда болуы құпияның ішіндегі құпия болып саналатын «ерекше папка» грифінің пайда болуының себебіне айналды. Құпияның ішіндегі құпияны білдіретін «Ерекше папкалар» құжаттары бірнеше сатылы құпиялық деңгейден тұратын партиялық іс жүргізуде жоғарыдан төменге қарай бағытталған құпия құжаттар түріне айналды. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қорларында сақтауға алынған, хронологиялық шеңбері 1937–1991 жылдарды қамтитын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкаларының» құжаттары аталған хронологиялық кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси тарихын көрсетуге мүмкіндік береді.

– Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалар» құжаттарының құрамы мен сипаттамасы және оларда қарастырылған мәселелердің мазмұны мен мағынасына қарай ғылыми айналымға енгізу барысы ашылады. «ерекше папкаларды» зерттеудің архивтанулық мәселелері ашып көрсетіледі.

– Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкалары» құжаттары тізімдемелеріне алғаш рет архивтік сипаттама жасалды. «Ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігі талданып, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалады.

– «Ерекше папкалар» құжаттар кешенінің істерінің қалыптастырылу ерекшеліктері ғылыми-әдістемелік тұрғыда қарастырылады.

– XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкаларда» қарастырылған мәселелер тақырыптық белгісіне қарай топтастырылып, жүйеленеді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы. Зерттеу жұмысында тұжырымдалған негізгі қорытындыларды жоғары оқу орындарында Қазақстандағы архив ісі, архив қорларын сақтау мен есепке алуды қамтамасыз ету, ғылыми жариялау, іс жүргізу тарихы, мемлекеттік мекемелер тарихы және т.б. архивтанушылық, деректану бойынша оқу бағдарламаларына теориялық, тәжірибелік толықтырулар енгізе алады, сонымен қатар тарих, архив ісі мамандықтары бойынша таңдау пәні ретінде дәрістер жүргізуге болады және

семинар, студенттердің өзіндік жұмыстары сабақтарында пайдалануға болады.

Жұмыстың жариялануы мен сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес 11 ғылыми мақала жарық көрді.

Солардың ішінде докторантурада оқу барысында 11 мақала, оның ішінде 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан ұсынылған басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген журналда, 1 мақала Шығыс және Орталық Еуропа институтының жылнамасында, 4 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтарында және 2 мақала «Жаңа архив» ғылыми-әдістемелік журналында жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, 9 тараушадан, қорытындыдан, қосымшалардан, қысқартылған сөздер тізімінен, пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімінен тұрады.

1 ТАРАУ. ҚР Президенті Архивіндегі партиялық құжаттар және оларды ғылыми айналымға енгізу мәселелері

1.1 Партиялық құжаттардың жинақталуы және архивтерде сақталуы

Бірыңғай партиялық архивті құру 1904 жылғы РСДЖП Орталық Комитетінің шешімі бойынша большевиктер тобының бастамасымен Женевада «архив пен кітапхана» құрылғаннан бастап қарастырылады. 1905 жылы Женевада Лениннің жеке архиві қалды. Ал 1910 жылы Женевадағы архив пен кітапхана партияның негізгі ұйымдары орналасқан Парижге көшірілді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың бас кезінде Париж архивінен басқа РСДЖП құжаттары Краковада, Пронинода, Г.А. Куклиннің жеке архивінде, сондай-ақ социал-демократтар басшыларының жеке архивтерінде сақталды [61].

Осылайша, РСДЖП қызметінің нәтижесінде қалыптастырылған құжаттардан партияның болашақ архивінің негізі қаланды. Сонымен қатар, осы кезеңде партиялық архивтерді дамыту «оқшаулану» принципі бойынша қалыптаса бастады. Бұл принцип 1898-1917 жылдар аралығында РСДЖП қызметі конспирациялық сипатта болғанына байланысты. Өз жұмысын астыртын түрде жүргізген партия Ресеймен, оның мемлекеттік және қоғамдық институттарымен тығыз байланыста болған жоқ. Сондықтан партиялық архивтердің қалыптасуы мемлекеттік архив мекемелерінен оқшауланып өтті. Бұл принцип РКФСР-да мемлекеттік архив қорына тәуелсіз партиялық архивтер жүйесін құруға әсер етті [61].

Ресейдегі Ақпан төңкерісінен кейін большевиктер партиясы астыртын жұмыстан заңды түрде партиялық жұмысына кірісті. Бұл партияның Орталық Комитетінің және оның жергілікті ұйымдарының қызметін құжаттамалық қамтамасыз етуге қолайлы жағдай туғызды. Партияның Орталық Комитеті өзінің тарихына қатысты құжаттарды жинауға және сақтауға байланысты шаралар қабылдады. Ал большевиктер партиясы билікке келгеннен кейін партия құжаттарын жинау, сақтау және зерттеу жүйелі, мақсатты және жоспарлы түрде жүргізіле бастады.

1918 жылы 1 маусымда В.И. Ленин қол қойған РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «РКФСР архив ісін қайта құру және орталықтандыру туралы» декреті жарияланды. Сонымен қатар 1919 жылы архив және архив ісіне қатысты бірнеше декрет қабылданды. Бұл декреттердегі қарастырылған маңызды мәселелер:

- елдегі барлық архивтер орталықтандырылып, барлық архив құжаттары РКФСР бірыңғай мемлекеттік архив қоры құрамына енді.

- барлық үкіметтік мекемелердің ведомстволық архивтері жойылып, архив құжаттарын ғылыми айналымға енгізуде архив ведомстволық бақылаудан құтылды.

- қайтыс болған отандық ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің

кітапханалар мен музейлерге өткізілген жеке архивтері мемлекет меншігіне өтті. Жалпы бұл декреттер архив реформасы мен құжаттарды пайдалануда жариялылық принциптерін ұстанған маңызды қадам еді. Алайда бұл реформаны іс жүзінде жүзеге асыру қиын шаруа еді. 1920 жылы Басархив меңгерушісі қызметіне келген М.Н. Покровский архив мекемелері мен архив құжаттары тек ғылыми қажеттіліктерді ғана қанағаттандырып қоймай, саяси мәселелерді шешуге де пайдаланылуы тиіс деп есептеді. Осылайша архив ісін басқаруда архив туралы декреттің негізгі принциптері соның ішінде орталықтандыру принципі бұзылып, архивтерге деген ведомстволық ықпал күшейді. Архив қызметкерлері арасында «тазалау» жұмысы жүргізіліп архив мамандары «пролетариат» пен «партия элементтерімен» алмастырылды. «Олардың көбінің орта білімі де жоқ еді» – деп жазады С.Ю. Малышева өз еңбегінде [62].

1910 жылдардың аяғында – 1920 жылдардың басында партия ұйымдарының кеңсе жұмысының көлемінің өскені соншалық, партия тарихы бойынша құжаттарды жинау, сақтау және пайдаланумен айналысатын арнайы орган құру қажеттігі туындады. Бұл бағыттағы алғашқы қадамды 1920 жылы ұйымдастырылған Партия тарихы комиссиясын құру арқылы жасады.

1920 жылғы 21 қыркүйекте В.И. Ленин қол қойған Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен Қазан төңкерісі және Ресей Коммунистік партиясы тарихы туралы материалдарды жинаумен және зерттеумен айналысатын комиссия құрылып, Комиссия қысқартылған түрде Партия тарихы комиссиясы деп аталды. Халық ағарту комиссариаты құрамында пайда болған Партия тарихы комиссиясы төңкеріске дейінгі партиялық құжаттарды сақтауға қабылдаған Партия тарихы комиссиясы барлық партиялық архивтерге басшылық жасауға ұмтылды. 1921 жылы желтоқсанда Партия тарихы комиссиясы Орталық Архивтен РК(б)П Орталық Комитетінің қарамағына өтті, 1922 жылы қаңтарда Партия тарихы комиссиясының аймақтық және губерниялық бюроларын ұйымдастыру туралы шешім қабылдады [62]. Осылайша Партия тарихы комиссиясының Қазан революциясы және Ресей Коммунистік партиясы тарихы туралы жинаған материалдары коммунистік партия мүддесіне қызмет ете бастады. Партия тарихы комиссиясы қызметкерлері жиналған тарихи маңызы бар құжаттарды сақтайтын арнайы бөлім құру қажеттілігін жақсы түсінді. 1924 жылдың көктемінен бастап Партия тарихы комиссиясы «партиялық-тарихи» құжаттарды сақтайтын Партия тарихы комиссиясы архивтерін ұйымдастыра бастады. Орталық партия архивінің басшылығымен жабық ведомстволық архив принципімен жұмыс істейтін партиялық архивтер желісі құрылды. Олардың құжаттары РКФСР бірыңғай мемлекеттік архив қоры құрамына кірмеді және мемлекет меншігі емес партия меншігі болып саналды [63].

Мемлекеттік архивтерде де «партиялық құжаттар бөлімін» құру әрекеттері туралы айтпай кетуге болмайды. 1920 жылы қыркүйекте Мәскеуде Басархив пен Партия тарихы комиссиясының көмегімен ұйымдастырылған «РК(б)П тарихы бойынша құжаттар» бөлімінен Қазан революциясы Архиві

ашылды. 1923 жылдың жазында «РК(б)П Орталық Комитетінің Секретариатындағы іс жүргізу, тіркеу, архив ісінің бірыңғай жүйесі туралы ереже» қабылданады [63]. Ережеге сәйкес Орталық Комитеттің құжаттары бес жылдық сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін ҚТА бөліміне өткізілуі керек еді. Алғашында солай болды да, 1920 жылдары РК(б)П Орталық Комитеті және бірнеше партиялық ұйымдар архивтерін ҚТА-ға тапсырды. Партия тарихы комиссиясы партияның Орталық Комитетінің бөлімі ретінде, бұл үдерістен сырт қала алмады, сондықтан 1921 жылғы қазан айында өткен Бүкілресейлік Партия тарихы комиссиясы жұмысшылар конференциясының қаулысында және 1923 жылғы 10 тамыздағы «РК(б)П губерниялық комитетінің бөлімі туралы ережеде» Қазан төңкерісі және РК(б)П тарихы жөніндегі комиссиялар өздерінің архивтерін жасамай, жергілікті губерниялық архивтерді ұйымдастыруға қатысуы керек екендігі айтылды. Ал 1924 жылғы Орталық Архив «РК(б)П ұйымдары мен БСБ бөлімдерінің архивтік қорлары» Қазан төңкерісі Архивіне қабылдауға жатпайтыны туралы циркуляр қабылдады [64].

Қазақстанда Партия тарихы комиссиясы бюросы РК(б)П Қырғыз обкомының жанынан 1922 жылдың аяғында құрылды. Бұл уақытта республикада бірқатар губерниялық Партия тарихы комиссиялары жұмыс істеп тұрған еді [65].

Партия тарихы комиссиясының негізгі міндеттерінің бірі БК(б)П және Қазақстандағы Азамат соғысы тарихы бойынша материалдарды жинау, өңдеу және зерделеу, партиялық құжаттардың сақталуын қадағалау болды [66]. Партия тарихы комиссиясы құрылған сәттен бастап партиялық архивтердің болмауына байланысты Қазан төңкерісінің және Қазақстандағы Азамат соғысының тарихын зерттеудің жалғыз көзі болып табылатын партиялық ұйымдардың құжаттарын жинау және сақтау мәселелеріне көп көңіл бөлді. Партиялық архивтердің жоқтығы алғашқы кезде Қазақ АКСР Орталық архивінде «Саяси секция» ашылуы арқылы шешілді.

20-жылдардың басында қабылданған РК(б)П ОК нұсқаулығына сәйкес құжаттар «архивтік жыл» аяқталғаннан кейін архивке тапсырылуы тиіс еді. «Архивтік жыл» партияның съездерінің аралығы, демек бес жыл еді. Партиялық комитеттер осы нұсқаулықты басшылыққа ала отырып 1926 жылдан бастап құжаттарын Орталық архивке жібере бастады. Өкінішке орай, бұл материалдар ұзақ уақыт бойы өнделмей, бірақ тікелей бумаларға бүктелген күйінде қала берді. Республикалық партиялық ұйымдардың пайда болу үдерісі мен көп қырлы қызметін көрсететін аса құнды құжаттардың жойылу қаупі туындады. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің партия тарихы бұл туралы Орталық Партия тарихы комиссиясын хабардар етті [67]. Сонымен бірге партиялық ұйымдардың тарихын қалыптастыру үшін бағалы материалдардың жай-күйі және сақталуы туралы губком архивтері және губерниялардағы басқа да архивтерге Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы мен Партия тарихы комиссиясы меңгерушісінің қолы қойылған хат жолдап сұрау салды [68]. Губерниялық архивтердің қанағаттанарлықсыз жай-күйі анықталғаннан кейін 1927 жылдан бастап БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің,

Өңірлік Бақылау Комиссиясының, БЛКЖО Қазақ өлкелік комитетінің құжаттары мен материалдары Қазақ өлкелік комитетінің Партия тарихы мекемесіне түсе бастады. Бұл құжаттар мүлдем өңдеу және оларды ретке келтіру үшін 1927 жылы маусымда БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің партия архиві меңгерушісін бекітіп, ғылыми-техникалық өңдеуге уақытша үш қызметкер бөлді [69].

Осылайша, БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Партия тарихы комиссиясы жанынан Партия архивін құру басталды және 1929 жылы 25 наурызда БК(б)П ОК Ұйымдастыру бюросының қаулысымен «Ленин институты жанынан бірден Бірыңғай Партиялық Архивін құруға кірісу. Жергілікті жерлерде Партиялық Архивтерді Партия тарихы комиссиясы жанынан ұйымдастыру және жергілікті партиялық архив қорларын есепке алу мен шоғырландыруды ретке келтіру үшін архив ісін білетін партиялық жолдастардан арнайы комиссиялар құру қажеттілігі танылды» Осылайша, 1927 жылы БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Партия тарихы комиссиясы жанынан ұйымдастырылған БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің партархиві 1929 жылы БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Партия тарихы комиссиясы жанындағы Орталық Партия Архивінің филиалы болды және оның сақтауында 6 қор болды:

- 1) БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті;
- 2) БЛКЖО Қазақ өлкелік комитеті;
- 3) Қазақ Өлкелік Бақылау Комиссиясы;
- 4) Қазақстандағы Төңкеріс қозғалысы;
- 5) Анықтама бөлімі.

Алғашқы үш қордың архивтік материалы тек 1921 жылдан бастап, Қырғыз партия бюросы ұйымдастырылған сәттен бастап яғни 1920 жылдан бері құжаттар сақталмаған [70]. 1929 жылы 28 маусымда БК(б)П ОК Секретариаты «БК(б)П-ның Бірыңғай партиялық архиві туралы ережені» бекітті, оған сәйкес партархивтерді басқару жөніндегі барлық негізгі директиваларды Ленин институты ОК құпия бөлімімен келісе отырып береді.

Бірыңғай партархив партия комитеттерінің, бақылау комиссияларының, комсомол ұйымдарының және кеңестік кәсіподақтар мен басқа да мекемелердің фракцияларының іс жүргізу үдерісінде түзілген және ағымдағы жұмыс үшін өз мәнін жоғалтқан құжаттарымен жинақталады. Басқа мекемелерде сақталған партархив материалдары мен құжаттары (Орталық архив, Төңкеріс музейі, Кәсіподақтар тарихы комиссиясы және т.б.) бірыңғай партархивке берілуі керек еді.

Республикалық Партия тарихы комиссиясы мекемелері өздеріне жүктелген міндеттерді барынша орындауға тырысты: партия тарихы бойынша газеттер, бюллетеньдер, басқа ресми партиялық басылымдар жиналды; қазақ және орыс тілдерінде большевиктер қозғалысы, азамат соғысы туралы естеліктер жазу туралы ұнпарақтар жіберілді, фотосуреттерді іздестіруге, Орталық музейдегі «төңкеріс» экспозициясын дайындауға қатысу әрекеттері жасалды, құжаттар мен естеліктер жинақтары, сондай-ақ жеке кітапшалар

шығарылды [71]. Қазан революциясының 10 жылдық мерей-тойына қарай 1927 жылы Партия тарихы комиссиясы Сәкен Сейфуллиннің басшылығымен тарихи оқиға куәгерлерінен 100-ге жуық естеліктер жинады. Бұл естеліктер партархивтің құндылығы жоғары бағаланған № 811 қорын құрады. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Бүкілодақтық Коммунистік партиясының (большевиктер) Қазақ өлкелік комитетінің Партия тарихы комиссиясы құрамында 1927 жылы көлемі 4 мың құжат пен 21 орамнан тұратын салыстырмалы түрде реттелген үш архив қоры болды [72].

1927 жылы қаңтарда өткен Партия тарихы комиссиясы бөлімшелерінің Бүкілодақтық конференциясы большевиктердің Бүкілодақтық Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ұлттық республикалар партияларының Орталық Комитеттерінің жанынан «тұрақты партия архивтерін» құруға шешім қабылдауы еліміздегі архив ісінің саяси сипат алуымен бірге партиялық архив желісінің пайда болуын білдірді. Төменгі партия ұйымдары партия құжаттарын сақтау үшін округтік және губерниялық комитеттерге тапсыруы керек болды.

1927 жылы маусымда алғаш рет партия архивінің бастығы лауазымы БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің жалақы туралы есептерінде пайда болды [72]. Қазақстандық партиялық архивтердің пайда болуын осы мерзімнен бастап есептеуге болады. Осы уақыттан бастап партиялық архивтер еліміздің өмірінің әр түрлі салаларына қатысты құжаттар кешенін жинақтай бастады.

1931 жылы БК(б)П Қазақстан өлкелік комитеті партия жұмысын теориялық-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында Қазақ Орталық Атқару Комитеті жанындағы Қазақ марксизм-ленинизм институтын құру туралы қаулы қабылдады, ол 1933 жылы Қазақстан марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылды. 1934 жылы сәуірде КМЛИҒЗИ, Партия тарихы мекемесі және БК(б)П Біріккен партия архивінің Қазақстандағы филиалы негізінде Қазақстан Маркс-Энгельс-Ленин институты құрылды, ол 1940 жылы Өлкелік комитет бөлімі ретінде БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин институтының жүйесіне кіріп, Қазақстан Коммунистік (большевиктер) Партиясы ОК жанындағы МЭЛИ-дің қазақстандық филиалы болып қайта аталды. Осы ұйымның құрамында «партиялық архив» секторы жұмыс істеді [72].

Партиялық архив жүйесін құру үдерісі көптеген қиындықтармен қатар жүрді. Олар мамандардың және қаржының жетіспеушілігі, ғимараттар мен қоймалардың болмауы сияқты мәселелер еді. 1937–1938 жылдары өткізілген партиялық құжаттардың сақталу жағдайын анықтау мақсатында Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеттеріне жүргізілген тексерістер архив құжаттарын жарамсыз ғимараттарда сақтау, жұмысшылардың болмауы, материалдық жағдайларының нашар болуы сияқты жағымсыз көріністі анықтады.

Партиялық архивтердің қызметіне партия органдарының ойластырылмаған шешімдері де кері әсер етті. БК(б)П Орталық Комитеті республиканың барлық бұрынғы губерниялық, уездік комитеттерінің

партиялық құжаттарын БК(б)П Орталық Комитетінің Бірыңғай Партиялық архивінің Қазақстандық бөлімшесіне өткізуді талап етті. Бұл талап 1937 жылы 28 маусымда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Партиялық архивтер туралы» қаулысында көрініс тапты [72]. Бұл талап республиканың кең байтақ аймағындағы инфрақұрылымның нашарлығынан, мамандардың жетіспеушілігінен және ғимараттардың жоқтығынан толық жүзеге аспады.

Бүкіл Кеңестер Одағындағы партиялық архивтердің жағдайы осындай еді. Осыған байланысты БК(б)П Орталық Комитеті 1939 жылы желтоқсанда партия архивтерінің басшылығын МЭЛИ-ден жергілікті партия органдарына – облыстық, өлкелік партия комитеттеріне және республикалық Орталық Комитетке берді. Жергілікті партия архивтерінің негізгі міндеттері болып партия және комсомол ұйымдары мен саяси бөлімдердің құжаттарын жинау, сақтау және өңдеу; жергілікті партия ұйымдарының тарихы бойынша архив материалдарын зерттеу және әзірлеу; партия ұйымдарының өтініші бойынша анықтама беру белгіленді. Партия архивтерін қорландыру көздері нақтыланды. Партиялық мекемелерден құжаттар архивке келіп түсті. Архивтерде зерттеушілердің архив құжаттарымен жұмысы ұйымдастырылды. Оларды қолдану облыстық партия комитеттерінің рұқсатымен және архивтің өзінде ғана жүргізілді. Материалдарды бір архивтен екіншісіне беру тек МЭЛИ келісімімен жүргізілді. МЭЛИ-ге жергілікті партия архивтері мен партия тарихы институттарының қызметіне әдістемелік басшылық, сондай-ақ партия архивтері үшін мамандар даярлау жүктелді [72].

1944 жылға қарай Қазақстан К(б)П Орталық комитеті жанындағы партия архивтеріндегі барлық жауапты қызметкерлер МЭЛИ-де тиісті курстардан өтті. Барлығы архивте 13 адам жұмыс істеді, оның 5-інің бастауыш білімі бар, екеуі жоғары білімді еді. Архивте тек екі қызметкердің бес жылдық жұмыс тәжірибесі бар [72]. Кадр тапшылығы әсіресе кәсіби маманға зәрулік сол кезеңдегі архив саласына ғана емес барлық салаларға тән еді.

1945 жылдың шілдесінде 1940 жылдың сәуірінен бастап дербес мекеме ретінде жұмыс істеп келе жатқан Қазақстан К(б)П Орталық комитетіне қарасты партия архиві Қазақстан К(б)П Орталық комитеті жанындағы Партия тарихы институтына сектор ретінде қайта қосылып, қорларды ұйымдастыруды аяқтап табысты жұмыс істеді. Барлық құжаттар үшін тізімдеме парақтары жасалды. [72].

Өкінішке орай, жергілікті жерлерде жұмыс деңгейі әлдеқайда төмен болды. Облыстық партия архивтерінде екі штаттық қызметкер үлгере алмады. Архив қоймаларының жетіспеушілігі жұмысқа кері әсерін тигізді. 1950–1952 жылдары Қазақстан К(б)П Орталық комитеті партия архивтерінің мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар қаулылар қабылдады.

И. Сталин қайтыс болғаннан кейін және сталинизмді әшкерелеуден туындаған елдің қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер архивтер жұмысындағы басты назардың өзгеруіне ғана әсер етпеді сонымен бірге тұрақты сақтауға қабылданған құжаттар құрамы да өзгеріске ұшырады. Бұл құжаттардың шоғырлануына және оларды құпияландыру деңгейіне және олардың

құрамынан жоғарыда аталған мақсаттар үшін айналымға белсенді енгізу үшін жеке тұлғаларға қатысты компромисс материалдарды қамтиды.

Осы жылдары республиканың партия архивтері өздерінің негізгі қызметтері қоғамды ретроспективті деректі ақпаратпен қамтамасыз етуге дайын еместігі белгілі болды. 1956 жылғы жоғарыда аталған қаулыдан екі жыл өткен соң, партия және мемлекеттік архивтер қызметкерлерінің республикалық жиналысында республиканың партиялық архивтерінде тек оқу залы ғана емес, сонымен бірге зерттеушілер құжаттармен жұмыс істей алатын арнайы бөлмелер де жоқ екендігі анықталды.

Осы және басқа да мәселелер Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1961 жылғы 8 шілдедегі «Республиканың партия архивтерінің жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қарарында көтерілді. 1965 жылы қазан айындағы партия архиві басшыларының жиналыс-семинарында штаттық кәсіби қызметкерлердің болмауы және құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін шаралары сияқты шешілмеген мәселелер қайтадан тізімге қосылды. Партия архивтерінің жұмысын жақсарту бойынша қабылданған шаралардың нәтижесінде, бастапқыда Қазақ КСР Бас архивінің еншілес кәсіпорны негізінде жұмыс істейтін микрофотокөшіру және партиялық құжаттарды қалпына келтіру зертханасы ашылды, 1962 жылы пайдалануға берілген республикалық Орталық мемлекеттік архивіне арнайы салынған типтік ғимаратта МЛПИ Казфилиалының партархивіне бөлмелер бөлінді. Республиканың партиялық архивтерінде тұңғыш рет Партархивтің Қазақ филиалы штатында жоғары арнайы білімі бар мемлекеттік архившілер пайда болды. 1958–1965 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы Тарих институтында, Мәскеу тарихи-архив институтының 4 курсы, содан кейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген Ш.Ю. Шафиро жұмыс істеді. 1964 ж. Партияның архивіне Мәскеу тарихи-архив институтының түлектері Г.Х. Утепов және А.Ф. Усакова К.И. Желтякова, В.С. Сафронова қабылданды. 1980-жылдары институтқа архивші-тарихшылар Ш.К. Саманова, Т.А. Золотокрылин, Э.М. Бухонова, Е.М. Грибанова келді [72]. Осылайша партиялық архивтер штатында кәсіби мамандар үлесі артып архив ісі жаңа белеске көтерілді.

1965 жылы республиканың облыстық партия архивтерінде 23 қорға тарихи анықтама берілді, кейбір архивтерде жеке картотекалар құру бойынша белсенді жұмыс жасалды. Архивтерде сақтаулы құжаттардың құндылығына сараптама жүргізілді [72].

1966 жылы КОКП Орталық Комитетінде алғаш рет «КОКП архив қоры туралы ереже» әзірленді және бекітілді. Бұл құжат 30-шы жылдардың соңында пайда болған партия архивтерінің жүйесін, олардың құрамын және «КОКП архив қоры» терминін заңдастырды [73].

Партия архивтерінің жұмысының әдіснамалық негізін жетілдірудің өзіндік нәтижесі 1970 жылы жарық көрген және еліміздегі партия архивтеріндегі құжаттармен жұмыс жасау үшін барлық талаптарды алғаш рет жинақтайтын «Өлкелік комитеттердің, облыстық партия комитеттерінің және

КОКП Орталық Комитеті жанындағы МЛИ филиалдарының партиялық архивтерінің жұмысы туралы негізгі ережелері» болды. Бұл жұмыс партия архивтерінің ұйымдастырушылық нығайтумен қатар жүргізілді. 1969 жылы сәуірде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «КОКП ОК жанындағы марксизм-ленинизм институтының филиалы – Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы Партия тарихы институтының және партия архивтерінің міндеттері туралы» мәселені қарады [74]. Нәтижесінде республиканың облыстық партия архивтеріндегі штат саны 48 адамға көбейді. Мәселе ішінара формальды түрде шешілгенімен 1970 жылы Қазақстанның 16 облыстық партия архивінің 7-де жоғары білімді бірде-бір қызметкер болған жоқ. Архившілерде құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру бойынша жұмысты жандандыруға мүмкіндік пайда болды. Осы кезеңнен бастап облыстық партия архивтері құжаттар жинағына арналған материалдарды анықтауда мемлекеттік архивтермен және ғылыми мекемелермен жүйелі түрде жұмыс істеуді жүзеге асырды.

КОКП Орталық Комитетінің нұсқаулары партия комитеттерінен маңыздылығын жоғалтпаған құжаттарды тұрақты сақтауға тапсыруға дейін сақтау мақсатында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті 1976 жылғы 8 маусымда «Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттерінің ағымдағы архивтерінде құжаттармен жұмысты жақсарту жөніндегі жағдай және шаралар туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда партиялық іс жүргізу кезінде құжаттардың сақталмауы, КОКП архивтік қорының нашарлауына әкелгені айтылды [72]. Бұл республиканың партиялық архивтерін партия органдарының, ұйымдары мен мекемелерінің толыққанды архив қорларымен жүйелі түрде толықтыруға жол ашты.

Партия архивтерінің штатының көбеюі, іс қағаздарын ұйымдастырудың біршама жақсаруы архив қорларын ғылыми ұйымдастырудың сапасын жақсартуға мүмкіндік беріп Қазақстанның партия архивінде 1973 жылдан бастап жүйелі каталогтарды жасауға кірісті [75].

1970-жылдары КОКП ОК «КОКП Архив қоры туралы ереже», және «Партия архивтерінде сақталуы тиіс партия органдары мен бастауыш ұйымдарының құжаттық материалдарының тізбесі» деген нормативтік құжаттарды бекітті. «КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институттарының міндеттері, құрылымы және штаттары туралы», «Партия тарихы институттары мен партия архивтерінің міндеттері, құрылымы және штаттары туралы» қаулыларда партия архивтеріндегі құжаттарды жинақтау, сақтау, өңдеу және жариялау саласындағы жұмыстарын одан әрі жақсарту бойынша іс шаралар белгіленді. Бұл өз кезегінде партиялық-тарихи құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мен жан-жақты пайдалану ісіндегі күрделі міндеттерді қатаң ғылыми негізде шешу мен партия архивтерінің жұмысына қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік берді. В. Косаревтің партия кадрларын дайындау мен қайта даярлау туралы мақаласында Социалистік елдердің орталық партия архивтерінің басшыларының халықаралық мәжілістерінің партия архивтерінің тәжірибесін зерделеудегі оң әсерін атап

өтеді. Аталған халықаралық жиындар 1973 жылы Берлин қаласында, 1975 жылы Мәскеу қаласында өткізіліп, коммунистік және жұмысшы партияларының құжаттарын сақтау мен пайдаланудың маңызды, келелі және күрделі мәселелері талқыланды [76].

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтында ұзақ жылдар жұмыс істеген Р. Куватова кеңестік кезеңдегі партия архивінің ерекшелігі туралы еске алады. «... Партия архивтері мемлекеттік архивтерден арнаулы білімі бар мамандардың аз болуымен ерекшеленетін. Партия құжаттарымен жұмыс істеуге тек партия мүшелеріне ғана рұқсат берілетін. Архив саласының жетекші мамандары партия мүшелігіне орта жастан асқанда ғана жететін. Д. Исакова партия архиві ұжымын арнаулы білімі бар мамандармен толықтыруға тырысатын» [77]. Аталған естелік партия архивінің қызметкерлеріне қойылатын талаптардың бірін көрсетеді.

1970-жылдар мен 1980-жылдардың бірінші жартысы республиканың партиялық архивтері үшін олардың материалдық-техникалық базасын нығайту кезеңі болды. 1980 жылға қарай Қазақстанның 20 партиялық архивінің 11-і, ал 1985 жылға қарай 14-і арнайы стандартты жобалар бойынша салынған ғимараттарда орналасты. Партиялық архивтерде 200-ден астам қызметкер, оның ішінде кәсіби архивші-тарихшылар жұмыс істеді. Осы кезеңде архивтің ғылыми-анықтамалық аппараттарының жүйесін құру, қорларды ғылыми ұйымдастырудың сапасын жақсарту және архивтерді толықтыру бойынша байыпты жұмыстар жүргізілді. Архившілердің жарияланған жинақтары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы баяндамалары және т.б. күрт өсті.

1980-жылдардың ортасында елде басталған өзгерістер партия архивтерінің жұмысына әсер етпей қоймады. Саяси жұмыс әдістеріне көшу кезінде партия аппараты өзінің функцияларын, штаттарын, сондай-ақ партия институттарының функцияларын қайта қарастырды. Партиялық архив қызметкерлерінің қысқаруы ең алдымен нұсқаушылар мен техникалық қызметкерлердің лауазымдарының жойылуына байланысты болды.

Партиялық аппараттың функциялары қайта қаралғаннан кейін оның құжат айналымы азайды. Мәселен, егер 1956 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің істер номенклатурасына сәйкес 192 іс тұрақты сақтауға арналған болса, онда 1991 жылғы Істер номенклатурасы бойынша – 98 іс болды. Тиісінше, партияның Алматы облыстық комитетінің істер номенклатурасы бойынша: 1985 жылы – 113, 1991 жылы – 100 іс тұрақты сақтауға арналған еді. Алайда 1970–1985 жылдар аралығында партия архивтерінде көптеген жылдар бойы жинақталған проблемалар назардан тыс қалды. 1989 жылдан кейін партия архивтерінің штаттық кестесін өзгерту әр нақты архивте сақталған істердің көлемін, қолданыстағы құжаттар массивінің одан әрі өсуі мен физикалық күйін, ғылыми және ақпараттық аппараттардың күйін және т.б. ескерместен механикалық түрде жүргізілді. Қысқартылған техникалық лауазымдарға жоғары білімі бар адамдар қордың нұсқаушылары мен сақтаушылары ретінде қабылданып олар сонымен бірге ғылыми

анықтамалық аппарат құруға, құжаттардың құндылығын сараптауға, қорлардың ғылыми ұйымдастырылуын жетілдіруге және т.б. жұмыстарға тартылды. Штат санының қысқаруы архивтің ішкі жұмысының барлық түрлерінің қарқынын бұзды. 1991 жылы республиканың партия архивтерінде 105 қызметкер жұмыс істеді, олардың 49-ы жауапты қызметкер болды.

1990 жылы 6 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы Партия тарихы институты – КОКП Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институтының Қазақ филиалы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Саяси зерттеулер институты болып қайта құрылды, ал 1991 жылы 16 сәуірде Алматы жоғары партия мектебімен біріктіріліп Алматы саясаттану және менеджмент институты болып қайта құрылды, оның құрамында партиялық архив сектор ретінде жұмыс істеді [78]. Осы институттың құрамында болған кезінде архив құжаттарына зерттеушілердің қолы жетпегенімен бірге тарихи құнды архив құжаттарына жойылу, бүліну қаупі туды. Көптеген құнды құжаттарды өз қорларында шоғырландырған партиялық архив бұрын иелік еткен аудандарды жалға алушыларға бағынышты болды. Қажетті мамандандырылған күтімді қажет ететін құжаттардың жойылып кету қаупі туды [79].

Ал 1991 жылғы тамыз оқиғасынан кейін республикалық партия архивіне ұлттық құндылық ретінде емес, кәмпескеленген партия мүлкі ретіндегі көзқарас қалыптасты. Таратылған Алматы саясаттану және менеджмент институтының мүлкімен бірге республикалық партия архиві қоймалары мен қорлары Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты қол астына берілді. 1992 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен жоғарыда аталған институт негізінде Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты құрылды. Осылайша мемлекеттік маңызы бар құжаттар қоймасы АҚШ азаматы басқаратын жартылай коммерциялық білім беру мекемесіне берілді (ҚМЭБИ-ді америкалық профессор Бенг басқарды) [80].

1991 жылы 25 тамызда Қазақ КСР Президентінің «Қазақ КСР аумағындағы КОКП меншігі туралы» Жарлығы және оны іске асыру туралы Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 30 тамыздағы қаулысы шығарылды [81]. Осыған байланысты Қазақ КСР Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитеті 1991 жылы 28 қазанда партия архивтерінің ғимараттарын Қазақ КСР Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив дирекциясының қарамағына беру туралы қаулы, ал 1992 жылғы 12 сәуірде – бұрынғы КОКП архив қорлары құжаттарын Қазақстан Республикасы Бас архивіне тапсыру туралы қаулы қабылдады [82].

Бұл құжаттар КОКП Архив Қоры құжаттарының жаңа мәртебесін заңдастырды. Олар мемлекеттік архив жүйесіне тапсырылды.

Осы уақытқа дейін бұрынғы республикалық партия архивінің және Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық партия комитетінің архивінің құжаттарына ҚМЭБИ-дің штаттық қызметкерлері болған екі архивші қызмет көрсетті.

Қазіргі заман тарихы Орталық мемлекеттік архиві мен Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві атты екі іргелі мекеменің құрылуы, қалыптастырылуы мен қызметін ұйымдастырушы Ғ. Қарпықова аталған кезеңдегі жағдайлар туралы эпистолярлық жанрдағы естелігін жазып берді. Ол өз баяндауында іргелі екі мекеменің жұмысы, ұжым мүшелері туралы жан-жақты айтып өтеді. «Партия архивтерінің мұнды тарихы КОКП таратылғанға дейін басталған болатын. Қайта құру науқанына байланысты 1991 жылғы сәуірден бастап партия штаттары мен құрылымдарын қысқарту жұмыстары жүргізілді. Партия тарихы институты Жоғары партия мектебімен біріктірілді. Олардың негізінде Алматы саясаттану және басқару институты құрылды. 1991 жылы тамызда КОКП өмір сүруін тоқтатты» деп көрсетеді. «1992 жылы қаңтарда Архив өз жұмысын тоқтатты. Бұрынғы республикалық партия архивінің қызметкерлері жұмыстан босатылды. Қор сақтаушы мен анықтамаларды орындаушы қызметкерді ғана қалдырды. Облыстық партия комитетінің қызметкерлерінің барлығы жұмыстан босатылды, сақтау қоймаларына мөр қойылды. Партия тарихы институтының ғимаратын «жаңа қожайын» басқа ұйымдарға жалға берді». Осылайша Қазақстанның кеңестік дәуірдегі саяси тарихының дереккөздерінің түпнұсқалары сақталған алып ғимарат жеке меншікке өтіп кете жаздады. Партия архивінің қорлары жан-жаққа тарап кету алдында тұрды: Ұлттық кітапхана Архивтің ғылыми кітапханасына көз тікті, анықтамалық бағыттағы № 811 қорды М.Қ. Қозыбаев басқаратын Ғылым академиясының Тарих және этнология институты алғысы келді, олар өз өтініштерін ҚР Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитетке жолдады, ал ондағы қызметкерлер Қаулының мәтінінде № 811 қор ҚР Ұлттық кітапханасының құрамына берілсін деген қате жолдарды жазып жіберді. Ғ. Қарпықова Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтының өзінің қорын Ұлттық кітапхана жүйесіне берудің қате шешім екенін көрсетіп, аталған қаулыны қайта құрастырып қабылдау жөніндегі мәселенің оң шешілуіне қол жеткізді [83].

1993 жылғы 30 қаңтардағы «Казахстанская правда» газетінің № 25-26 нөмірінде Ж. Әбділдин, С. Зиманов, М. Қозыбаев сияқты академиктер және Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы корреспондент мүшелері М. Асылбеков, Ә. Нысанбаев, Ғ. Сапарғалиев, К. Нұрпейісов сынды ғалымдар тәуелсіздік жылдарындағы мемлекетіміздің саяси тарихы туралы мол құнды деректер қорлары бар партиялық архив мәселесі жайлы ұйымдасқан түрде алаңдаушылық білдіріп мақала жариялайды. Онда зерттеушілердің архивтік құжаттарға қол жетімсіздігімен бірге тиісті кәсіби мамандардың қамқорынсыз құнды құжаттардың жарамсыз болып қалу қаупі туралы айтады. Сондай-ақ архив коммерциялық ұйымдардың қарамағында емес тек мемлекет қамқорлығында болу керектігін және ұлттық тарихымызға қатысты құжаттарды сақталуына кепілдігін қамтамасыз ететін заңның қажеттігін жазады.

Аталған хаттың жазылуына Ғ. Қарпықова түрткі болды. Ол өз естелігінде бұл жөнінде таратып айтып береді: «Шұғыл арада архивті құтқару жолдарын

іздеу керек болды. Архивтер жөніндегі Бас басқармадан еш үміт болмағандықтан, оларға хабар берместен өзіміз әрекет жасап көрмек болдық, сол кезде қалалық архивте жұмыс істеп жүрген Е. Грибановамен ақылдасып, Жоғарғы Кеңес депутаттарымен сөйлесу керек деп шешім қабылдадым. Ең алдымен Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, академик ғалым Жоғарғы Кеңес депутаты М. Қозыбаевпен кездестік. Ол кісі менің баяндауымнан кейін, өте қатты күйінді, орнына отыра алмай, ерсілі-қарсылы жүріп кетті. Ол жедел С. Зимановпен және т.б. бір-екі депутатпен хабарласты. Біздің бағымызға орай, сол кездегі Жоғарғы Кеңес депутаттарының қатарында халық арасында белгілі, білімді, оқу білімге шын жанашырлық көзқарастары қалыптасқан қайраткерлер бар еді. Олар біздің мәселемізге түсіністікпен қарады, төтенше жағдайдың мәнін бірден түсінді. Аптаның соңында Үкіметтің атына жазылған депутаттық сауал дайын болды. Олардың жоғары азаматтық позициясына және түсіністік танытқанына көп рақмет, Қазақстан халқының тарихын құтқаруға көмектесті [83].

1992 жылғы 3 тамызда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы Орталық мемлекеттік архиві құрылды, ол 1994 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің архиві ретінде қайта құрылды.

Архивте кеңес дәуіріндегі жоғары билік органы болып табылған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті және Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің, БК(б)П Қазақ облыстық комитетінің және т.б. Коммунистік билік органдарының қорларының құжаттары мемлекеттік сақтауға алынған. Жоғары партия органдары құжаттарын 1934 жылдан бастап Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин институты құрамындағы партиялық архив секторы қабылдай бастады. Келесі кестеде Қазақстан Коммунистік партиясының республикалық органдарының Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен бастап тарағанға дейінгі басқару органдарының атауы, жұмыс істеген жылдары және архивтегі құжаттары туралы мәлімет берілген.

Партиялық архив құжаттарының қалыптасу үдерісін зерттей келе мынадай ұйғарым жасауға болады:

- партиялық архив қорының мемлекеттік архив қорынан бөлек болуы;
- партиялық құжаттарға деген ерекше көзқарас;
- құжаттардың құпиялық режимде сақталуы КОКП тарихын зерттеуде тарихи деректемелік маңызы бар үлкен құжаттар кешені қалыптасып архив қорларында сақталып қалды. Коммунистердің көп жылдар бойы астыртын түрде жұмыс істеуі коммунистер билік басына келгеннен кейінгі жұмыстарына әсерін тигізбей қоймады.

Партиялық архивтердің қалыптасу кезеңін:

- 1904 жылдан қазан төңкерісіне дейінгі партия ұйымдарының астыртын жұмыс жүргізе отырып, партия құжаттарының шет мемлекеттерде сақтаған мерзімі;

– Қазан төңкерісінен 1927 жылға дейін, коммунистер билік басына келгеннен кейін партиялық архивтердің ресми мәртебе алғанға дейінгі қалыптасу кезеңі;

– 1927 жылдан 1991 жылға дейін партиялық архивтер тоталитарлық жүйенің элементі ретінде жұмыс істеген кезеңіне бөліп қарастыруға болады.

Жоғарыдағы айтылғандардың негізінде ҚР Президенті Архивіндегі партиялық құжаттардың қалыптастырылуы және оларды ғылыми айналымға енгізу барысы талданып, архив қорындағы дереккөздердің әлі де зерттеуді талап ететіндігі анықталды.

1.2 «Ерекше папка» грифінің пайда болуы және атқарған ролі

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қорларында сақтаулы хронологиялық шеңбері 1937–1990 жылдарды қамтитын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкаларының» құжаттары аталған хронологиялық кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси тарихын көрсетуге мүмкіндік береді.

«Ерекше папкалар» КОКП орталық органдарының ең жоғары құпиялық деңгейдегі және ерекше маңызы бар құжаттар болып табылды. Құпиялығы жоғары және ерекше маңызы бар барлық шешімдері «арнайы папкаларға» сақталып, хаттамада шешімнің нөмірі, мәселені кім ұсынғаны және шешімнің «ерекше папкада» екендігі көрсетіледі.

«КОКП Орталық Комитетінің аппаратындағы құжаттар құпиялық дәрежесі бойынша ерекше маңызды («ерекше папка»), аса құпия және құпия болып бөлінді. «Ерекше маңызды бар аса құпия» («ерекше папка») мөрі ерекше маңызды партиялық және мемлекеттік құпияларды қамтитын құжаттарға қойылды».

Ұзақ жылдар бойы астыртын жұмыс істеген коммунистер 1917 жылы билікке келгеннен кейін құпиялық режимге ауысты. Әлемдегі күрделі жағдай, елде тұтанған азамат соғысы, партиядағы көшбасшылық үшін партия ішлік күрес партиялық кеңсе жұмысында ақпараттық қауіпсіздікті күшейтуді талап етті. Бірақ «ерекше папка» грифі сол құпияның ішіндегі құпияны білдіретін гриф еді. Билік басына келген коммунистердің елдің қандай жолмен дамитыны және оны қалай қалай жүзеге асыратындары туралы нақты бағдарламасының болмауы, партия басшыларының арасында әр түрлі пікірлердің қалыптасып алауыздықтың пайда болуы құпияның ішіндегі құпия болып саналатын «ерекше папка» грифінің пайда болуының себебі болды.

«Ерекше папкалардың» пайда болуының нақты мерзіміне байланысты тарихшылар мен архившілер арасында әртүрлі болжамдар бар. «Партиялық архив материалдарында бұл терминді айналымға ресми түрде енгізген құжат және «ерекше папкаларға» енгізілуі тиіс құжаттар тізімі әлі табылған жоқ [84].

1919 жылы 8 қарашада Саяси Бюроның отырысында И. Сталин «кейбір мәліметтердің бұрмаланған түрде болса да, жауларға жетуіне» байланысты Орталық Комитеттің хаттамаларына әсіресе Орталық Комитет Саяси

Бюросының хаттамаларына қол жетімділікті шектеу қажеттілігі туралы мәлімдеді [85].

В.И. Ленин 1921 жылы Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының құпия қаулыларын арнайы хаттамамен ресімдеуді ұсынды. Осылайша, 1921 жылы сәуірде Орталық Комитеттің Оргбюросының шешімімен жергілікті партия ұйымдары Орталық Комитет мәжілістерінің хаттамаларының көшірмелерін алуды тоқтатты, оларға жекелеген мәселелер бойынша үзінділер жіберілетін болды. 1921 жылы тамызда В.И. Ленин Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының құпия қаулыларын арнайы хаттамамен ресімдеп, «Құпия, арнайы мұқабада» деген жазуы бар іс қағазында сақтауды ұсынды [86].

1922 жылғы 3-8 ақпандағы Орталық Комитеттің Саяси бюросының хаттамасына қосымшада көп ұзамай партия аппаратының құпия іс жүргізуінде іргелі рөл атқаратын тармақ болды. Бұл тармақта: «Саяси Бюроның аса құпия ұсыныстары мен шешімдері хаттамаға ең қысқа түрде енгізіледі, ал шешімнің өзі ерекше параққа жазылады. Мүдделі тұлғаларға қажетті хабарламалар арнайы парақта олардың қолхатымен жасалады және, оқығаннан кейін ОК хатшылығына дереу қайтарылады». Ал 1923 жылдан бастап Орталық Комитет Саяси Бюросының хаттамасында шешімнің орнына «см. особую папку» деген жазба жиі кездеседі. Алайда, бұл уақыт өте келе аудандық деңгейден бастап, барлық партия комитеттеріне ортақ ережеге айналды. «Ерекше папка» деген айдарымен аса құпия құжаттарды сақтаудың дәл осындай жүйесі Орталықта ғана емес, жергілікті жерлерде де партиялық органдар жүйесінде ғана емес, сонымен қатар барлық мемлекеттік құрылымдарда жұмыс істеді [87].

И. Сталиннің хатшысы және сонымен бірге Саяси бюроның техникалық хатшысы болған Б. Бажанов куәландыратындай, «Ерекше папкалар» В. Лениннің кезінде пайда болған. Өзі қатысқан Саяси бюроның 1923 жылғы 23 тамыздағы отырысында қазіргі күнгі қолданыстағы формула пайдаланылған: «Вопрос, внесенный (таким-то членом Политбюро или органом). См. Особую папку». Сол кездің өзінде «ерекше папкалар» ешкімге көрсетілмейтін. Б. Бажановтың айтуынша «ерекше папка» оның кабинетіндегі сейфте сақталып, кілті тек Б. Бажановта болған. Бұл құпия папкаларды көру үшін ОК мүшелері ОК хатшысынан арнайы рұқсат алу керек болатын. Бірақ Б. Бажанов өзі И. Сталиннің хатшысы қызметінде болған кезде мұндай рұқсатты ешкімнің алмағанын айтады [88].

Саяси Бюрода шешім қабылдау тетіктерін партиядағы көшбасшылық үшін күрес контекстінде қарастыра отырып, сыртқы саяси мәселелер көп жағдайда өткір келіспеушіліктер мен даулардың нысанасы болған, бұл шешім қабылдауға қатысатын көшбасшылар шеңберін шектеу тенденциясының күшеюіне негізгі себеп болған. Бұл Саяси Бюро жұмысын қайта құрудың ұйымдастырушылық жұмысында көрініс тауып 1927 жылдан бастап Саяси Бюроның жабық мәжілістерін шақыру тәжірибесі енгізілді, онда маңызды шешімдер, оның ішінде сыртқы саяси мәселелер аздаған партия жетекшілерінің шеңберінде қаралып, олардың шешімдері негізінен арнайы

хаттамамен ресімделді [89].

А.Н. Чистиков РК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының материалдарында «ерекше папка» түсінігінің 1923 жылға қарай пайда болғанын айта отырып, оның Ленинград облыстық комитетінің құжаттарында алғаш рет 1929 жылы кездесетінін көрсетеді [90].

КОКП ОК Жалпы бөлімінің бұрынғы қызметкері Ю.Г. Мурин «Ерекше папка» терминінің пайда болуын 1920 жылдардың басында Сталиннің Бас хатшы болып сайлануымен байланыстырады. Оның пікірінше Сталин Бас хатшы болып сайланғанға дейін кез келген партия басшысы, ОК мүшесі, Халық комиссары ОК-те ОК-тің қаулыларымен және басқа да құпия құжаттарымен таныса алатын. Сол кезде тек ОК жетекші хатшысының рұқсатымен ғана танысуға болатын ОК Саяси бюросының, Оргбюросының, Секретариатының шешімдерінен тұратын «Ерекше папкалар» пайда болды. Кейінірек бұл термин «аса маңызды ерекше құпия» құжатының ресми атауына айналады [91].

Ресей Федерациясы Мемлекеттік Архивінің директоры қызметін атқарған Л.А. Роговая «БК(б)П архиві 30 жылдарда» атты мақаласында «ерекше папка» грифі 1923 жылы мамыр айынан бастап пайда болғанын, оның сыртқы саяси мәселелерге, әскери мәселелерге, ОГПУ – НКВД қызметіне қатысты құжаттармен бірге мемлекеттік және партиялық жоғары билік органдарының жұмысын регламенттейтін қаулыларға қойылғандығын айтады [92].

Осылайша коммунистер көсемі В. Лениннің кезінде бастама алған Орталық Комитеттің кейбір маңызды қаулылары мен шешімдерін «ерекше мұқабаларда» рәсімдеу дәстүрін, Сталин партиялас саяси қарсыластарын шешім қабылдау үдерісінен және партия басшылығынан аластату мақсатында ұтымды пайдаланды. Ленин белсенді саяси өмірден кеткеннен кейін барлық негізгі мәселелерді Зиновьев – Сталин – Каменев «үштігі» шешті. 1923 жылы қазанда Орталық Комитеттің пленумында Троцкий өзінің қорытынды сөзінде жағдайды «Саяси бюрода басқа Саяси Бюро бар, ал Орталық Комитетте басқа Орталық комитет бар» деп бағалады [93].

Орталықта қалыптасқан «ерекше папка» грифін жергілікті республикалық, өлкелік, облыстық партия органдары да партияның «басты бағытын» ұстанудағы құралы ретінде пайдалана білді. «Ерекше папка» деген айдармен аса құпия құжаттарды сақтаудың дәл осындай жүйесі Орталықта ғана емес, жергілікті жерлерде де, партиялық органдар жүйесінде ғана емес, сонымен қатар партиялық органдар иерархиясын дәлме-дәл көшіруші мемлекеттік құрылымдарда жұмыс істеді [84].

РГАСПИ-да (Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси архиві) сақталған «ерекше папканың» бірінші жабық хаттамасы 1923 жылдың 31 мамырынан басталады [84]. Ал Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің құжаттарында «ерекше папкалар» 1937 жылдан бастап рәсімделе басталды.

Қазақстандағы партия ұйымдары арасында құпия бөлім РК(б)П Қырғыз (қазақ) обкомы аппаратының 1924 жылғы құрылымында алғаш рет пайда болды. Бұған дейін жұмыс жасаған РК(б)П Қырғыз (қазақ) обкомы бюросы

құрылымында құпия бөлім болмаған еді. Партиялық құжаттардың тек партия мүшелеріне арнайы рұқсатпен берілетінін ескерсек, партиялық ұйым қызметінің аясы кеңейіп сыртқы жаулардан басқа «ішкі жаулармен» жүргізілетін жұмыс жандана бастағанын болжауға болады. Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік архивінің Петропавл филиалының директоры В.И. Трусовтың еңбегінде 1920-жылдардың басында БК(б)П-ның губерниялық, округтік, уездік, болыстық, қалалық комитеттерде «құпия» немесе «өте құпия» грифі өте сирек қойылды. Олар негізінен циркулярларға, БК(б)П Орталық Комитетінен, Қазақ Өлкелік Комитетінен келген хаттарға, милиция, ОГПУ органдарымен хат алмасуларға қойылатын. 1920-жылдардың соңына қарай елдегі саяси жағдайдың ушығуына байланысты партиялық іс жүргізуде құпия құжаттар саны артты. 1932 жылы облыстық партия ұйымдарының және олардың құрамындағы ерекше секторлардың құрылуына байланысты партиялық құпияға ерекше көңіл бөліне бастады. Партия қызметкерлерінің моральдік-адамгершілік қарым-қатынасын бейнелейтін құжаттар, Орталық Комитеттің жабық хаттарын талқылау құжаттары, басқарушы мамандарға материалдық жеңілдіктер туралы құжаттар, саяси және экономикалық науқандар және т.с.с. құжаттар сақталатын «ерекше папкалар» пайда болды. 1930-жылдардың ортасында «аса құпия» және «ерекше папка» грифімен «халық жаулары» туралы көптеген құжаттар пайда болды. 1935 жылдан бастап облыстық партия комитетінің өзі құпия болып есептелді. Барлық жұмысшылар, еден жуушыға дейін тексерістен өткізу арқылы жұмысқа бекітілді [33].

Өкінішке орай 1937 жылға дейін құрастырылған «ерекше папка» құжаттары мемлекеттік сақтауға түспеді де, тарихшылар үшін келмеске кетті. ҚР Президенті Архивінде «ерекше папкалардың» 1937–1991-жылдардағы кезеңді қамтитын құжаттары сақтауға алынған.

«Ерекше папкалар» грифі бар партия құжаттарының тағы бір және негізгі ерекшелігі сақталу орнына байланысты еді. Ол басқа құжаттардан бөлек «ерекше папкаларда» сақталды (6-қосымша). 1990–1996 жылдары Ресей архив қызметінің басшысы болған белгілі тарихшы Р.Г. Пихоя Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардан Кеңес Одағы тарағанға дейінгі кезеңді қамтитын кезінде құпия болған архив құжаттарына негізделген Кеңес Одағының саяси тарихын сипаттайтын «Советский Союз: история власти 1941–1995» (Кеңестер Одағы: билік тарихы. 1941–1995) атты кітабының деректік қорлар туралы бөлімінде «ерекше папкалар» туралы былай дейді: «В местных партийных организациях устанавливалось, что документы с грифом «особой важности», пометкой «особая папка» хранятся в течение определяемого партийными комитетами срока, после чего по его усмотрению сдаются в партийный архив или уничтожаются по определенному акту». Секретные документы, их рукописи, материалы с пометкой «особая папка» помещаются в опломбированные (запечатанные) баки для последующего сожжения; другие документы должны уничтожаться в бумагорезательной машине». («Жергілікті партия ұйымдарында «ерекше маңызды» және «арнайы папка» деген белгісі бар

құжаттар партия комитеттері белгілеген мерзімде сақталады, содан кейін олардың қалауы бойынша партия архивіне тапсырылады немесе белгілі бір акт бойынша жойылады». Құпия құжаттар, олардың қолжазбалары, «арнайы папка» деген белгісі бар материалдар кейіннен өртеу үшін мөрленген (пломбаланған) цистерналарға салынады; басқа құжаттар қағаз ұсақтайтын машинада жойылуы керек») [94].

«Ерекше папкаларда» Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бюро және Секретариат отырыстарының стенограммалары, шешімдері, қаулылары және оған дайындық материалдары сақталуда. Бюро жиналыстарына хаттама толтырылды. Бұл ресми құжаттың мынадай реквизиттері бар: құжаттың түрі, нөмірі, авторы, датасы, қатысқан адамдар, күн тәртібінде қаралған мәселелер оларды дайындаған адамдардың қызметі және аты жөнімен бірге, оларға байланысты қаулылар. Жиналыс барысы өте сирек жағдайларда құжатталмады, ол кезде хаттамамен қоса нақты бір немесе екі мәселені талқылау бойынша стенограмма жасалды. Хаттамамен бірге қорытынды құжаттарды жасауға негіз болатын қосымша анықтамалар, өкімхаттар, тізімдер және т.б. тігілді. Құжаттары «ерекше папкаларға» түсетін жоғары құпиялық деңгейінде талқыланған мәселелер күн тәртібінде шифрленген түрде берілді. Оларды осы мәселелер бойынша бойынша қабылданған қаулыларды жүзеге асыратын құрылымдардың атымен атады. Мысалы: «Вопрос Совнаркома» (Халық Комиссариаты Кеңесі мәселесі), «Вопрос Наркомзема» (Жер Халық Комиссариаты мәселесі), «Вопрос военного отдела» (Әскери бөлім мәселесі) және т.б.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюро отырысы кеңейтілген құрамда және қысқартылған құрамда өткізілді. Бюроның қысқартылған құрамы автономдық режимде, жеке жоспар бойынша жұмыс жасауы мүмкін. Олардың қабылдаған қаулылары даталары сол мәселенің талқылауын бекіткен хаттамалық жазба даталарымен сәйкес келмейді.

«Ерекше папкаларға» қаулылармен бірге оларға қосымша дайындық материалдары да енгізілді. Бұл құжаттар мазмұнының құпиялық деңгейінің жоғарылығына байланысты құжаттармен танысу мұқият қадағаланды және есепке алынды. Құжаттың оң жақ жоғарғы бұрышында немесе артқы бетінде танысуға болатын қызметкерлер тізімі көрсетілген (2-қосымша). Әрбір құжатқа ерекше сектор нұсқаушысының қолы қойылатын. Сондай-ақ құжатты терген машинистканың инициалдары жазылып, құжаттың жасалған экземпляр саны көрсетілген.

КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының дирекциясы 1990 жылғы 2 сәуірде КОКП тарихына деген қызығушылықтың, партияның қызметін оның дамуының түрлі кезеңдеріндегі қызметін жарыққа шығаруды талап етушіліктің артуын ескере отырып пайдалануға шектеулі болған жеке қорларды жалпы пайдалануға рұқсат етті. В.Н. Шепелев өз мақаласында Институттың қорларындағы бұрын жабық болған жеке қорлардың құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы қысқаша баяндайды. Қорлардың ашылуы уақыттың талабы екендігін атап өте отырып, тарихи кеңестік

ғылымның қайта құру үрдісіне қосылуын заман талап етіп жатуымен түсіндіреді [95].

«Ерекше папкалардың» құжаттары ұзақ уақыт бойы құпия болып, зерттеушілерге қолжетімсіз болды. Кеңес заманында партия архивтеріндегі құжаттарға қолжетімділік шектеліп, көптеген құжаттарға «құпия», «өте құпия», «шектеулі пайдалануға арналған» деген белгі қойылды. 1991 жылы Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін посткеңестік мемлекеттерде КОКП құжаттарын құпиясыздандыру науқаны басталды. Партия органдары таратылып, олардың құжаттары мемлекеттік архив қорына өткізілгеннен кейін архившілердің алдында құпия құжаттардың орасан зор массасымен жұмыс істеу міндеті тұрды.

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қорларында сақтауға алынған, хронологиялық шеңбері 1937–1990 жылдарды қамтитын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкаларының» құжаттары аталған хронологиялық кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси тарихын көрсетуге мүмкіндік береді.

1.3 Партиялық құжаттарды пайдалану және ғылыми айналымға енгізу мәселелері

Архив мекемелерінің негізгі үш қызметінің бірі архив құжаттарын пайдалану екендігі белгілі. Архив жұмысындағы басты мақсат онда жинақталған құжаттарды азаматтар мен қоғам игілігіне пайдалануды ұйымдастыру болып табылғанымен, «қоғам игілігі» деген терминнің ауқымын анықтайтын бірден бір ұйым билік басындағы партия болып табылады. Осылайша Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен бастап қатаң бақылауға алынған архив мекемелерінің жұмысы саяси сипат алды. 1920 жылы тамыз айында Рязановтың орнына келген Басархив меңгерушісі М.Н. Покровский коммунистік партияның өзге басшылары сияқты архив және архивтік құжаттар ғылыми қажеттіліктерден бұрын саяси қажеттіліктерді қанағаттандыру қажет деп есептеді. Осылайша архив туралы декреттің орталықтандыру принципі бұзылып архивке деген ведомстволық, партиялық көзқарас қалыптасады. Тарихшы, архивші мамандары «пролетарлық», партиялық «элементтермен» алмастырылып архив қызметкерлері арасында «тазалау» жүргізіледі [36].

1921 жылы 21 қыркүйекте РКФСР ХКК-нің «Қазан революциясы және Ресей Коммунистік партиясы тарихы материалдарын жинау және зерттеу комиссиясын құру туралы» қаулысы билік партиясына қызмет ететін архив мекемесін құрудың алғашқы қадамы еді. 1929 жылы 28 маусымдағы БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысымен «БК(б)П-ның бірыңғай партиялық архивтер желісі» құрылғаннан кейін партиялық архивтерге партиялық комитеттердің, тексеру комиссияларының, комсомол ұйымдарының, кеңестік, кәсіподақтық ұйымдардың, сонымен бірге мемлекеттік архивтерде, Төңкеріс музейінде, Партия тарихы комиссияларында сақтаулы партия тарихына

катысы бар құжаттар өткізіле бастады. Бұл құжаттармен жұмыс жасау үшін ең кемінде партия мүшесі болу керек еді, соның өзінде архив құжаттарымен жұмыс жасауға кез келген партия мүшесіне рұқсат берілмейтін. Алғашқы жылдарда партиялық архивтерде зерттеушілер жұмыс жасағаны туралы ақпарат жоқ. Бұл құжаттардың реттелмеуіне және архив ғимараттарында оқу залдарының болмауына байланысты болуы мүмкін. Бұл жылдардағы партия архивтерінде партиялық комитеттерден келіп түскен партияға мүшелікті растау туралы сұраныстарға жауап беру туралы құжаттар көптеп кездеседі.

1941–1945-жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысты архив құжаттарын және материалдарын жинау, жариялау жұмыстарымен 1942 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде құрылған Ұлы Отан соғысы тарихын зерттейтін комиссия айналысты. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан архившілері шығарған құжаттық жинақтардың ішінде «Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза. 1941–1945» атты екі томдық жинағының орны ерекше. Жинақты дайындауға Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институты, КОКП Орталық Комитетінің марксизм-ленинизм институтының филиалы – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің партия тарихы институты, Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архиві қатысты. Бірінші томның редакциялық алқа мүшелері М. Ғабдуллин, М.О. Жанғалин, Т. Жангелдин, А.Н. Нүсіпбеков, С.Н. Покровский болса, Б.А. Ақжанов, Т.Б. Балақаев, П.С. Белан, Н.Е. Едігенов, К.И. Желтякова, Н.П. Калита, М.Қ. Қозыбаев, Т.Н. Позднякова жауапты құрастырушылар болды. Екінші томға М.Қ. Қозыбаев редакциялық алқа мүшесі болды. Құрастырушылар сол кездегі саяси идеологияға байланысты майдандағы және тылдағы әсіресе еңбеккерлер, жер аударылған халықтар арасындағы ақтаусыз үлкен шығындар туралы, аштыққа қатысты, азат етілген немесе кейін социалистік елдер қатарына кірген аумақтардағы «тазалауға» қатысты, алдымен фашистердің кейін сталиндік лагерьлердің тұтқындары болған Қызыл Армияның офицерлері мен солдаттарына қатысты құжаттарды жинаққа енгізе алмады. Аталған тақырыптардың зерттелу деңгейінің төмендігі архив құжаттарының қол жетімсіздігінен де болуы мүмкін.

КСРО тарихындағы архив құжаттарына қол жетімділікті жақсартуға бағытталған алғашқы қадам 1956 жылы 7 ақпандағы КСРО Министрлер Кеңесінің № 246 «Министрліктер мен ведомстволардың архив материалдарын сақтау режимін оңтайландыру және тиімді пайдалану жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес төңкеріске дейінгі архивтік материалдарды және Кеңес дәуіріне тиесілі мемлекеттік құпияға жатпайтын, жариялануы мемлекет мүддесіне нұқсан келтірмейтін материалдарды ғылыми айналымға енгізуге және жариялауға рұқсат берілді. Сонымен бірге 1956–1957 жылдары архивтердегі негізсіз құпияландырылған құжаттарды жалпы сақтау режиміне ауыстырылуының қажеттігі атап көрсетілді. Аздаған «Хрущев жылымығынан» кейін кері үдеріс басталып құжаттардың басым бөлігі қайта құпияландырылып, сонымен бірге құпиялық грифі жоқ құжаттарға да әр түрлі себептермен «пайдаланылуына шектеу» қойылды [96]. Осылайша ешқандай

нормативтік актілермен белгіленбеген «пайдаланылуы шектелген» құжаттар кешені пайда болды. Нақты көлемі белгілі «құпия құжаттармен» салыстырғанда «пайдаланылуы шектелген» құжаттардың көлемі белгісіз еді.

Партиялық архив құжаттарын пайдалану туралы 1966 жылы КОКП ОК Секретариаты бекіткен «КОКП архив қоры туралы» ереже қабылданды [97]. Бұл ереже қабылданғанға дейін партиялық архивтер жұмысы туралы әдістемелік нұсқаулықтар әрбір жұмыс түріне байланысты бөлек басылып шығарылатын. Осы ереженің «Партиялық архивтердегі құжаттық материалдарды пайдалану ережелері» деп аталатын тарауының 1-бабына сәйкес партиялық архивтердің құжаттарына ғылыми, үгіт-насихат және тәжірибелік мақсаттарға пайдалану үшін партия, комсомол, қоғам, мемлекеттік және шаруашылық органдарының қызметкерлеріне, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің қызметкерлеріне және басқа да зерттеушілерге қол жетімді деп жазылғанымен, екінші бабында партиялық архивтерде сақтаулы құжаттар тек КОКП мүшелері болған зерттеушілерге беріледі деп жазылған. Бұл жерде бірінші баптың мазмұнына екінші баптың мазмұны сәйкес келмейтін сияқты болғанымен барлық басқару қызметтеріне, қоғамдық және мемлекеттік жұмыстармен тек партия мүшелері айналысқанын ескерсек және ол бір партиялық жүйе болғандықтан тек КОКП мүшелері бола алатындығы түсінікті. Ал КОКП-ға мүшелікке кандидаттарға және БЛКЖО мүшелеріне тек комсомол қорлары құжаттары берілетіні туралы нақтылап көрсетілген. Партиялық архив құжаттарын пайдалану үшін рұқсатты өлкелік комитет, облыстық партия комитеті, КОКП Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институты филиалы Партия тарихы институтының директоры партиялық архив меңгерушісіне ұсыну арқылы календарлық жылдан аспайтын мерзімге берілетіндігі партия мүшелерінің арасынан да іріктеуден, тексерістен өткен зерттеушілердің рұқсаты болуы және оны жыл сайын жаңартып отыру қажеттігі партиялық құжаттарды пайдалануға деген аса үлкен мен берілгендігі байқалады.

Бауырлас елдердегі коммунистік немесе жұмысшы партияларының мүшелері архив құжаттарымен жұмыс істеуге тек КОКП Орталық Комитетінің рұқсатымен жіберілетін. Мұның өзінен халықаралық қатынастарға байланысты мәселелердің тек орталықтан шешілетіні көрінеді. Архив құжаттарымен жұмыс істеуге жіберілген зерттеуші келген ұйымынан жолдама, ғылыми жұмыс тақырыбын бекіту туралы ғылыми кеңес шешімінің немесе ғылыми орталықтың, оқу орнының шешімінің көшірмесін, мекеме басшылығы растаған зерттеу жұмысының жоспарын, құпия құжаттарға қол жетімділігін растайтын № 2 немесе № 3 анықтама әкеліп, анкета толтырып құжаттарды пайдалану ережесімен танысқандығы және оларды сақтау туралы қолхат беруге тиісті еді. Партия немесе комсомол ұйымының жұмысына қатысқандығы туралы естелік жазушы КОКП мүшелері партиялық архивте жұмыс істеуге рұқсат алу үшін тарихи-әдеби бірлестіктен, ардагерлер кеңесінен, әскери-ғылыми қоғамнан, баспадан, газет, журнал, радио, телевидение редакциясынан, тиісті партия комитетінен немесе естеліктің,

қолжазбаның, фактілер тізімі мен даталарын анықтауға қызығушылық туғызып отырған басқа органдардан, мекемелерден қатынас хат әкелуі тиіс еді. Бұл архив қызметкерлерінің әрбір зерттеушіге зерттейтін тақырыбына байланысты құжаттарды іріктеп, өзге ақпараттың таратылып кетпеуін қамтамасыз етеді.

Барлық зерттеушілер құжаттармен жұмысты архив мекемесінің оқу залында немесе арнайы осы мақсатқа арналған бөлмеде партархив қызметкерінің қатысуымен орындайды. Зерттеуші жұмысын партархив қызметкерінің қадағалауымен жасауы зерттеу жұмысының бағытының тақырыптан ауытқымауын қамтамасыз етеді.

Зерттеушіге зерттеу тақырыбы бойынша жүйелік каталог, тақырыптық картотека, зерттеу тақырыбы картотекасы ұсынылады. Құжаттар тізімдемесі мен партиялық орган жиналысында қарастырылған сұрақтар тізбесі бойынша материалдар зерттеушілерге архив меңгерушісінің рұқсатымен беріледі.

Естелік жазушыларға ол жұмыс немесе қызмет істеген ұйымның қорларының құжаттары тек оған қатысты мерзім аралығындағы фактілер мен оқиғаларды анықтау үшін беріледі.

Зерттеушілерге өңделген, тіркелген және пайдалануға рұқсат етілген құжаттар ғана беріледі. Зерттеушінің зерттеу жұмысы тақырыбына және жоспарына сәйкес партархив қызметкерімен іріктелген құжаттық материалдар архив меңгерушісі тарапынан тексеріліп қана берілетін.

Әр түрлі себептермен бұқаралық ақпарат құралдарына, ашық баспасөзде жариялануға болмайтын құжаттар зерттеушілерге берілмеді. Бұл құжаттармен ғылыми, жабық немесе қызметтік басылымдарда және жұмыстарда пайдалану немесе танысу одақтас республикалық коммунистік партия орталық комитетінің облыстық партия комитетінің хатшысына партиялық архив меңгерушісінің жасаған ұсынысы негізінде шешілетін.

Зерттеушілерге В.И. Лениннің және Ульяновтар отбасының жарияланбаған құжаттары, «Ерекше папка» грифі бар құжаттар, орталық партия, мемлекет және комсомол органдарының шешімдері, партияны тазалау комиссиясының құжаттары, партиялық құжаттарды тексеру және ауыстыру материалдары, партияға қабылдау және есеп жүргізу құжаттары, коммунистер мен комсомолдардың жеке істері, партиялық органның ерекше секторы мен құпия секторы құжаттары, мемлекеттік қорғанысқа қатысты құжаттар, мемлекеттік қауіпсіздікке қатысты кәсіпорындар мен институт құжаттары, қорғанысқа қатысы бар партиялық және комсомолдық ұйымдар мен мекемелердің құжаттары Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партия және комсомол органдарының астыртын жұмысы туралы және жариялануы партия мен мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін басқа да құжаттар берілмеді. Зерттеушілерге берілмейтін істердің мұқабасына және тізімдемедегі осындай істердің қатарындағы «Отметки» (белгілер) деген графаға «В читальный зал не выдается» (оқу залына берілмейді) деген белгі қойылады.

Зерттеуші алған құжаттардағы партиялық және мемлекеттік құпияны жарияламауы керек, ашық баспада жариялауға болмайтын құжаттардан жазба

жасауға рұқсат етілмеді. Зерттеушіге құжаттың атауын көрсете отырып қысқаша жазба жасауға рұқсат етілгенімен, құжаттардың көшірмесін жасауға тыйым салынған.

Зерттеушінің архивте жасаған жазбаларын партия архивінің меңгерушісі тексереді, содан кейін ғана оның өзіне немесе оны жіберген мекеме адресіне жіберіледі. Құжаттарды жариялау, экспонат ретінде және қызметтік мақсатта пайдалану мақсатымен жасалған көшірмелері архив ғимаратында партиялық органның рұқсатымен архив қызметкерлерімен немесе олардың бақылауымен жасалынады. Бұл ережелердің қатаңдығына кеңес дәуіріндегі субъективті фактор: асыра сілтеушілікті, идеологиялық жұмыстың жоғары деңгейге қойылғандығын және ауқымдылығын ескеретін болсақ партиялық құжаттардың пайдаланылу дәрежесін болжауға болады. Осындай көп сатылы қорғаныс жүйесі партиялық архивтердегі партиялық идеологияға қайшы келетін ақпараттың таралып кетпеуін қамтамасыз етті.

Жоғарғы оқу орындарының Қоғамдық пәндер кафедрасы меңгерушілерінің бүкілодақтық жиналысынан кейін 80-жылдардың ортасынан бастап архив құжаттарын құпиясыздандыру жұмысы басталды. Жариялануы тиісті ретроспективті ақпараттың жекелеген санаттарын анықтау үдерісі жағдайы біршама жақсарды. Осыған байланысты КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Қазақ филиалы шектеусіз пайдалану үшін қорлар шеңберін кеңейту мүмкіндігі туралы қорытынды дайындау үшін арнайы жұмыс тобын құрды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті құрған комиссия, саяси партиялардың, департаменттер мен кеңселердің 9 қорын, партиялық және комсомол оқу орындарының 11 қорын, КОКП кәсіподақ органдарындағы фракцияларының 40 қорын пайдалануға шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылдады. Бірақ бұл тарихи үдерістерді толық көлемде қалыптастыруда жеткіліксіз еді.

1991 жылы кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін посткеңестік мемлекеттерде КОКП құжаттарын құпиясыздандыру қарқыны басталды. Партиялық органдар таратылып, олардың құжаттары мемлекеттік архивтер жүйесіне өткізілгеннен кейін архив қызметкерлері алдында құпия құжаттардың үлкен көлемдегі массасымен жұмыс жүргізу міндеті тұрды. 1987 жылы қабылданған құпия құжаттармен жұмыс істеу нормативтерінде мемлекеттік архивтерде құжаттарды құпиясыздандыру осы құжатты жасаған ұйыммен бірге жасалады деп көрсетілгенмен, көптеген мекемелердің өз жұмысын тоқтатуына және олардың ізбасарлары болмауына байланысты көптеген қиындықтар туындады. Бір жағынан нормативтік-заңнамалық актілермен бекітілген құпиясыздандыру методикасы жоқ құжаттар массасы болса, екінші жағынан қоғамдағы тарихи оқиғалардың шынайы желісін қалыптастыруға деген белсенділіктің архивтік құжаттарға сұраныстың артуы тәуелсіздігін жаңадан жариялаған жас мемлекеттердің алдына жаңа талаптар қойды. Бұл мәселе бүкіл посткеңестік елдер тарихшыларының, архившілерінің және қоғам қайраткерлерінің қызу талқылауына түсті.

Репрессиялық жазалау органдарын жаңадан қалыптасып келе жатқан

партиялық архивтердің құжаттары аса қызығушылық тудыра қойған жоқ, оларға азаматтардың партиялық жұмысқа келгенге дейінгі өмірі мен қызметі қызықтырды.

А.В. Елпатьевский құжаттарды құпиясыздандыру үдерісін қарастыра келіп мұндағы архив мекемелерінің рөліне көңіл бөледі, архившілердің құпияландыру және құпиясыздандыру үдерісіне белсене аралаласу қажеттілігін атап көрсетеді [96]. Шындығында архив мекемелері құпиясыздандыру ісінде тек орындаушы ғана, өз бетімен ешқандай шешім қабылдай алмайтын еді.

В. Козлов пен О. Локтеваның «Свободная мысль» журналындағы жарияланған «Архивная революция в России (1991–1996 гг.)» атты мақаласында хронологиялық мерзім шегіндегі кезеңдегі құпиясыздандыру мәселесін жан-жақты тарихи, теориялық және кейбір тәжірибелік аспектілерін де қарастырады [98].

О.В. Наумов құпиясыздандырылған құжаттарды пайдалану жолдарын қарастыра келе оларға ғылыми анықтамалық аппаратын жасау мәселесін көтереді [99]. Партиялық архивтер алғашқы күннен бастап ғылыми зерттеу мақсатымен емес тек партия органдарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналды. Сондықтан партиялық архивтердегі ғылыми-анықтамалық аппарат өте нашар жағдайда еді.

ҚР Президенті Архивінде Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» және 1993 жылы 19 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» Заңынан кейін құжаттардың құпиясыздандырылуы едәуір серпін алды [28].

Партиялық құжаттардың маңызды бөлігі сақтауға алынған іргелі архив қоймалары бар ҚР Президенті Архиві де құжаттарды құпиясыздандыру жұмысын қолға алды. Архив директорының бұйрығымен архивтегі құпиялық мерзімі өткен құжаттарды құпиясыздандыру ісін ұйымдастыруды әдістемелік қамтамасыз ету мақсатымен сараптау тексеру комиссиясы құрылды. Комиссия төрағасы Ғ.Ә. Қарпықова, төраға орынбасары И.Н. Бухонова, хатшысы К.Ә. Медуханова және Л.Ю. Зайниева, Т.Б. Митропольская, Ж.Б. Сүлейменов, Д.Ш. Тұралина сияқты комиссия мүшелерінен тұрды [100].

1994 жылы құрылған ведомствоаралық комиссия елде жүргізіліп жатқан демократияландыру үдерістеріне байланысты 1993 жылы 19 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» заңын негізге ала отырып және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңын орындау мақсатымен сараптау комиссия мүшелері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкаларында» сақтаулы 1937–1940-жылдардағы Қазақстандағы корейлер туралы, 1938–1945-жж. «Неизвестные страницы войны (1941–1945 гг.)» жинағына қажет архив құжаттарын құпиясыздандырды [100].

Бұл жылдары архив қызметкерлері үлкен дайындық жұмыстарын

жүргізді, 1937–1991 жылдардағы құжаттар сақталған істер тізімін жасады. Ал 1996–1998 жылдары ҚР Президент Архиві депортацияға байланысты құжаттарды құпиясыздандырып, поляк, неміс халықтарының Қазақстанға депортациялануына байланысты жинақтар жарық көрді. Әйтсе де жұмыс толық аяқталған жоқ болатын. Бұл жылдардағы құпиясыздандыру белгілі бір тақырыптық шеңбер көлемінде жүзеге асты. Ол саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау және Қазақстан аумағына басқа ұлттарды күштеп қоныстандыру мәселесіне қатысты еді. Бұл Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің құжаттарын құпиясыздандырудың алғашқы кезеңі болатын.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және оның алдында жұмыс істеген мемлекеттік басқару органдарының құжаттарын ресми түрде жария етудің екінші кезеңі 1999 жылғы 15 наурыздағы «Мемлекеттік құпия туралы» № 349-І Қазақстан Республикасының Заңында талап етілгендей, 2004 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бұйрығымен ведомствоаралық комиссия құрылуымен басталды [101]. 2004–2008 жылдары комиссия мүшелері істерді парақтап тексеру арқылы 13 мыңнан аса 1937–1991 жылдарға тиесілі партиялық істерден құпиялық мөрі алынып тасталды [102]. Олардың ішінде жұртшылықтың қызығушылығын тудырған жоғарғы деңгейлі құпиялық режимдегі «Ерекше папкалардың» құжаттары бар.

Сол кездегі Президент Архиві директорының орынбасары Е.М. Грибанованың айтуы бойынша құпиясыздандыру мәселесі бойынша заңнамалық актілердің жетіспеушілігі біраз қиындықтар тудырды. Атап айтқанда, Архивте құпиясыздандыру кезеңіне қатысты мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпараттардың ведомстволық тізімінің болмауы, құпия ақпараттар иелері болып табылатын министрліктер мен ведомстволардың таратылып кетуі. Ал 2003 жылы шыққан заманауи ақпараттарға қатысты ведомстволық тізімде қажетті нормалардың жетіспеушілігі сияқты кедергілер болғанымен КСРО-дағы жаппай қуғын-сүргін құрбандарына қатысты ақпараттардың құпияландыруға тыйым салатын заңның қабылдануы тиісті ақпараттарға қол жетімділікті қамтамасыз етуге негіз болып табылады. Сонымен бірге ағымдағы заңнама азаматтардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты ақпараттарды құпияландыруға тыйым салады. Осыған байланысты тарихтағы эпидемиологиялық, қылмыстық және әр түрлі табиғи апаттар туралы ақпараттар міндетті түрде құпиясыздандыруға жатады.

Барлық істерді құпиясыздандыру мүмкін еместігін де ескеру қажет. Азаматтардың жеке өмірі, денсаулығы, жанұясы, дүние-мүлкі туралы ақпараттар жариялауға жатпайды және заңмен қорғалады. Бірақ азаматтардың жеке істеріндегі құжаттар олардың қызметімен байланысты болған жағдайларда жарияланатын құжаттар да болады.

Бұл мәселеге Ресейлік ғалым А.В. Ельпатьяевскийдің азаматтардың жеке өміріне қатысты ақпараты бар құжаттарға 75 жыл мерзімге қойылатын шектеудің тиімсіздігін, ол тек нақты адамның тарихын зерттеуді қиындатып қана қоймай құнды тарихи дереккөздерінің де құнсыздануына да алып келетінін алға тартып, 75 жыл адамның орташа өмір сүру жасынан алынған

мерзім болғандықтан ерте қайтыс болған азаматтарға байланысты құжаттарға бұл шектеу қолданылмауы туралы ұсынысымен келісуге болады [103].

Т.Ф. Павлова архивтік құжаттарды құпиясыздандыруда сарапшылық топтар жұмысы механизмінің тиімсіздігін, идеологиялық мақсатта құпияландырылған, құпияландыру кезінің өзінде ешқандай мемлекеттік құпиясы болмаған, қазіргі таңда мұрагерлері жоқ, жойылған ұйымдардың көлемді құжаттар кешенін жедел құпиясыздандыру мүмкіндігінің болмауын сынға алады [93]. Партиялық іс жүргізудің, әсіресе құпиялық белгісі автоматты түрде қойылатын КОКП Орталық Комитетіндегі іс жүргізудің ерекшеліктерінің ескерілмеуі, жүргізілген сараптама нәтижелерін биліктің атқарушы органдарымен келісу қажеттігі құпиясыздандыру мерзімінің 5-6 айға созылып кететіні, сарапшылардың жұмысының негізгі қызметіндегі жүктемеге байланысты дұрыс үйлестірілмеуі бұл үдерістің созылуына себеп екені мәлім.

Құпиясыздандыру бойынша жүргізілген жұмыстардың көп жылдық тәжірибесі көрсеткендей партиялық органдарда шектеу белгілері құпияландырудың нормаларына сай емес, ішкі партиялық талаптарға сәйкес қойылды. Қазіргі уақытта көптеген партиялық құжаттарда азаматтардың жеке өміріне қатысты мәліметтерден басқа ешқандай мемлекеттік немесе ведомстволық құпияны құрайтын ақпараттар жоқ деген В.В. Никонорова мен Т.Н. Коршунованың пікірімен келісуге болады. Расында партиялық құжаттардың басым бөлігі ешқандай негізсіз құпияландырылған десе болады, оған көбінесе құжат авторының партиялық билік иерархиясындағы алатын орны себеп болды. Бұл туралы В. Шепельдің «Строго конфиденциально» атты мақаласында кеңестік кезеңдегі партиялық органдар арасындағы жазылған барлық хаттарға «өте құпия» белгісінің негізсіз қойылғаны туралы айтады. Мысалы: Д. Қонаевтың КОКП Орталық Комитетіне «Тың игеру өлкесін» таратып Торғай облысын құру туралы, 1983 жылы 25 ақпанда тұрғын үйлер құрылысындағы жетістіктер туралы, К.Черненкоға 1984 жылы сәуірде республиканың Томск облысындағы автомобиль жолдарын салуға қатысуға келісім беретіні туралы жазылған хаттарының бәріне «өте құпия» белгісі қойылған [103].

ҚР Президентінің Архивінде қорға бекітілген сарапшы қор құжаттарында көрініс тапқан, шешім қабылдауға қиындық туғызған мәселелерді СТӘЖ-ның талқылауына ұсынады. Республикалық бақылау комиссияларының қорларындағы жалпы іс жүргізу істерін толық құпиясыздандыру туралы шешім қабылданды. Екі үлкен қорға тізімдеме-көрсеткіш (указатель-опись) тізімдеме жасалды. Кейбір жағдайларда азаматтардың конституциялық құқығы болып табылатын жеке өміріне байланысты ақпараты бар құжаттардан шектеу белгісі алынбайды.

«Ерекше папкалар» құжаттарын құпиясыздандырудағы бірінші қадам істерді парақтап қарау арқылы әрбір құжатқа андатпа жазылады. Мысалы:

«Решение Бюро ЦК КП (б) К от 09.12.1937 г. (Протокол №28, п. 7) «О корейцах».

Предложено Наркомзему, Уполкомзаг и Заготзерно заняться вопросами

подготовки к расселению переселенцев-корейцев и оказание им продпомощи. Поручено т. Исаеву разработать предложения о спец-аппарате по руководству устройством корейских переселенцев.

Документ не содержит секретных сведений, считаем возможным его рассекретить. ЦГАНИ РК. Ф.708. Оп.1. Д.40. Л.17»

Жұмыс нәтижелері құпиясыздандырылуға ұсынылатын істер тізіміне қосылады. Бұл тізім іс жүргізу бойынша СТӨК-ның қарауына ұсынылады. Осыдан кейін «ерекше папка» істері жалпы сақтау режиміне ауыстырылады. Барлық құжаттардан құпиялық белгісін алу мүмкін болмаған жағдайда, құпиясыздандырылған құжаттардың ксерокөшірмелері жасалып негізгі тізімдемеге литерлік нөмірмен қосылады.

ҚР Президенті Архивінің директоры 1997 жылы 28 мамырда бекіткен «Құпиялық мерзімі өткен құжаттарды құпиясыздандыру және олардан шектеу белгілерін алу техникасы туралы ережелерде» құпиясыздандырылған «Ерекше папка» құжаттарынан шектеу белгілерін алу техникасы көрсетілген. Ережеге сәйкес «Ерекше папкалар» тізімдемесінің ісіндегі құжаттар түгел құпиясыздандырылатын жағдайда оң жақ төменгі бұрышына «құпиясыздандырылды» деген мөртабан қойылды, тура осындай белгі тізімдемедегі «ескертулер» тармағына да қойылады. Іске жаңа литерлік нөмір беріліп негізгі тізімдемеге қосылады. Ал істегі жекелеген құжаттарды құпиясыздандырғанда істің ішкі тізімдемесіндегі «құжаттың мазмұны» графасына «Р» әрпі түрінде белгі қойылады. Оң жақ жоғарғы бұрышындағы «секретно» (құпия) айдарының астына «құпиясыздандырылды» деген мөртабан қойылады. Құжаттың ксерокөшірмесі жасалып, іс рәсімделіп негізгі тізімдемеге литерлік нөмірмен қосылады. Көшірме құжаттардың есебі басқа құжаттар есебімен бірге міндетті түрде көшірме екені көрсетіліп жүргізіледі. Құпиясыздандырылу нәтижелері ақпараттық парақша түрінде әрі қарай жұмыс істеу үшін оқу залы меңгерушісіне беріледі [105].

Құпиясыздандыру үдерісі жоспарлы және сұраныстарға байланысты жедел немесе эпизодты түрде жүргізілді. Сұраныстар көбіне жаппай-қуғын саяси сүргін құрбандарын ақтауға байланысты болды.

Осы аталған жұмыстардың нәтижесінде ҚР Президентінің Архивінің ұжымы еліміздің археографиялық қорын толықтыруға айтарлықтай үлес қосты. 1997 жылдан бастап ҚР Президентінің Архиві құпиясыздандырылған құжаттар негізінде көптеген құжаттық жинақтар дайындады. Кеңестік кезеңдегі жарық көрген құжаттық жинақтармен салыстырғанда тәуелсіздік кезеңіндегі жинақтарда еліміздің тарихына қатысты бұрын беймәлім болып келген көптеген құжаттар жарық көрді. Бұл наразылық қозғалыстар, әлеуметтік топтарға қарсы қуғын-сүргіндер саясаты, этникалық топтарға қарсы қуғын-сүргіндер саясаты және жекелеген адамдарға бағыттылған репрессиялық саясат туралы, атап айтқанда Алашорда зиялылары туралы, 1929–1933 жылдардағы Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру мен ашаршылық туралы, 1937–1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргіндер құрбандары туралы, халықтарды күштеп қоныс аудару туралы құжаттар жарияланды.

Сонымен бірге әртүрлі анықтамалық-ақпараттық басылымдар жарық көрді. 1998–2010 жылдары Архившілер өмірбаяндық сипаттағы анықтамалықтарды көптеп шығарды. Анықтамалықтар мен құжаттық жинақтар бірін бірі толықтырып отырады. Тәжірибе көрсеткендей тарихи зерттеулер жүргізуде анықтамалықтар жеке тұлғаның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеумен айналысатын тарихшылар мен құжаттарды іздеп тауып, жариялауды жүзеге асыратын археографтардың жұмысын едәуір жеңілдетеді [106].

Соның ішінде құпиясыздандырылған «Ерекше папкалар» құжаттарынан тұратын «Рассекреченная война: «особые папки» ЦК Компартии Казахстана. 1941–1945 гг.» жинағы 1940-жылдардағы тарихи оқиғаларға байланысты дайындалды. Жинаққа енген 289 құжаттың жетеуі ғана бұрын жарияланған, көпшілікке белгілі құжаттар болған. Жариялауға құпиялық мөрі алынып тасталған, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы жұмыстарды ұйымдастыруға қатысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының құжаттары, қаулылары және оларға қосымшалар іріктеліп алынды. Жинақ бір қарағанда тақырыптық болып көрінгенімен белгілі бір қор бойынша жасалды және жинаққа әр тектес құжаттар енгізілді.

Халық Комиссарлары Кеңесі мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының отырыстарында талқыланған мәселелер республика өмірінің әр түрлі саласын қамтығандықтан мұнда мобилизациялау жұмыстары, экономиканы әскери уақыт қажеттіліктерін қанағаттандыруға бейімдеу, эвакуацияланған кәсіпорындарды, азаматтарды, госпитальдерді қабылдау және орналастыру, көшіп келген заводтар мен фабрикалар базасында қорғаныс өнеркәсібін қалыптастыру, әскери құрылымдар жабдықтау, майдан мен тыл арасындағы байланыс орнату, эпидемия қаупімен күрес, депортацияланған халықтарды орналастыру және жұмыспен қамту, еңбек армиясына жұмысшылар колоннасын жинақтау, еліміздің азат етілген аудандарына көмек және т.с.с ақпараттар жинақталған [107]. Бұл «Ерекше папкалар» құжаттары негізінде әзірленген алғашқы және жалғыз жинақ болып саналады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының Партия архивінің қызметкерлері ерекше сектордың құжаттарын ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп отырды. 1959 жылғы 19 желтоқсандағы «Приложение к акту приема-передачи дел партийного архива от бывшего зам. директора Института истории партии по архиву Нейц Н.С. вновь назначенному зам. директора Джабасову Х.» (Партия тарихы институты директорының Архив жөніндегі бұрынғы орынбасары Н. Нейцтің жаңадан тағайындалған директор орынбасары Х. Жабасовқа құжаттарды қабылдау-өткізу актіне қосымша) деп аталатын құжатта Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің 1944 жылғы қорында Ерекше сектордың 622 парақтан тұратын № 55 іс (материалы к XI Пленуму ЦК КП(б)К орнында жоқ болғандығы туралы ақпарат береді. Комиссия мүшелері аталған жылға бекітілген ерекше сектордың материалдарымен

таныса келе, құжаттар партия архивінде қосымша өңдеуден өткізілген, басақалардың қатарында жоғарыда аталған сақтау бірлігі сөгіліп, түрлі тақырыптар бойынша қайта жүйеленген, сонымен 4 томнан тұратын жеке сақтау бірліктері қалыптастырылған. Осы 4 томда парақтардың нөмірлері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің істері нөмірлеушілер тарапынан жөнделіп қайта жасалып шыққан, ал оның ішіндегі материалдары Пленумның күн тәртібіндегі мәселелермен сәйкес келеді, аталған томдар № 55 істің орнына қойылған деп қарастыруға болады» деп көрсетеді.

Бұл оқиғадан қордың істері кейде тізімдемедегі реттік нөмірлерімен сәйкес келмеген жағдайда, істің тақырыптық-атаулық белгісі бойынша айқындалып жатады [108].

1956 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Ерекше секторының нұсқаушысы Т. Поддубная Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының партия архивінің қор сақтаушысы Е. Михайлова 1945–1952 жылдар аралығындағы Ерекше сектор (Құпия бөлімнің) 26-тізімдемесі бойынша 251 сақтау бірлігін өткізеді. Ескертулерде «Материалдар жақсы өңделген. 1951 жылға дейінгі материалдар тым кешіктіріліп өткізілді» деп көрсетеді [109].

«Перечень документов и дел их архивного фонда «Центральный Комитет Коммунистической партии Казахстана (ф.708. Оп.133), подлежащего рассекречиванию за 1987 год» деп аталатын құжат қордың бақылау ісінде сақталған аталған құжат толық сақталмаған, екі ғана беттен тұратын үзіндіде 10 құжаттың тақырыптары берілген. Олардың қатарында «аса құпия» (совершенно секретно) айдарымен берілген 317, 278, 254–256, 236–240-істердегі құжаттар көрсетілген. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ХҮІ Пленумының «Партия ұйымдарының КОКП XXҮІ съезі мен кейінгі болған КОКП ОК Пленумдарының талаптарына сай мамандармен жұмыс жүргізуді одан әрі жетілдіру бойынша партия органдарының міндеттері» туралы, Қазақстан КП ОК бюросының мәжілістерінің хаттамаларының материалдарының бірнеше томдары туралы баяндалады [110].

№ 708-қордың Ерекше бөлімі 1950, 1951 жылдары «Хаттамалық бөлім» және құпия бөлім» деген екі тарауша топтастырылған [111].

1987 жылғы 29 мамырдағы № 612 акті бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының Партия архивіне №708 «Қазақстан КП ОК» қорының Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті құпия секторы мен барлық бөлімдерінің істері қабылданған. 96 тізімдеме бойынша 31 іс, барлық бөлімдерден 260 іс, 96 және 97 тізімдеме бойынша барлығы 291 іс өткізілген [112].

1988–1991 жылдардағы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті № 708-қорына жазылған тарихи анықтамада КОКП Жарғысына енгізілген толықтырулар мен өзгерістер партиялық құжаттардың сақталуы, жинақталу ретіне де өзгерістер болғандығын көрсетіледі. 1988 жылы құпия бөлім Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Жалпы бөлімінің қарауына берілген. Жалпы бөлім хаттамалық, құпия, хаттар, арыздар және шағымдар

сонымен қатар іс жүргізу жөніндегі топтарға бөлінді.

Кеңес дәуірінде шектеулі пайдалануда болған партиялық басқару органдарының құжаттарын құпиясыздандыру мен ғылыми айналымға енгізу ісі жолға қойылғанымен бұл үдеріс өте баяу жүзеге асырылып жатты. Оның әр түрлі себептері болды.

– Соның бірі партиялық архив құжаттарының ҚР Ұлттық архив қорына интеграциялаудағы туындаған мәселелер, атап айтқанда қорлар тізімінің болмауы, Ғылыми Анықтамалық Аппаратын жетілдіру қажеттілігі, тарихи анықтамалардың болмауы, тізімдемелерге алғы сөз құрастыру, құжаттарды есепке алу сияқты шешуді қажет ететін мәселелер болды. Партия тарихы институтындағы партиялық архив секторы құжатталған ретроспективті ақпаратпен тек КОКП ОК, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті және Марксизм-ленинизм институтын қамтамасыз ететін. Сондықтан КОКП ОК Бюросы мен секретариатында қаралған белгілі бір сұрақтар тізімімен жұмыс істейтін. Бұл кемшіліктерді түзеу Архившілерден біліктілік, уақыт және еңбекті талап етті.

– Екінші мәселе басым көпшілігі құпиялық режимде болған құжаттарды құпиясыздандыру мәселесі. Құпиясыздандырылу мерзімі көрсетілмеген, қор құрушылары таратылып кеткен құжаттарды құпиясыздандыру үлкен жауапкершілік пен табанды еңбекті қажет етті.

Партия архивтерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтер жүйесіне берілуі олардың ғылыми-анықтамалық аппаратын жетілдіру мен Мемлекеттік архив қызметінің нормаларына сәйкес бірыңғай ғылыми анықтамалық аппараттардың жүйесін құрудың қажеттілігін туындатты. Бұл жұмыстар бұрын жабық болып келген архивтердің құрамындағы ақпараттың жан-жақты көрсетілуіне бағытталуы тиіс болды.

Партиялық құжаттардың пайдаланылуына саяси идеологияға байланысты майдандағы және тылдағы әсіресе еңбеккерлер, жер аударылған халықтар арасындағы ақтаусыз үлкен шығындар туралы, аштыққа қатысты, азат етілген немесе кейін социалистік елдер қатарына кірген аумақтардағы «тазалауға» қатысты, алдымен фашистердің кейін сталиндік лагерьлердің тұтқындары болған Қызыл Армияның офицерлері мен солдаттарына қатысты құжаттардың қол жетімсіздігі кедергі жасады. Ұзақ жылдар бойы қалыптастырылған партия құжаттарының ерекше бөліміндегі деректер оқтын-оқтын жүргізіліп отырған құпиясыздандыру жұмыстарының нәтижесінде зерттеушілерге қол жетімді болғанымен, бұл құжаттар легі тарихтың ақтаңдақ беттерінің қалпына келтірілуіне жеткіліксіз еді.

Партия архивтері саласының Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтері жүйесіне берілуі жұмысты біршама оңтайландырды. Ғылыми-анықтамалық аппараттың жетілдіру және Мемлекеттік архив қызметінің нормаларына сәйкес бірыңғай ғылыми анықтамалық аппараттардың жүйесін құру жұмысы қолға алынды. Кешенді, көп бағытта жүргізілген жұмыстар бұрын жабық болып келген архивтердің құрамындағы ақпараттың жан-жақты көрсетілуіне негіз бола білді.

2 ТАРАУ. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкалар» құжаттық кешенін зерттеудегі архивтанулық мәселелері

2.1 Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қызметі мен іс жүргізу ерекшеліктері және «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің құрамы

1921 жылға дейін қазіргі Қазақстан аумағында большевиктердің бірыңғай партиялық орталығы болған жоқ, алайда құрамына Сырдария, Жетісу, Торғай және Орал облыстарының бір бөлігінің партиялық ұйымдары кірген 1918 жылы маусымда құрылған Түркістан Коммунистік партиясының базасы болды. Алғашқы партия ұйымдарының бірі 1920 жылғы 8–11 қаңтарда Ақтөбе қаласында Өлкенің барлық облыстарынан делегаттар қатысқан І Қырғыз (қазақ) өлкелік конференциясында өлкенің барлық партия ұйымдарын, өлкенің партиялық орталығының басшылығына қарасты етіп біріктіру туралы қабылданған шешімге сәйкес осы жылы 12 сәуірде Ақтөбе қаласында Қырғыз (қазақ) Өлкелік РК(б)П-ның Ұйымдастыру бюросы құрылды [113].

Осы жылдың 30 сәуірінде РК(б)П ОК қаулысына сәйкес Қырғыз (қазақ) өлкелік Облыстық бюросының құрылуына байланысты Қырғыз (қазақ) өлкелік Ұйымдастыру бюросы жұмысын тоқтатты. 1921 жылы РК(б)П Облыстық бюро Төралқасының қаулысына сәйкес оның атауы «РК(б)П Қырғыз (қазақ) бюросы» болып өзгертілді [114]. РК (б) П Қырғыз (қазақ) бюросы Ақмола, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай, Орынбор, Семей және Орал РК (б) П губкомдарын, губком деңгейіндегі Адай РК(б)П укомын басқаратын [90].

1921 жылғы 11–18 маусым аралығында өткен РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық партия конференциясында РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитеті сайланып, РК(б)П Қырғыз (қазақ) бюросы өз қызметін тоқтатты. РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) облыстық комитеті құжаттары кешені Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин институты құрамындағы партиялық архив секторына өткізілді. Қор нөмірі – 140.

РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) облыстық комитеті 1921 жылдан 1925 жылға дейін жұмыс жасады. БК(б)П обкомы БК(б)П Орталық Комитетіне бағынышты және конференция аралығындағы мерзімде Қазақ АКСР-дегі барлық партия жұмысына басшылық жасайтын. БК(б)П Қырғыз (қазақ) обкомы шешімдері мен қаулыларын Қазақ АКСР аумағындағы барлық ұйымдар орындауға міндетті еді. Партиялық ұйымның жұмыс жасаған уақытындағы маңызды оқиғаның бірі Түркістан АКСР-нің құрамында болған Сырдария мен Жетісу облыстарының Қазақ АКСР-іне қосылуы еді. Сырдария мен Жетісу облыстарының Түркістан АКСР-нің құрамында болған кезіндегі партия ұйымының құжаттары жеке-жеке қор ретінде сақтаулы.

1924 жылдың аяғындағы тұтас ұлттық кеңестік мемлекет құру үшін Қазақстан мен Орта Азия республикаларын аумақтық қайта межелу

нәтижесінде қазақ халқының бірігуімен байланысты 1925 жылы 19 ақпанда РК(б)П Орталық Комитеті Қазақ облыстық ұйымын Қазақ Өлкелік ұйымына, ал обкомды РК(б)П-ның Қазақ Өлкелік Комитетіне өзгертті [115]. РК(б)П Қырғыз (қазақ) обкомының құжаттары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин институты құрамындағы партиялық архив секторына өткізілді. Қор нөмірі –139.

РК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті 1925 жылдан 1937 жылға дейін жұмыс жасады. БК(б)П Орталық Комитетінің 1937 жылғы 23 сәуірдегі «Жаңадан құрылған одақтас республикалардың партия ұйымдары туралы» қаулысына сәйкес өлкелік партия ұйымы Қазақстан Коммунистік партиясы болып қайта құрылды. Оның құрамында 51 880 коммунисті біріктіріп отырған 3576 бастауыш партия ұйымы мен 1260 кандидаттық топ болды [116].

КОКП құрамында болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Кеңес Одағының біртұтас Коммунистік партиясының республикалық мәртебесіне сай ұйым болды.

Кеңестік кезеңдегі қабылданған Конституциялардың ешқайсысы партия органдарының мемлекетті тікелей басқаруға араласуын қарастырмаған еді, бірақ Коммунистік партия мемлекеттік аппараттың функцияларын бойына сіңіріп мемлекеттік биліктің шынайы жоғарғы органына айналды. Партиялық және мемлекеттік аппараттың бірігу үдерісі әкімшілік-командалық басқару жүйесінің ерекшелігі ретінде ресейлік тарихнамада жақсы зерттелген. Кеңестік Ресейде шынайы мемлекеттік билік әр түрлі деңгейдегі партия комитеттеріне тиесілі болғаны туралы тезиспен ешкім дауласа алмайды десек те, кеңестік кезеңдегі мемлекеттік мекемелердің тарихын зерттеуге арналған еңбектерде партиялық органдар әлі де мемлекеттік басқару билік органдарының толыққанды элементі ретінде қарастырылмай отыр [117]. Дәл осындай жағдай кеңестік Қазақстанда да орын алған еді.

Саяси шешімдерді қабылдауда жергілікті партия органдары Одақтан басқарылатын орталыққа толығымен тәуелді еді. 1922 жылғы КОКП ОК циркуляры бойынша ұлттық республикалар коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен облыстық партия комитеті бюролары қажет болған жағдайда ғана жергілікті жұмыс жағдайына байланысты КОКП ОК циркулярларына мағынасы өзгермейтіндер етіп түсіндірмелік толықтырулар жасау құқығына ие еді. КОКП ОК циркулярына түбегейлі өзгеріс енгізетін толықтырулар КОКП ОК-мен келісіліп ғана жасалатын. КОКП ОК циркуляры жергілікті партия комитеттерінің циркулярларымен сәйкес келмеген жағдайда КОКП ОК-і циркуляры орындалуы тиіс болатын [118].

1922 жылы жүргізілген реформа нәтижесінде партиялық аппарат құрылып, мемлекеттік билік органдары тиісті партия комитеттеріне бағынышты болды. Сол кезден бастап Кеңестік атқару комитеттері кез келген шешімді жергілікті партия комитетімен келісе отырып қабылдауы тиіс болды. Осылайша Қазақстан Компартиясы ОК ұлттық республика партиялық комитеті мәртебесінде КОКП ОК директивалары мен шешімдеріне сүйене отырып кеңестік атқару комитеттері арқылы республика аумағында жоғары

билік органы болып табылды.

1937 жылы 5–12 маусым аралығында Қазақстан Коммунистік партиясының I съезі өтіп, онда құрамында 85 мүшесі және 35 мүшелікке кандидаты бар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетін және 9 адамнан тексеру комиссиясын сайлады [115]. Қазақстан Коммунистік партиясы республикалық деңгейдегі Кеңес Одағы Коммунистік партиясының құрамдас бөлігі болып табылды. Қазақстан Компартиясының қызметі КОКП Жарғысы мен Бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, республика, өлке, облыс, қала және аудан деңгейінде партия саясаты мен КОКП Орталық Комитетінің директиваларын жүзеге асыру болды. Қазақстан Компартиясының жоғарғы билік органы болып съезд, конференция болып табылды, олардың арасындағы съезде сайланған уақытта Орталық Комитет басқарды. Орталық Комитет өз қызметін пленарлы отырыстар және Бюро, Секретариат және аппараты арқылы жүзеге асырды.

Пленумдар аралығында партиялық ұйымға күнделікті басшылықты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы мен Секретариаты жүргізді [119].

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті 1937 жылдан бастап 1991 жылы 7 қыркүйекте өткен Қазақстан Коммунистік партиясының кезектен тыс съезінде Қазақстан Компартиясының КОКП құрамынан шығатыны туралы және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті өз қызметін тоқтататыны туралы шешім қабылдағанға дейінгі аралықта республиканың саяси басшылығы болып табылды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қызметі барысында түзілген құжаттар Қазақстан Республикасы Президенті Архивінде сақтаулы. Қор нөмірі – 708. Осы қорда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешімдері мен қаулылары, хаттамалары, республикалық және жергілікті партия ұйымдары пленумдарының, мәжілістерінің материалдары, партия комитеттері мен ұйымдарының, партиялық кеңестік бақылау органдарының, халық комиссарлары мен министрліктердің, мемлекеттік мекемелер мен құрылымдардың есептері, анықтамалар, баяндамалар, хаттар, статистикалық мәліметтер және т.б. құжаттардан тұрады. Бұл құжаттарда партия қызметкерлері туралы ғана емес сонымен бірге Қазақстанның саяси және экономикалық тарихы, мәдени және әлеуметтік тұрмыс тіршілігі туралы мол деректер қоры шоғырланған.

Қазақстан Коммунистік партиясының республикалық органдарының басқару органдарының қорлары туралы мәлімет жайлы №1 кесте өлкедегі басты билік органының яғни партия ұйымының құрылымдық өзгерістері көрсетілген. №708 қорының құрамында ерекше папкалардың, ерекше сектордың, құпия бөлімдердің дереккөздері сақтауға алынған. Диссертациялық еңбектің хронологиясына сәйкес №708 «Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті» қорының 1937–1991 жылдар аралығындағы 4 тізімдемеге қалыптастырылған 90 іс зерттеу нысанына айналуы тиіс. Олар ұзақ жылдар бойы зерттеушілерге қол жетімсіз болған «ерекше папкалар» құжаттары.

**Қазақстан Коммунистік партиясының республикалық органдарының
басқару органдарының қорлары туралы мәлімет**

Қор нөмірі	Қор құрушы мекеме	Қызмет жасаған мерзімі	Тізімдеме саны	Істер саны
140	РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) бюросы	1920 – 1921 жылдар	1 тізімдеме	138 іс
139	РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) облыстық комитеті	1921 – 1925 жылдар	5 тізімдеме	1998 іс
141	БК(б)П-ның Қазақ Өлкелік Комитеті	1925 – 1937 жылдар	8 тізімдеме	28384 іс
708	Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті	1937 – 1991 жылдар	147 тізімдеме	123996

РК(б)П Қырғыз (қазақ) обкомы аппаратының 1924 жылғы құрылымында алғаш рет құпия бөлім пайда болды. Бұған дейін жұмыс жасаған РК(б)П Қырғыз (қазақ) бюросы құрылымында құпия бөлім болмаған еді. Партиялық құжаттардың тек партия мүшелеріне арнайы рұқсатпен берілетінін ескерсек, партиялық ұйым қызметінің аясы кеңейіп сыртқы жаулардан басқа ішкі жаулармен жүргізілетін жұмыс жандана бастағанын болжауға болады. Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік архивінің Петропавл филиалының директоры В.И. Трусовтың еңбегінде атап өткендей: 1920-жылдардың басында БК(б)П-ның губерниялық, округтік, уездік, болыстық, қалалық комитеттерде «Құпия» немесе «Өте құпия» грифі өте сирек қойылды. Олар негізінен циркулярларға, БК(б)П Орталық Комитетінен Қазақ Өлкелік комитетінен келген хаттарға, милиция, БМСБ органдарымен хат алмасуларға қойылатын. 1920-жылдардың соңына қарай елдегі саяси жағдайдың ушығуына байланысты партиялық іс жүргізуде құпия құжаттар саны артты. 1932 жылы облыстық партия ұйымдарының және олардың құрамындағы ерекше секторлардың құрылуына байланысты партиялық құпияға ерекше көңіл бөліне бастады. Партия қызметкерлерінің моральдік-адамгершілік қарым-қатынасын бейнелейтін құжаттар, Орталық Комитеттің жабық хаттарын талқылау құжаттары, басқарушы мамандарға материалдық жеңілдіктер туралы құжаттар, саяси және экономикалық науқандар және т.с.с. құжаттар сақталатын «ерекше папкалар» пайда болды. 1930-жылдардың ортасында «аса құпия» және «ерекше папка» грифімен «халық жаулары» туралы көп құжаттар пайда болды. 1935 жылдан бастап облыстық партия комитетінің өзі құпия

болып есептелді. Барлық жұмысшылар, еден жуушыға дейін тексерістен өткізу арқылы жұмысқа бекітілді.

Деректанушы ғалым А.М. Уразбаева «Қырғыз (қазақ) облыстық комитеті (Қыробком) құжаттары Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының дереккөзі (1920–1925 жж.)» тақырыбымен тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясында қоғамның саяси-идеологиялық үдерістерінің адамзатқа қарсы бағытталғанын атап өтеді. Мысалы, Образцов Всеволод Николаевич деген почта қызметкері шифрларды екінші біреуге бергені үшін жазалауға байланысты сот отырысының шешімімен «осы негізде трибунал 66-баптың 1-тармағын негізге ала отырып және Қылмыстық кодекстің 58-бабының 1-тармағына сәйкес ату жазасына кесілсін» деген үкім шығарылғандығын атап өтеді [120].

1920 жылдардың аяғында кеңестік атқару комитеттері жұмысының барлық негізгі мәселелерін, соның ішінде атқару комитетінің төрағасы мен төралқасын, хатшыны сайлауды, бөлім меңгерушілерін тағайындауды, атқару комитеті пленумдары мен кеңестер съездерінің күн тәртібін бекітуді партия комитеттері шешті. Партиялық комитеттің шешім қабылдау механизмін М.С. Восленский «Номенклатура: Кеңес Одағының билеуші табы» атты зерттеу еңбегінде жан-жақты талдап ашып көрсеткен [88].

Жоғары партия органдарының ресми құжаттарына съездер, конференциялар мен пленумдардың стенограммалары, бюро отырыстарының күн тәртібі, хаттамалары, қаулылары мен оларға қосымша дайындық материалдары жатады. Барлық шешімдер партия бюросы отырысының хаттамасына реттік нөмірмен енгізілді, осылайша хаттамалар партиялық құрылымдардың саяси және ұйымдастырушылық қызметін сипаттайтын негізгі құжаттар болды. Хаттамада: хаттаманың нөмірі, партиялық ұйымның атауы, отырысты өткізу күні, қатысушылардың саны, Төралқаның құрамы, төрағаның және хатшының аты-жөні, жоғары тұрған партия органдары өкілдерінің немесе шақырылған адамдардың аты-жөні мен лауазымы көрсетілген. Содан кейін хаттамада күн тәртібіндегі мәселелер мен баяндамашылардың тегі көрсетілген. Хаттамада қабылданған шешімдер, сөйлеген сөздер мен ұсыныстар жазылды. Партиялық комитет шешімдерді кез келген мекеме мен ведомство орындауға міндетті болды. Мемлекеттік органдардың қаулысын тиісті партиялық инстанциялар міндетті түрде бекітуге тиісті болатын. Осылайша, партиялық құжаттау үдерісінде барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық мекемелердің қызметін бақылау құқығын өзіне бекітті.

Партиялық комитет қызметінің нәтижесінде хаттамалардан басқа мынадай құжаттар қалыптастырылды:

- статистикалық есептер, партия ұйымындағы коммунистердің құрамы, саны партия ұйымының құрылымы туралы мәліметтер;

- баяндамалар, партия ұйымдары хатшыларының сөйлеген сөздері, ақпараттар, партия органдары мен ұйымдарының, мемлекеттік органдардың хаттары;

- партия мүшелері мен кандидаттардың жеке құжаттары (анкеталары, жеке парақтары, мандаттары, куәліктері, тіркеу карточкалары);
- жергілікті партия комитеттерінің халық арасындағы саяси ахуал, «ұлттық-фашистік ұйым» туралы саяси баяндамалары;
- партиялық кадрларды есепке алу және бөлу, комсомол ұйымдарымен жұмыс істеу, қазақтар арасындағы партиялық жұмыстың формалары мен әдістері туралы, аз ұлттар, әйелдер жаңа экономикалық саясат туралы РК(б)П циркулярлары, директивалары, нұсқаулары;
- депортацияланған халықтардың орналастырылуы және олармен жұмыс туралы, әйелдер бөлімінің әйелдер арасындағы жұмысы туралы есептер;
- мерзімді баспасөздің жұмысы, баспа ісін ұйымдастыру, халыққа білім беру, өнер қызметкерлерін кәсіби даярлау, әлеуметтік қамсыздандыру органдарының жұмысы туралы құжаттар;
- ішкі істер органдарының, Жоғарғы Соттың Әскери алқасының БМСБ-нің репрессиялық шаралар қабылдауы туралы, діни қызметкерлер, эсэрлер, меньшевиктер, кадеттер арасындағы ахуал туралы, «Алаш» қозғалысы өкілдерінің қызметі, Алашорда ұйымымен күрес туралы мәліметтер;
- жұмысшылар арасындағы үгіт-насихат жұмыстарының барысы, облыстық партия комитеттеріндегі дәріс жұмыстары, саяси бөлімдердің жұмысы, мәдени-ағарту, саяси-ағарту мекемелерінің (партия кабинеттері, кітапханалар, «Білім» қоғамы) жағдайы туралы, дінге қарсы насихат туралы, партия органдарының партияның ұлттық саясатын түсіндіру жөніндегі жұмысы туралы анықтамалар, баяндамалық жазбалар, хаттар.

Партия органдары іс жүзінде республика өмірінің мәдени, экономикалық, саяси, идеологиялық аспектілерін бақылап отырды.

Партия комитетінің іс жүргізу қарапайым және құпия болып екіге бөлінді. Біріншісін Жалпы бөлім басқарса, екіншісін Хатшылық, одан кейін «ерекше сектор» басқарды.

Партия комитеттерінде іс жүргізу орыс және қазақ тілдерінде жүргізілді. Партия комитетіне жіберілген барлық кіріс құжаттары, қарапайым және құпия хаттардың барлығы тек жалпы бөлімнің қабылдау бөлімінде қабылданды. Тіркелгеннен кейін қарапайым хат-хабар жинақталуына қарай жалпы бөлімге, ал құпия хат-хабар дереу хатшылыққа немесе адресатқа тікелей берілді.

Телефонограммаларды қабылдау және беру де Жалпы бөлім арқылы жүзеге асырылды. Барлық құжаттар архив жылы аяқталғаннан кейін архивке өткізілуі тиіс болды. Архивтік жыл болып Съезден съезге дейінгі арадағы уақыт саналды [121].

Партиялық құжаттарда халық шаруашылығының, идеологияның, мәдениеттің, әлеуметтік процестердің және т.б. дамуының барлық принципіалды мәселелері көрініс тапқандықтан бұл құжаттар кешеніндегі құжат түрлері сан алуандығымен ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктерді Қазақстан Компартиясы ОК-нің ерекше папкаларының құрамынан да байқауға болады. Ерекше папкаларда сақтаулы құжаттардың басым бөлігі коллегиялды органның қабылдаған шешімдері мен қаулылары мен сол басқару шешімдері

мен қаулыларын қабылдауға қажетті дайындық материалдарынан тұрады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің де аса маңызды ерекше құпиялық деңгейіне байланысты құрамына архивтанулық тұрғыдан зерттелмеген.

В.Д. Банасюкевичтің анықтамасында келтірілгендей құжат басқару процестерін жүзеге асырушы құралы немесе әдісі болып табылады [122]. Реттеуші немесе басқарушылық құжаттың бір функциясы болып табылады.

Коллегиалды орган қызметінің құжаттарына хаттамалары, стенограммаларды, жиналыс журналдарын жатқызуға болады.

Ерекше папкалар құжаттары жоғарыда келтірілгендей екі түрлі тізімдемемен берілген. Хаттамалық және құпия бөлім болып бөлінетін тізімдемелердің хаттамалық бөліміндегі істер Қазақстан Компартиясы ОК бюросы отырыстарының хаттамаларынан алынған қаулылар мен шешімдер және сол қаулылар мен шешімдерді қабылдауға қажетті ақпараттарды қамтитын дайындық материалдарынан тұрады. Қаулы партиялық органдардың негізгі құжат түрі болып табылады. Бірақ та қаулы партиялық іс жүргізуде бөлек құжат түрі ретінде емес, хаттамамен бірге рәсімделеді.

Хаттама партиялық құрылымның саяси және ұйымдастырушылық қызметін сипаттайтын негізгі құжат болып табылды. Хаттамада хаттаманың нөмірі, партиялық ұйымның атауы, жиналыстың өткізілген уақыты, қатысқандар саны, президиум құрамы, төраға мен хатшының аты-жөні, қатысқан жоғарғы партиялық органдардың өкілдері мен шақырылған адамдардың аты-жөндері берілді. Одан төменде күн тәртібіндегі мәселелер мен баяндамашылардың аты-жөндері жазылды. Хаттамаға қосымша ретінде тіркелмеген жағдайда, әрбір сұраққа қатысты баяндаманың негізгі қойылымдары жазылды. Хаттамада қабылданған шешімдер, баяндамалар мен ұсыныстар тіркелді.

Әдетте шешім жобасы алдын ала дайындалды. Ол мәлімдемелік және өкімдік бөлімнен тұратын. Өкімдік бөлімінде шешімдер тізбектеле кімге, қандай іс-әрекеттерді, қандай мерзімдерде орындау керектігі бұйрықты түрде көрсетілді. Орындаушылар ретінде төмен сатыдағы партия ұйымдары, Кеңестік атқару комитеттері, олардың басқармалары мен бөлімдері, мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдар көрсетілді. Шешімді кез келген ведомство орындауға міндетті болды. Мемлекеттік органдардың қаулылары тиісті партиялық ұйымның бекітуінсіз қабылданбады. Осылайша құжаттамалық қамтамасыз ету барысында партияның «басқарушылық және бағыттаушы» ролі айқындалды [123].

КОКП ОК Президиумының әрбір жиналысы дербес реттік нөмірленген арнайы хаттамамен рәсімделді. Хаттамалар нөмірлері шақырылымдар бойынша партияның кезекті съездінен бастап нөмірленді. Президиум жиналысында қабылданған хаттамалық-қаулылардан басқа, «айналдыра» сауалнама жүргізу арқылы қабылданған қаулылар бар. Біріншісі «отырыстық» деп аталып рим цифрларымен, екіншісі «сауалнамалық» деп аталып араб цифрларымен нөмірленді. [124].

Қаулы – 1) басқарудың жоғары және кейбір орталық органдарының алдында тұрған аса маңызды және қағидаттық міндеттерді шешу және тұрақты нормаларды, мінез-құлық қағидаларын белгілеу мақсатында қабылданатын құқықтық акт. Қаулы, әдетте, ұзақ мерзімді және бағыныштылығына қарамастан көптеген ұйымдар мен шенеуніктерге қатысты; 2) қоғамдық ұйымның басқару органының актісі; 3) Прокурорлар, судьялар немесе сот пленумдары, қазылар алқасы, бағалау-дау комиссиясы және т.б. алдын ала тергеу органдарының шешімін тіркейтін акт [125].

Қазақстан Компартиясы ОК «ерекше папкаларында» сақтаулы Бюро отырысында қабылданған қаулыларда реттік нөмір қарастырылмаған, тек хаттаманың нөмірі, өткізілген күні және хаттама күн тәртібіндегі қаулының реттік нөмірі араб цифрымен көрсетілген. Қаулы көлеміне байланысты А4 парағында немесе көлемі аз болған жағдайда оның жартысындағы арнайы бланкіде баспа машинасымен терілген. Алдын ала дайындалған қаулы жобаларына шешім қабылдау барысында түзетулер мен өзгертулер енгізілді.

Егер қаулы ОК бюросының отырысында қабылданған болса оған партия комитеті хатшысының қолы, егер сауалнама арқылы қабылданған шешім болса сауалнамаға қатысқан мүшелерінің де қолы қойылды (1-қосымша). Ал ХКК-мен бірге қабылданған қаулыларда ХКК төрағасы мен партия комитеті хатшысының қолдары қойылды.

Қаулы бірнеше данада дайындалып, артқы бетіне қаулы жіберілетін органдар мен тұлғалардың тізімі берілген. Орындаушыларға қаулы толық жіберілмей қабылданған шешімнің тиісті сұраққа қатысты үзіндісі жіберілген (2-қосымша).

Сонымен қатар «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің хаттамалық бөлімінде қаулылармен қатар осы қаулыларды қабылдауда пайдаланылған ақпараттық материалдары бар. Ақпараттық материалдар мынадай құжат түрлерінен тұрады: жоспарлар; анықтамалар; қызметтік хаттар; баяндамалық жазбалар; азаматтардың арыздары және оған қосымша материалдар; жоспарлау – есеп беру құжаттары.

Іскерлік хат алмасу (қызметтік хаттар, баяндамалық жазбалар, партиялық, кеңестік, шаруашылықтық ұйымдармен хат алмасу, анықтамалар):

- Азаматтардың арыздары және оған қосымша материалдар;
- Жоспар – есеп беру құжаттары;
- Тізімдер;
- Штаттық кесте.

Іскерлік хат алмасу мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар арасындағы ақпарат алмасуды және осы құрылымдар арасында жедел басқаруды жүзеге асыратын құжаттар жиынтығын құрайды. Мұның арасындағы қызметтік хат ең көп тараған түрі болып табылады. Қазіргі таңда ұйымдардың іс жүргізу құжаттарының 80 пайызын қызметтік хаттар құрайды. Іс жүргізуде қызметтік хаттар бағытталуына қарай ішкі және сыртқы, жазылу мақсатына қарай жауап беруді талап ететін және жауап беруді талап етпейтін, мағынасына қарай өтініш-хат, арыз-хат, сұраныс-хат, циркуляр, ақпараттық түсіндірме хат болып

бөлінеді. Кез келген мекеменің ішкі хат алмасуында баяндамалық, түсіндірмелік, қызметтік жазбаларды кездестіруге болады. Бұл құжат ұйым немесе оның құрылымдық бөлімінің басшысына белгілі бір мәселені баяндау және сол мәселе төңірегіндегі ұйғарымдар, ұсыныстар, өтініштер мен негативті жақтарын сипаттау туралы болып келеді [126].

Партиялық іс жүргізуде осы тізілген іскерлік хат алмасу түрлерінің бәрін кездестіруге болса, ерекше папкалардың хаттамалық бөлімінде негізінен баяндамалық жазбалар, анықтамалар көптеп кездеседі. Бұл баяндамалық жазбалар мен анықтамалар.

Баяндамалық жазбалар ұйымның ішкі құжаттарына жатады. Олар ұйымдастыру-әкімшілік құжаттарына ілеспе материал ретінде қарастырылады. 1974 жылы КСРО Бас архиві, ВНИИДАД, ЦГАДА құрастырған құжаттардың түрлері туралы қысқаша сөздігінде «баяндамалық жазба» – белгілі бір мәселені және ол туралы автордың ұйғарымдары мен ұсыныстарын баяндайтын, басшылыққа жолданған құжат болып табылады. Баяндамалық жазба басшылықты қалыптасқан жағдай, орын алған фактілер және т.б. туралы ақпарат беру арқылы белгілі бір шешім қабылдауға ықпал ету мақсатымен жазылады. Сонымен қатар тек ақпараттандыру мақсатында жазылатын баяндамалық жазбалар болады. Мұндай жазбалар белгілі бір жұмыстың орындалуы туралы ақпараттардан тұрады. Есептік баяндамалық жазбалар тапсырылған жұмыстың, жоспардың немесе тапсыманың орындалу барысы туралы хабардар етеді. Осылайша баяндамалық жазбалар басқару объектілерінің арасында төменнен жоғары қарай, яғни төмендегі лауазымды тұлғадан жоғары тұрған лауазымды тұлғаға бағыттылған вертикальді түрдегі байланысты қамтамасыз етеді. Баяндамалық жазбалар адресатына байланысты ішкі (мекеменің немесе құрылымдық бөлімшенің басшысына жолданған) және сыртқы (жоғарғы инстанцияларға жолданған) болып бөлінеді. Баяндамалық жазбалардың мәтіндері екі немесе үш бөлімнен тұрады. Екі бөлімнен тұратын баяндамалық жазбаның бірінші бөлімінде жазбаны жазуға себеп болған фактілер келтірілсе, екінші бөлімінде нақты ұйғарымдар, ұсыныстар мен өтініштер жазылады. Ал үш бөлімнен тұратын баяндамалық жазбаның бірінші бөлімінде жазбаны жазуға себеп болған фактілер, оқиғалар, ал екінші бөлімінде қалыптасқан жағдайға талдау жасалып шешу жолдары қарастырылады, ал үшінші бөлімінде жазбаны жазушының қалыптасқан жағдайға байланысты жасалатын қажетті нақты әрекеттер туралы ұсынымдары мен ұйғарымдары көрсетіледі. Баяндамалық жазбалар мәтіндік, кестелік немесе араласқан мәтіндік-кестелік түрде болуы мүмкін [127].

Қазақстан Компартиясы ОК-нің ерекше папкаларында баяндамалық жазбалардың екі түрі де кездеседі. Ішкі түріне жататын яғни жергілікті партия ұйымдары, кеңестік атқару комитеттерінің басшыларынан, сала басшыларынан және салаларға жауапты ОК хатшыларынан, белгілі бір мәселені тексеру үшін құрылған комиссия төрағаларынан келіп түскен баяндамалық жазбалар. Сонымен қатар сыртқы түріне жататын, яғни Мәскеудегі КОКП ОК хатшыларына, одақтық салалық министрліктертерге,

құқық қорғау органдары басшыларына жолданған баяндамалық жазбалар. Орталық бұл баяндамалық жазбалардағы фактілерді тексеріп тиісті шешім қабылдау үшін республикалық партия комитетіне жіберген.

Ерекше папкаларда кездесетін тағы бір құжат түрі анықтама. Ақпараттық баяндамалық жазбалар көбінесе анықтамамен алмастырылады. Анықтама: белгілі бір фактілер мен оқиғаларды растау немесе сипаттау туралы құжат; биографиялық және қызметтік сипаттағыларды қоса алғандағы фактілерді, оқиғаларды сипаттау немесе растау туралы құжат [125]. Баяндамалық жазбадан ерекшелігі анықтама басшылықтан қандай да бір әрекет жасауды немесе шешім қабылдауды талап етпейді. Құрастырылу мақсатына байланысты анықтамалар талдаулық, есептік және анықтамалық болып бөлінеді.

Талдаулық анықтамалар шешім қабылдауды қажет етіп тұрған мәселе туралы ақпараттан тұрады, Талдаулық анықтамалар үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде құрастырылу негіздемесі, екінші бөлімінде мәселенің немесе жағдайдың талдауы, үшінші бөлімінде ұйғарымдар мен ұсынымдар жазылады.

Есептік анықтамалар қызмет нәтижесі туралы жалпылама қорытынды мәліметтерден тұрады. Сондықтан есептік анықтама атауында анықтамада көрсетілген мәліметтерге қатысты уақыт кезеңі көрсетіледі.

Ақпараттық сипаттағы анықтама басшылықты істің мән жайынан хабардар ету мақсатымен жазылады. Қызметтік немесе биографиялық анықтамалар лауазымдық қызметі, айлық жалақысы, тұрғылықты жері сияқты заңды фактілерді растау қызметін атқарады. Егер берілетін анықтама типтік болса, ұйымдарда оңтайластырылған бланкілер жасалады.

Ерекше папкалардың хаттамалық бөлімінде жиі кездесетін құжаттың түрі жоспар болып табылады. Жоспар: орындауға жоспарланған жұмыстардың немесе іс шаралардың нақты тізбесін, олардың ретін, көлемін (белгілі бір формада), уақыт координаттарын және нақты орындаушыларды қамтитын құжат; белгілі бір құжат (баяндама, әдеби шығарма және т.с.с.) мазмұнының алдын ала құрастырылған схемасы; белгілі бір заттың, жер беті бөліктерінің, құрылыстардың (қала жоспары, ғимарат жоспары, жергілікті жер жоспары) горизонтальді жазықтықтағы проекциясының дәлме-дәл кішірейтілген сызбасы [125].

Ерекше папкалардағы ілеспе материалдарды құрайтын жоспар Қазақстан Компартиясы ОК бюросына қарастырылатын мәселені шешудің мүмкін нұсқасы ретінде ұсынылады. Әдетте жоспарды Қазақстан Компартиясы ОК мен ХКК-нің қарастырылып отырған салаға жауапты жауапты бөлімдері дайындайды. Белгілі бір тапсырманы жүзеге асыруға арналған бұл жоспарлар 1 айдан – 1 жылға дейінгі мерзімді қамтитын қысқа мерзімді жоспар болып табылады. Қажеттілікке байланысты жасалған бұл жоспарларды директивалық жоспарларға жатқызуға болады. Директивалық жоспарларда тапсырма нысаны, орындаушы мен орындау мерзімдері нақты көрсетіліп, міндетті түрде орындалуы тиіс болып табылады.

Жоспармен бірге қомақты қаржылық шығындарды қажет ететін жобаларға құрылған сметалар да кездестіруге болады. Смета – белгілі бір жұмыс түрін орындауға қажетті қаржыны әрбір пункт бойынша барынша толық түрде жазылған жоспар. Әдетте смета құрылыс жұмыстарына жиі қолданылғанымен, кейбір қаржылық шығындарды қажет ететін жобаларды да жүзеге асыру үшін пайдаланылған.

Ерекше папкалардың екінші дүниежүзілік соғыс жылдары қалыптастырылған істерінен наряд, разверстка, разнарядка сияқты құжат түрлерін жиі кездестіреміз.

«Ерекше папкалар» құжаттар кешенінде құжаттардың көпшілігі механикалық әдіспен машиналық баспада терілген. Құжаттардың ресми бланкілерінде атрибуттар қазақ және орыс тілдерінде толтырылғанымен, іс жүргізу орыс тілінде жүргізілген. Сондықтан құжаттардың негізгі мәтіні орыс тілінде. Арасында азаматтардан келіп түскен арыздардың ішінен қазақ тіліндегі мәтіндерді кездестіруге болады. Ондай арыз хаттардың латын, араб графикасында жазылғандарын да кездестіруге болады. Арыз хаттар көбінесе қолдан жазылған.

2.2 «Ерекше папкалар» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудағы ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талдау

Архивтік қорлардағы құжаттардың құрамы мен мазмұнын ашатын архивтік анықтамалық құрал, архивтің ғылыми-анықтамалық аппаратының басты элементтерінің бірі тізімдеме болып табылады. Ғылыми-анықтамалық аппараттың пайдалану тиімділігінің жоғары болуы дұрыс және сапалы құрастырылған архивтік анықтамаларға соның ішінде тізімдемеге тікелей байланысты. Құжаттарды есепке алу және ақпараттық мазмұнын ашу қызметін атқара отырып, архивтік тізімдеме жөнсілтер, каталог сияқты басқа да архивтік анықтамалардың құрастырылуына негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 235 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары» архив ісіндегі терминдерді анықтап берді. Онда істердің, құжаттардың тізімдемесі – сақтау бірліктерінің құрамы мен мазмұнын ашуға, олардың жүйеленуі мен есепке алынуын бекітуге арналған архивтік анықтамалық ретінде көрсетілген [128].

Пайда болу және даму тарихы XIII ғасырдан бастау алған архивтік істер тізімдемесі XX ғасырдың 30-40 жылдары толық қалыптасты. Алғашқы уақытта құжаттардың ішкі мазмұнына аса назар аудармаған құжаттық тізімдемелер архив қағаздарын есепке алу мен сақталуын қамтамасыз ететін инвентарлы сипатта болды. Уақыт өте келе тарих ғылымының архивтік құжаттарға деген сұранысының өсуіне байланысты толыққанды архивтік

тізімдемелер қалыптаса бастады [72].

Архивтік істер тізімдемесі үш қызметті атқарады:

- ақпараттық қызметі – құжаттардың құрамы мен мазмұнын ашады;
- есептік қызметі – істерді есепке алуды қамтамасыз етеді;
- классификациялық қызметі – қор ішіндегі істердің жүйеленуін белгілейді.

Біз қарастырғалы отырған партиялық архивтер жүйесінің ұзақ уақыт бойы мемлекеттік архивтер жүйесінен тыс автономды түрде өз ережелері бойынша жұмыс істеуі партиялық құжаттарды пайдалану мақсатына әсерін тигізбей қоймады. Партиялық архивтер қоғамнан абсолютті түрде жабықтығымен, қатаң иерархия және әр деңгейдің белгіленген ереже бойынша жұмыс жасауы, нақты орындаушылық тәртібімен ерекшеленді [129]. Сонымен бірге шектен тыс идеологияландыру саясаты мен партиялық архивтердегі құжаттардың басым бөлігінің құпиялық режимде сақталуы, белгілі бір топ өкілдеріне қызмет көрсету партиялық архивтердегі Ғылыми анықтамалық аппараттардың қалыптасуына тікелей ықпалын тигізді. Ұлттық архив қорына интеграциялану үдерісінде партиялық архивтердің Ғылыми анықтамалық аппараттарының зерттеушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтындығы анықталды. Аталған мәселе төңірегінде XX ғасырдың 90-жылдары посткеңестік кеңістікте Е.Л. Лаптева [130], Л.И. Белянин, В.Г. Ларин, Н.И. Химин [129], М.Г. Преженцева [131], Е. А. Макаренко [132], А.Ю. Карпинец [133] және т.б. архившілер мен тарихшылардың мақалалары жарық көрді. Бұл зерттеулерде бұрынғы партиялық архивтердің ғылыми анықтамалық аппаратын олардың ақпараттық потенциалын көтеру мақсатында жетілдіру мәселелері қарастырылады. Соның ішінде Ғылыми Анықтамалық Аппаратының басты элементтерінің бірі болып табылатын тізімдемелердің толтырылуы, рәсімделуі, ондағы істердің тұйықталған атаулары, қорытынды жазбалар қайта қарастыруды қажет ететін еді. Партиялық архив қорлары құжаттарының басым бөлігінің құпиялық режимде сақталуы олардың мазмұнын істер тізімдемелерінде толық ашуға мүмкіндік бермеді. Көптеген істердің атауында олардың тек номиналдық атауы мен хронологиялық шегі ғана көрсетіліп, мазмұны ашылмайтын. Алайда барлық деңгейдегі партиялық архивтерде КОКП ОК мен БЛКЖО партия және комсомол комитеттерінің пленумдарында, бюро және секретариат отырыстарында қарастырылған «сұрақтар тізбесі» кездеседі. «Сұрақтар тізбесі» тұйықталған істер атауларының мазмұнын ашуға арналған болатын [129]. Бірақ «сұрақтар тізбесі» партияның іс жүргізу үдерісінде құжаттардың құпиялық деңгейінің бірнеше сатыдан тұруына байланысты кейбір құжаттар кешені тізімдемелеріндегі істердің тұйықталған атауларының мазмұнын аша алмады. Сондай тізімдемелердің қатарына «ерекше папкалар» тізімдемелерін жатқыза аламыз.

Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі № 708 «Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық комитеті» қорында хронологиялық шегі 1937–1991 жылдарды қамтитын Қазақстан Компартиясы Орталық

Комитетінің «ерекше папкалары» құжаттары сақтаулы. Қордың орыс тіліндегі қысқаша атауы «ЦК КП Казахстана». Қор 142 тізімдемеден, 125 738 сақтау бірлігінен тұрады және 1-категориялы қорлар қатарына жатады. 23 766 сақтау бірлігінің сақтандыру қоры және 61 791 сақтау бірлігінің электронды нұсқасы бар. Оның ішінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкаларының» әр түрлі кезеңдерге арналған 5 тізімдемесі бар. «Ерекше папкалар» құжаттары және тізімдемелері сол кезеңде іс жүргізу үдерісінде де басқа құжаттардан бөлек сақталып, архивте де басқа істерден бөлек сақтауға алынған. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының «ерекше папкалар» құжаттарының құрамы негізінен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесімен біріккен отырыстарында және одан дербес қабылданған қаулылары болғандықтан, бұл құжаттар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің № 708 қорындағы хаттамалардың ішінде сақталуы керек еді. Сонымен бірге 1920-жылдардың басында РК(б)П Орталық Комитеті қабылдаған нұсқаулық бойынша партиялық құжаттар архивтік жыл аяқталған соң басқа да құжаттармен бірге партиялық архивке өткізілуі қажет еді. Архивтік жыл партия съездерінің аралығы демек 5 жыл болып есептелетін [134]. Бес жыл бойы партия комитеттерінің ағымдағы архивтерінде сақталып содан кейін олар партиялық архивке тапсырылуы тиісті болатын. Алайда сол кезеңдегі «аса маңызды», «аса құпия» құжаттардан тұратын «ерекше папкалар» құжаттарының сақталу режимі өзгеше болғандықтан белгіленген уақытта партиялық архивке тапсырылмады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкалар» құжаттарының хронологиялық шеңбері 1937 жылдан басталғанымен, бұл құжаттар партиялық архивке 1960 жылы ғана өткізіле бастады. Бұл тізімдемелердің жалпы тізімдемелер арасына қосылу үдерісі Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» және 1993 жылы 19 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» Заңы қабылданғаннан кейін 1994 жылы құрылған ведомствоаралық комиссия мүшелері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкаларында» сақтаулы 1937–1940-жылдардағы Қазақстандағы корейлер туралы, 1938–1945 жылдардағы «Неизвестные страницы войны (1941–1945 гг.)» жинағына қажет архив құжаттарын құпиясыздандыру жұмыстарының жүргізілуіне [88] байланысты болуы әбден мүмкін. «Аса маңызды және аса құпия құжаттар» ретінде ерекше мәртебеге ие болған бұл құжаттардың архивтік рәсімделу тәртібі де ерекше болды.

«Ерекше папкалар» тізімдемелері қор тізімдемелерінің арасына әрқайсысы хронологиялық көрсеткіштеріне сәйкес сызықшалы таңба арқылы енгізілген. Мысалы: Опись № 1/1 дел постоянного хранения (тұрақты сақталатын істердің №1/1 тізімдемесі), Опись № 36/1 дел постоянного хранения (тұрақты сақталатын істердің № 36/1 тізімдемесі), Опись № 44/1 дел постоянного хранения (тұрақты сақталатын істердің № 44/1 тізімдемесі), Опись № 44/2 дел постоянного хранения (тұрақты сақталатын істердің

№ 44/2 тізімдемесі), Опись № 83/1 дел постоянного хранения (тұрақты сақталатын істердің № 83/1 тізімдемесі). Ал тізімдеме сыртындағы машинкада басылған тізімдеме атауына қаламсаппен тиісті белгілер қойылған. Дәстүрлі қағаз құжаттарда «ерекше папкалар» тізімдемелері жеке-жеке ашық-көк, қою көк және қызыл түсті қатты картон қағазбен қапталған және мұқабасында «ерекше папкалар» тізімдемесі екендігі көрсетілген болса, электрондық нұсқасында ешқандай белгі жоқ. Мұндай таңбамен енгізілген басқа да тізімдемелердің де болуына байланысты зерттеушіге «ерекше папкалар» тізімдемелерін табу біршама қиындық туғызады. Келесі кестеде «ерекше папкалар» тізімдемелерінің хронологиялық шеңбері және тізімдемедегі сақтау бірліктерінің саны көрсетілген.

2-кесте


«Ерекше папкалар» тізімдемелерінің хронологиялық шеңбері және тізімдемедегі сақтау бірліктерінің саны

№	Тізімдемелер	Басталған уақыты	Аяқталған уақыты	Сақтау бірліктері
1	Тұрақты сақталатын істердің № 1/1 тізімдемесі	1937	1962	35
2	Тұрақты сақталатын істердің № 36/1 тізімдемесі	1963	1967	6
3	Тұрақты сақталатын істердің № 44/1 тізімдемесі	1968	1975	4
4	Тұрақты сақталатын істердің № 44/2 тізімдемесі	1963	1978	15
5	Тұрақты сақталатын істердің № 83/1 тізімдемесі	1979	1990	20

Кестеден көріп отырғанымыздай әр тізімдеме әр түрлі кезеңдерді қамтиды. Тізімдеме мұқабасының түсінің әр түрлі болуы оның мазмұнымен тікелей байланысты. Ашық-көк түсті (1937–1967 жылдар) тізімдемеде «хаттамалық бөлім» мен «күпия бөлім» тізімдемелері біріктірілген болса, қою көк түсті тізімдемелерде (1963–1978 жылдар, 1979–1990 жылдар) тек «хаттамалық бөлім» тізімдемелері берілген. Ал мұқабасы қызыл түсті тізімдемелер (1963–1967 жылдар, 1968–1975 жылдар) «күпия бөлім» құжаттарына арналған. Сол кезеңдегі «ерекше папкалар» істер саны кестенің соңғы бағанында көрсетілген.

Бұлардың ішіндегі ең алғашқы хронологиялық шеңбері жағынан ең ұзақ уақытты қамтитын № 1/1-тізімдеме 35 сақтау бірлігінен тұрады. Бұл

тізімдеменің мұқабасы ашық көк түсті қатты картон қағазбен қапталған. Қабылдау – өткізу тізімдемесі хаттамалық және құпия бөлімдерден тұрады. Хаттамалық бөлімде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитет Бюросы отырысы хаттамасының күн тәртібінде материалдың «ерекше папкаларда» сақтаулы екені көрсетілген, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитет Бюросы және оның Халық Комиссарлар Кеңесімен бірге қабылдаған қаулылары мен шешімдері орналастырылған. Бұл тізімдемеге 1937–1955-жылдардағы және 1956–1962-жылдардағы хаттамалық бөлім істері, сонымен бірге 1942–1956-жылдар және 1955–1962-жылдардағы құпия бөлім істері біріктірілген. Бұдан кейінгі тізімдемелерде хаттамалық бөлім істері мен құпия бөлім істеріне бөлек-бөлек тізімдемелер арналған. 1963–1978 жылдарға арналған 44/2 және 1979–1990 жылдарға арналған 83/1 нөмірлі тізімдеме хаттамалық бөлім істеріне арналған болса, 1963–1967 жылдарға арналған 36/1 тізімдемесі және 1968–1975 жылдарға арналған 44/1 тізімдемесі құпия бөлім істерін құрайды. Бұдан байқайтынымыз алғашқы 1937–1962 жылдарға арналған 1/1 тізімдемеге қарағанда кейінгі тізімдемелер «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің ішінде құжаттардың құпиялық деңгейінің әр түрлілігін есепке алып хаттамалық бөлім істері мен құпия бөлім істерін бір-бірінен ажыратып әр түрлі тізімдемелерге бөлген. Бұл сол кездегі партиялық іс жүргізушілер мен архив қызметкерлерінің арасындағы тізімдеменің архив ісіндегі маңызды қызметтерінің бірі классификациялау қызметін ұтымды пайдалана бастағанын аңғартады.



1 сурет – «Ерекше папкалар» істер санының динамикасы

Кестедегі істер санының динамикасының өсу ретімен (1-сурет) қарастырғанда 1937–1962 жылдар аралығында хаттамалық бөлім мен құпия бөлім істері бір тізімдемеге топтастырылып құпияландырылған, пайдалануға

шектеулер қойылған істер санының көп екендігі анықталады. 1963–1967 жж. мен 1968–1975 жж. құпия бөлім істері бөлек тізімдемеге шығарылып, істер саны кеміген, 1979–1990 жылдарда хаттамалық бөлім істер саны артқан.

Тізімдеме мұқабасында қор құрушы атауы, қор нөмірі, хронологиялық шеңбері және «ерекше папкалар» деген жазумен шектеліп қана тізімдеменің реттік нөмірі берілмеуі бұл тізімдеменің № 708 қордың басқа тізімдемелерінен бөлек сақталғандығын және зерттеушілерге берілмейтіндігінің тағы да бір айғағы болып табылады.

Бұрынғы партиялық архивтер тізімдемелерінің анықтамалық аппаратының құрамы әрдайым «Мемлекеттік архивтер жұмысының негізгі ережелеріне» сәйкес келмеді. Ережелердің талабы бойынша санатына қарамастан барлық қорлардың тізімдемелерінің анықтамалық аппаратының құрамында міндетті түрде титулдық парақ, мазмұны, алғы сөз, қысқартулар тізімі болуы керек деген талап партия архивтерінің тізімдемелерінде сақтала бермейтін [135].

Е.Л. Лаптева өз еңбегінде атап өткендей тізімдемелердің титулды парағын толтыруда жіберілген негізгі кемшіліктердің қатарына архив атауы мен тізімдеме атауының болмауы, тізімдемеге енген құжаттардың басталу және аяқталу мерзімдері көрсетілмеуі жатады [130].

«Ерекше папкалар» 1/1 тізімдемесінің титулды парағындағы архив атауының көрсетілмегендігін және «ерекше папкалардың» барлық дерлік тізімдемелерінде тізімдемеге енген істердің нақты бастапқы және соңғы даталары толық берілмей, жылдық өлшеммен ғана көрсетілгендігін мысал ретінде келтіруге болады. Титулды парақтан кейін тізімдеменің бөлімдері мен анықтамалық аппаратының мазмұны берілуі тиіс. Мазмұнында алғысөз, қысқартылған сөздер, тізімдемеге енген барлық бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары, көрсеткіштер, шифрларды аудару кестелері беріліп, әрбір атаудың тұсына тізімдеменің тиісті парақтар нөмірі жазылады. Бұл зерттеушіге тізімдемемен жұмыс жасағанда дұрыс бағдар алуына көмектеседі. Ал «ерекше папкалар» тізімдемелерінде алғысөз мүлде қарастырылмаған десек те болады. «Ерекше папкалар» тізімдемелерінің ешқайсысында алғысөз болмауын партиялық архивтерінің жұмыстарының ережелерінде «алғы сөздер тек архивтің бірегей және типтік емес тізімдемелер құрамына ғана жасалатындығы» туралы жазылғандығымен түсіндіруге болады [136]. Дегенмен, келешек ұрпақ зерттеушілері үшін аса маңызды ақпарат болып саналатын КОКП Орталық Комитетінің 1962 жылғы қараша айындағы Пленумының партиялық органдар мен ұйымдарды өндірістік принцип бойынша қайта құру шешіміне сәйкес Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің құрылымы қайта қаралды. Осы шешімге сәйкес «Орталық Комитет Президиумы» және «Өнеркәсіп және Құрылыс Бюросы», «Ауыл шаруашылығын басқару Бюросы» болып Орталық Комитет құрылымы өзгеріске ұшырады [137]. Ол осындай құрылыммен және атаумен 1966 жылға дейін жұмыс жасағандықтан «ерекше папкалардың» 1963–1967 жылдарға арналған 36/1 және 1963–1978 жылдарға арналған 44/2 тізімдемелерінің

алғысөзінде көрсетілгені дұрыс болар еді.

Сонымен бірге тізімдемедегі істер атауларында кездесетін сол кезеңдегі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қысқартылған атаулары да қысқартылған сөздерде толық түрде берілуі қажет. Ондай қысқартылған атауларға ВКП (б) (БК(б)П, ЦК КП Казахстана (Қазақстан КП ОК), КГБ (МҚК), САВО (ОАӨО), СУАР (ШҰАР), КСНХ (ҚХШК), КНР (ҚХР), Казвоенкомат (Қазақ Әскери комиссариат), Госплан (Мемлекеттік жоспарлау), совнархоз (халық шаруашылығы кеңесі), спецпоселенцы (арнайы жер аударылғандар) және т.б. атауларды жатқызуға болады.

Тізімдемелерде істер атауларының соңынан берілетін қорытынды жазбалар да мемлекеттік архивтер жұмысының негізгі ережелеріне сәйкес келмейді. 1/1 тізімдемеде қорытынды жазба қарастырылмаған, қалған тізімдемелерде толық емес болмаса да қорытынды жазба берілген. Онда тізімдемеде берілген істердің жалпы саны санмен және алғашқы – соңғы істердің нөмірі көрсетілмегенімен, тізімдемедегі істердің жалпы саны жазбаша түрде көрсетілген.

Сонымен бірге хаттамалық бөлімдегі істер атаулары істегі құжаттардың мазмұнын толықтай ашпайды, тек құжаттардың номиналды атауын ғана көрсетеді. Мысалы: «Постановления Бюро ЦК КП(б)К «Особая папка» (Қазақстан КП (б) ОК Бюросының қаулылары. Ерекше папка). Бұл атау істегі құжаттар мазмұнын ашпағандығымен қоса істегі құжаттар құрамын толық көрсетпейді. Бұл істердің ішінде «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросы» қаулыларымен бірге «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің» «Халық Комиссарлар Кеңесімен» біріккен отырыстарында қабылданған қаулылары және дайындық немесе ілеспе материалдар да бар екені көрсетілмей қалған. Дайындық немесе ілеспе материалдар тізімдер, анықтамалар, сұраныстар мен жауап хаттар, хабарлау жазбалары, арыздар, жеделхаттар, арнайы хабарламалар, қысқаша ақпараттар сияқты құжат түрлерінен құралады. Сондықтан істің атауын «Постановления Бюро ЦК КП (б) Казахстана и ЦК КП (б) Казахстана совместно с Совнаркомом Казахстана и подготовительные материалы к нему» (Қазақстан КП (б) ОК Бюросы мен Қазақстан КП (б) ОК-нің Қазақстан Халық Комиссариаты Кеңесімен бірлескен қаулылары және оларды дайындау материалдары) деп атау істегі құжаттар құрамын нақтылай түсер еді.

Ал 1/1 тізімдеменің құпия бөліміндегі және тек құпия бөлім істеріне арналған 36/1, 44/1-тізімдемелерде істер атаулары істегі құжаттар құрамы мен мазмұны жайлы толық мағлұмат береді. Мысалы: «Материалы о спецпоселенцах, расселенных на территории Казахской ССР» (Қазақ КСР аумағында орналастырылған арнаулы жер аударылғандар туралы материалдар), «Особая папка» (Ерекше папка), «Переписка с ЦК ВК(б)П партийных документах коммунистов, выезжающих за границу «Особая папка». (Шетелге шығатын коммунистердің партиялық құжаттары туралы БК(б)П ОК-мен хат алмасу. «Ерекше папка»). Сондай-ақ 44/1-тізімдемедегі істерде қарастырылған мәселелерді толық қамту мақсатымен құрастырылған

істердің атаулары көлемді болып келеді. Мысалы: «Постановления, справки, информации и др. материалы обкомов партии, Кзыл-Ординского горкома и Джувалинского райкома партии, Госплана, Министерства геологии Казахской ССР и его подразделения, Волховской экспедиции Министерства геологии СССР, Министерства автомобильных дорог, КГБ республики, комбината «Каззолото» о работе, проводимой среди немецкого населения, о развитии золотодобывающей промышленности, о строительстве станции переливания крови, о минерально-сырьевой базе и легирующих металлов, о месторождений «Коксай», о строительстве железной дороги от станции Жанатас до магистрали Джезказган-Жарык, о создании общества Отан, о восстановлении автодорог оборонного значения, по военно промышленным вопросам» (Облыстық партия комитеттерінің, Қызылорда қалалық комитетінің және Жуалы аудандық партия комитетінің, Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Қазақ КСР Геология министрлігінің және оның бөлімшесінің, Министрліктің Волхов экспедициясының, КСРО Геология министрлігі, Автомобиль жолдары министрлігі, республика МҚК, «Каззолото» зауыты жұмысы туралы, неміс халқы арасында жүргізілген алтын өндіру өнеркәсібінің дамуы туралы, қан кұю станциясының құрылысы туралы, минералдық-шикізат базасы және легириленген металдар туралы, Көксай кен орындары туралы, Жаңатас станциясынан темір жол салу туралы, Жезқазған-Жарық тас жолы, «Отан» қоғамын құру туралы, қорғаныстық маңызы бар жолдарды қалпына келтіру туралы, әскери-өнеркәсіптік мәселелер туралы қаулылары, анықтамалары, ақпараттары және басқа материалдар»).

Бұл 1974 жылғы 10 қаңтардан сол жылғы 19 желтоқсанға дейінгі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде қарастырылған мәселелердің бәрін бір іске енгізу арқылы қалыптастырылған істің атауы болып табылады.

Дегенмен бұрынғы партиялық архивтер жүйесінің ғылыми анықтамалық аппаратына тән өзіндік ерешеліктері болды. Ол архивтерде КОКП мен БЛКЖО-ның республикалық, өлкелік, облыстық, қалалық, аудандық, өндірістік комитеттерінің конференцияларында, пленумдарында, бюро отырыстарында қарастырылған сұрақтар тізбесі болды. «Сұрақтар тізбесі» бұрынғы партиялық архивтерде «тұйық» атаулы істердің мазмұнын ашуға және құжаттардағы мәліметтерді іздеуді жеделдетуге арналған болатын. «... партиялық архивтер жұмысының ережелеріне» сәйкес «сұрақтар тізбесі» іс жүргізу үдерісінде дайындалып істер және істер тізімдемелерімен бірге архивке тапсырылатын [130]. «Сұрақтар тізбесі» зерттеушілер мен архившілерге кеңінен қолданылады. Бірақ «ерекше папкалар» құжаттарында қарастырылған мәселелер «сұрақтар тізбесінде» тек шешімі «ерекше папкаларда» екендігі көрсетілумен шектелді. Сондықтан «сұрақтар тізбесі» «ерекше папкалар» құжаттарын зерттеушіге аса үлкен көмек көрсете алмайтын. Зерттеуші «сұрақтар тізбесінен» Бюро отырысында қандай мәселе қарастырылғанын да анықтай алмайды, тек сол Бюро отырысында қарастырылған бір мәселенің «ерекше папкалар» құжаттарында сақтаулы екендігінен ғана хабардар болатын. Кейбір жағдайда «сұрақтар тізбесінде» сол мәселені талқылауға

немесе қарастыруға ұсынушы органның атауы берілетін. Мысалы: «Вопросы НКВД» (ІХК мәселелері), «Вопросы Совнаркома» (Халық Комиссарлары Кеңесі мәселелері). Көп жағдайда тек «Решение. Особая папка» деген жазбамен шектелетін. Сондықтан «сұрақтар тізбесі» «ерекше папкалар» құжаттарынан ақпарат іздеген зерттеушіге аса үлкен көмекші бола алмайды.

Бірақ «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің бір ерекшелігі, ондағы әрбір істе ішкі тізімдеменің болуы. «... партиялық архивтердің жұмысы туралы ереже» бойынша құрамында құпия құжаттар бар істерге ішкі тізімдеме жасалады. Ол тізімдемеде істегі құжаттардың атауы, даталары, іс жүргізудегі шифры, істегі парақша нөмірі көрсетіледі. Ішкі тізімдеме Рим цифрларымен іс құжаттарынан бөлек нөмірленеді және істің бас жағына тігіледі [136].

Ішкі тізімдемеден әрбір құжаттың мазмұны туралы толық ақпарат алуға болады. Ішкі тізімдеме 8 бағаннан тұратын кесте ретінде жасалған. Бірінші бағанда құжаттың реттік нөмірі көрсетілсе, екінші бағанда қаулы немесе шешімнің қабылданған күні мен айы жазылған, ал жылы бесінші бағанда құжаттардың түрі мен авторын көрсететін жоғарғы жағында әр жылдың құжаттары басталатын тұсында көрсетілген. Кіріс нөмірлеріне арналған үшінші бағанда кіріс нөмірі берілмегендігін білдіретін сызықша белгісі қойылған. Одан кейінгі шығыс нөмірлеріне арналған төртінші бағанда шешім немесе қаулы қабылданған хаттама нөмірі және сол хаттаманың күн тәртібіндегі шешім немесе қаулының реттік нөмірі сызықша арқылы берілген. Мысалы: 5-43, мұндағы 5 саны хаттама нөмірі болса 43 саны шешім немесе қаулының күн тәртібіндегі реттік нөмірі болып табылады және оның тұсына сол мәселені күн тәртібіне енгізген бөлім, билік органы немесе сала басқармасының аты жазылады (Ходатайство Северо-Казахстанского облисполкома, О продсуде для Алма-Атинской области, О комиссии при СНК КазССР, Просьба колхозов Алма-Атинской области, Постановление ЦК ВКП (б) и СНК СССР от 21 августа Вопросы НКВД, Вопросы Совнаркома). (Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің қатынас хаты, «Алматы облысы бойынша азық-түлік соты туралы», «ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы комиссия туралы», «Алматы облысы колхоздарының өтініші», Бүкілодақтық Коммунистік партия (б) ОК мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 21 тамыздағы ІХК мәселелері туралы қаулысы, Халық Комиссарлар Кеңесінің мәселелері).

Бесінші бағанда құжатты дайындаған немесе құжатты жіберген органның атауы көрсетілген. Егер қаулы немесе шешім Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің отырысында қабылданған болса онда бұл бағанда «Постановление ЦК КП(б)К» (Қазақстан КП(б) ОК қаулысы), ал егерде қаулы немесе шешім Қазақстан Компартиясы ОК мен ХКК кеңесінің біріккен отырысында қабылданған болса бағанда «Постановление ЦК и СНК» (ОК және ХКК қаулысы) белгісі қойылды. Сонымен бірге бұл бағаннан Орталық Комитетке облыстық партия комитеттерінің атауын, Қазақ ССР ІХК-н, Қазақ ССР прокурорын және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті әскери бөлім меңгерушілерін, бірінші хатшының атына арыз жолдаушы партиялық

ұйымдардың хатшылары мен партия мүшелерін кездестіруге болады. Алтыншы бағанда құжаттың мазмұны қысқаша түрде беріледі. Жетінші бағанда құжаттың сақтау бірлігінде орналасқан парақтарының алғашқы және соңғы реттік нөмірі берілген. Ішкі тізімдеме Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ерекше секторының хаттамалық бөлімінің меңгерушісімен жеке қолтаңбасымен бекітілген (3-қосымша). Іс жүргізу барысында қалыптастырылған бұл тізімдемелердің хаттамалық бөлімдерінде тізімдеменің архив ісінде атқаратын ақпараттық, есепке алу және қор ішінде классификациялау қызметінің соңғы екеуін ғана толық қанағаттандыратындығын байқауға болады. Тізімдемелердің бөлек болуы «ерекше папка» құжаттарын басқа құжаттардан бөліп, олардың аса маңыздылығы мен аса құпиялығын айқындап тұрады. Ал істердегі құжаттардың хронологиялық шеңбері, парақтар саны және әрбір іске берілген реттік нөмір құжаттардың толыққанды есепке алынғандығын және реттік нөмірі арқылы кез келген істі жылдам тауып алуға болатынын байқаймыз.

Дегенмен, істер тізімдемесінің жоғарыдағы тәртіппен рәсімделуі архив құжаттарымен жұмыс істейтін зерттеушілерге біршама қолайсыздық туғызады. Тізімдемемен танысқан зерттеуші бірден өзіне қажетті ақпаратты таба алмайды. Оны табу үшін әрбір іске тапсырыс беріп, ішкі тізімдемеден ғана құжаттардың мазмұны туралы толық ақпарат ала алады. Бұл әрине өте көп уақытты талап етеді. Тек партия мүддесіне қызмет етуге арналған партиялық архивтердегі тізімдемелердің ішінде «белгілі бір топ өкілдеріне» ғана қол жетімді болған тізімдемелердің қатарына жататын «ерекше папкалар» тізімдемелеріне деген қоғамдық ұйымдар мен зерттеушілер тарапынан қызығушылығы арта түсуде. Сондықтан ғылыми-анықтамалық аппараттың басты элементтерінің бірі ретінде «ерекше папкалар» тізімдемелері әлі де жетілдіруді талап етеді.

1981 жылғы мамырда жасалған «Рабочая инструкция по УНТО ф.708 ЦК Компартии Казахстана, опись 2 за 1938 г.» (Қазақстан Компартиясы ОК № 708 архивтік қорының құжаттарын ғылыми-техникалық өңдеуді жетілдіру бойынша жұмыс нұсқаулығы, 1938 ж. 2 тізімдеме) деп аталатын құжатта «Примерная схема систематизации 1938 г.» (1938 ж. Жүйелеудің үлгі сызбасы) жүйесінің «Особый сектор» бөлімінде құжаттардың сұлбасы берілген. Олардың қатарында құжаттар хаттамалық бөлімде тақырыптық-мәселелік, атаулы және хронологиялық белгілері бойынша топтастырылады:

а) Қазақстан Компартиясы II съезін дайындау жөніндегі ұйымдастыру комиссиясының материалдары; Қазақстан Компартиясы II съезінің хаттамалары, Қазақстан Компартиясы II съезінің стенограммасы, съезд делегаттарының анкеталары, II съезге қатысты материалдар.

б) Қазақстан КП(б) ОК IV Пленумының хаттамасы; Қазақстан КП(б) ОК IV Пленумының стенограммасы.

в) Қазақстан КП(б) I Пленумының хаттамасы; Қазақстан КП(б) ОК I Пленумының стенограммасы.

г) Қазақстан К(б)П ОК бюросының хаттамалары, бюро хаттамаларының

материалдары.

д) Орталық Комитетте өткізілген салалық мәжілістердің стенограммалары.

Құпия бөлімдерде істер тақырыптық-мәселелік, атаулы және хронологиялық белгілері бойынша топтастырылады.

1986 жылы жасалған «Акт приема в архивохранилище Партийного архива Института истории партии при ЦК Коммунистической партии Казахстана документов фонда № 708 за 1938 г. После усовершенствования научно-технической обработки в партийном архиве» (Қазақстан Коммунистік партиясы ОК жанындағы Партия тарихы институтының Партия архиві архив қоймасына № 708 қордың 1938 жылғы құжаттарын қабылдау актісі) деп аталатын құжатта 1938 жылғы тізімдемелердің ғылыми-техникалық өңдеуді жетілдіру жұмыстарынан кейін өзгерістердің нәтижесінде № 708 қорда 1652 іс есепке алынды, олардың 4-і сипатталды, жаңадан құрастырылған тізімдемелерде № 2/1 – 1198 іс, № 2/2 (құпия бөлім) – 173 іс, № 2/3 (дербес істер) – 34 іс, № 2/4 (жеке істер) – 247 іс есепке алынып, қайта құрастырылып шықты.

1988 жылғы 20 желтоқсанда «Ерекше папкаға» құжаттарды беру туралы акт құрастырылып, Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтының директоры Н. Жағыпаров бекітті. Архивариус В. Сафронова мен қор сақтаушы Р. Куватова құрастырған бұл актіде 708 қордың 6-т. 2708 ісіндегі 2 парақтан тұратын құжат ғылыми-техникалық өңдеуді жетілдіру процесі барысында 708-қордың 1-т. ерекше папка, 5 ісіне, 437а, 437 б. Литерлі парақтарымен тіркелгендігі туралы көрсетеді [137]. Аталған жұмыстар құпиялылық режиміндегі құжаттар арқылы қалыптастырылған істердің тізімдемелері тұрақты түрде жетілдіріліп отырғандығы көрінеді.

«Ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талдау барысы № 708 қордың «қор ісінде» көрсетілген. Жыл сайын іс жүргізу уақыты біткен соң құрылымдық бөлімшелерден мерзімі біткен құжаттар ведомстволық архивтің қарауына өткізіледі. Ведомстволық архивке келіп түскен құжаттар номенклатура бойынша бастапқы сараптамадан өткен соң істерге қалыптастырылады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкалары» құжаттары тізімдемелері партия архивтерінің бекітілген жұмыс ережесіне сай құрастырылады.

«Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің № 708 архивтік қорының 1941 жылғы № 5 тізімдемесін ғылыми-техникалық өңдеуді жетілдіру жөніндегі жұмыс нұсқаулығы» [138] партия архивіндегі ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстарының негізгі бағыттарын айқындап берді. 1941 жылғы құжаттардың тізімдемесін жетілдіру жұмыстарын жүргізудегі кездесетін іс-әрекеттерді көрсетіп беретін әдістемелік құрал болып табылады. Құралда аталған жұмыстың мақсаты мен міндеттері, жүргізілу кезеңдері туралы баяндалады.

«Аса құнды және зерттеушілер жиі қолданатын № 708 архивтік қорының

істерін ғылыми-техникалық өңдеуді жетілдіру Орталық партия архивінің ұсыныстары және Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының Партия архиві секторының бес жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. № 5 тізімдемені қайта құрастырудың қажеттілігі істерді сипаттау мен жүйелеудің ғылыми принциптерінен ауытқушылықтардың кездесуінен туындады. Атап айтқанда:

- Көптеген істердің тақырыптары құжаттардың мазмұнын ашып көрсетпейді, әсіресе «құпия және аса құпия құжаттар» атаулары бар іс жүргізу тақырыптары айрықша орында тұр. Соғыс уақытындағы іс жүргізуде бұл әрине ақтап аларлық іс, бірақ қазіргі таңда Ұлы Отан соғысының кезеңіндегі құжаттарды ғылыми, идеологиялық және әскери-патриоттық мақсатта кеңінен пайдалануға деген қызығушылықтың артуына байланысты олардың мазмұнын барынша ашып көрсеткен тиімді;

- хаттамалық бөлім 1939 ж. Ерекше сектордың құрамында құрылымдық бөлімше болғанымен бөліп көрсетілмеген;

- Қазақстан К(б)П ОК аппаратының құрылымын анықтауда дәлдік сақталмаған, мысалы, 1941 жылы Қорғаныс өнеркәсібі, мал шаруашылығы бөлімі, сауда және қоғамдық тамақтану бөлімі әлі құрылмаған болатын;

- № 5 а қосымша тізімдемесінің болуына байланысты барлық салалық бөлімдер, жеке және дербес істердің істерін жүйелеудің қателіктері орын алған;

- құжаттардың ғылыми және тәжірибелік құндылығын сараптау бойынша басталған жұмыс соңына дейін аяқталмаған;

- 1984 жылғы басылымдардың құжаттардың жаңа тізбесінің талаптарын ескере отырып қалалық және аудандық партия комитеттерінің ақпараттық хаттамалары бөлініп алынуы керек.

Қазақстан К(б)П ОК істерін ғылыми-техникалық өңдеуді жетілдірудің мақсаты істердің сапасын және ақпараттылығын істердің тақырыптарында құжаттардың мазмұнын толық ашып көрсету және ғылыми-зерттеу және анықтамалық жұмыста кеңінен және жедел пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

Қайта өңдеу барысында төмендегі жұмыс түрлерін қамтитын болады: істердің орнында болуы мен жағдайын тексеру, құжаттардың құндылығын парақтап тексеру, істердің қорға және құрылымға тиісті екендігін нақтылау, тақырыптарды анықтау, редакциялау және біріздендіру; соңғы даталарын анықтау; пленум, конференция, басшы партия органдарының бюро отырыстарының хаттамаларының нөмірлерін анықтау; барлық белгілерін есепке ала отырып істерді жүйелеу; мұқабаларын рәсімдеу, нөмірлеуді ішін-ара тексеру; куәландыру парақтарының болуын тексеру, қажет болған жағдайда оларды құрастыру; көмескі тартқан мәтіндерді іздеп табу және есепке алу; микрофишаға түсірілетін істерді қайта қалыптастыру; карточкалар құрастыру; тізімдемелерді құрастыру; шифрлау және картондау, істерді жөндеу және тігу» [139].

Бұл тарауда ҚР Президенті Архивіндегі Ерекше сектор құжаттарымен

жұмыс жүргізу тәжірибесі талдауға алынды. Ерекше папкалардың қатарындағы құжаттарды қабылдау, өңдеу және есепке алу партия архивтерінің құжаттарымен жұмыс жүргізу ережелері негізінде жүргізілді. Партия архивтеріндегі ерекше сектор бағытындағы дереккөздерді ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстары жыл сайын жоспарға сәйкес жүзеге асырылды.

«Ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талдау көрсеткендей Қазақстан Республикасы Президенті Архивінде жалпы архив жұмыстарына қойылатын талаптардың барлығы дерлік сақталды. Бірақ тізімдеме соңындағы қорытынды жазбалар мемлекеттік архивтер жұмысының негізгі ережелеріне сәйкес келмейді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкалары» құжаттары тізімдемелері партия архивтерінің бекітілген жұмыс ережесіне сай құрастырылғандықтан мұндай айырмашылықтың болуы заңдылық.

Партия архивтерінің арнаулы жұмыс ережесі мен істерді қалыптастыру мен сақтаудың нұсқаулықтары негізінде архивтік жұмыстар жүзеге асырылып отырды. Ал «Ерекше папкалар» негізінен партия архивтеріне тән болғандықтан архивтік істерді қалыптастыруда партия архивтерінің негізгі жұмыс ережелері басшылыққа алынған. Сондықтан да есепке алу, сақтау және пайдалану барысында өзіндік ерекшеліктерге ие болды.

2.3 «Ерекше папкалар» құжаттар кешеніндегі істердің қалыптастырылу ерекшеліктері

Іс жүргізуде орындалған құжаттарды істер номенклатурасына сәйкес топтастыру арқылы іс қалыптастырылады, құжаттар іс ішінде белгілі бір тәртіппен орналастырылады және істің мұқабасы рәсімделеді. Істің мұқабасында ұйымның атауы, істің атауы, хронологиялық шегі, архивтік шифр жазылады. Іс белгілі бір сұрақ, мәселе, тақырып немесе қызмет аясы бойынша іріктелген құжаттар жиынтығы болып табылады. Істі қалыптастыруда хронологиялық, географиялық, номиналды, құрылымдық, корреспонденциялық белгілері пайдаланылады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «ерекше папкалары» құжаттары сан алуан мәселелерді қамтығандықтан істерін қалыптастыруда осы белгілердің бәрі пайдаланылған. Бірақ «... партиялық архивтердің жұмыс істеу ережелеріндегі» істі қалыптастырудың талаптары толық сақталған деп айта алмаймыз. Төменде сол ерекшеліктерді қарастырып өтеміз.

«Құжаттарды жүйелеу бірлігі болып қандай да бір белгісіне сәйкес біріктірілген, бір немесе бірнеше құжаттан тұратын іс болып табылады. Құжаттар әдетте бір ғана емес бірнеше белгісі бойынша топтастырылады. Құжаттарды топтастыруды негізгі белгілері болып саналатын хронологиялық және құрылымдық (жыл, бөлім, бөлімше) белгілерінен бастайды [134].

Маркс, Энгельс, Ленин институтының басқармасы 1940 жылы 23 маусымда бекіткен «КСРО-ның республикалық, өлкелік және облыстық

партиялық архивтеріндегі архивтік материалдарды жүйелеу» туралы нұсқаулықта істерді қалыптастырудың басқа да белгілерімен қатар істерді хронологиялық, құрылымдық, сұрақтық-тақырыптық, корреспонденциялық, географиялық және номиналды белгісі бойынша қалыптастыру мүмкіндігі қарастырылған [140].

Архившілердің пікірінше және қалыптасқан теориялық тұрғыдан алғанда істердің тақырыптық-сұрақтық белгісін ескермей, тек басқа белгілерімен қалыптастыру жаңсақ болып есептеледі. Б. Анфилов мекемелердегі іс жүргізуде тақырыптық-сұрақтық белгісін ескермей корреспонденциялық және географиялық белгілерімен істерді қалыптастыру тәжірибесін тоқтату керек. Сонымен бірге номиналды белгіні нақтылай түсетін тақырыптық-сұрақтық, географиялық корреспонденциялық белгілерінсіз абстрактілі түрде қолданудан аулақ болу керек деп көрсетеді [141].

Архившілер XX ғасырдың 20–30-жылдары істі қалыптастыруда құжат элементтерінің ұқсастықтарын пайдалануды іріктеп қарастыра отырып, тақырыптық-сұрақтық белгісін корреспонденциялық, географиялық және номиналды белгілерімен бірге пайдалану және істерді соңғы аталған белгілермен ғана қалыптастыруға жол бермеу қажеттілігін атап өткен [142].

Дегенмен істерді қалыптастыруда тақырыптық-сұрақтық белгіні құжат элементтерінің басқа белгілерімен бірге пайдалану мәселесі іс жүргізушілер мен архившілер арасында әр түрлі пікір туғызды. Алдына қойған мақсаттарының ерекшеліктеріне қарай істерді қалыптастыру іс жүргізуде корреспонденциялық немесе номиналды белгілері бойынша жеңіл болса, архившілерге тақырыптық-сұрақтық белгісі бойынша тиімді болды. Қазіргі уақытта да көптеген ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері істерді корреспонденциялық белгісі бойынша қалыптастырғанды жөн санайды, ал тақырыптық-сұрақтық белгісі бойынша архив мекемелерінің талаптарын қанағаттандыру мақсатында пайдаланады. Жеке тұлғалар мен зерттеушілерге қызмет көрсететін мемлекеттік архивтердегі архившілер үшін істер атауларының істегі құжаттар құрамы мен мазмұнын нақты ашатын атаулары бар, белгілі бір тақырыптық-сұрақтық немесе корреспонденциялық белгілеріне байланысты қалыптастырылған істер архивші пен зерттеушінің іздеу жұмыстарын едәуір жеңілдетері сөзсіз.

Бірақ республикадағы коммунистік партияның ең жоғарғы билік органы болып табылатын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің іс жүргізу үдерісінде пайда болған «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің істерін қалыптастыру барысында мемлекеттік архивтердегідей құжаттарды кеңінен пайдалану мақсаты емес, партия басшылығының жедел жұмыстағы сұраныстарын қанағаттандыруды мақсат етіп қойды.

«Ерекше папкалар» құжаттар кешенінің № 1/1 алғашқы тізімдемесіндегі хаттамалық бөлімінде істер номиналды-хронологиялық белгілері бойынша қалыптастырылған. Ал хаттамалық бөлім істеріне арналған 44/2, 83/1 тізімдемелерінде істер номиналды-хронологиялық белгілерімен қатар тақырыптық-сұрақтық, географиялық белгілері де пайдаланылған. № 1/1

тізімдемедегі хаттамалық бөлімдегі номиналдық-хронологиялық белгісі бойынша қалыптастырылған істердің атаулары біркелкілігімен ерекшеленеді. Ондағы істердің атауларында «құжаттың номиналдық атауы» – автор – «ерекше папка» грифі пайдаланылады. Мысалы: «Постановления бюро ЦК КП Казахстана «Особая папка»» деген атау 1953 жылдарға дейінгі істерге пайдаланылады. Ары қарай 1953–1955 жылдардағы істер атауларында автор ретінде «Секретариат ЦК КП Казахстана» және «Бюро и Секретариат ЦК КП Казахстана» атаулары пайдаланылады. Ал 1963 жылдан басталатын № 44/2 тізімдеменің 1963–1966 жылдарға арналған алғашқы төрт істің атауы өте қысқа «Решения. «Особая папка» деп қана берілген. Бұл істердің алғашқы үшеуі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жеке қаулылары және Министрлер Кеңесімен бірігіп қабылдаған қаулылары болса, 1966 жылға арналған істе бұл қаулыларға қоса Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Төралқасы отырысының стенограммасы берілген. Стенограмманың «ерекше папкалар» құжаттар кешеніндегі іске тігілуі осы жылға дейін орын алмаған оқиға. Сол кезеңде стенограммада анық көрсетілетін қаулыны қабылдау кезінде болатын пікір алмасу, сұрақ-жауап, талқылау барысын «ерекше папкалар» грифі жекелеген Президиум мүшелері үшін ғана қол жетімді режимде сақтап тұрса, қазіргі таңда зерттеушіге қаулының қабылдану барысы туралы егжей-тегжейлі ақпарат береді. Сондықтан істе стенограмманың бар екендігі туралы мәліметті істің атауына шығарған дұрыс болар еді. Бұл тізімдемедегі қалған 1967 жылдан 1978 жылға дейінгі істер «Постановления ЦК КП Казахстана и Совета Министров Казахской ССР – «Особая папка» атауымен сақтаулы. Істердің атаулары әр жылдары әр түрлі болғанымен бұл істер түгелдей дерлік хронологиялық тәртіппен орналасқан Қазақстан Компартиясының немесе оның Қазақ ССР Министрлер Кеңесімен бірге қабылдаған қаулылары мен оған тиісті ілеспе дайындық материалдарынан қалыптастырылған. № 4/2 хаттамалық бөлім тізімдемесінде тақырыптық-географиялық белгісі бойынша қалыптастырылған жалғыз іс 1967 жылы 13 маусымда Шымкент қаласында орын алған жаппай тәртіпсіздік туралы материалдар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросы қаулысы сақталған 6-іс болып табылады.

1979–1990-жылдарды қамтитын соңғы хаттамалық бөлім тізімдемесіндегі істердің көпшілігі бұған дейінгі хаттамалық бөлім тізімдемелеріндегідей құрылымдық-хронологиялық, тақырыптық-хронологиялық белгісімен қалыптастырылған. Тек бір айта кететін жайт мұнда істерді қалыптастырудың тақырыптық-хронологиялық белгісін пайдалана отырып қалыптастырылған істердің саны арта түскен. 23 істен тұратын тізімдеменің 9 ісі істерді қалыптастырудың тақырыптық-хронологиялық белгісі бойынша құрастырылған.

Ал 1/1 тізімдеменің құпия бөлім істері корреспонденциялық, тақырыптық-хронологиялық, хронологиялық-тақырыптық, номиналды-хронологиялық, хронологиялық-номиналды, географиялық белгілері бойынша қалыптастырылған. Құпия бөлім істері түгелдей ішкі тізімдемемен

қамтамасыз етілмеген. Кейбір істерде ішкі тізімдеменің орнына құжаттар мазмұны берілген. Мысалы: Корреспонденциялық-тақырыптық белгісі бойынша қалыптастырылған екі істің біреуі құжаттар мазмұнымен, ал екіншісі ішкі тізімдемен қамтамасыз етілген. 1/1 тізімдеменің «Переписка с ЦК ВКП (б) о партийных документах коммунистов, выезжающих за границу. «Особая папка» (Шетелге барған коммунистердің партиялық құжаттары туралы Бүкілодақтық коммунистік партияның большевиктер партиясы Орталық Комитетімен хат алмасу. Ерекше папка) атты 20-шы сақтау бірлігінде құжаттардың мазмұны болса, «Переписка с Госпланом Казахской ССР о перспективах развития народного хозяйства КССР по 1980 г. по цветной металлургии, том 2 (имеется внутренняя опись)» (Түсті металлургия бойынша 1980 жылғы КСР халық шаруашылығын дамыту перспективалары туралы Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен хат алмасу, 2 том (ішкі тізімдемесі бар)» атты 32-сақтау бірлігі ішкі тізімдемен қамтамасыз етілген және ол туралы істің атауында көрсетілген.

Кейбір сақтау бірліктерінде ішкі тізімдеме де, құжаттар мазмұны да қарастырылмаған. Құжаттар мазмұнында ішкі тізімдемедегідей құжат туралы толық ақпарат емес, тек құжаттың атауы мен орналасқан беттері ғана көрсетіледі. Бұл бөлімде істердің басым көпшілігі істерді қалыптастырудың тақырыптық, корреспонденциялық, географиялық белгілері бойынша қалыптастырылуы ішкі тізімдемені немесе мазмұнын қажет етпейді. Мұндай істердің атауы істегі құжаттардың құрамын нақты көрсетіп тұрады. Мысалы: 1/1 тізімдеменің құпия бөліміндегі «Документы (протоколы, стенограмма, справки, докладные и объяснительные записки, заявления) секретарей Усть-Каменогорского горкома КП Казахстана и Павлодарского обкома КП Казахстана в комитет партии Восточно-Казахстанской области о недостойном поведении директора Усть-Каменогорской ГЭС Г.М. Маленкова» (Қазақстан КП ОК Өскемен қалалық комитеті мен Қазақстан КП Павлодар облыстық комитеті хатшыларының Өскемен ГЭС директоры Г.М. Маленковтың келеңсіз тәртібі туралы құжаттары (хаттамалар, стенограмма, анықтамалар, баяндау және түсініктеме жазбалар, өтініштер) атты 29а сақтау бірлігінде ішкі тізімдеме немесе мазмұны жоқ. Мұның себебі бұл сақтау бірлігіндегі құжаттар, нөмірі көрсетіп тұрғандай 29-шы сақтау бірлігінен құпиясыздандыру кезінде бөліп алынып, 29а литерлі нөмірмен жеке сақтау бірлігін қалыптастырған. Қалыптастырушылар ішкі тізімдеме немесе құжаттар мазмұнын жасауды қажетсіз деп тапқан.

Осы тізімдемеде тақырыптық-хронологиялық белгісімен қалыптастырылған тағы бір істің атауына тоқтала кетсек, мұндағы құжаттар мазмұны істің атауында жақшаның ішінде толығырақ ашылып жазылған: «Материалы по выполнению решения Совета Министров СССР от 26 марта 1949 года (Отбор кадров в Советскую Военную Администрацию Германии) «Особая папка» (КСРО Министрлер Кеңесінің 1949 жылғы 26 наурыздағы шешімін орындау жөніндегі материалдар (Германияның Кеңестік Әскери Әкімшілігіне мамандарды іріктеу. «Ерекше папка»). Сонымен бірге сақтау бірлігінің

атауында құжат мазмұнындағы хронологиялық дерек пайдаланылған. Мемлекеттік архивтердің жұмыс жасау ережелерінде істің атауы түсінікті болуы үшін істегі құжаттардың мазмұны белгілі бір датадағы оқиғаларға қатысты болған жағдайда сақтау бірлігінің атауына хронологиялық деректер енгізілуі мүмкін [136]. Ал партиялық архивтердің жұмыс жасау ережелерінде бұған қосымша сақтау бірлігі атауында аса маңызды құжаттар қарастырылғанда құжаттардағы хронологиялық деректерді пайдалану мүмкіндігі қарастырылған [135]. Партиялық іс жүргізуде КСРО Министрлер Кеңесі мен КОКП ОК – нің аса маңызды қаулыларының орындалуы туралы құжаттар көптеп кездеседі. Сондықтан партиялық архив қорларындағы жекелеген сақтау бірліктерінің осы қаулылардың орындалу барысына қатысты құжаттардан құрастырылуы ғажап емес.

Ал кейінгі жылдары 1963–1967 жылдарға және 1968–1975 жылдарға арналған 36/1 және 44/1 құпия бөлім тізімдемелерінде сақтау бірліктері құрылымдық-хронологиялық белгілері бойынша қалыптастырылған. Белгілі бір жылға арналған сақтау бірлігіне сол жылы «ерекше папкаларға» түскен барлық құжаттар топтастырылып, атауында сол құжаттардың номиналдық атауы және қарастырылған мәселелер тақырыптары толық келтірілген. Мысалы: «Справки, информации и другие материалы ЦК Компартии Казахстана, обкомов партии, министерств геологии, цветной металлургии, автомобильного транспорта, управления статистического, химической промышленности, снабжения и сбыта нефти республики, НИИ экономики при Госплане Казахской ССР, Восточного пограничного округа, Главного контролера районной контрольной группы Министерства финансов СССР, предприятий почтовый ящик о развитии сырьевой базы и строительства горно-обогатительных и химического комбинатов, о развитии и размещении производительных сил республики, о состоянии производства и извлечения драгоценных металлов, о мобилизационных и военно-промышленных вопросах». («Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, облыстық партия комитеттерінің, геология, түсті металлургия, автомобиль көлігі министрліктерінің, статистика, химия өнеркәсібі, республиканың мұнайды жеткізу және өткізу департаменттерінің, Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы Экономика ғылыми-зерттеу институты, Шығыс шекара округі, КСРО Қаржы министрлігі аймақтық бақылау топтарының бас инспекторы, кәсіпорындардың шикізат базасын дамыту жөніндегі пошта жәшігі мен тау-кен байыту және химия комбинаттарын салу, республиканың өндіргіш күштерін дамыту және орналастыру туралы, асыл металдарды өндіру мен өндірудің жай-күйі туралы, жұмылдыру және әскери-өнеркәсіптік мәселелер туралы куәліктері, ақпараттық және басқа материалдары»)

Бұл сақтау бірлігінің атауынан көріп отырғанымыздай басында аса маңызды құжаттардың номиналдық атауы көрсетіліп, ал басқалары жалпылама түрде «және басқалары» деп алынады. Құжаттардың номиналдық атауынан кейін құжаттар мазмұнындағы қарастырылған мәселелердің бәрі бірінен соң бірі тізбектеле беріледі. Бұл сақтау бірлігінде Қазақстан

Компартиясы ОК-нің құжаттарымен қоса облыстық комитеттердің, министрліктердің де құжаттары бар. Құжаттар мазмұны халық шаруашылығы саласындағы экономика, геология, металлургия, әскери, мобилизациялық сияқты алуан түрлі мәселелерді қамтыған.

Егер сақтау бірлігі дұрыс қалыптастырылмаған жағдайда және сақтау бірлігінің мазмұнын оның тақырыбында нақты көрсете алмаған орайда, архивтің бастығының рұқсатымен оны дербес жеке сақтау бірліктеріне бөлшектеп қайта қалыптастыруға рұқсат етіледі. [143].

«Ерекше папкалар» сақтау бірліктерінің хронологиялық шектері олардың қалыптасу тәртібі сияқты хаттамалық бөлім мен құпия бөлімде әр түрлілігімен ерекшеленеді. Хаттамалық бөлімде сақтау бірліктерінің хронологиялық шегі бір жылды қамтиды. Тек «ерекше папкалардың» ең алғашқы сақтау бірлігінің хронологиялық шегі 1937–1940 жылдарды қамтиды. Сақтау бірлігінің ішкі тізімдемесінде әр жыл құжаттарының басында жыл атауы көрсетілген.

Ал 1941, 1942 жылғы қаулылар мен шешімдері 4 сақтау бірлігіне топтастырылып 1/1 тізімдеменің 2, 3, 4, 5-ші сақтау бірліктерін құрайды. Сақтау бірліктерінің атаулары мен құжаттар құрамы бірдей болғанымен томға бөлінбеген, әр жылға екі сақтау бірлігіне екі архивтік нөмір берілген. Хаттамалық бөлімдегі басқа сақтау бірліктерінің хронологиялық шегі бір жылды құрайды.

Ал құпия бөлім сақтау бірліктерінің хронологиялық шегі бірнеше айдан бірнеше жылға дейінгі уақытты қамтиды. Мысалы: 1/1 тізімдеменің № 35 «Докладные записки, письма Казахского СНХ, Алма-Атинского совнархоза, Госплана СССР, Министерства автотранспорта, обкомов КП Казахстана, о выполнении решений партии и правительства по вопросам мобилизационной готовности и др. материалы. (Имеется внутренняя опись), том 1» («Партия мен үкімет шешімдерінің орындалу барысы туралы Қазақ халық шаруашылығы кеңесінің, Алматы шаруашылық кеңесінің, КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Автомобиль көлігі министрлігінің, Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттерінің есептері, хаттары, жұмылдыру дайындығы мәселелері бойынша және басқа да материалдар. (Ішкі тізімдемесі бар), 1 том) атты сақтау бірлігінің хронологиялық шегі 1962 жылғы 3-қаңтардан осы жылдың 1-наурызына дейінгі үш айға жуық аралықты қамтыса, осы тізімдеменің «Переписка с ЦК ВКП(б) о партийных документах коммунистов, выезжающих за границу. «ОСОБАЯ ПАПКА» («Шетелге барған коммунистердің партиялық құжаттары туралы ВЦСПС-пен хат алмасу. «Ерекше папка») атты 20-сақтау бірлігіндегі құжаттардың хронологиялық шеңбері 1942 жылдың 4 сәуірінен бастап 1948 жылдың 16 мамырына дейінгі уақыт аралығын қамтиды.

Бұл тізімдемеде бір жылғы құжаттардан мазмұнындағы өзгешеліктеріне байланысты әр түрлі сақтау бірлігіне топтастырылған сақтау бірліктері де кездеседі. Мысалы:

27-істің тақырыбы: Постановления ЦК КП Казахстана «Особая папка», 27.01.1962 –14.12.1962, 176 листов. (Қазақстан КП ОК қаулылары. «Ерекше

папка». 27 қаңтар 1962 ж. – 14 желтоқсан 1962 ж. 176 парақ). 35-істің тақырыбы: Докладные записки, письма Казахского СНХ, Алма-Атинского совнархоза, Госплана СССР, Министерства автотранспорта, обкомов КП Казахстана, о выполнении решений партии и правительства по вопросам мобилизационной готовности и др. материалы. (Имеется внутренняя опись), том 1, 03.01.1962 – 01.03.1962, 223 листов. (Қазақ ХШК, Алматы кеңшар кеңесі, КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Автокөлік министрлігі, Қазақстан КП облыстық комитеттерінің партия мен үкіметтің мобилизациялық дайындық және т.б. мәселелер бойынша баяндау жазбалары, хаттары және т.б. материалдары. Ішкі тізімдемесі бар. 1-том. 3 қаңтар 1962 ж. – 1 наурыз 1962 ж. 223 парақ). 39-істің тақырыбы «Материалы «Особая папка» за 1962 г., (Имеется внутренняя опись) 10.03.1962 – 21.04.1962, 240 листов. (1962 жылғы «Ерекше папка» материалдары. (Ішкі тізімдеме бар). 10 наурыз 1962 ж. – 21 сәуір 1962 ж. 240 парақ)».

Бұлар құжаттар мазмұны бойынша жеке-жеке сақтау бірліктеріне топтастырылған 1/1 тізімдеменің сақтау бірліктері. Ал соңғы жылдарға тиесілі 36/1 және 44/1 тізімдемелерде мұндай құжаттардың бәрі бір сақтау бірлігіне топтастырылады. Мысалы:

«Постановления, справки, информации и др. материалы обкомов партии, Кызыл-Ординского горкома и Джувалинского райкома партии, Госплана Министерства геологии Казахской ССР и его подразделения, Волховской экспедиции Министерства геологии СССР, Министерства автомобильных дорог, КГБ республики, комбината «Каззолото» о работе проводимой среди немецкого населения, о развитии золотодобывающей промышленности, о строительстве станции переливания крови, о минерально–сырьевой базе редких и легирующих металлов, о месторождений «Коксай», о строительстве железной дороги от станции Жанатас до магистрали Джезказган-Жарык, о создании общества «Отан», о восстановлении автодорог оборонного значения, по военно–промышленным вопросам.» Осылайша «ерекше папкалардың» 36/1, 44/1 тізімдемелерінің құпия бөлімдерінде әр жылға арналған сақтау бірлігінде сол жылы Қазақстан Компартиясы ОК-нің бюросында қарастырылған құпия бөлімге тиесілі құжаттар хронологиялық тіртіппен орналастырылған. Бұлайша құрылымдық-хронологиялық принципімен сақтау бірліктерін қалыптастыру хаттамалық бөлім істеріне тән, онда әрбір жылға тиесілі құжаттарды хронологиялық тәртіппен бір немесе парақтар саны көбейіп кеткен жағдайда бірнеше сақтау бірлігіне бөліп топтастыру тәсілі қолданылған.

Хаттамалық бөлім тізімдемесінің сақтау бірліктерінде Қазақстан Компартиясы ОК-нің қаулылары немесе сауалнама арқылы қабылданған шешімдер хронологиялық тәртіппен орналастырылып әр қаулыға қатысты дайындық материалдар сол қаулыдан кейін орналастырылған. Дайындық материалдарының құрамында хаттар, жеделхаттар, арыздар, есептеулер, шығындар сметасы, жоспар, штаттық кесте, тізімдер, резолюция, арнайы байланыс құралдарын тексеру материалдары бар. Қаулы немесе шешімнен

кейін бұл құжаттар да хронологиялық тәртіппен орналастырылған.

Сақтау бірліктерін рәсімдеу кезінде де партиялық архивтердің жұмыс істеу ережелерінде бекітілген нормалардан ауытқу байқалады. Бекітілген норма бойынша сақтау бірліктерін қалыптастырғанда парақтар саны 200 ден аспау керек. Ал «ерекше папкалар» сақтау бірліктерінде бұл көрсеткіш сақталмаған. Бұл әсіресе хаттамалық бөлім сақтау бірліктерінде байқалады. Ондағы 1937–1940 жылдарға арналған № 1 сақтау бірлігінде парақтар саны 358 болса, 1945 жылға арналған № 8 сақтау бірлігінде парақтар саны 378. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы «ерекше папкалар» құжаттарында қарастырылған мәселелердің көлемділігіне байланысты бір жылға арналған сақтау бірліктеріндегі парақтар саны 200-ден асып кетіп отырған. Сол себепті 1941, 1942 жылғы сақтау бірліктері 2-ге бөлініп әр жылға екі сақтау бірлігінен келеді. Соның өзінде бұл сақтау бірліктерінің парақтар саны нормадан асып 368, 294, 297 параққа дейін жетеді. Ал бейбіт жылдардағы мұндай сақтау бірлігіне 1952 жылға арналған №15 сақтау бірлігін жатқызуға болады. Бұл сақтау бірлігіндегі парақтар саны 254-ке жетеді. «Ерекше папка» сақтау бірліктерін қалыптастырушы әрбір жылға бір сақтау бірлігін арнауға тырысқан, тек өте қалың болып тігуге келмей қалатындарын ғана екіге бөліп отырған. Өйткені № 1 сақтау бірлігінен басқа кейбір жылдардағы сақтау бірліктерінде парақтар саны аз болғанына қарамастан әр жылдың құжаттары бөлек-бөлек сақтау бірлігіне қалыптастырылған. Мысалы: 1948 жылға арналған №11 сақтау бірлігінде парақтар саны 67 болса, 1949 жылға арналған № 12 сақтау бірлігінде парақтар саны 107-ні құрайды. Әрине бұл сақтау бірліктері біріктірілген жағдайда да парақтар саны 200 ден аса қоймайтын еді.

Сақтау бірліктерінде құжаттар ішкі тізімдемеден кейін орналастырылып, оң жақтағы жоғарғы бұрышына араб цифрларымен графитті карандашпен нөмірленген. Кейбір сақтау бірліктерінде нумератормен қойылған нөмірлер үстінен графитті қарындашпен көлденең екі сызықпен сызылып, жанына жаңа нөмір жазылған. Нумератормен қойылған нөмірлер ретінде ауытқу сәттерін аңғаруға болады. Бұдан сақтау бірліктерінің бірнеше рет қайта жасақталғанын аңғаруға болады.

Партиялық архивтердің жұмыс істеу ережелері бойынша ішкі тізімдемелер құжаттардан бөлек рим цифрларымен нөмірленуі тиіс болатын [135]. Дегенмен «ерекше папкалар» сақтау бірліктеріндегі ішкі тізімдемелер нөмірленбеген.

Сақтау бірлігі мұқабасында қор құрушының қабылданған ресми атауы толық және жақшаның ішінде қысқартылған түрде жазылуы керек [135]. Алайда «ерекше папкалардың» хаттамалық бөлім істерінде қор құрушының атауы толық берілмей тек ресми қысқартылған атауы ғана берілген. Ал құпия бөлім істерінің мұқабасы партиялық архивтердің жұмыс істеу ережелеріне сай рәсімделген.

Осылайша Қазақстан Компартиясы ОК-нің «аса маңызды және құпия» шешімдері сақтаулы «ерекше папкалар» сақтау бірліктерін қалыптастыруда «мемлекеттік архивтердің жұмыс істеу ережелері» ғана емес «партиялық

архивтердің жұмыс істеу ережелері» нормалары көпшілік жағдайда сақталмаған. «Партиялық архивтердің жұмыс істеу ережелерінің» партиялық құжаттарды пайдалану туралы бөлімінде ғана «ерекше папкалар» құжаттары зерттеушілерге берілмейтіндігі туралы ғана ескертілуінің өзі бұл құжаттардың тек партия басшылығының сұранысын қанағаттандыруға арналғанын аңғартады. Сондықтан бұл құжаттарды жүйелеуде, топтастыруда және қалыптастыруда тек осы принцип басшылыққа алынған. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда партиялық құжаттардың Ұлттық архив қорына өтіп, партиялық архивтердің мемлекеттік архивтермен интеграциялануы кезінде архившілер сол кездегі партиялық іс жүргізу ерекшелігінің куәсі ретінде бұл құжаттар кешенін сол қалпында қалдыруды жөн көрген болуы керек.

Партия архивтерінің және КОКП Архив қорының Мемлекеттік Архив қызметінің саласынан автономды түрде өмір сүргеніне қарамастан ғылыми-анықтамалық аппаратын құрастырудан тыс қалмады. Бұрынғы партия архивтерінің құрамында архивтік анықтамалықтардың кейбір типтері мен түрлері болғанымен, олардың арасында өзара байланыс пен өзара толықтырушылық болмады.

Қарастырылып отырған кезеңде жүйенің жабық болуы себепті архивтердің қорларының құрамы мен мазмұны туралы анықтамалық-ақпараттық басылымдардың қатарындағы жөнсілтерлер мен қысқаша анықтамалықтар дайындалмаған [144].

Партия архивінің қорларының қалыптастырылуындағы талаптар мемлекеттік архивтердің жұмысына қойылатын талаптардан өзгеше ретте жүргізілді. Істерді қалыптастыру мен тізімдемелер құрастыру барысында ғылыми-анықтамалық аппаратты құру жұмыстары да өзгешелікпен жүзеге асырылды. Ақпараттық іздестіру жұмыстарын жүргізуде бұл белгілі бір қиындықтар тудырды. Партия архивіндегі құжаттармен жұмыс жүргізуге зерттеушілер келген жағдайда, архив қызметкерлері өздері тақырыптар бойынша іздеп тауып беретін. Мемлекеттік архивтерге ғылыми қоғам түгелімен еш шектеусіз келе беретін. Ал партия архивтерінде жұмыс істеу үшін Коммунистік партия мүшесі болуы және Орталық, облыстық партия комитеттерінің арнайы рұқсатымен ғана жұмыс істеуге жіберілетін. Бұл өз кезегінде партия архивтерінің құжаттарының шектеулі түрде пайдаланылып, зерттеушілер тарапынан тыс қалуына әкеліп соқтыруда.

Іс жүргізу барысында қалыптастырылған құжаттарды істер номенклатурасына сәйкес топтастыру арқылы іс қалыптастырылды. Құжаттар іс ішінде белгілі бір тәртіппен орналастырылады және істің мұқабасы рәсімделді. Істің мұқабасында ұйымның атауы, істің атауы, хронологиялық шегі, архивтік шифр жазылды. Іс белгілі бір сұрақ, мәселе, тақырып немесе қызмет аясы бойынша іріктелген құжаттар жиынтығы. Істі қалыптастыруда хронологиялық, географиялық, номиналды, құрылымдық, корреспонденциялық белгілері пайдаланылды. Істерді іздеп табу жүйесі сақталды.

«Ерекше папкалар» құжаттар кешеніндегі істердің қалыптастырылуы

барысында партия архивтерінің істерінің қалыптастыру ережелері толық сақталмағандығы оның басты ерекшеліктері болып табылады. Жоғарыда атап өткеніміздей тек партия басшылығының сұранысын қанағаттандыруға арналған партиялық құжаттардың істерге қалыптастырылуы мемлекеттік архивтердегі істерді қалыптастыру ережесінен өзгешелігі болғандығы сарапқа салынды.

3 ТАРАУ. XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «Ерекше папкалардың» ақпараттық құндылығы

3.1 «Ерекше папкалардың» құжаттарының тарихи дерек ретінде құндылығы

Отандық деректануда КОКП мен қоғамдық ұйымдардың құжаттары дәстүрлі түрде дербес дереккөз массивтері ретінде қарастырылып олардың түрлеріне емес, шығу тегіне баса назар аударылды. Сонымен бірге, оларға оқулықтардың автономды бөлімдерін бере отырып, авторлар тарихи дереккөздерді түрлерге бөлудің негізгі жіктеу принципін бұзды. КОКП құжаттарын сипаттауға арналған кең тараулар партияның ел тарихындағы жетекші ролін көрсетуге бағытталған болатын. Бұл көзқарас КОКП билеуші партия болған кеңес мемлекетіндегі идеологиялық ұстанымдарға да, нақты жағдайға да сәйкес келетінін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, қазіргі классификациялық ұстанымдар контекстіндегі дереккөздік талдаулар көрсеткендей, КОКП мен кеңестік кезеңдегі кәсіптік, қоғамдық, шығармашылық және басқа да ұйымдардың қызметі нәтижесінде түзілген құжаттық материалдардың көпшілігі дереккөздік сапалары бойынша іс жүргізу құжаттарынан тұрады [126].

Кеңестік деректануда КОКП құжаттарын бөлек дереккөз түрі ретінде қарастыру дәстүрге айналғанымен, бұл құжаттар партиялық құжаттарға тән белгілерімен ерекшеленбейді. КОКП-ның бағдарлама, жарғы сияқты құжаттарынан басқалары, дереккөздік сипаттамаларына сәйкес саяси, кәсіби, қоғамдық ұйымдардың құжаттары сияқты іс - жүргізу құжаттарына ұқсайды. Сондықтан оларды жіктеуде іс жүргізу құжаттарына қолданылатын тәсілдерді пайдалануға болады.

1993 жылы Мәскеуде болған Ресейлік деректанудың дамуы туралы конференциядағы КОКП құжаттарын жіктеу мәселесін талқылау барысында А.К. Соколов «В.И. Ленин және КОКП құжаттары» деген бөлімнің орнына «саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың» және «саяси көсемдердің құжаттары» деген атауды пайдалануды ұсынды.

Тарихи-партиялық деректану мамандары М.Н. Черноморский мен М.А. Варшавчик КОКП құжаттарын партиялық органдар мен ұйымдардың бағыныштылығы мен иерархиясына байланысты үш топқа бөлді: 1) партиялық съездер мен конференциялардың материалдары; 2) партияның орталық басқару органдарының құжаттары; 3) жергілікті жерлердегі партия органдары мен ұйымдарының құжаттары; Бұл тәсіл партия қызметінің негізгі бағыттарын бейнелеуге мүмкіндік береді.

Жергілікті жерлердегі партия органдары мен ұйымдарының құжаттары формасы мен мазмұнына байланысты сан алуан болып келеді. Бұл ұйымдардың масштабы мен КОКП-дағы орнына байланысты әр түрлілігіне байланысты (одақтас республикалар компартиялары, аса ірі облыстық және өлкелік ұйымдар, әр түрлі майда және ірі мекемелер мен кәсіпорындардағы

алғашқы партиялық ұйымдар). Сонымен бірге құжаттардың сан алуандығы партиялық ұйымдар қызметінің кең ауқымдылығымен түсіндіруге болады. Жергілікті жерлердегі партия органдары мен ұйымдарының құжаттары массивінен мынадай дәстүрлі іс жүргізу құжаттарын бөліп көрсетуге болады: хаттамалар кешені (жергілікті съездер, пленумдар мен конференциялардан бастап мекемелер мен кәсіпорындардағы партиялық ұйымдар жиналысының); ақпараттық материалдар (анықтамалар, баяндамалық жазбалар, партиялық ағарту, үгіттеу, насихаттау туралы тақырыптық шолулар, ғылым, мәдениет, білім беру мекемелерінің жұмысы туралы); хат алмасу (партиялық, кеңестік, шаруашылық және қоғамдық ұйымдармен, тексеріс нәтижелері, азаматтардың арыздары мен оған қосымша материалдар) [126].

Кеңестік мемлекеттік іс жүргізу мәселелерінің жан жақты қарастырылғанына қарамастан партиялық органдарының қызметін құжаттандыру және құжаттармен жұмысты ұйымдастыру мәселелері отандық құжаттануда жеткілікті көрініс таппады. Бұл кеңес дәуіріндегі партиялық құжаттамаға қол жетімділіктің шектеулерімен байланысты.

КОКП құжаттары өзінің шығу тегіне байланысты мынадай тарихи дереккөз түрлерін құрайды: іс қағаздарын жүргізу, заңнамалық, статистикалық, мерзімді баспасөз, партия көсемдері мен басшыларының туындылары. Аталған мәселелерді зерттеу саяси және құқықтық институттардың құрылымы мен механизмдерін, сайып келгенде, құжаттың билік құралдарының жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді [123].

М.А. Варшавчиктің пайымдауынша: «Құжат дерек ретінде Коммунистік партияның пайда болуы мен дамуының әртүрлі кырларына, оның идеологиялық, саяси және ұйымдастырушылық қызметіне байланысты тарихи мәліметтерді материалдық жинақтаушы, сақтаушы» - болып табылады [145].

Деректанушы ғалым О.М. Медушевскаяның пайымдауынша: «Деректану теориясы үшін принципті сәттің бірі тарихи деректі адамдардың мақсатты іс-әрекетінің жемісі ретінде қарап, тарихи деректің табиғатын ашу және оның объективті қасиеттері мен қалыптасу заңдылықтарын зерттеу. Адамдардың мақсатты іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болған деректерді талдау, пайда болу себептерін ашу – олардың тарихи процестер барысында атқарған әлеуметтік функцияларын айқындау арқылы ғана мүмкін болады. Әлеуметтік процестердің даму барысында пайда болып, кейіннен тарихи зертеу объектісіне айналған деректер, өз бойында тарихи процесс ретіндегі методологиялық бірлік пен ғылыми-тарихи нанымды біріктіреді [146].

Құжаттардағы ақпаратты тарихи дерек ретінде тиімді пайдалану мақсатында сыныптау жүргізіледі. Белгілі бір тақырып бойынша деректерді толық анықтап, оларды ғылыми зерттеу әдістерін белгіліу қажеттілігі барлық тарихи материалдарды түрлерге жіктеуді ғана емес, сонымен бірге барлық тарихи дереккөздерді одан әрі жеке тектерге, түрлерге және топтарға бөлуді қажет етеді. Көптеген деректанушылар деректерді түрлерге бөлуді тиімді санайды. Түр деп шығу тегі, мазмұны мен мақсаты бірлігінен туындайтын, дереккөздің ішкі формасының (құрылымының) ұқсастығымен сипатталатын

тарихи қалыптасқан дереккөздер жиынтығы түсініледі. Деректерді түрге бөлуде оның ішкі формасын, құрылымын негізгі белгісі ретінде басшылыққа алу, әр түрге қолданылатын деректанулық сын әдістерін таңдауда қолайлылық туғызады. Барлық құбылыстарға тән тарихи деректердің мазмұны да өзіне тән формаға ие болып, белгілі бір құрылымы болады. Сәйкесінше, жазбаша деректерді түрлерге бөлуде деректің ішкі формасын, құрылымын ескермеуге болмайды [147]. Деректерді сыныптау арқылы олардың типтерін, түрлерін, ақпараттық құндылығын анықтау жүзеге асырылады.

Деректерді топтастыру, жүйелеу, және жіктеу деректер арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтар мен байланыстар, аутентивтілігін, шынайылық деңгейін анықтау сияқты деректанушылық мәселелер кешенін қарастыруда маңызды роль атқарады. Сондықтан дереккөздерді сыныптау маңызды методологиялық мәселе бола отырып, тарих және деректануда деректердің пайда болу заңдылықтарын, деректердің байланыстарын, белгілі бір тақырыптың деректемелік базасының құрылымын анықтауда тәжірибелік мәнге ие. Деректерді талдау әдістерін таңдау да сыныптау жүйесінің мақсаттылығы мен анықтығына байланысты [148].

Ғылыми еңбектерінде тарихи деректерді сыныптау мәселесіне арнайы тоқталған ғалымдар арасынан Э Бернгейм, М.А. Варшавчик, Н.Н. Маслов, В.В. Степанов, В.П. Данилов, С.Л. Якубовская, С.М. Каштанова, А.А. Курносова, М.П. Губенко, Б.Г. Литвак, О.М. Медушевская, М.С. Селезнев, В.В. Фарсобин, В.И. Буганов, Л.Н. Пушкарев сияқты авторларды атап өтуге болады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген неміс тарихшысы Э. Бернгейм деректерді сыныптау шартын «фактіге жақындық дәрежесіне қарай» тарихи дәстүрлер мен тарихи қалдықтарға бөліп қарастырды. Автор тарихи дәстүр деп қандай да болмасын бір фактінің деректе көрініс табуын, яғни дәстүр сол фактінің куәгерге немесе басқаға әсер ету нәтижесін қарастырса, ал тарихи қалдық деп адамдар қызметінің қалдығын, тарихи фактілердің тікелей куәгерлерін айтады. Э. Бернгеймнің пайымдауы бойынша «қалдықтар» оқиғаның бір бөлігі ретінде шын мәніндегі тікелей нәтиже мен оқиға туралы субъективті әсер алу нәтижесінде бұрмаланбаған мәлімет береді [120]. Сонымен қатар, автор, қалдықтардың түрлері көптігіне тоқталып, соның ішінде құжаттардың ақпаратты өзгеріссіз беретіндігін айтады [120]. Қалдық субъектінің күнделікті тұрмыс түршілігінде қолдануға арналған, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыруға арналмаған жәдігерлері.

Ал кеңес дәуіріндегі деректанушы ғалым М.А. Варшавчик «тарихи қалдық» – деп, бейнелеп отырған оқиғаның даму барысында қалыптасқан жәдігерді қарастырып, жазба деректерде қалдық түсінігі – құжат түсінігімен сәйкестендіреді. Атап айтқанда нұсқаулар, қаулы-қарарлар, жиналыстар мен отырыстардың хаттамалары, стенограммалары немесе оқиғаға қатысты ғана емес, сол оқиға барысын бейнелейтін, бағалауға мүмкіндік беретін басқа да құжаттар түрлері немесе жәдігерлер. Тарихи дәстүрге субъектінің оқиғадан

алған әсерін бейнелейтін, яғни субъектінің ақыл-ой жемісі нәтижесінде қалыптасқан естеліктер, күнделіктер сияқты құжаттар жатады. Мұндай жәдігерлердің пайда болуына арнайы қажеттіліктен емес, қоғам әсерінен туындайды. Тарихи деректерді қалдықтар мен дәстүрлерге бөліп қарастыру олардың шынайылық деңгейінің дәрежесін анықтауға көмектеседі. Автордың пайымдауынша қалдықта жеке адамның көзқарасы, оның сезімдері сияқты субъективті факторлардың әсері азырақ болады. Бұл қалдықтардың дәстүрлермен салыстырғанда тарихи дерек ретіндегі маңыздылығын арттыра түседі. Дегенмен, құжаттардың адамдардың іс-әрекеті нәтижесінде қалыптасатындығын ескере отырып, құжат мазмұнына адамның субъективті жеке ойы, пікірі әсер ететіндігін ұмытпау керек. Мұндай құжаттарға баяндамаларды, отырыстардың стенограмма болып дайындалғанға дейінгі хаттамалық жазбалары, және т.б. Мұнда пікірталас, өзара келіспеушіліктер орын алуы мүмкін. Сондықтан да құжаттарды да тарихи дерек ретінде пайдалануда шынайылық деңгейін анықтау қажеттілігін ұмытуға болмайды [6].

Сонымен қатар, дерек қалдық та, дәстүр де болуы мүмкін. Мысалы кейбір құжаттар белгілі бір оқиғаны сипаттағанымен, оқиға барысынан мәлімет бере алмауы мүмкін. Мысалы партия ұйымдарының есептік баяндамаларын алсақ, олар конференция не жиналыс барысын қарастыруда тарихи қалдық қызметін атқарса, есеп беріп отырған оқиғаға қатысты баяндаушы ғана бола алады, яғни тарихи дәстүр. Нақтырақ түсіндірсек, отырыста есептің қарастырылғаны факт, ал есептің өзі атқарылған істі баяндаушы ғана – дәстүр. Сонымен бірге деректің дәстүр де, қалдық та бола алуы әсіресе баспасөз материалдарын қарастыруда айқын көрінеді. Партиялық немесе кеңестік мерзімді басылым – өткенді тіркеуші ғана емес, партия қолында қоғамдық ықпал етудің бірден бір құралы болды. Қоғамда болып жатқан әр алуан оқиғалар туралы оқырмандарына жедел мәлімет жекізу міндетін мерзімді басылым, уақыт өте келе құнды деректердің біріне айналды [149]. Болған оқиғаны бейнелеуде өзіндік ерекшелігімен оқшауланатын дерек көзі мерзімді басылым тарихи дәстүр, яғни болған оқиғаны баяндаушы қызметін атқарса, факті мен оның салдары арасын байланыстырушы ретінде тарихи қалдық бола алады. Бұл тұрғыдан алғанда Э. Бернгейм «дәстүрді де қалдық деп қарастыруымыз, бағалауымыз мүмкін, егер оларға уақыт лебінің, тынысының жемісі көрінсін деп қарасақ» [6]. Қорыта айтқанда тарихи деректерді қалдық пен дәстүрге бөлу шартты болғанымен, құжаттарды сыныптауда тиімді әдісі екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Өз еңбектерінде тарихи деректерді сыныптау мәселесіне тоқталып өткен тарих ғылымының докторы М. Әбусейітова, ортағасырлық Қазақстан тарихының деректану мәселесіне тоқтала келе: «Важнейшие вопросы казахстанского источниковедения еще не получили удовлетворительного разрешения. Речь идет прежде всего о классификации источников, выработке общих принципов их типологизации. Задача систематизации источников по истории Казахстана связана с необходимостью выработки общих

теоретическими принципами типологии, что потребует привлечения некоторых формальных методов анализа» [150] деп, жалпы Қазақстан тарихының маңызды бір мәселесінің шешімін таппай келе жатқандығын айтады. Дегенмен, еліміз егемендік алған жылдардан кейін деректану мәселесіне Қазақстан деректану ғылымының негізін қалаушы болып табылатын Қ. Атабаевтың тарихи деректерді сыныптаудағы жетістіктерін айта кетпесе болмайды. Қ. Атабаев отандық деректану ғылымының теориялық негізін қалыптастыруға үлкен үлес қоса отырып, оның терминологиясын, методологиясын, теориясын қалыптастыруда үлкен жетістіктерге жетті [151].

Сыныптаудың қарапайым түрі – түрлік сыныптау, яғни деректерді түріне, сыртқы формасына қарай топтастыру. Мысалы, естеліктер, газеттер, актілік, статистикалық материалдар, мақалалар және т.б. «Деректің түрі» деген түсінікті қалыптастыру қажеттігіне Л.Н. Пушкарев [152], М.К. Макаров [153] секілді бірқатар ғалымдар назар аударған. М. Медушевская «түр» – деп қоғам өмірінде пайда болып, нақты қызмет атқаратын тұрақты ұқсас белгілері бар ескерткіштер тобын қарастырады [154]. Бұл түрдің ерекшелігі емес, тек қана деректік түрдің пайда болу шарты ғана. Одан әрі, «Деректің мазмұны түрлік қасиеті аясында шектелуі мүмкін емес» екеніне тоқталған автор, барлық көріністердің форма мен мазмұн байланысынан шығатындығын алға тартады. Бір түрге тұратын шығармалардың үлкен тобына кешенді талдау жасау секілді деректанулық зерттеудің ерекше бағытын қалыптастырған В.О. Ключевский түрлік тұрғыдан талдау деректердегі әлеуметтік мәліметтердің ерекшелігін, шынайылығын анықтауға көмектеседі [155].

Құжаттарды түр тұрғысынан топтастырғанда ескеретін нәрсе деректің бір түрі өз ішінде бірнеше сыныпқа бөлінуі мүмкін. Түрі жағынан әр түрлі деректер, мазмұны жағынан ұқсас болуы мүмкіндігін (жиналыс хаттамалары, естеліктер, статистикалық кестелер және т.б.) де жоққа шығаруға болмайды [120].

Кейбір деректанулық еңбектерде, құжаттарды іс жүргізу қағаздарына жатқызып, оларды шамамен сегіз түрге бөліп қарастырған [154].

1. Ұйымдастырушылық (ережелер, жарғылар, келісімдер) құжаттар – істің атқарылу ретін, құрылымын, артықшылығын, түрлерін анықтауға көмектеседі.

2. Нұсқаулық (шешімдер, үкімдер, циркулярлар) құжаттар – басқарушылық жұмыстардың жүзеге асуын көрсетеді.

3. Хаттамалар мен стенограммалар.

4. Мекемелердің ағымдағы хат алмасуы (хаттар, жеделхаттар).

5. Жоспарлау құжаттары.

6. Тіркеу құжаттары.

7. Бақылау құжаттары.

8. Есептік құжаттар .

Дегенмен, тарихи деректерді топқа және түрге бөліп сыныптаудың нақты жүйесі қабылданбады. Сондықтан зерттеушілер тарих деректерді сыныптауда деректер кешенінің ерекшеліктеріне, зерттеудің алдына қойған

мақсаты мен міндеттеріне сүйене отырып, әрбір нақты жағдайда әртүрлі әдістерді пайдаланатын болды. Мысалы Г.А. Сексенбаева «Документы фонда Народного комиссариата земледелия КАССР по аграрной реформе в Казахстане в 20-е годы» атты диссертациялық жұмысында іс қағаздарын нормативтік, ұйымдастырушылық-әкімшілік, есеп және ақпараттық деп үш топқа бөліп қарастырса [147], А.А. Кульшанова «Документы Центрального государственного архива и Архива Президента РК по политике коренизации в Казахстане (1920-1936 гг.) как исторический источник.» атты диссертациялық жұмысында іс қағаздарын нормативтік, ұйымдастырушылық-әкімшілік, есеп және ақпараттық, жеке сипаттағы құжаттар деп төрт топқа бөліп қарастырады [24]. Ал Н.К. Алпысбаева өз еңбегінде іс қағаздарын ұйымдастырушылық, әкімшілік, анықтамалық-ақпараттық, жоспарлық, тіркеу және есептік құжаттар деп алты топқа бөледі [148].

Атқарушылық сипаттағы құжаттардың партияның саяси, ұйымдастырушылық, шаруашылық, кеңестік құрылыс жұмысының барысын, жоғарыдан түскен нұсқаулардың жүзеге асқандығын не аспағандығын айқын көрсете алатындықтары олардың деректік маңызын арттыра түседі. Атқарушылық деректердің деректердің саны мен түрлері өте көп. Оған: басқарушылық-ұйымдастырушылық, шолулық, есептік сипаттағы құжаттар, қорытынды құжаттар және де жергілікті ұйымдардың осы сипаттағы құжаттары «төменнен жоғарыға» түсетін мәліметтік материалдар, өзара хат алмасулар, әр түрлі дайындық материалдары жатады. Жалпы алғанда, атқарушы құжаттар арасынан жедел және қорытынды құжаттарды бөліп алуға болады. Тарихи зерттеуде нормативті мен атқарушылық құжаттар арасындағы байланысты ескере отырып екеуін бірдей пайдаланған дұрыс. Бұл байланыс объективті сипатта, яғни саяси және ұйымдастырушылық қызметтің бірлігін бейнелейді [120].

Ресми іс жүргізу құжаттарының авторы болып көбінесе сол құжат тиісті мекеменің басшысының қолы қойылғанымен, дайындаған қатардағы қызметкері болып, авторлық тек формальді табылғандықтан, деректеануда құжаттың пайда болу себептері мен мақсаты анағұрлым маңыздырақ болып табылады. Деректің пайда болуының нақты шарттары мен себептерін, итермелеген мотивтерін анықтау қажет. Деректің пайда болу себептері мен мақсаты дерекке өте үлкен із қалдыратындықтан, деректі пайдалану мен зерттеудің алғашқы алғышарттары болып табылады. Іс жүргізу құжаттарының дерек түрі ретінде ерекшелігі болып объективті-функционалды сипаты табылады, яғни көбінесе ондағы материалдар белгілі бір оқиғаларды зерттеуде жоғары сенімділік дәрежесін көрсетеді. Дегенмен, объективтілік құжаттың ресми қызметтік сипатынан туындамайды. Құжаттың бағыттылығы, мақсаты, бейнеленген уақыт пен кеңестік жағдайы, автор, тапсырыс беруші, көлемі, формасы және баяндау дәлдігі ресми қызметтік құжаттың сенімділігі мен жарамдылығын анықтауда маңызды роль атқарады [147].

XX ғасырдың кеңестік дәуіріндегі Қазақстан тарихын зерттеуде аса маңызды дерек көзі болып табылатын Қазақстан Компартиясы Орталық

Комитетінің «ерекше папкаларының» құжаттары тарихи дерек ретінде пайдалану мақсатында сыныптауды қажет етеді. Сыныптау объектілерді айқын логикалық топтарға бөлу, яғни ғылыми зерттеуде пайдаланатын объектілерді олардың ортақ белгілері мен қасиеттерін, ерекшеліктерін анықтай отырып сол ерекшеліктеріне байланысты топтастыру.

Жоғарыда келтірілгендей «ерекше папка» құжаттары хаттамалық және ерекше (құпия) сектор құжаттары болып бөлінеді. Хаттамалық бөлімінде Қазақстан Компартиясы ОК-і бюросының отырысы хаттамасынан үзіліп алынған материалдар сақталған. Бұл құжаттар құрамы қарастырылған мәселелеге байланысты Қазақстан Компартиясы ОК-нің шешімі немесе қаулысы және оған қосымша дайындық материалдарынан тұрады және іс жүргізу құжаттарына жатады.

Іс жүргізу құжаттамасы ақпаратты тасымалдау, бағалау, түрлендіру сияқты басқарушылық қызметімен байланысты кең таралған жазба құжат дереккөздерінің тобын құрайды. Құжаттар фактілерді, оқиғаларды, құқықтарды, міндеттемелерді, құзыретті өкілеттіктерді куәландырады, растайды және дәлелдейді. Құжаттардың тарихи дереккөз ретіндегі маңызы олардың қоғамдық дамудағы рөліне және оларда жасалған мәліметтердің ғылыми-тарихи құндылығына байланысты анықталады. Іс жүргізу құжаттарының мазмұнын ашу дегеніміз – қандай қызмет салалары және тақырыптар, мәселелер, сұрақтар бойынша құжаттар бар екенін анықтау [150].

«Ерекше папкалардың» хаттамалық бөліміндегі құжаттарды мазмұнына қарай әкімшілік, анықтамалық-ақпараттық, жоспарлау, есептік құжаттар деп топтастыруға болады.

Әкімшілік құжаттар тобына хаттамалық бөлімдегі негізгі құжат болып табылатын Қазақстан Компартиясы ОК-нің хаттамалары, қаулылары мен Қазақстан Компартиясы ОК-нің ХКК бірге қабылдаған қаулылары жатады.

Хаттама – 1) жиналыстарда, кеңестерде, конференцияларда, отырыстарда мәселелерді талқылау және шешімдер қабылдау барысының дәйекті жазбасын қамтитын құжат; 2) жекелеген сұрақтар бойынша уағдаласушы жақтардың халықаралық келісімі, сондай-ақ басқа халықаралық келісімді өзгерту немесе дамыту [127]. Хаттамалар Қазақстан Компартиясы ОК-нің қызметінің жан жақты аспектілерін қамтиды. Партиялық ұйымдар құрылған күннен бастап барлық негізгі қызметі осы дереккөздерде бейнеленген. Барлық хаттамаларда реттік нөмірі, отырыс датасы, қатысқан адамдар тізімі және күн тәртібіндегі мәселе түгел беріледі. Қазақстан Компартиясы ОК-нің «ерекше папкаларына» түскен жабық отырыстарының хаттамасында бюро мүшелерінің тек фамилиялары беріліп, ал арнайы шақырылған тұлғалардың аты жөні, қызмет орны толық берілген. Әдетте арнайы шақырылатын адамдардың тізімі қарастырылатын мәселеге байланысты өзгеріп отырған. Толтырылған жазбаның толықтығына қарай хаттама «тұйық» және кеңейтілген болып екіге бөлінеді. Тұйық хаттамаларда күн тәртібіндегі мәселе мен қабылданған шешім ғана көрсетіледі. Бұл хаттамаларда талқылау барысы берілмегендіктен мәселе толық көрсетілмейді.

Тиісті органдар мен мекемелердің ағымдағы жұмысымен жан жақты танысуға мүмкіндік беретін, қосымша материалдары бар «кеңейтілген» хаттамалар қарастырылып отырған сұрақ бойынша мекеменің қызметі мен шешімдері туралы ақпаратпен танысуға болатын дереккөз кешені болып табылады. Хатамаларға қосымша ретінде тіркелетін материалдардың ішінен баяндамалар тезистері немесе баяндамалардың өзі өте мазмұнды болып келеді.

«Ерекше папкаларда» хаттамалар өте сирек кездеседі. Әдетте бұл хаттамаларда жоғары лауазымды партия мүшелерінің тәртібі, «партияның басты жолына» сәйкестігі, партия ішілік дау дамай мен билікке талас барысы туралы мәліметтерді аңғара ала аламыз. Мысалы: Қазақстан Компартиясы ОК-і Бюросының 1947 жылғы 2 қаңтарында болған отырысындағы күн тәртібіндегі мәселе Аронов жолдастың жазбасында берілген адамдар тізімі туралы екендігін аңғарамыз [156]. Ол тізімдегі кейбір адамдардың мәселесі бұған дейін шешіліп қойғандығын, осы отырыста тек Қойшығұлов мен Қазақпаев жолдастардың мәселелері қарастыралатындығы жазылады. Бұл екі азаматтың мәселелерін өзгелерден бөлек Қазақстан Компартиясы ОК-і Бюросының жабық отырысында талқылынуы бұл тұлғалардың жоғары лауазымды партиялық қызметтерді атқаруымен байланысты екенін талқылау барысынан анық байқауға болады. Бұл отырыста жоғары лауазымды партия мүшелерінің бірі Қазақпаев жолдастың бай тұқымынан екені анықталып талқыға салынады. Қазақпаев жолдас өзі отырысқа қатысады. Талқылау нәтижесінде Қазақпаев жолдасты Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы қызметінен босатып, партиялық жағынан сөгіс жарияланады. Ал екінші жоғары лауазымды партия мүшесі Қойшығұловқа тағылатын айып Қазақстан Компартиясы ОК-і бюджеті есебінен үй тұрғызып алуында, бірақ Қойшығұлов жоластың отырысқа қатыспауына байланысты бұл мәселе кейінге қалдырылады. Бұдан байқайтынымыз басқа тұлғалардың мәселелері жалпы жиналыста қаралады да, жоғары лауазымды партия мүшелерінің мәселелері жабық жиналыста қаралады және қарастыру материалдары «ерекше папкаларда» сақталады. Отырыс нәтижесінде қаулы қабылданып БК(б)П-сы ОК-не бекітуге жіберіледі.

Қаулылар мемлекеттік басқарудың маңызды мәселелерін реттейтін нұсқама болып табылады. Қаулының ерекшелігі оның мақсатымен анықталады. Қаулының анықтамалық бөлімінде осы құжатты қабылдауға себеп болған жағдайдың толық түсіндірмесі немесе заңнамалық актіге сілтеме болады, кейбір жағдайларда анықтамалық бөлім осы қаулымен шешілетін міндеттерді белгілейді. Қаулының шешім бөлігі шешімнің орындау тәртібін нақтылайды, нақты тапсырмалар қояды, тапсырмаларды орындау мерзімдерін және орындалу тәртібін белгілейді.

Ерекше папкаларда Қазақстан Компартиясы ОК-нің қаулыларымен қоса, Қазақстан Компартиясы ОК-нің ХКК-мен бірге қабылдаған қаулылары да бар. Бірлескен қаулылар мәселені шешуде барлық күш жігерді үйлестіру қажет болған кезде қабылданды, бұл сонымен қатар партия органдарының мемлекеттік органдарға қатысты диктатының күшеюін көрсетеді [23]. Бұл

бірлескен қаулылар директивалық сипатта болды. Әдетте, бірлескен қаулылардың ерекшелігі қабылданатын шаралардың қажеттілігін түсіндіретін немесе жоғары билік органдарының тиісті шешіміне сілтемені қамтитын айтарлықтай анықтамалық бөлігі болады. Сондай-ақ, басқару органдарының белгіленген іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттері айқындалатын шешім бөлігінің тиісті тармақтарының болуы. Ерекше пакалардың хаттамалық бөліміндегі негізгі құжат қаулы болып табылады, басқа құжаттық топтар осы қаулылардың қабылдануына себеп немесе бастама болған дайындық құжаттары.

Атқарушы құжаттар өзінің қызметі жағынан партия мен кеңес мемлекеті саясатының жүзеге асуының барысы мен қорытындысын бейнелейді. Нормативті құжаттарға ғана негізделген тарихи зерттеудің түбірлі кемшілігі – олардың коммунистік партияның күнделікті ұйымдастырушылық қызметін, кеңестік құрылыстың шаруашылық, саяси – «тәрбиелік» мәнін аша алмауы. Жоспарланған жұмыс пен саяси директивалардың қаншалықты жүзеге асқандығы көрсетелмегендіктен, тіпті кейде директивті құжаттардың соңында атқарылған істердің нәтижесінің, қорытындысының беріліуі де бұл олқылықтың орнын толтыра алмайды. Ол тек істелінетін іске нұсқау ғана. Сонымен бірге, қабылданып таратылған қаулы-қарарлардың санына қарап, партия ұйымдарының қызметіне баға беруге тағы болмайды. Себебі қаулылардың бірнеше рет қайталана жарық көруі олардың уақытында орындалмағандығының дәлелі (120).

Келесі құжаттық топ түрі анықтамалық-ақпараттық құжаттар болып табылады. Бұл құжаттар тобына анықтамалар, қызметтік хаттар, баяндамалық жазбалар, азаматтардың арыздары және оған қосымша материалдар жатады. Бұл деректер партия мүшелерінің қызметтегі этикалық мәселелерден бастап халық шаруашылығындағы күрделі процесстерді сипаттайтын әр түрлі мазмұндағы материалдардан тұрады.

К.Г. Митяевтың айтуынша баяндамалық жазбаларды жасағанда белгілі бір қызметтік сұранысқа жауап беруден басқа ұсыныстар мен сұрақтарды да қосу керек [148].

Тарихи құбылыс цифр түрінде берілген есептік-ақпараттық құжаттардан ерекшелігі, баяндамалық жазбаларда ақпараттық материал мәтін түрінде берілген. Әр түрлі уақыт аралығындағы оқиғаларды сипаттайтын ақпараттық материалдар – жергілікті жерлердегі мәліметтерді жалпылау және талдау арқылы құрастырылған. Ақпараттық сипаттағы құжаттаманың ерекшелігі қандай да бір құбылыс нәтижелерін тіркеумен ғана шектелмей жаңа сапалық өзгерістерге алып келген шарттарға сипаттама беруінде. Бұл деректер мазмұнына деректанулық талдау жасауда оқиғаларды сипаттауда орын алатын субъективтілік элементінің нормативті және ұйымдастырушылық-атқарушылық құжаттарға қарағанда басымдау екеніне баса назар аудару қажет. Баяндамалық жазбалардың мазмұнын талдау барысында автордың ұстанымын анықтаудың қаншалықты маңызды екендігімен қоса, баяндамалық жазбаның жазылу мақсатын да ескеру қажет. Баяндамалық жазбаның қандай

жиналысқа, отырысқа, конференция немесе съездге дайындалғандығы өте маңызды роль атқарады. Белгілі бір көрнекі съездге немесе конференцияларға дайындалған баяндамалық жазбалар тиісті мамандардың сараптауынан өтіп мұқият өңдеуге ұшырап, жетілдірілгендіктен субъективтілік элементінің үлкен әсері болуы мүмкін. Сондықтан баяндамалық жазбаларды дерек ретінде пайдалануда осы факторлар әсерлерін толық ескеру қажет.

Баяндамалық жазбалар мен анықтамалар «ерекше папкаларда» ең көп кездесетін құжат түріне жатады. Баяндамалық жазбалардың басым бөлігі Қазақстан Компартиясы ОК-і белгілі бір салаға жауапты хатшылары мен құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан келіп түскен. Әдетте республиканың қандай да бір саласында орын алған апатты жағдай, кемшілік, жетіспеушілік, асыра сілтеушілік туралы ақпарат немесе арыз БК(б)П ОК-і арқылы Қазақстан Компартиясы ОК-не келіп түседі. Қазақстан Компартиясының ОК-і осы салаға жауапты хатшыға немесе құрылымдық бөлімшеге, сондай-ақ ХКК-і бөлімшелеріне де істің мән-жайын тексеруге сұраныс жібереді. «Ерекше папкалардағы» баяндамалық жазбалар құпия құжат ретінде еш жерде жариялау үшін емес, Қазақстан Компартиясы ОК-і бюросының берілген мәселе бойынша тиімді шешім қабылдау қажеттілігіне арналғандықтан бұл құжаттардағы субъективтілік элементінің басқа идеологияландырылған іс шараларға арналған баяндамалық жазбаларға қарағанда әлдеқайда төмен екендігі анық. Сұрақ-жауап ретінде құрастырылған баяндамалық жазбалар мен анықтамаларда өте қызықты материалдарды кездестіруге болады.

Іс жүргізу құжаттарының есептік құжаттардың орны ерекше. Есептік-ақпараттық сипаттағы деректер ір түрлі материалдардан құрала отырып, өзінің күрделілігімен деректанулық сын әдістері мен тәсілдерін қолдануда өте мұқият болуды талап етеді. Бұл дереккөздер басқа құжаттардағы мәліметтерді жалпылай отырып, орын алған оқиғалар мен құбылыстарға шолу, талдау жүргізеді. Осы құжаттар тобына кіретін статистикалық есептер дерек ретінде өңдеудің арнайы әдістерін пайдалануды талап етеді. Статистикалық кестелер деректанулық талдаудың арнайы әдістерін қажет ететін, қайталанатын деректер болып табылады. Соңғы жылдардағы Кеңес дәуіріндегі қайталанатын деректерді ғылыми айналымға енгізу және оларды деректанулық тұрғыда талдау қажеттілігінен деректанулық талдаудың сандық әдісін қолдану сияқты жаңа перспективалық бағыт пайда болды [157]. Осы мәселеге қатысты бірнеше еңбектер жарияланды. Статистикалық деректердегі сандық мәліметтердің көптеп кездесуі сандық талдау әдісін қолдануды қажет етеді. Статистикалық талдау барысында сандық салыстыру және мәтіннің әр түрлі элементтерінің бір-біріне және құжаттар жиынтығының бүкіл мазмұнына қатынасын есептеу арқылы мағыналық мазмұнын талдауға болады. Мазмұнды сандық талдау мекеме қызметінің ұзақ мерзім аралығындағы тұрақты даму тенденциясын есептеуге, жаңа құбылыстарды және басқару функциясындағы өзгерістерді анықтауға көмектеседі. Статистикалық деректермен жұмыс жасауда олардың дәлдігін, толықтығы мен

сенімділігін анықтау негізгі мәселе болып табылады. Өйткені статистикалық мәліметтермен жұмыс жасайтын зерттеуші кесте түріндегі берілген статистикалық өңдеудің соңғы этапындағы материалдармен жұмыс жасайды. Қордағы көптеген статистикалық кестелер баяндамалық жазбалар, есептер, ақпараттық хаттарға иллюстративті қосымша материал ретінде беріледі. Бұл құжаттарда сандық мәліметтерді жалпылаумен бірге қорытынды құжаттарда ұйғарымдар мен ұсынымдар жасауға негіз болған талдаулар бар.

Бұл құжаттар тобына кіретін басқа мекемелермен іскерлік хат алмасу материалдары өзінің әр түрлілігімен, жан жақтылығымен ерекшеленеді. Бұл құжаттар зерттеудің мақсатына қарай әр түрлілігімен қызығыушылық тудыруы мүмкін теңдесі жоқ материалдар болып табылады. Н.К. Алпысбаева өз еңбегінде ХКК-нің іс жүргізу құжаттарындағы іскерлік хат алмасуды үш топқа бөліп қарастырады. Олар жоғарғы басқару органдарының өздеріне бағынышты мекемелермен іскерлік хат алмасуы; бір-біріне бағынышты емес тең дәрежелі мекемелердің арасындағы іскерлік хат алмасу; бағынышты мекемелердің жоғарғы басқару органдарымен іскерлік хат алмасуы. Әрбір топта пайдаланатын белгілі бір құжат түрлері тән. Бірінші топқа ұйғарымдар, өкімдер, сұраныстар жатады. Тең дәрежелі мекемелердің іскерлік хат алмасуында ресми хаттар, қатынастар, хабарламалар болады. Ал төменнен жоғары қарай есеп беру, рапорт, ұсынымдар, хабарламалар жүреді [148]. Сондай-ақ іскерлік хат алмасу құжаттарына арыздар, өтініштер, шағымдар, хаттар жатады. Архивтерде сақтаулы арыздар басқа құжаттармен салыстырғанда ешқандай редакциялауға ұшырамағандығымен құжат авторы мен сол дәуірдің барынша көптүрлілігін бейнелеуімен ерекшеленеді. Көптеген шағымдардың ерекшелігі авторлар туралы биографиялық ақпараттардың болуы еді. Қазақстан Компартиясы ОК-не көптеген арыз-шағымдар жолданатын.

Осы топқа жататын тағы бір құжат түрі хаттар туралы айта кетпеуге болмайды. Хат – ештеңеге ұқсамайтын уникалды тарихи дереккөзі болып табылады. Кеңес дәуіріндегі адамдар, қоғам мен билік арасындағы кең таралған байланыс құралы. Хат – жергілікті жерлердегі жағдай мен кеңестік билік өкілдерінің әрекеттері туралы хабарлайды. Хаттардың көпшілігі шағым түрінде жазылады. Хаттар жоғары инстанцияларға арналып жазылатын. Хаттарда жергілікті жерлерде орын алған заңсыздықтар мен әділетсіздіктер туралы баяндалады. Мұндай құжаттарда адамдардың эмоциялары, жеке мотивтері бейнеленеді, олардан қоғамдық көңіл күйді аңғаруға болады.

Іскерлік хат алмасу тобына жататын тағы да бір құжат түрі жеделхат болып табылады. Жеделхаттар әр түрлі ақпаратты тасушы болып табылғандықтан тарихи дереккөз ретінде орны бар. Жеделхат мәтіні қысқартылған түрде беріледі. Одақ, шылау, есімдік сияқты сөз таптары сөйлем мағынасы өзгермейтіндей деңгейде алынып тасталынады. Сандар өзгерістерге ұшырамау үшін әріптермен беріледі. Тыныс белгілері де әріптермен жазылады.

Берілген бөлімде «Қазақстан Компартиясы» ОК-і «ерекше папкаларының» құжаттары тарихи дерек ретінде жүйелену принциптері негізделеді. Осы принциптерге сүйене отырып «ерекше папка» құжаттары әкімшілік, анықтамалық-ақпараттық, есептік-ақпараттық деген құжаттық топтарға топтастырылды. Бөлімде берілген әрбір құжат топтарына сипаттама берілді. Сонымен қатар, кейбір құжат түрлерінің тарихи дерек ретінде ерекшеліктері мен ұқсастықтары талқыланды. Деректерді ерекшеліктері мен ұқсастықтарына қарай сыныптау құжаттармен дерек ретінде жұмыс жасауда, қолданылатын деректану әдіс-тәсілдерін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Мәселенің деректік негізін құрайтын құжаттар кешенін сыныптау құжаттарды ғылыми айналымға енгізуде маңызды роль атқарады.

3.2 Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкалар» хаттамалық бөлімі құжаттарының ақпараттық құндылығы

Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті іс жүзінде республикадағы жоғары билік органы болып табылғандықтан республиканың саяси, әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық өміріндегі барлық өзекті мәселелермен тікелей айналысты. Оның ішінде аса маңыздылығына және құпиялық деңгейіне байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «ерекше папкаларының» құрамына еңген мәселелер тізімі сол кезеңдегі халықаралық, саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға байланысты өзгеріп отырды. Қазақстан Компартиясы ОК-нің сақтаудағы «ерекше папкаларының» хронологиялық шеңберіндегі 1937-1990 жылдары республика ашаршылық және репрессия жылдары тұралап қалған ел экономикасын көтеруді, бүкіл адамзат баласы тарихындағы жан түршігерлік бірінші дүниежүзілік соғысты, соғыстан кейінгі жылдардағы соғыс зардаптарымен күресті, мемлекетке миллиард пұт астық өткізген тың игеруді, «қырғи-қабақ» соғыс жылдарын, өрлеу және тоқырау жылдарын, қайта құру жылдарын бастан өткізді. Осы кезеңдерде республика басшылығында болған Компартия Орталық Комитеті Халық Комиссарлар Кеңесімен біріге отырып қабылдаған шешімдерін сол кезеңдердің ерекшеліктеріне қарап жүйелеуге болады.

Қазақстан Компартиясы ОК-нің «ерекше папкалары» құжаттар кешенінің хаттамалық бөлімінде Қазақстан Компартиясы ОК-нің және Қазақстан Компартиясы мен ОК-нің ХКК-мен бірлесе қабылданған қаулылары сақтаулы. Қазақстан Компартиясы сол дәуірдегі республикадағы мәдени, әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, саяси өмірінің барлық аспектілерін қатаң бақылауда ұстауына байланысты «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің хаттамалық бөлімінде қарастырылатын мәселелердің мазмұны жағынан алуан түрлі болуы заңдылық. Белгілі бір кезеңдегі ең өзекті мәселелер «ерекше папкалардың» құжаттарында көрініс тапқандықтан, бұл құжаттарда белгілі бір кезеңде қарастырылған мәселелердің тізімі жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан Қазақстан тарихын зерттеуде «ерекше папкалар» құжаттарының ақпараттық құндылығын анықтау мақсатында ондағы

құжаттарды мазмұнына қарай мынадай топтарға бөліп қарастырылды:

1. ПХК қызметіне қатысты құжаттар.
2. Азық-түлік несиесін беру туралы құжаттар.
3. Қазақ КСР-нің екінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы.
4. Күштеп қоныс аударылған халықтар мен ҚХР-нан ауып келген отандастарымызды қабылдау.
5. Саяси қуғын-сүргін туралы материалдары.
6. Денсаулық сақтау мәселелері.
7. Идеологиялық мақсаттағы құжаттар.
8. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерге қатысты құжаттар.
9. Азаматтық қорғаныс мәселелері.
10. Партиялық қызметкерлердің тәртібі туралы құжаттар.
11. Азаматтардан келіп түскен арыздарды және «домалақ» арыздарды тексеру материалдары.
12. Сайлауды өткізу, делегаттар дайындау.
13. Кадр мәселесі.
14. Партиялық құпия.

30-жылдары ПХК қызметіне қатысты құжаттар басым болды:

– ПХК Жоғары мектебіне кандидаттарды іріктеу туралы, Қазақ КСР ПХК партия ұйымының құрылымы туралы, КП(б)К ОК бірінші хатшысының көмекшісі туралы, ПХК 141 конвойлық батальонының саяси-командалық, қолбасшылық және қызыл әскерлер құрамын марапаттау, ҚазКСР ПХК шекаралық және ішкі әскерлерінің бөлімдеріне қамқорлық жасау, ҚазКСР ПХК шекаралық Әскерлері қызыләскерлік ән және би ансамблін ұйымдастыру туралы, КСРО ПХК жоғары мектебіне студенттерді іріктеу туралы, ПХК Алматы өлкеаралық училищесіне студенттерді іріктеу туралы, ҚазКСР ПХК милиция жөніндегі Халық комиссарының орынбасары лауазымын енгізу туралы, Қазақ округі ПХК шекара әскерлеріндегі партия жұмысы туралы, Қазақ КСР ПХК әскерлерінің республикалық және облыстық әскери трибуналдарының құрамы туралы, Түркістан – Сібір және Қарағанды теміржолдары ПХК полициясында жұмыс істеуге коммунистер мен комсомолецтерді жөнелту туралы, арнайы қоныстанушылар туралы материалдар;

– 1937 жылдан бастап Ұлы Отан соғысы жылдары және соғыстан кейінгі 1946 жылы «ерекше папкалар» құжаттарында азық-түлік ссудасы мен тұқымдық несиені аймақтарға бөлу мәселесі жиі кездеседі. Бұл азық-түлік пен тұқымдық ссуда мәселесі сол кезеңдегі аса маңызды мәселенің қатарында болғанын аңғартады.

Коммунистік партия КСРО-дағы монопартия ретінде құзыреттілігін кеңейтіп мемлекеттік басқарушы органдарды қадағалаушы роліне енгендіктен, партиялық құжаттардың ішінде партиялық құпиялардан, мемлекеттік құпиялардың басым болуы таңқаларлық жағдай емес еді. Сондай құпия да маңызды экономикалық мәселенің бірі 30-40 жылдары Одақ

деңгейінде тапшы болған азық-түлік мәселесі еді.

1930 жылдардың басында пайда болған азық-түлік қиыншылығына байланысты астық өндіретін аудандарға егіс науқанын өткізу үшін азық-түліктік және тұқымдық несиелер беру ұйғарылған еді. Несиелер Сталиннің бастамасымен құрылған «төтенше жағдайлар қорынан» бөлінді. Негізінен олар Орта Еділ бойына, Солтүстік Кавказ аймағына, Сібір және Қазақстанға берілді. 1930 жылдардағы астық несиелерінің патшалық Ресей кезіндегі ашаршылықта берілген астық несиелерінен ерекшелігі болды. 1932-1933 жылдары азық-түлік несиелері тек егіс даласында жұмыс істейтіндер мен жеңілдігі бар ауыл тұрғындарына берілді (қызыләскер отбасына, колхоз бюрократиялы аппаратына, ауыл кеңестеріне). Басқа санаттағы ауыл тұрғындарына азық-түлік несиесі тиесілі болмады. 1932 жылдың көктемінде ауылдық аймақтарда мектептерге, колхоздық балалар алаңына, еңбекке жарамсыз зейнеткерлерге азық-түлік несиесі берілмеді. Астық несиесі мемлекет мүддесі тұрғысынан маңызды аудандарға берілді [158].

Негізінен астық несиелері келер жылдың өнімінен 10-15 пайызбен қайтарылуы тиіс болатын. Сонымен бірге шаруалар астықты ауылға жеткізетін көлік шығындарын төлеуі міндетті болды [159].

Дегенмен сталиндік басшылық құрғақшылық деңгейіне байланысты бірқатар аудандарға қайтарымсыз несиелер берді. Мысалы, БК(б)П Саяси бюросының шешімімен 1932 жылы Қазақстанға қайтарымсыз астық несиесі берілді [158].

Республика ішінде орталықтан түскен астық несиесін мұқтаж аймақтарға бөлу, астық дайындау жоспарының орындалуы Қазақстан Компартиясы ОК өз құзыретінде болды. Бұл орталықтың қате саясатының салдарынан болған ашаршылықтан шығудың жалғыз жолы деп табылды. Бұл практика бұдан кейінгі жылдары да сақталып Қазақстан Компартиясы ОК егін бітік шықпаған, құрғақшылық болған аудандарға, қоныс аударылған халықтарға азық-түлік және тұқымдық астық несиесін беруді өз бақылауында ұстады. Сондықтан азық-түлік несиесі мен тұқымдық несие мәселесін 1946 жылға дейін Қазақстан Компартиясы ОК-нің «аса маңызды өте құпия» грифімен сақталатын «ерекше папкалары» құжаттарында кездестіруге болады.

Мысалы: 1937 жылғы 11 июльдегі 3-хаттамасының 43-бөлімінде Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің ПХК-ның Шортанды аудандық комендатурасының қоныс аударушыларына азық-түлік несиесін бөлуді сұраған өтінішіне (ходатайствосына) жауап ретінде Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің құзырына ПХК-ның Шортанды аудандық комендатурасының қоныс аударушыларына беру үшін 1937 жылғы егін орағынан тиісті пайыздық үстемесімен қайтару шартымен 5 мың пұт азық-түлік несиесін беру туралы қаулы қабылданады [160].

Сонымен бірге құрғақшылық пен басқа да жағдайлардың салдарынан азық-түлік тапшылығы туындаған облыстарға жауапты қызметкерлердің өтініші бойынша азық-түлік несиесі бөлініп отырды. Мысалы Гурьев облысы бойынша ҚК(б)П ОК Ұйымдастыру бюросының секретары К. Утеғалиев пен

Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Д. Калиевтың өтініші бойынша Маңғыстау ауданына бөлінген 1000 пұт азық-түлік несиесінен басқа Гурьев облысына 500 пұт азық –түлік несиесі бөлінді [161].

Осы жылы Қостанай облысына 20 мың пұт, Шығыс Қазақстан облысына 20 мың пұт, Батыс Қазақстан облысына 15 мың пұт, Солтүстік Қазақстан облысына 15 мың пұт азық-түлік несиесі әрбір 100 пұтқа 10 пұт үстеме пайызымен ағымдағы жылдың егін орағынан болған жиын-теріннен қайтару шартымен берілді [162].

Сондай-ақ азық-түлік пен тұқымдық несиелерді таратудың күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің қатарында болғанын қаулы мәтініндегі облыстық атқару комитеті мен обкомға азық-түлік несиесін тек мұқтаж егісі шықпай қалған колхоздарға алдын-ала тексеруден өткізіп барып ғана беруін нақты көрсетеді. Жіберілген азық-түлік несиесінің дұрыс таратылуын аудандық атқару комитетінің төрағасы мен аудандық дайындау комитетінің комиссарының жеке жауапкершілігіне жүктейді және дұрыс таратылмаған немесе ысырап болған жағдайда сотқа тартылатыны ескертіледі [163].

Осылайша бұл кезеңде жылдың бірінші жартысында азық-түлік пен тұқымдық несиелерді беру мәселесі маңызды істердің қатарында тұрса жылдың екінші жартысында астық дайындау жоспарын орындай алмаған облыстар мен аудандардың басшыларына ескерту жасау, сөгіс жариялау, партиялық және қылмыстық жауапқа тарту туралы шешімдерді кездестіруге болады [164]. Сонымен бірге астық дайындау жоспарын бірнеше жыл орындай алмай отырған жекелеген аудандарға алған азық-түлік несиесін кейінге қалдыру туралы, мал шаруашылығымен айналысатын жекелеген совхоз, колхоздарға астық дайындау нормасының белгілі бір бөлшегін азайту туралы Одақтық ХКК және БК(б)П ОК өтініш жолдау туралы шешімдер қабылданған [165].

Астық дайындау мәселесі республикадағы ең жоғарғы билік органы болып табылған Қазақстан Компартиясы ОК «аса маңызды және өте құпия» болып табылатын «ерекше папкалары» құжаттарында сақталуы сол кездегі азық-түлік, астық дайындау мәселесінің қаншалықты өткір болғанын көрсетеді. Сонымен бірге мемлекет басшылығының азық-түлік саясатында жіберген тиімсіз экономикалық реформалардың салдарынан болған, орасан зор адам шығынын алып келген үлкен ашаршылық партия басшылығының халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, астық дайындау мәселесіне тікелей қадағалау жасап, бақылауда ұстауына негізгі себеп болды.

Одан кейін екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен бірге Қазақ ССР-інің майданды адами ресурспен, шикізатпен, азық-түлікпен, киіммен, қару-жарақпен қамтамасыз ететін өндірістік базаға ғана айналды. Сонымен бірге республика билігінің алдында эвакуацияланған тұрғындарды, әскери госпитальдарды, кәсіпорындарды, ғылыми және білім беру мекемелерін, колхоз-совхоздарды қабылдау, орналастыру, тұрғындарды үймен, азық-түлікпен қамтамасыз ету, кәсіпорындарды іске қосу сияқты кезек күттірмейтін маңызды міндеттер тұрды. Бұл іс-шараларға байланысты шешімдер мен

қаулыларды дер кезінде қабылдап, жүзеге асыру аса үлкен табандылық пен ерік-жігерді қажет етті.

1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы басталар алдында Орталық Комитет кейбір партия комитеттеріне құпия-мобилизациялау іс-қағаздарын жүргізу, әскери міндетті коммунистерді есепке алу және әскерге шақыру, Орталық Комитеттің құпия құжаттарының сақталуы мен қолданылуын тексеру нәтижелері, әскери қорғаныс, мобилизациялау бойынша хат алмасу туралы архив құжаттарының жойылуы, құпия құжаттарға немқұрайлы қарау, мекемелердегі құжаттардың сақталу жағдайы, жабық хаттар мен құпия мәліметтерді пайдалану мәселелері, қорғаныс кәсіпорындарының жұмысы, мемлекеттік құпияларды жариялау, мемлекеттік шекараларды қорғау және нығайту, шекарааралық аймақтан көшіру және интернациялау, паспорттық режимді күшейту және т.б. құпия мәселелерді ашық хаттамаларға кіргізбеу және бұл мәселені тәртіпке келтіру туралы қатал тапсырма берді [166].

Осы қаулылар мен шешімдердің орындалу деңгейі майдандағы жағдайға тікелей әсер ететін болғандықтан, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі қабылданған қаулылар мен шешімдердің барлығы «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің құрамына кірді. Қазақстан Компартиясы ОК-і «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің хаттамалық бөліміндегі қомақты құжаттар болып республиканың екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қабылдаған қаулылары болып табылады. Бұл қаулылардың басым көпшілігі ХКК-мен бірлесе отырып қабылданды. Майдан шебіндегі ахуалға байланысты бұл қаулылардың мазмұны алуан түрлі болып келеді. Сондықтан зерттеу жұмысына ыңғайлы болу үшін бұл қаулыларды мазмұнына қарай ішінара топтастыруды жөн санадық. Қазақстан Компартиясы ОК-і «ерекше папкаларындағы» екінші дүниежүзілік соғысқа байланысты қабылдаған қаулыларын мазмұнына қарай төмендегідей топтастыруға болады:

1. Мобилизацияға байланысты құжаттар, әскери қызметке міндеттілерді әскери қызметке шақыруды қамтамасыз ету шаралары туралы (ҚазКСР-інде әскери міндетті 2000 адамның бронын алып тастау туралы).

2. Ұлттық әскери бөлімдерді жасақтау, республикадағы ұлттық құрамалардың дайындығын тексеру туралы.

3. Әскери қызметшілерді іріктеу, оқыту және жөнелту бойынша: саяси қызметшілерді, саяси қызметшілердің орынбасарларын, ҚазКСР-де әскери міндетті 2000 адамның бронын алып тастау туралы.

4. Гурьев қаласының жергілікті әуе қорғанысын қамтамасыз ету шаралары туралы.

5. Майданды азық-түлікпен, жылы киіммен, қамтамасыз ету шаралары қамтамасыз ету.

6. Қызыл Армияға көліктер мен тракторларды жеткізу, вагондар мен ат-саймандарды жеткізу, жылқыларды және арбаларды дайындау бойынша.

7. Қару – жарақ өндірісі туралы (Сердюк танкіге қарсы мылтық гранаталарын өндіру бойынша, 76 мм фрагментті снарядтар өндіру жоспары бойынша).

8. Стратегиялық нысандар туралы: Түркістан-Сібір темір жолының жұмысы туралы; әскери қалашық құрылысының барысы туралы; қорғаныс кәсіпорындары туралы; республикада астық дайындау жоспарының орындалуы туралы; Жезқазған зауытының құрылысының барысы туралы; ферроқорытпа зауытының құрылысы; Қазақстанның алтын өнеркәсібі кәсіпорындарының жұмыс нәтижелері туралы; бақша дақылдары – джут, кендір, кенаф және арқан өндірісін қалпына келтіру және одан әрі дамыту шаралары туралы.

9. КСРО Қорғаныс министрлігіне Қазақ КСР аумақтары бойынша жер телімдерін бөлу туралы (аэродромдар салу үшін жер телімдерін бөлу).

10. Поляк әскери құрылымдары туралы.

11. Қазақ коммунистеріне Қиыр Шығыс майданындағы саяси жұмыстарға жолдама беру.

12. Қазақ КСР-де жасақталған және алғы шептегі Армияға жіберілген әскери бөлімдермен партия, комсомол, кеңес және кәсіподақ ұйымдарының жүйелі байланыс орнатуы туралы.

13. Дезертирлікке қарсы күресті күшейту шаралары туралы.

14. Эвакуацияға байланысты құжаттар:

а) эвакуацияланған азаматтарды қабылдау және орналастыруға байланысты;

ә) мәдениет және ғылыми мекемелерді;

б) әскери оқу орындарын, оның курсанттарын қабылдау, орналастыру;

в) эвакуацияланған госпитальдерді қабылдау, орналастыру;

г) эвакуацияланған (азаматтық, қорғаныс) кәсіпорындарды қабылдау, орналастыру және жұмысын жүргізуге байланысты;

д) эвакуацияланған колхоз, совхоздардың малдарын қабылдау орналастыруға байланысты.

15. 1945 жылы Жапониямен соғыс кезінде шекаралық аймақтың жағдайы мен оны нығайту шаралары, шекаралас аймақтарға жеңілдіктер жасау туралы мәселелер басым болды.

ҚР Президентінің Архиві Қазақстан Халықтар Ассамблеясымен бірлесіп екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы әскери тұтқындар-қазақстандықтар туралы деректер базасын құруға, сонымен қатар, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1941–1945 жылдардағы «Ерекше папкалардағы» құжаттарды зерттеушілерге ұсынуға мүмкіндік алды. Аталған кешенді жұмыстың нәтижесінде ҚР Президентінің Архиві «Рассекреченная война: «особые папки» ЦК КП (б) Казахстана. 1941–1945 гг.» тақырыбымен құжаттар жинағын баспадан шығарды [107].

Құжаттар жинағына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті және Қазақ КСР-і Халық Комиссарлар Кеңесі бірлесіп Ұлы Отан соғысы жылдарында қабылдаған шешімдері мен қаулылары топтастырылған. Партия және кеңес органдарының директивалық құжаттары түрлі тақырыптық жинақтардың құрамында, жекелеген басылымдарда, көптеген бағыттарда жарияланған. Бірақ бұл жинақ алдыңғылардан айрықша ерекшелікке ие. Бұл

жерде құжаттарды олардың түрлік бағытына, құпиялық дәрежесіне қарай хронологиялық белгісімен кешенді түрде жариялауға мүмкіндік жасалды.

Жинақтың құрамына енген құжаттардың хронологиялық шегі 1941 жылғы 23 маусым – 1945 жылғы сәуір аралығын қамтиды. Барлығы құпиясыздандырылған қаулылар мен шешімдерден және оның қосымша құжаттарынан тұратын 288 дереккөз енгізілген. Оның ішінде 7 қаулы басқа құжатты жинақтарда жарияланған, құрастырушылар бұл жөнінде құжат аңызында атап өткен. Ерекше папкалардың құрамына қаулылармен қатар оларды дайындауға қатысты қосымша құжаттар да қалыптастырылған. Олардың аса құпия болуына және оның мазмұнындағы аса құпия мәліметтердің болуы зерттеушілерге қол жетімсіз қалпында қалып отырды. Құжаттар қалыптастырылған істер архившілер тарапынан қатаң есепке алынып, бақылауға ұсталып отырды. Әрбір құжат Ерекше сектордың нұсқаушы маманының қолы қойылған соң құжат рәсімделіп отырды. Құжатпен танысушының әрқайсысы және қол қоюшы мамандардың тізімі жасалып, олардың барлығы танысқаны туралы қол қойып отырды. Құжатты машинкаға терген маманның аты-жөні жазылды, жасалған көшірме даналардың саны міндетті түрде көрсетілді. Құжаттың оң жақтағы жоғарыдағы бұрышында немесе құжаттың қайырма бетінде құжатпен танысуы тиіс лауазымды тұлғалардың тізімі белгіленіп көрсетіліп отырды. Құжаттар ең алдымен ірі кешендерге қалыптастырылып, кейіннен олар өзгеріске ұшыраған, сондықтан әр құжат қайта нөмірленген [107].

Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі «Ерекше папкаларда» 1941–1945 жылдар аралығындағы істерде сақталған жоғары биліктің қаулылары мен шешімдері сол кезеңдегі елеулі мәселелерді және олардың шешілу жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

ҚР Президенті Архивінің № 708-қорында сақталып, құпиялығы алынған Қазақстан КП ОК бюросы мен Халық Комиссарлары Кеңесінің Қаулыларының «Ерекше папкалары» ісінде (1941 жылғы 25 желтоқсандағы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің шешіміне сәйкес) Отар станциясында поляк әскери құрамын орналастыру жөнінде дерек табылды. Осы құжатта, жергілікті билік мынадай қаулы қабылданған, поляк әскери құрамын орналастыру жөнінде: а) Түркістан-Сібір темір жолының Отар стансасындағы № 29 мектеп ғимаратында, оқушылар интернатында, шағын жылдамдықтағы папкауз-қоймасында; б) Түркістан-Сібір темір жолының Луговая стансасындағы облыстық колхоздық мектепте, колхоздық мектеп жатақханасында, № 33 темір жол мектебінде, темір жол мектебі интернатында, аудандық тұтынушылар одағы базасында, аудандық тұтынушылар одағы дүкендерінде орналастырудың жүзеге асуы көрсетілген [167].

Қазақстан К(б)П ОК мен Халық комиссарлары кеңесінің 1942 жылғы 11 шілдедегі қаулысы бойынша Қазақ әскери комиссариатына Қызыл Армияға автокөліктерді жіберу туралы жоспарды қамтамасыз ету үшін мұның алдында қабылданған көліктерді жіберу туралы жоспардан қалған қалдықты облыстық әскери комиссариаттың тапсыру пункттерінен алу қажет деп

көрсетілді: Алматы қаласынан 140 автокөлік, Өскемен қаласынан 25, Қарағанды қаласынан 30 машина жіберілуі тиіс болды. Осы аталған көліктерді Қазақ КСР Автокөлік халық комиссариатының қарамағына жөндеуге және Қызыл Армия қажетіне жаратуға жолдау туралы нұсқау беріледі. Аталған құжат аса құпия айдарымен белгілі бір тізім бойынша мекемелер мен лауазымды тұлғаларға орындауға жіберілген [107].

Азаматтарды, мәдениет және ғылыми мекемелерді, кәсіпорындарды, оның ішінде қорғаныс мекемелерін, госпитальдарды, жараланғандарды, әскери оқу орындарын және оларда оқып жатқан курсанттарды, жануарларды жаппай эвакуациялау, Ұлы Отан соғысы жылдарында елдің шығысына қарай көшіру өте ауыр жағдайда өтті. Өзінің көлемі мен мерзімі жағынан адамзат тарихында ұқсас жағдай болған емес. Миллиондаған адамдар, 2,5 мың кәсіпорын, мәдениет, ғылым мекемелері көшірілді. Эвакуцияланған кәсіпорындар үшін Қазақстан шикізат пен материалдық ресурстардың қайнар көзі ретінде маңызды өңірдің қатарында болды. Қысқа мерзімде эвакуацияланған халықты қабылдау мен орналастыруды, эвакуацияланған қорғаныс заводтары мен фабрикаларын пайдалануға ұсыну жұмыстарын ұйымдастыру қажет болды.

1941 жылғы 20 шілдеде ҚК(б)П Орталық Комитеті мен Халық комиссариаттары кеңесі «Қазақ КСР-іне келіп жеткен эвакуацияланған тұрғындарды қабылдау мен орналастыруды ұйымдастыру туралы» бірлескен қаулы қабылдады. Халық комиссарлары кеңесі мен еңбекші депутаттары облыстық кеңестері жанынан эвакуацияланған тұрғындарды қабылдау жөніндегі бөлімдер құрылды, олардың міндетіне эвакуация пункттерін құру, олардың жұмысын бақылауға алу, тамақтандыру, медициналық көмек көрсету, орналастыру және т.б. тұрғындарды эвакуациялауға қатысты жұмыстармен айналысу енгізілді. Сонымен қатар құрылымын, штаты мен айлық жалақысының жүктемесін бекітті: Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Халық комиссариаттары кеңесінің бірлескен қаулылары мен шешімдері Қазақ КСР Халық комиссариаттары кеңесінде 7 бірлік, облыстық атқару комитеттерінде 4–6 бірлік бекітілді. Эвакогоспитальдарды қабылдауға арналған ғимараттарды дайындау туралы шешім қабылданды [107].

1941 жылғы 2 тамызда Қазақстан К(б)П бюросының «Қазақ КСР-іне эвакуацияланған КСРО Ғылым академиясының академиктерінің, ғылыми қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелері мен балаларын орналастыру мен жабдықтау туралы» қаулысымен Ақмола облысы Щучинск ауданында «Бурабай» курортында 800 академик, олардың отбасы мүшелері мен ғылыми қызметкерлердің балаларын орналастыру туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар бұл контингентті кең көлемдегі азық-түлік және өндіріс тауарларымен үздіксіз қамтамасыз ету және академиктерді жабдықтау үшін жоғары нормалар белгілеу қарастырылды. Қазақстандағы ғылыми мекемелердің жұмысына қатысу үшін республика астанасы Алматы қаласына КСРО Ғылым академиясының президенті В.Л. Комаров пен академиктер А.Н. Бах, В.А. Обручев және И.В. Гамалий шақырылды [107].

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен Қазақ КСР-інің аумағында эвакуацияланған Пилоттардың авиациялық мектебі және жаяу әскер училищесі (Семей қ.) және жаяу әскер училищесі мен әскери музыканттар тәрбиеленушілердің 2-Мәскеу мектебі (Павлодар қ.), пилоттар мектебі (Орал қ.), әскери ветеринария академиясы мен авиация мектебі (Қызылорда қ.), авиация мектебі (Петропавл, Ақмола және Қарағанды қалалары), Рязань артиллерия училищесі (Талғар пос.) сияқты әскери мектептер мен оқу орындары орналастырылды.

Аталған әскери мектептер мен оқу орындары облыстық және қалалық мекемелерді тығыздандыру есебінен орналастырылды. Мысалы, Рязань артиллерия училищесін орналастыру үшін Талғар ауыл шаруашылығы техникумының жалпы ауданы 2300 шаршы метрден тұратын оқу корпусы, асханасы мен жатақханасы, ауыл шаруашылығы техникумының қалашығындағы 272 шаршы метр аумағына орналасқан қазақ орта мектебінің ғимараты, Талғар спирт заводының бала бақшасының ғимараты, 707 шаршы метр аумақтағы орталау мектеп, аудандық кітапхана ғимараты – 60 ш.м; Талғар ауылшаруашылық механизациясы мектебінің оқу корпусы, студенттердің екі жатақханасы, асханасы, жатақханасы және оқытушылар құрамының пәтерлері сияқты 1940 шаршы метрден тұратын ғимараттары босатылды. Училищенің орналастырылуы үшін барлығы 5279 ш.м. аумақ босатылып, пайдалануға берілді [107].

Эвакуациялық кеңестің белгілеген уақытында үлгеру үшін эвакуацияланған кәсіпорындарды уақытында қабылдау, орналастыру және іске қосу үшін, сонымен қатар Қазақстанға жіберілген заводтардың жабдықтарын, құралдарын, материалдарын, полуфабрикаттарын және т.б. мүліктерін сақтау бойынша шаралар қабылдау мақсатында Қазақ КСР-і Халық комиссарлары Кеңесі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті 1941 жылы 23 тамызда «Қазақстанға эвакуацияланған заводтарды қабылдау, орналастыру және іске қосу» туралы бірлескен қаулы қабылдады, бұл өз кезегінде майданды жарақтандыру, киім-кешекпен қамту, қару жарақ пен азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кәсіпорынның уақытында іске қосылуына жағдай жасады. Қазақ КСР-і Халық комиссарлары Кеңесі жанынан эвакуацияланған кәсіпорындарды қабылдау, орналастыру және іске қосу жұмыстарына байланысты іс-шараларды жүргізуді бақылау және қадағалау үшін топ құрылды [107]. Орталық Қазақстанға олардың орналастырылу мүмкіндігін ескермегендіктен жұмыс ауыр жағдайда жүргізілді, Одақтық үкіметтің жанындағы Эвакуация кеңесі ҚК(б)П Орталық Комитеті мен Халық комиссарлары Кеңесі басшылығымен келісілмеген әрекеттер жасауы, эвакуацияланған кәсіпорындардың тізімі мен сипаттамасының болмауы және эвакуация үдерісі туралы уақтылы хабарланбауы сияқты келеңсіздіктердің орын алғандығын атап өту қажет. Эвакуация жөніндегі кеңес Қазақстанның бірнеше облысына бір заводты орналастыруға қажетті орын іздеуді тапсырады. Кейде біртектес кәсіпорындар бір қалаға жіберіліп жатты. Мысалы, 1941 жылғы 23 тамызда, 5 және 7 қыркүйекте 3 спирт-арақ заводы

Жамбыл спирт-арақ заводына жіберілді. Кейбір одақтық халық комиссариаттары өндірістік кәсіпорындарды эвакуациялау мәселелерін шешуде өзінбілермендікке салынып, оларды орналастыруда тұрақтылық пен мүмкіндігін ескерместен солақай шешімдер қабылдап жатты. Атап айтқанда КСРО Жеңіл өнеркәсіп халық комиссариаты Қазақ КСР-і Жеңіл өнеркәсіп халық комиссариатына 36 кәсіпорынды, оның ішінде 17-сін Семей қаласына қабылдауды сұрайды.

Сондықтан Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті 1941 жылғы 22 қыркүйектегі қаулысында БК(б)П КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Эвакуация жөніндегі кеңеске Қазақ КСР-і Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті алдын ала келісіп алуды міндеттеу туралы өтініш жасайды. Республикаға мекемелер мен өндірістік кәсіпорынды эвакуациялау мәселесінде эвакуацияланатын кәсіпорындарды тиісті одақтық халық комиссариаттары уақытында қаржыландыру және техникалық басшылық жасау жұмыстарын игеруге байланысты жұмыстарды қамтамасыз етуіне қажетті қуаттылығы, жабдықтарының саны, қажетті ауданын анықтау, эвакуацияланатын кәсіпорындардың жөнелтілуі мен қайта қалпына келтіру мерзімдері туралы ақпаратты беріп тұруды көздейді [107].

Эвакуацияланған кәсіпорындарды іске қосудың кешіктірілуі жергілікті атқару билігінің себебінен де болып жатты. Облыстық кеңестердің атқару комитеттері мен Қазақстан К(б)П облыстық комитеттері Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің келіп жеткен кәсіпорындарды қабылдау, орналастыру және іске қосылуын күнделікті тексеру туралы нұсқауларын орындамады, эвакуацияланған кәсіпорындарды игеруге байланысты мәселелерді шұғыл арада шешуге қатысты шараларды қабылдамады. Мысалы, Қазақ КСР-і Жеңіл өнеркәсіп халық комиссариаты 1941 жылы тамызда келіп жеткен Киев аяқ киім фабрикасының Семейде, киіз-пима фабрикасын Орал қаласында жабдықтарын орналастыру мен іске қосу жұмысын қамтамасыз етпеді. Қазақ КСР-і Халық Комиссариаты Кеңесінің жанындағы Мемлекеттік жоспарлау комитеті эвакуация тәртібінде келіп жеткен кәсіпорындарды орналастыру және игеру мәселелерімен айналыспады, аталған кәсіпорындардың ешқайсысының игерілу жоспарын қарамады. Кемшіліктерді ескере отырып, Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті облыстық атқару комитеттерінің төрағалары мен облыстық партия комитеттерінің хатшыларына Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің 1941 жылғы 23 тамыздағы қаулысы мен Қазақстан К(б)П 2 қыркүйектегі нұсқауын мүлтіксіз орындауды қамтамасыз ете отырып Қазақстанға эвакуацияланған заводтарды қабылдау, орналастыру және іске қосу мәселелерімен айналысуды міндеттеді. [107].

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің 1942 жылғы 26 тамыздағы № 189 қаулысына сәйкес майдан шебінен эвакуацияланған КСРО Совхоздар халық комиссариаты кеңшарларының 12 мың бас малын елдің аумақтарына орналастыру туралы шешім қабылданды.

КСРО Сыртқы сауда халық комиссариатының совхоздарында Гурьев

облысындағы ірі қара және 30 мың қой; Гурьев облысындағы колхоздарда 100 мың қой; совхоздардан эвакуацияланған қалған барлық малды Батыс Қазақстан облысының совхоздарына орналастыру керек деп көрсетіледі. Алдыңғы шептен эвакуацияланған колхоз малдары келгеннен кейін Гурьев облысындағы колхоздарына – 100 мың қой, Батыс Қазақстан облысының колхоздарында – 800 мың Ақтөбе облысының колхоздарында – 600 мың бас орналастырылсын деп атап өтіледі [107]. ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1942 жылғы 1 қыркүйектегі мәліметі бойынша Батыс Қазақстан облысының қабылдау нүктелеріне 103 мың бас мал алынды, оның ішінде 75896 қой, 23145 ірі қара және 4509 жылқы, сонымен қатар колхоздың 10 мың бас ірі қара, 17 мың қой-ешкі және 3,5 мың жылқы есепке алынды. Майданнан келген жеделхаттарға қарағанда, Қалмақ елінен – 850 мың бас, Ростов облысынан – 300 мың және Сталинград облысынан – 300 мың бас мал басы келеді деп күтілді, бұл батыс облыстардың мал шаруашылығын орналастыру мүмкіндігінен асып түсті.

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитеті 1942 жылғы 26 тамыздағы қаулысына қосымша Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының бірқатар колхоздарының аумағында орын алған мал азығына деген тапшылығын ескере отырып, Қызылорда және Қостанай облыстарының колхоздарына қыстауға арналған малды көшіру туралы ҚК(б)П Ақтөбе облыстық комитеті мен облыстық атқару комитетінің өтінішін қанағаттандыру туралы қаулы қабылдады.

Қалмақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Гусев жолдастың өтініші бойынша Қалмақ АКСР-інің барлық колхоздарының эвакуацияланған малдарын орналастыру үшін Гурьев облысының Тайпак ауданы, Ойыл, Байғанин және Батыс Қазақстан облысының Шалқар аудандары, Тайсойған, Сам-Саматай, Маңғыстау түбегі, Ақтөбе облысындағы Үлкен және Кіші Барсуки және т.б. күзгі-қысқы жайылымдарын орналастыруға бөлу туралы шешім қабылданды [107].

«Ерекше папкалардың» құжаттары бойынша республиканың майдан шебінен эвакуацияланған зауыттарды қабылдау, орналастыру және пайдалануға беру, эвакуациялық госпитальдарды орналастыру, әскери оқу орындары мен азаматтық оқу орындарын орналастыру, мал басын жайғастыру кезінде қандай қиындықтарға тап болғанын байқауға болады.

Сондай-ақ, осы қиындықтарды шешу мақсатында Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің қабылдаған эвакуацияланған халықты қажетті өніммен қамтамасыз ету туралы қаулылары мен олардың уақытында орындалуы арқасында республика майданды қамтамасыз ете алды.

«Ерекше папкалардың» хаттамалық бөліміндегі сақтаулы тоталитарлық режимнің саяси құғын-сүргін саясатының аса маңызды тарихи дерек болып табылатын тұтас халықтардың Одақтық масштабта 1937 жылдан бастап бүкіл КСРО-ның шекаралық аймақтарын «тазалау» үдерісі барысында шекаралық аймақтан сенімсіз деп танылған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ

тұрғындар күштеп қоныс аударылды. Қазақстанға күштеп қоныс аудару Орталықтың, яғни Мәскеудің шешімі болғандықтан, оларды қабылдауға, орналастыруға, жұмыспен қамтамасыз етуге, тұрғын үй, азық-түлік мәселесін шешуге байланысты қабылданған Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің біріккен қаулылары «ерекше папкалар» құжаттарының құрамына еніп Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің ерекше назарында болды.

Жоғарыда атап өткеніміздей Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің қорындағы «ерекше папкалар» құжаттары екі бөлімнен тұрады. Қазақстанға күштеп қоныс аударылғандар туралы мәліметтерді екі бөлімінен де кездестіруге болады. Хаттамалық бөлімде Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бюросы отырысының хаттамасынан орнына шешімнің «ерекше папкада» екендігі туралы белгі қою арқылы бөлініп алынған қаулылары сақтаулы.

Қазақстан К(б)Партиясы Орталық Комитетінің бюросы Қазақстанға күштеп қоныс аударылған халықтарды қабылдау, шаруашылық орналастыру, еңбекпен қамту, медициналық және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету туралы Халық Комиссарлар Кеңесімен бірге немесе өз бетінше 29 қаулы немесе шешім қабылдады. Оның 22-сі Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «ерекше папкаларының» хаттамалық бөліміне енгізілсе, 7-і Қазақстан К(б)П-сы Орталық Комитетінің отырыстарының хаттамаларында сақтаулы.

1937–1944 жылдар аралығында Қазақстанға әр түрлі уақытта КСРО-ның шекаралық аймақтарынан сенімсіз деп табылған халықтар қоныс аударылып келіп жатты. Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі осы көшіп келген халықтарды қабылдау, аймақтарға бөлу, орналастыру, медициналық және мәдени тұрмыстық қызмет көрсету шаралары туралы қабылданған қаулыларында талқыланған мәселелерді мазмұнына қарай мынадай топтарға бөлуге болады:

- көшірілгендерді қабылдау және орналастыруды ұйымдастыру жұмыстары туралы;
- көшірілгендерді орналастыратын облыстарды, аудандарды, колхоздарды анықтау туралы;
- көшірілгендерді тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы;
- көшірілгендерді азық-түлікпен және азық-түлік несиелерімен қамтамасыз ету туралы;
- көшірілгендерге медициналық, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету туралы;
- көшірілгендердің айырбастау түбіртектерін малға айырбастап беру туралы;
- көшірілгендерді еңбекпен қамту туралы;
- көшірілгендер орналасқан колхоздарға ирригациялық жұмыс түрлерін жүргізу туралы;
- осы қабылданған қаулылардың орындалу барысы туралы;
- көшірілгендерді орналастыруда жіберген кемшіліктер және оларды

жою туралы.

Қоныс аударылған корейлерді қабылдау-орналастыру жұмыстарымен айналысатын комиссия мүшелерін бекіткен қаулыдан соң бір жылдан кейін көшірілгендерді қабылдау-орналастыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатымен Халықтық Жер Комитеті (ХЖК) жанынан құрылымдық бөлімше құрылды. Бұл мәселе Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі 1938 жылғы 22 қыркүйектегі бірлескен қаулысындағы көшірілгендерді орналастыруды басқаруды жетілдіру мақсатымен ауыл шаруашылығындағы колхоздарда, жерді пайдалануды қамтамасыз етуде, балықшылар колхоздарында өндірістік және тұрғын үй құрылысын жүргізуді Халықтық жер комитетіне жүктеді. Қоныс аударылғандарды көшіру мен шаруашылық орналастыруды жедел басқару үшін Жер Халық Комиссариаты құрылымында 1938 жылғы 20 қыркүйектен бастап «Көшіру басқармасын» ұйымдастыру ұйғарылды.

Жер Халық Комиссариаты Көшіру басқармасына:

- қоныстандыратын жер қорларын, қоныс аударушылар контингентін анықтау, қоныс аударылғандарды көшіру және шаруашылық орналастыру;
- қоныс аударылғандарға арналған аймақтарда жер пайдалану жұмыстарын ұйымдастыруды, жерлерді өңдеу және суару жұмыстарын бақылау және инспекциялау;
- көшірілген колхоздардың шаруашылығын ұйымдастыру;
- қоныс аударылғандарға арналған тұрғын-үй, өндірістік және мәдени тұрмыстық нысандардың құрылысына техникалық және жедел басқару; қоныс аударылғандарды колхоздарға шаруашылық орналастыруға бөлінген қаржыны бөлу және жұмсалуын бақылау жүктелді [168]. Жер Халық Комиссариатына Алматы, Гурьев, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, және Оңтүстік Қазақстан облыстық жер бөлімдерінде құрамында 2-3 адам бар көшіру басқармасын құруға рұқсат берілді. Сонымен қатар Жер Халық Комиссариаты құзырына шаруашылық-есептік негізде жұмыс істеуге «Спецстрой» республикалық мекемесі беріліп, осы мекеменің штатын қысқарту арқылы республикалық және облыстық көшіру басқармасына қосымша қызметкерлер алуға ұсыныс жасалды. Осылайша Жер Халық Комиссариаты жанындағы «Көшіру басқармасы» көшірілгендерді қабылдау-орналастыру жұмыстары бойынша Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулыларын жүзеге асыратын орган болып табылды.

Қазақстан Коммунистік (б) Партиясы Орталық Комитеті «ерекше папкаларындағы» күштеп қоныс аударылған халықтар туралы қаулылары

к/с №	Қазақстан К(б)П ОК «ерекше папкаларындағы» күштеп қоныс аударылған халықтар туралы қаулылары	Мерзімі
1	Комиссия мүшелеріне Қазақстанға Қиыр Шығыстан қоныс аударылған корейлерді орналастыратын аудандар мен пункттерді және қоныс аударылған шаруашылықтарды игеру тәртібін жедел түрде анықтап, ол туралы ұсыныстарды Қазақстан К(б)П ОК бюросына жолдау туралы	23.08.1937
2	Корейлерді қоныстандыру мен орналастыру туралы	14.11.1937
3	Корейлерді қоныстандыру мен орналастыру туралы (ж.т. Гильман, Исаев, Панкратов, Залин)	29.09.1937
4	Корейлер туралы	09.11.1937
5	Қоныс аударылған 2000 ирандық шаруашылықты орналастыру туралы	11.10.1938
6	Қоныс аударылған 2000 ирандық шаруашылықты қабылдау және орналастыру туралы	5.11.1938
7	КСРО ХКК бөлген қаражаттың ирандықтарды көшіруде жедел ұйымдастыру жұмыстарына жұмсалуды туралы	29.11.1938
8	1939 жылы қоныс аударылғандарды шаруашылық орналастыру туралы	19.02.1939
9	Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Гурьев облыстық Ұйымдастыру комитетінің өтініші бойынша ХКК-нің қоныс аударылған корейлерге азық-түлік несиесін жіберу туралы қаулысын бекіту туралы	02. 07. 1939
10	Қызыл орда, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе және Гурьев облыстарының қоныс аударылғандар шаруашылықтарына азық-түлік несиесін жіберу туралы ХКК-нің қаулысын бекіту туралы	13.07.1939
11	1939 жылы қоныс аударылғандарды шаруашылық орналастыру іс – шаралары туралы	16.07.1939
12	Қазақстан К(б)П ОК мен ХКК -нің 1939 жылғы 17 ақпан мен 16 шілдедегі «Қазақстандағы қоныс аударылғандардың	07.10.1939

	шаруашылық орналастырылуы туралы» қаулыларының орындалуы туралы	
13	Қазақстан К(б)П ОК-нің «Белорус КСР-і мен Украинаның батыс облыстарынан жер аударылған арнайы көшірілгендерді еңбекпен қамту туралы	25.11.1940
14	Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1941 жылғы 8 қазандағы «Грузин, Әзербайжан және Армян КСР-лерінен немістерді қоныс аудару туралы» қаулысын жүзеге асыру туралы	13.10.1941
15	Немістерді республиканың облыс орталықтарынан қоныс аудару туралы	16.10.1941
16	Арнайы көшірілгендерді орналастыру туралы	27.10.1943
17	Арнайы көшірілгендерді Қазақ КСР-інде орналастыру іс-шаралары туралы	15.01.1944
18	Арнайы көшірілгендерді еңбекпен қамту туралы	17.05.1944
19	Қазақстан К(б)П ОК бюросының 1944 жылғы 17 мамырдағы «Арнайы көшірілгендерді еңбекпен қамту туралы» қаулысының орындалуы туралы	15.06.1944
20	Солтүстік Кавказдан келген арнайы көшірілгендерді шаруашылық орналастыру жағдайы туралы	17.11.1944
21	Қазақ КСР-не орналастырылған арнайы көшірілгендерді шаруашылық орналастырудағы кемшіліктер туралы	26.04.1945
22	Павлодар облысы Цюрупин ауданындағы арнайы көшірілгендердің аштықтан жаппай қырылуы туралы	21.05.1945

4-кесте

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің № 708 қорындағы Қазақстанға күштеп қоныс аударылғандар туралы қаулылары

№	Қаулылары мен сауалнама жүргізу арқылы шығарылған шешімдері	Мерзімі
1	Корейлер туралы	02.02.1938
2	Корейлерді орналастыру туралы	28.02.1938
3	Қоныстанушы корейлерді шаруашылық орналастыру барысы туралы	26.07.1938

4	Қызылорда облысы Қармақшы ауданының «Новый мир» және «Сталин» атты корей колхоздарын Ақтөбе облысына көшіру туралы	20.08.1938
5	Алматы және Қызылорда облыстарында корейлерді шаруашылық орналастыру жұмыстарының барысы туралы	22.08.1938
6	Ауыл-шаруашылық және балық аулау колхоздарында көшірілгендерді шаруашылық орналастыруды басқару туралы	22.09.1938
7	Республикаға көшірілген қоныстанушыларды қабылдау мен шаруашылық орналастыру туралы БК(б)П ОК мен Қ(б)КП ОК-нің шешімдерінің орындалу барысы туралы	20.05.1940

Келтірілген кестелерден көріп отырғанымыздай арнайы көшірілгендерді былдау және орналастыру туралы Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті бюросы ХКК-мен біріге отырып немесе жекелей 29 қаулы мен шешім шығарған. Оның 22-сі «ерекше папкалар құжаттар» кешенінде сақтаулы болса, 7-і № 708-қордағы хаттамаларда сақтаулы. Бұл жеті қаулы да 1940 жылға дейін көшірілгендерге байланысты қаулылар. Бұдан кейінгі жылдардағы көшірілгендерге байланысты қабылданған қаулының бәрі ерекше папкалар құжаттар кешенінде сақтаулы.

Халықтарды этностық белгісіне қарай жаппай күштеп қоныс аудару 1937 жылдан басталып, бұл ауқымды іс-шараға іліккен ең алғашқы ұлттар Қиыр-Шығыс корейлері мен оңтүстік шекарадан қоныс аударылған ирандықтар болып табылады. Сондықтан арнайы көшірілгендерге байланысты Қазақстан К(б)П ОК бюросының алғашқы шешімі қоныс аударылып келетін корей халқын қарсы алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастырушы комиссия мүшелеріне тапсырма беру туралы еді [169]. Бұрын соңды одақтас республикаларда болмаған тұтас этностарды қысқа мерзім ішінде ешқандай дайындық жұмыстары жүргізілместен тұрақты мекен жайынан басқа республикаға үдере көшіру жұмыстары одақтық көлемдегі маңызды да ауқымды іс шара болғандықтан бұл мәселе «ерекше құпия аса маңызды» мәселелер туралы шешімдер мен қаулылар сақталатын Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «ерекше папкалар» құжаттар кешеніне енгізілді. Сонымен қатар тілі, діні, өмір сүру салты, кәсібі басқа және мүлдем басқадай климат ерекшеліктеріне үйренген ұлт өкілдерін шаруашылықтарға орналастыру шын мәнінде ерекше қадағалауды қажет еткен болатын. Сондықтан да корейлер мен ирандықтарды қабылдау және орналастыруға республика басшылығы үлкен жауапкершілікпен қарап, ешқандай олқылықтардың болмауын қатаң бақылауға алды.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «ерекше папкаларындағы» күштеп қоныс аударылған халықтарды қабылдау туралы алғашқы құжат 1937 жылғы 23 тамызда БК(б)П ОК мен КСРО ХКК қаулысына сәйкес Қазақстан

К(б)П Орталық Комитетінің комиссия мүшелеріне Қиыр Шығыс өлкесінен қоныс аударылған корейлерді орналастыратын аудандарды анықтап және осы шаруашылықтарды игеру туралы іс шаралар және ұсыныстар дайындау тапсырылады [170].

1940 жылға дейінгі күштеп қоныс аударылған корей, иран, армян, күрді, түрік ұлттарын қабылдау және орналастыру бойынша қабылданған қаулыларда «көшірілгендер» (переселенцы) термині қолданылып оларға деген партия басшылығының көзқарасы ерекше болды. Корей халқын қабылдауда партия басшылығы көшірілгендердің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, қолайлы жағдай жасауға тырысты. Ал 1940 жылдың күзінен басталған Украина мен Белорус КСР-ның батыс облыстарынан Қазақстанның Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Семей және Ақмола облыстарына көшірілген халықтарға «арнайы көшірілгендер» термині қолданылды. «Арнайы көшірілгендерді» ПХК-ның контингенті ретінде санаған аудандық, облыстық атқару және партия комитеттері оларды орналастыруда, еңбекпен қамтуда салғырттық танытқан. Жүргізілген тексеріс нәтижесінде анықталғандай олардың басым бөлігі тұрақты жұмыспен ғана емес уақытша жұмыспен де қамтылмаған болып шықты. Ал жұмысқа орналаса алғандардың айлық жалақысы әр облыста әртүрлі есептелген. Кей облыстарда айлық жалақыны толық мөлшерде төлеп отырса, кей облыстарда еңбеккүні екі есе жазылып, айлық жалақылары басқа жұмысшылармен салыстарғанда жартылай төленіп отырған. Мәселенің соңына дейін шешімін табуын күтіп ешқандай айлық жалақы төлемей отырған облыстар да болған. Мамандардың жетіспеушілігіне қарамастан арнайы көшірілгендер арасынан шыққан мамандарды жұмысқа алмаған.

Сонымен бірге оларды тұрғын үймен қамту мәселесі де өте қиын жағдайда екені анықталды. Олардың басым көпшілігі есік-терезелері мен пештері жоқ мал қораларда, сарайларда, моншаларда тұрып жатты. Ал колхозшылардың пәтерінде тұрып жатқан «арнайы көшірілгендерден» заттай өте үлкен өтемақы алынып отырған. Семей облысының Жаңа-семей ауданындағы 23 колхоздың 14-і өздерінен «арнайы көшірілгендерді» алып кетуін сұранып ПХК қатынас хат жіберген.

Арнайы көшірілгендердің балаларының мектепке орналастырылуы мен сабаққа қатысуы өте төмен деңгейде болды.

Кей жерлерде арнайы көшірілгендермен партия комитеттері ешқандай жұмыстар жүргізілмегендіктен, олар өз беттерімен әрекет етуге көшіп, нәтижесінде кейбір арнайы көшірілгендер антикеңестік, провокациялық әңгіме жүргізе бастаған.

Осындай кемшіліктерді жою мақсатымен Қазақстан К(б)П ОК бюросы белгіленген мерзім ішінде барлық арнайы көшірілгендерді өнеркәсіптік кәсіпорындарда, колхоздарда, совхоздар мен МТС-де жұмыспен қамтамасыз етуді және жұмысқа бөлгенде кәсіпорын немесе колхоздарда тұрғын үй мен азық-түлік базасын есепке ала отырып жүзеге асыруды, ең алдымен партия немесе комсомол комитеттері бар мекемелерге бөлуді міндеттейді.

Облыстық және аудандық партия комитеттеріне арнайы көшірілгендерді шаруашылық және кеңестік мекемелердегі педагогикалық және басқарушылық қызметтерден басқа жұмыс түрлерінде мамандықтары бойынша кеңінен пайдалану тапсырылады. Қазақ өнеркәсіптік кеңесі мен облыстық атқару комитеттеріне арнайы көшірілгендердің мамандықтарына байланысты өнеркәсіп артельдерін ұйымдастыру тапсырылады. Арнайы көшірілгендер арасындағы жоғары квалификациялы мамандарды жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік артельдерде мамандығы бойынша, керек болған жағдайда техникалық басшы ретінде пайдалануға, арнайы көшірілгендерді сельпо мен өнеркәсіптік кооперацияларға мүшелікке жалпы талаптар негізінде қабылдауға рұқсат береді.

Материалдық қамтамасыз етілмеген арнайы көшірілгендердің балаларын облыстық, аудандық атқару комитеттерінің ұсынуымен сол аймақтағы балалар үйіне орналастыруды, денсаулық сақтау ұйымдарына арнайы көшірілгендерге жалпы негізде медициналық қызмет көрсетуді, білім беру мекемелеріне арнайы көшірілгендердің балаларын жалпы негізде мектепке қабылдауды міндеттеді. Арнайы көшірілгендердің қиын материалдық жағдайын пайдаланып олардан киім, бағалы заттар ретінде қымбат пәтерақысын алуға тыйым салынды.

Сонымен қатар, олардың ерекше контингент екенін, олардың арасында жұмыс істеуден бас тартып, МТС және колхоз жұмыстарына кедергі келтіріп, антикеңестік-провокациялық пиғылдағы әңгімелерді таратушылардың бар екенін ескере отырып, партия және комсомол ұйымдарына қырағы болуды жүктеді [171].

Қазақстан Республикасы Президенті Архивіне сақтауға алынған жоғары партия органының «аса құпия», «құпия» айдарымен қалыптастырылған істерде күштеп қоныс аударылғандар туралы деректер «ерекше папкаларда» кездеседі. Бұл дереккөздер құпиясыздандырылған соң ғана зерттеуші ғалымдар мен депортацияланғандардың ұрпақтарының қолына еркін беріле бастады. Құпиясыздандырылған деректердің ақпараттары Қазақстанға депортацияланған халықтардың саны, ұлттық құрамы, экономикалық-әлеуметтік жағдайы туралы жан-жақты мәлімет береді. Дереккөздер арқылы Қазақстанның XX ғасырдың 30–50 жылдарындағы саяси тарихына қатысты ақтаңдақтар қалпына келтіріліп, әділдік салтанат құрды.

Депортация тақырыбына жарияланған монографиялық еңбектермен қатар құжаттар қаз-қалпында беретін фактологиялық маңызға ие құжатты жинақтарды атап өту қажет. Құжаттар мен материалдар жинақтарының фундаментальды маңызға ие болатын салмақты дүние ретінде ҚР Президенті Архивінің Қазақстан халқы ассамблеясымен бірлесе отырып дайындаған «Из истории депортаций. Казахстан 1930–1935 гг.», «Из истории депортаций. Казахстан 1935–1939 гг.», «Из истории депортаций. Казахстан 1939–1945 гг.» құжатты жинақтар сериясын атап өтеміз.

XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудің «ерекше папкалардың» ақпараттық құндылығын сараптауда бірнеше тақырыптар көтерілген болатын.

1937–1954 жылдардағы Қазақстанға халықтардың күштеп қоныс аударылуының «ерекше папкалардағы» көрінісі жоғарыда келтірілген зерттеу еңбектер мен құжатты жинақтарда беріледі. «Ерекше папкалардағы» бұрын құпия болып, зерттеуші назарынан тыс қалып келген деректер кеңінен жарияланып, аталған тақырып жан-жақты талқылануда. Коммунистік партияның құжаттары құпиясыздандырылғаннан кейінгі пайдаланылу деңгейі де өсіп келеді.

«Ерекше папкалардың» хаттамалық бөлімінде сақтаулы көлемді құжаттардың бірі ҚР Президенті Архивінде сақтаулы 2004–2008 жылдары ведомствоаралық комиссия мүшелері шешімімен құпиясыздандырылған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қорындағы «ерекше папкалар» құжаттар кешеніндегі Қытайдан оралған отандастарымызды қабылдауға байланысты құжаттар.

«КСРО кезінде көп уақытқа дейін көші-қон мәселесі туралы мағлұматтар жарияланған емес, 1926 жылғы халық санағында аздап кездессе, ал 1939, 1959 жылдары өткізілген халық санақтарында көші-қон туралы мәліметтер жоқ. Санақ қағаздарына көші-қон туралы сұрақтар енгізілмеген. Онда тек көші-қон КСРО-да ұйымдасқан түрде жүргізілді, ағымдық есеп мағлұматтары көші-қон туралы жеткілікті деректер беретіні атап көрсетілді. Көші-қон үдерістерін зерттеу жоспарлы мемлекеттік ұйымдар мен органдар үшін құнды мәлімет болып табылмайды деп шешілгендіктен 1959 жылғы халық санағында бұл мәселе енгізілмеген. Статистикалық басқармаларда 1953 жылдан бері ғана келіп кеткендер туралы материалдар жинала бастады. Көші-қон мәселесіне ерекше көңіл аудару қажеттігін бір топ ғалымдар 1960 жылы Минск қаласында өткен статист мамандардың Конгресінде негіздеген соң ғана 1970 жылғы санаққа көші-қон туралы бөлім енгізілді [172]. 1960- жылдардан бастап демографиялық мәселелерге, оның ішінде көші-қон мәселесіне байланысты зерттеулер жүргізіле бастады, бұл жылдардағы зерттеулер кеңестік дәуір идеологиясы ұстанымдары негізінде таптық, материалистік тұрғыдан жазылған еңбектер болғанымен онда келтірілген архивтік құнды деректер ешқашан өз маңыздылығын жоғалтпайды. Қоныс аудару жөніндегі мемлекеттік комитетінің тек 7 жылдық (1954–1961 жж.) мәліметтері бойынша 134117 адам Қытайдан көшіп келген [173]. Бұл факт 1950- жылдардағы жергілікті халықтың сандық құрамының өзгеруіне үлкен ықпал етеді.

Ресми құжаттарда «шекара асушылар» (перебежчики), «қоныс аударушылар» (откочевники), «қайта оралған кеңес азаматтары» деген атау алды. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «перебежчик» – жау жағына өтіп кеткен қашқын деген мағынаны, ал «откочевник» сөзі орыс тілінің белгілі бір жерден кету немесе басқа жерге қоныс аудару дегенді білдіреді [174].

Қоныс аударушыларға берілген ресми мәртебе де әр кезеңдегі құжаттарда әртүрлі болды. Кейбір құжаттарда оларды «қоныс аударушылар» (откочевники) деп атаса, 1955 жылдан бастап «қайта оралған кеңес азаматтары» деген атау алды [175]. Осындай терминдік баламалардың әркелкілігінен және құпиялық режимде сақталуынан ұзақ уақыт көптеген

құжаттар ғылыми айналымға енгізілмеді. Сондай құжаттардың бірі ҚР Президенті Архивінде сақтаулы 2004–2008 жылдары ведомствоаралық комиссия мүшелері шешімімен құпиясыздандырылған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қорындағы «ерекше папкалар» құжаттар кешенінен Қытайдан оралған отандастарымызды қабылдауға байланысты құжаттар еді. Мұнда ал 1940 жылдардағы «ерекше папкалар» құжаттарында «шекара асушылар» немесе «қашқын» деген мағынаны білдіретін «перебежчики» термині қолданылады. Қазақстан Компартиясы ОК-і (ары қарай Қазақстан К(б)П ОК) республиканың жоғарғы билік инстанциясы ретінде республиканың саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өміріндегі маңызды шешімдерді қабылдауда соңғы нүктені қоятын орган болып табылғандықтан Қытайдан қайтқан азаматтарды да қабылдау, орналастыру, еңбекпен қамту, медициналық, зооветеринарлық жәрдем көрсету, азық-түлік және киім кешекпен қамтамасыз етуге қатысты мәселелерді шешуге байланысты қаулылар қабылдап отырды. Бұл құжаттар Қазақстан К(б)П ОК-нің бланкісінде баспа машинкасында терілген, жоғарғы оң жағына «строго секретно» (өте құпия) және «особая папка» (ерекше папка) грифтері қойылған «ерекше папкада» сақтаулы құжаттар. Бұл құжаттарға жоғарыда аталған зерттеушілердің ешқайсысы қол жетімділік шектеулі болғандықтан сілтеме бермеген.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті бюросының қаулысы 1943 жылғы 24 қыркүйектегі № 207 хаттамасының 18-тармағы Шыңжаннан келген шекара асушылар туралы «ерекше папкалардағы» алғашқы құжат болып табылады. Хаттамаға «өте құпия» грифі қойылуына қарамастан хаттамадағы күн тәртібінде тақырып толық жазылмай тек «Мемлекеттік қауіпсіздік Халық Комиссариаты мәселесі» (вопрос НКГБ) деп көрсетілген, демек бұл мәселе бюро отырысында МҚХК-ның ұсынымымен құпия түрде талқылынып отырғандықтан бұл қаулыда мемлекеттік қауіпсіздік мәселесіне назар аударылған.

Бұл қаулыларда «шекара асушыларды» орналастырылатын облыстар анықталып, осы облыстардың еңбекшілер депутаттарының кеңес төрағаларына, аудандық атқару комитеттері төрағаларына Шыңжаннан келген «шекара асушыларды» қабылдауға және оларға жұмысқа, оқуға орналасуына көмектесуге, тұрғын үймен, азық-түлікпен қамтамасыз етуді, медициналық жәрдем көрсетуді, ҚазКСР-і ХКК-не ҚазКСР МҚХК-на резервтік қордан «шекара асушыларды» қабылдауға байланысты қажетті қаражатты бөлуді тапсырады және бұл қаулының орындалуын қадағалау ҚК(б)П Орталық комитетінің бюро мүшесі ҚазКСР МҚХК бастығы А.Н. Бабкинге жүктейді [176].

Келесі құжат ҚК(б)П Орталық комитеті 1944 жылғы 16 тамыздағы № 247 хаттамасының күн тәртібінде «Халық Комиссарлар Кеңесі мәселесі» (вопросы Совнаркома) ретінде тіркелген 7 бөліміндегі қаулысы Шығыс Қазақстан облысының Зайсан, Марқакөл аудандарына Шыңжаннан көп мөлшердегі малмен «шекара асушылардың» өтуіне байланысты оларды орналастыру,

еңбекпен қамту және олардың малдарына арнайы жайылым бөлу мәселесін шешу мақсатымен Шығыс Қазақстан облысына Қазақ КСР-і ХКК және ҚК(б)П Орталық комитеті тарапынан құрылған комиссияны жіберу туралы [177]. Комиссияға Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеті және облыстық атқару комитетімен бірлесе отырып «шекара асушыларды» шаруашылықтарға орналастыру туралы нақты ұсыныстар дайындау, атқарылған істер туралы Қазақ КСР-і ХКК-на және ҚК(б)П Орталық комитетіне есеп беру тапсырылды. Бұл мәселе бюро отырысына ХКК-нің ұсынымымен талқыланып отырғандықтан мұнда «шекара асушыларды» шаруашылықтарға орналастыру, малдарына арнайы жайылым бөлу мәселесі қарастырылған.

Ал ҚК(б)П Орталық комитеті 1945 жылғы 4 сәуірдегі № 276 хаттамасының күн тәртібінде «ІХК мәселесі» (вопросы НКВД) ретінде тіркелген 20 бөліміндегі қаулысында Шығыс Қазақстан облысы Зайсан, Марқакөл, Талдықорған облысы Алакөл аудандарында «қоныс аударушылармен» сауда-саттықты ұйымдастыруды, мәдени іс-шараларды өткізуді, медициналық көмек көрсетуді, оларды орналастыруды, малдарын азықпен және ветеринарлық жәрдем көрсетуді, сондай-ақ азық-түлік және өнеркәсіп тауарларына зәру қоныс аударушылармен күнделікті жұмысты ұйымдастыру туралы [178]. ҚК(б)П Орталық комитеті аталған аудандарда «қоныс аударушыларға» мәдени және медициналық қызмет көрсету, олармен сауда-саттық жүргізу, азық түлік пен өнеркәсіп тауарларына аса зәру бөлігіне көрсетілетін көмектің қанағаттандырылмайтын жағдайда екенін айтады. Азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларына айырбас жасайтын немесе сататын малы жоқ «қоныс аударушылардың» қиын жағдайда қалып отырғаны, олардың қызығушылығын туғызып отырған КСРО-ның мемлекеттік құрылымы, ұлттық саясат, соғыстың алғы шебіндегі жаңалықтар, халықаралық жағдай туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілмейтіні, жұқпалы аурулармен ауыратындарға медициналық жәрдем көрсетілмейтіні, кейбір жағдайларда аудандық атқару комитеттері мен колхоз басшылары «қоныс аударушылардан» мал қора, жайылым, жем-шөп үшін нақты кеткен шығыннан бірнеше есе көп төлем алып отырғандығы анықталған. Осы кемшіліктерді жою үшін Қазақстан К(б)П ОК-і республикалық, облыстық, аудандық деңгейлерде жауапты тұлғаларды бекітіп, әрбір сала басшыларына тиісті тапсырмалар берілді.

Әрбір ауданға «қоныс аударушыларға» қызмет көрсету үшін құрамы нақты бекітілген арнайы мәдени, кино, медициналық, зооветеринарлық топтар жасақталып іс-сапарға аттандырылады.

Соғыстың соңғы жылдарындағы ел экономикасының ауыр жағдайына және адами факторларға байланысты кейбір жергілікті билік өкілдерінің «шекара асушыларды» орналастыруда жіберген олқылықтары салдарынан олардың кері Қытайға қарай жаппай қайту фактілері орын алған. Бұл туралы Қазақ КСР Ішкі істер министрі генерал-майор Пчелкин мен Қазақ округтік Ішкі істер министрлігінің шекара әскерінің бастығы генерал-майор Бадейнов

Қазақстан К(б)П ОК-нің хатшысы Ж. Шаяхметовке 1946 жылдың 8 тамызында жазған арнайы хабарламада баяндайды [179]. Ол хатқа қосымша анықтамада 1943–1946 жылдар аралығында шекарадан заңсыз өту үстінде ұсталған адамдар саны және оларды орналастыру үшін жіберілген аудандары көрсетіледі.

Олардың Қытайға қайту себебі материалдық-тұрмыстық жағдайының нашарлығынан туындағаны анықталған. Қытайдан келгеніне 1-2 жыл болған азаматтар тұрақты мекен-жайы анықталмаған себепті тұрмыстық жағдайын түзей алмай Қытайға қайтуға мәжбүр болған. Осы уақыт аралығында 2213 адам ұсталып, кері қайтарылғанын 5-кестеден көруге болады.

1943–1946 жылдар аралығында Қытайдан қайта келушілер мен олардың орналастырылған жеріндегі саны туралы анықтама дайындалған.

5-кесте

Шығыс № 356 29 х. материалдары

1943–1946 жылдар аралығында аймақтың шекара бөлімдерімен ұсталған Қытайдан келген шекара асушылардың саны туралы ақпарат

	1943 жыл	1944 жыл	1945 жыл	1946 жыл	Барлығы
12 ОСПК	94	38	6	1	139
49 шекара отряды	111	75	29	42	257
11 ОЛПК	—	8	50	—	58
30 шекара отряды	44	355	398	193	990
50 шекара отряды	11	548	163	43	765
10 ОЧПК	—	1	—	3	4
Барлығы	260	1025	616	282	2213

Осындай баяндау хаты 1946 жылдың 30 тамызында ҚК(б)П Орталық комитетінің бірінші хатшысы Ж. Шаяхметов және ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ондасыновтардың атына ҚазКСР Мемлекеттік қауіпсіздік министрі Бызов пен ҚазКСР Ішкі істер министрі Пчелкин Талдықорған, Семей, Шығыс Қазақстан облыстарында орын алған кемшіліктерді тізбелей келе «шекара асушыларға» деген осындай кемсіту, дұшпандық және тікелей қылмыстық әрекеттер оларды қайтадан Қытайға қашуына себеп болып отырғанын жазады.

Мысалы: Талдықорған облысы Алакөл ауданында «несие алуға көмектесеміз» деген желеумен «шекара асушыларден» 290 бас қой жиналып,

аудан жұмысшылары өзара бөліп алған.

Осы ауданның «Социалды» колхозының төрағасы Терминов әр түрлі себептермен «шекара асушы» Баяділовтен 3 жылқы, бұқа, 24 қой және 6000 сом ақша алған. Осылайша жалғаса беретін тізімнің соңында КСРО-ға өз малымен оралған «шекара асушылардың» малы қыстық жем-шөпсіз қалып малынан айырылып қаражатсыз қалғанын, колхозға кіргісі келетін «шекара асушыларды» жоғарыдан нұсқаудың болмауына байланысты колхозға алмауын, олардың арасындағы білім алғысы келетін жастарды оқу орнына орналастырмай егістік жұмыстарына пайдалануы, «шекара асушылар» арасында саяси-тәрбиелік жұмыстардың нашар жүргізілуі салдарынан азаматтардың Қытайға кету фактілері орын алып отырғанын, осыған байланысты тиісті облыс басшыларына аталған кемшіліктерді жоюды тапсыруды және «шекара асушыларды» шекаралы облыстарда ұстаудың жөнсіздігі және оларды жұмыспен толық қамту мақсатында Көкшетау, Қостанай және Павлодар облыстарындағы совхоздарға көшіру керектігі айтылады.

МҚК органдары «шекара асушыларды» жұмысқа орналастыруда ұста, слесарь, ағаш ұстасы, пима жасаушы, етікші сияқты олардың кәсіби ерекшеліктерін ескерместен бәрін қара жұмысқа немесе егістік жұмыстарына жіберген. Кәсіпорындарда жұмыс істейтін «шекара асушылардың» жалақысы төмен белгіленіп, олар кеңес заңында белгіленген жеңілдіктерді пайдалана алмаған. «Шекара асушылар» жұмыс істеген кәсіпорындарда жалақы 5 айдан аса уақыт берілмеген, артық өндіріс шығыны «шекара асушылардың» жалақысынан ұсталып отырған, «шекара асушылар» жоспардан тыс ақысыз жұмыстарға жұмсалып отырған.

«Шекара асушылар» санитарлық нормаларға сай келмейтін жиһазсыз, көрпе-төсексіз, ыдыс-аяқсыз жертөлелерде, барактарда орналастырылған, киетін киімдері және аяқ киімдері болмаған.

«Шекара асушылардың» шекарадан өткен кезде карантинге алынған малдары оларға тұрақты мекеніне жеткеннен кейін берілген түбіртек негізінде қайтарылуы тиіс болатын. Бірақ «шекара асушылар» малдарын қайтып ала алмаған.

Көптеген «шекара асушылардың» айтуы бойынша оларға КСРО аумағына өтуге және мекендеуге рұқсат берілгенімен, мұнда 1–2 жыл тұрса да өздеріне «кеңестік емес адамдарға» деген көзқарастың өзгермеуіне қынжылады. Оларда азаматтығын немесе мекендеу құқығын беретін ешқандай құжаттың болмауы кеңес заңдарында қарастырылған жеңілдіктерді пайдалануға, колхоз мүшелігіне өтуге, көп балалы аналарға арналған жеңілдіктерді пайдалануға кедергі болып отыр. Көмек бермек түгіл құжат сұрап, кемсітіп күн көрсетпейді деп шағымданады.

«Шекара асушыларды» қабылдаудағы, қоныстандырудағы, тұрғын-үймен, жұмыспен қамтамасыз етудегі және тұрмыстық-материалдық қамтамасыз етудегі селқостықтың, оларға деген адамгершілікке жатпайтын, мейірімсіз көзқарастың салдарынан олардың арасында антикеңестік көңіл күй

туғызып мен антикеңестік әңгімелердің өрбуінен бастап жұмыс орнын, қонысын тастап Қытайға қашу фактілері тіркелген. Тек 1946 жылы ғана шекара бөлімдерімен шекарадан өтпек болған және өтіп кеткен 60 адамды тіркелген.

Жергілікті атқару комитеттеріне «шекара асушыларды» шекарадан совхоздарға жеткізуге, қаржымен, азық-түлікпен, медициналық қызметпен қамтамасыз етуге, жұмыспен қамтуға, тұрғын-үй құрылысына жер-телімдерін бөліп беруге, құрылыс материалдармен қамтамасыз етуге, балаларын мектептерге орналастыруға, үй салуға 10 жылдық несие беруге, 1947–1951 жылдары барлық салықтардан босатуға, Шыңжаңдағы консулдықтан алған куәліктерін кеңестік төлқұжатқа ауыстырып, кеңес азаматтығын беруге міндеттеді [178].

Осы қабылданған қаулы шешімдерінің орындалу деңгейін 1947 жылы сәуір айында тексеру нәтижесінде Министрлер Кеңесі және ҚК(б)П Орталық комитеті Талдықорған облысында орындалмай жатқанын негізге ала отырып жаңа қаулы қабылдайды. Қаулыда облыс басшыларына қысқа мерзім ішінде кемшіліктерді жоюға міндеттейді. Облысқа Министрлер Кеңесі және Қазақстан Коммунистік (большевиктер) Партиясы Орталық комитеті өкілдерінен құрылған бригаданы іс-сапарға аттандырады [179].

Бұл құжаттар бойынша соғыс жылдарында да босқындар легінің толастамағанын байқауға болады, мұндай фактілер арақідік болса да Қытай мен Қазақ КСР-і шекарасында орын алып тұрғанын, қандастарымыздың елімізге оралу үдерісінің созылмалы түрде тоқтаусыз жалғасқанын аңғартады. КСРО мен Қытай Халық Республикасы арасында Кеңес азаматтарын қайтару туралы ешқандай келісім болмағандықтан олардың «шекара асушылар» (перебежчики) деп аталуы да көштің құқықтық-нормативтік базасы болмауынан еді. Бұл құжаттарда «шекара асушылар» деп аталғанымен олардың «қоныс аударушылар» мен «кеңес азаматтарынан» ешқандай айырмашылығы жоқ еді. Тек ол кезеңде ҚХР-мен бұл мәселе бойынша ешқандай дипломатиялық қарым қатынастың болмауы еді. Ал 1954 жылымық жылдары Қытай мен КСРО арасындағы қарым- қатынас туралы 10 жылдық келісімшарт негізінде «кеңес азаматтары» КСРО-ға орала бастады. оларға қайта оралған «кеңес азаматтары» мәртебесі берілді. Сонымен бірге, КСРО Министрлер кеңесі 1954 жылы 16 сәуірде № 751-329 ерекше құпия жарлығы бойынша маусым-тамыз айларында Қытай Халық Республикасындағы «кеңес азаматтарын» тың жерлерді игеруге көшіру туралы, 1955 жылы 17 қыркүйекте № 1701 Шекарадан тыс жерлердегі кеңес азаматтарын репатриациялау және оларды КСРО-да еңбекпен қамту туралы қаулысын қабылдайды [180]. Қазақ КСР Коммунистік партиясы ОК бұл жылдарда да Қытайдан келген «кеңес азаматтарын» орналастыруда жіберілген кемшіліктерді жоюға қатысты қаулылары бар.

1955 жылы 17 тамызда қабылданған мұндай қаулы Шәуешек қаласындағы КСРО консулы Романчук жолдастың жеделхатындағы ҚХР-нан келген «кеңес азаматтарын» орналастыруда орын алған сорақы кемшіліктерді

жою туралы деп аталады. Бұл қаулыда Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан облысы басшыларына ҚХР-нан келген «кеңес азаматтарын» тұрмыстық орналастыру және еңбекпен қамту жағдайын мұқият тексеруді және кінәлілерді қатаң жазалауды тапсырады. Сонымен бірге жіберілген кемшіліктерді жоюды көмектесуге және тексеруге әр облысқа іс-сапарға баратын адамдардың құрамын анықтайды. Облыс басшыларына атқарылған іс-шаралар туралы сол жылдың 25 тамызына дейін баяндауды тапсырады [181].

Қоныс аударушыларды азық-түлікпен, жылы киіммен қамтамсыз ету әр жерде әр түрлі деңгейде жүріп жатты. Мысалы Ново-Покровск ауданындағы Калинин атындағы колхозда келімсектерге арнап 40 жылы шалбар, 45 құлақшын, 20 пима сатып алса, кейбір аудандарда жылы киімі жоқ балалар мектепке бара алмай отырды.

Сондай-ақ, қоныс аударушылар арасында саяси, мәдени-ағарту жұмыстары әр ауданда әр түрлі деңгейде жүріп жатты. Жергілікті басшылар мен тұрғындардың көшіп келушілерді кемсіту, жәбірлеу немесе басқа да арнамысына тиетін жағдайлар да орын алып отырды. Мектеп жасындағы балаларды оқыту мәселесі де қиын жағдайларда жүзеге асырылды. Облыстағы мектеп жасындағы 8249 баланың 8148-і оқуға тартылып, 480 қосымша сынып ұйымдастырылды. Бірақ 119 сынып мұғалімдеріне еңбекақы төлеуге қаражат жоқ еді. Көптеген балалар бюджеттік немесе қоғамдық интернаттарға орналастырылғанымен, бұл интернаттарда балаларға тиісті күтім көрсетілмей ата-аналарының балаларын алып кеткен жағдайлары да болды.

Халыққа медициналық қызмет көрсету өте төмен деңгейде болды. Көшіп келушілер арасында туберкулез, жұқпалы-тері аурулары кең таралған еді. Көшіп келушілер арасында медициналық тақырыптарға әңгіме-дәрістер жүргізілмеді, сондықтан ырымшыл және діни ұстанымдағы адамдар дәрігерге қаралудан бас тартты. Жүкті әйелдерге медициналық қызмет нашар көрсетілді, олардың 40 пайызы үйлерінде босанды.

Көшіп келушілер арасында идеологиялық жұмыс өте нашар жүргізілетіні себепті Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің үгіт-насихат тобы облыста 20 күн жұмыс жүргізіп 12 ауданды, 81 колхоз және совхоздарды, 276 бригада, ферма, бөлімшелерді аралап шықты. 21 дәріс оқып, 6000 адам қатысқан 530 жеке және топтық әңгімелер жүргізді. Онда негізінен туыстарын іздестіру жолдары, Қытайдағы туыстарын көшіріп әкелу, басқа аудандағы туыстарына жақын жерге көшу, қытай ақшасын ауыстыру, шекарада өткізілген малдарын қайтару сияқты сұрақтар қойылды.

Көшіп келушілердің тұрмыстық жағдайымен танысқан, зерттеген топ мүшелерінің ұйғарымын есепке ала отырып Қазақстан К(б)П ҚХР-нан келген азаматтардың мәдени тұрмыстық жағдайын жақсарту туралы соңғы қаулысы 1962 жылы 14 қарашада қабылданды [182].

1943–1962 жылдар аралығында «шекара асушыларға» немесе «қоныс аударушыларға» қатысты Қазақ КСР-і Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 7 қаулысы шықты. Оның екеуі ҚазКСР Министрлер Кеңесімен біріккен отырысында қаралған, біреуі МҚХК мәселесі, біреуі ПХК мәселесі,

біреуі ХКК мәселесі ретінде тіркелген.

«Қоныс аударушыларға» байланысты құжаттар Қазақ КСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің, Қазақ Өлкелік комитетінің, Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің басқа тізімдемелерінде де кездеседі. Ол құжаттарда ҚХР-нан келген азаматтар саны, орналастырылған аудандар мен облыстар, бөлінген қаражат, азық-түлік, киім-кешек, құрылыс материалдары туралы ақпарат берілсе, ҚазКСР Коммунистік партиясы Орталық Комитеті «ерекше папкаларындағы» «шекара асушылар» мен «қоныс аударушыларға» байланысты құжаттарда қоныс аударушыларды қабылдау, орналастыру, еңбекпен қамту және тұрмыстық-материалдық жағдайын жақсартудағы, саяси идеологиялық насихат жұмыстарындағы жергілікті мемлекеттік органдардың жіберген кемшіліктерін анықтау және түзеу туралы мағлұматтар берілген.

Бұл құжаттардағы ақпараттың Қытайдан қазақтардың оралу үдерісінің хронологиялық шеңберін, санын қайта қарастыруға оларды орналастыруда, жұмыспен қамтуда тұрғын үймен қамтамасыз ету және басқа да әлеуметтік мәселелерді шешудегі туындаған қиындықтарды зерттеуде маңызы зор. Бұл құжаттар бойынша Шыңжаңдағы саяси ахуалдың қиындауы және Шыңжаң реакциялық өкіметінің тұрғындарды қудалауының күшеюіне байланысты Қазақ КСР-і аумағына қудалаудан бас сауғалаған «шекара асушылардың» өту фактілерінің жиілегенін және оларды арнайы белгіленген облыстар мен аудандарға қабылдау және жұмыспен, тұрғын үймен қамтамасыз ету, мектепке орналастыру, азық-түлікпен, медициналық жәрдем көрсету мәселелерін қарастырады.

Отандастарымыздың Қытайдан оралу үдерісі «Қазақ өлкелік комитетінің» қорындағы құжаттарға байланысты 1934 жылдан басталғанымен [183], бұл құжаттарға сәйкес 1943 жылы ғана биліктің жоғарғы сатысында талқылана бастағанын немесе осы жылы биліктің назарына ілінетіндей мөлшердегі адамдардың шекарадан өткені белгілі болды.

«Шекара асушылардың» алғашқы легіне елімізде шаруашылықтарға орналасуына, материалдық-тұрмыстық жағдайына көмектесу, медициналық, әлеуметтік, зооветеринарлық жәрдем беру Қытайда қалған отандастарымыздың елімізге оралу үдерісін жылдамдату үшін қажет болды. Соғыс жылдарындағы демографиялық ахуалдың нашарлығы, тылдағы жұмыс күшіне деген тапшылық бұл мәселенің дұрыс шешімін табуын талап етті. Сондықтан бұл «аса маңызды», «кезек күттірмейтін» мәселелердің бірі болғандықтан Коммунистік партия басшылығы бұл құжаттарды «ерекше папкаларда» сақтауының себебі болып отыр.

ҚР Президенті Архивіндегі сақтауға алынған «ерекше папкалардың» фактологиялық деректері Қазақстан тарихының саяси келбетінің бір көрінісі болып табылады. Тағдыр талқысымен шекараның екі жағында қалған қазақ халқының өкілдерінің қиыншылықтар мен ауыртпалықтарды басынан өткізгенінің куәсі – архив қоймаларындағы бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген, өз зерттеушісін күтіп жатқан деректер.

Жоғарыда келтірілген тарихи оқиғалар әлемдік немесе одақтық маңызы

бар тарихи оқиғалар болғандықтан, бұл оқиғаларға қатысты құжаттардың «ерекше папкалар» құжаттық кешенінде сақталуы заңдылық ретінде қарастыруға болады. Сонымен бірге «ерекше папкалардың» хаттамалық бөлімінде республиканың өміріндегі маңызды іс-шараларды жүзеге асыру туралы құжаттар да сақтаулы. Олардың мазмұны төмендегідей болып келеді:

Партия комитеттеріндегі құпиялылық туралы, КП(б)К ОК-де құпия жұмысты жақсарту туралы, жабық хатты талқылау туралы, шифрлық өндірісті тексеру туралы, БК(б)П ОК-нің шифрлау жұмысы туралы нұсқауларының бұзылуы туралы, шифрлаушыларға шифрлау жұмыстары бойынша семинар өткізу туралы.

«Ерекше папкалардың» құжаттарында қаралатын мәселелердің тақырыптары мәселенің өзектілігіне ғана емес, партия басшылығының партия комитетінің алдына қойған міндетіне қарай өзгерді. Жағдайға байланысты партиялық комитет басшылығының жедел түрде араласуын талап ететін сұрақтар да қамтылды, мысалы:

- эпидемиологиялық жағдайлар туралы: жаппай туберкулез ауруы, обаға қарсы медициналық-санитариялық шаралар туралы, Алматыда және бірқатар басқа облыстарда сібір жарасының ошақтары туралы, тырысқақ ауруларымен күресу шаралары туралы;

- табиғи апаттардан қорғау: Малая Алматы өзені бассейнінде лай және тас ағындарын болдырмау шаралары туралы, су тасқынына қарсы күрес жөніндегі республикалық комиссия туралы;

- республиканың өнеркәсіп кәсіпорындарында өртке қарсы күрес және өртке қарсы шаралардың жай-күйі туралы, өрттен қорғау, техникалық пайдалану және қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы туралы;

- экономикалық мәселелер: әскери қызметкерлерге мұқтаж отбасыларға өндірістік және өнеркәсіптік тауарлармен көмек көрсету шаралары туралы, жыл сайынғы статистикалық есепті бекіту туралы, Халық комиссарлар кеңесінің шаруашылық істері жөніндегі қаулысы туралы, республиканың тұтыну кооперациясының жұмысын жақсарту шаралары туралы;

- кадр мәселесі: КП(б)К Орталық Комитетінің хатшылары туралы, обкомдардың шифрлаушысын тағайындау туралы, Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы санитарлық басқармасы ауруханасының емдеу-профилактикалық қызметіне кіретін лауазымдардың тізбесін бекіту туралы;

- қаржы мәселелері: қаражат бөлу, мұқтаж колхозшыларға ақшалай несие беру, жауынгерлерге, командирлерге, комиссарларға және саяси қызметкерлерге сыйақы беру;

- партиялық жеңілдіктер: автокөліктерді ұстауға кеткен артық шығындарды жабу, партия және кеңес қызметкерлеріне тұрмыстық қызмет көрсету тізбесі, облыстық жетекші қызметкерлерді азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы;

- Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне сайлау өткізу, Қазақ КСР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, кенттік және ауылдық Кеңестеріне сайлау ережесінің жобасы туралы;

– мәдени іс-шаралар бойынша: араб әліпбиінде қазақ тілінде көркем әдеби журнал шығару туралы, Бүкілодақтық мәдени байланыстар қоғамы қазақ бөлімшесінің шетелдегі жұмыс жоспары туралы;

– идеологиялық мәселелер: Шыңжаң мен МХР үшін арнаулы радиохабар тарату жөніндегі, Сонымен қатар, сыртқы және ішкі жағдайларға қарамастан партия басшылығының тұрақты бақылауын талап ететін мәселелер де болды. Бұл сұрақтар:

– партия қызметкерлерінің әдепсіз және партия мүшесіне лайықсыз мінез-құлықтары туралы, жоспарды орындамау туралы, кейбір партия органдарында әкімшіліктің өрескел бұзылу фактілері туралы, социалистік заңдылықтың бұзылуы туралы;

– өндірістегі жазатайым оқиғалар, кемшіліктер, жоспардың орындалмауы, түзету орындарынан босатылған азаматтарды жұмысқа орналастыру туралы, Октябрьуголь» тресіндегі №35 шахтадағы топтық апат туралы, Қызылорда облысы Арал ауданындағы оба ауруына қарсы күрес шаралары, Петропавлдағы кәмелетке толмағандар еңбек колониясындағы тәртіпсіздіктер және басқа сұрақтар туралы (1963-1967);

– Алматы қаласында қоғамдық тәртіпті қорғауды және қылмыспен күресті күшейту шаралары туралы;

– білім және ғылым туралы: Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелері туралы, Қытайға кеңес мектептерінен мұғалімдер жіберу туралы, Моңғол Халық Республикасының Жоғары партия мектебіне мұғалімдер жіберу туралы, Қазақ КСР Ғылым академиясының қызметіндегі келеңсіз құбылыстар туралы;

– республикадағы баспа басылымдары туралы, редакциялық алқаның құрамын, жұмыс жоспарын бекіту туралы, саяси, көркем және бұқаралық әдебиеттерді шығарудың тақырыптық жоспарын бекіту туралы, «БК(б)П тарихының қысқаша курсы» дайындау, «Қазақ елі» журналының жұмысын жетілдіру, И. Сталиннің шығармаларын шығаруға жауапты;

– Қазақ КСР Үкіметінің құрамы туралы;

– партияның ішкі істері бойынша: партиялық жазаларды алып тастау туралы.

«Ерекше папкалардың» хаттамалық бөлімінің құрамына кірген қаулылармен шешімдердің әр түрлі тарихи кезеңдерде мазмұнының ғана емес көлемінің де әр түрлі болуымен ерекшеленеді. Сталиннің басқаруы жылдарындағы «ерекше папкаларға» енгізідген құжаттар көлемі айтарлықтай үлкен. Мұны сол жылдардағы орын алған екінші дүниежүзілік соғыс, халықтарды күштеп қоныс аудару, саяси қуғын-сүргін сияқты Одақтық масштабтағы компаниялармен түсіндіруге болады. Қазақ КСР Компартиясы ОК-і бюро мүшелерінің алғашқы құрамы саяси қуғын-сүргін ұшырағаннан кейін, Қазақ КСР Компартиясы ОК-і Мәскеудегі КОКП ОК-і Саяси бюросының тікелей басшылығымен республика көлемінде «партияның басты жолын» жүзеге асыруға барынша атсалысты. Жоғары лауазымды қызметтегі партия мүшелерімен партиялық тәртіптің бұзылуы және Мәскеудің қатаң

бақылауындағы мәселе туралы құжаттар «ерекше папкалар» құрамына енді. Бұдан осы кезеңде Қазақ КСР-індегі саяси-экономикалық жағдайдың Орталықтың жіті бақылауында болғанын аңғаруға болады. Бұдан кейінгі жылдары «ерекше папкалар» құрамына енетін құжаттар көлемі мен мазмұны жағынан айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Жоғарыда «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің хаттамалық бөлімінде сақтаулы қаулылар мен шешімдерінің мазмұнына талдау жасалды.

3.3 Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкалар» құпия бөлімі құжаттарының ақпараттық құндылығы

«Ерекше папкалар» құжаттар кешенінің «құпиялық бөлімі» құжаттарының «хаттамалық бөлім» құжаттарынан ерекшелігі оның бағытталуы немесе жасалу мақсатына, яғни атқаратын қызметіне тығыз байланысты. Егер «хаттамалық бөлімдегі» құжаттар республика көлеміндегі орындалатын іс-шараларға қатысты қабылданған қаулылар болса, ал «құпия бөлімде» Қазақстан Компартиясы ОК-нің КОКП ОК-мен, басқа да Одақтық деңгейдегі билік органдарымен және мекемелермен хат алмасу материалдары және Қазақстан Компартиясы ОК-нің әскери әскери қорғаныс мәселелері қаулылары сақтаулы.

«Құпия бөлім» материалдарын корреспонденциялық белгісіне қарай мынадай топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Қазақстан Компартиясы ОК-нің КОКП ОК-мен хат алмасуы;
2. Қазақстан Компартиясы ОК-нің КСРО Министрлер Кеңесінің салалық министрліктерімен хат алмасуы;
3. Одақтас республикалардың партиялық комитеттерімен хат алмасуы;
4. Қазақстан Компартиясы ОК-нің Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттерімен хат алмасуы;
5. Қазақстан Компартиясы ОК-нің салалық мекемелермен хат алмасуы;
6. Белгілі бір мәселе төңірегінде құрылған комиссиялардың Қазақстан Компартиясы ОК-не жіберген ақпараттары; (Қазақ КСР мемлекеттік жоспарлау комиссиясы ұсынып отырған 1962 есептік жылға арналған Қазақ КСР-нің халық шаруашылығын жоспары туралы және Қазақстан Компартиясы ОК мен Қазақ КСР Министрлер кеңесі қаулысының жобасы);
7. Жеке азаматтардың және партия қызметкерлерінің арыздары бойынша уәкілетті органдармен хат алмасу.

Қазақстан Компартиясы ОК-нің КОКП ОК-мен хат алмасуларында шет елге шығатын коммунистердің құжаттарын рәсімдеу және орталыққа жіберу туралы, КСРО партиялық, кеңестік басқару органдарының сұраныстарымен республикада жүзеге асырылған іс-шаралардың барысы туралы баяндамалар, есептер, анықтамалар, арыздардан тұратын құжаттар тобын кездестіре аламыз.

Қазақстан Компартиясы ОК-нің КСРО Министрлер Кеңесімен және оның салалық министрліктерімен хат алмасуында сол саланың Қазақстан территориясында жүргізетін жұмыстары туралы, оларға қажетті жер телімін

бөлу, мамандармен қамтамасыз ету, жергілікті халықпен қарым қатынас орнату сияқты мәселелер қарастырылған.

Сондай-ақ, ҚК(б)П ОК-нің КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы И.В. Сталинге хатында «арнайы көшірілген» бұрынғы кулактарға жағымды мінездеме бере отырып, оларды арнайы елді мекендерден босатып, барлық шектеулерді алып тастауды ұсынады. Осындай ұсыныстар КОКП ОК Г.М. Маленковқа, Н.С. Хрущевқа, КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы К.Е. Ворошиловқа да жолданған.

Одақтас республикалардың партиялық комитеттерімен сол республикада орналасқан режимдік нысан филиалдарының қауіпсіздігі туралы, ондағы құпиялық режимнің сақталу деңгейі туралы материалдар.

Жоғарыда атап өткеніміздей «ерекше папкалар» құжаттық кешені облыстық партия комитеттерінде де қалыптасқан. Облыстық партия комитеттерінің «ерекше папкаларындағы» қарастырылған мәселелер бойынша қабылданған қаулылардың бір данасы ҚК(б)П ОК-іне жіберіліп отырған. Осындай облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттері қаулылары мен қарастырылған мәселеге қатысты хат алмасулары ҚК(б)П ОК-і «ерекше папкалары» «құпия бөлімінде» сақталып қалған. Мұндай құжаттарың мазмұны облыстағы атқарылған іс-шаралардың орындалуы және кадр мәселесі туралы болып келеді. Кадр мәселесі туралы хат алмасулар мазмұнына қарай ҚК(б)П ОК-нен Обкомға қарай бағытталған және Обкомнан ҚК(б)П ОК-не бағытталған болып келеді. Әдетте ҚК(б)П ОК-і Обкомдардан белгілі бір талаптарға сай мамандармен жабдықтау туралы жазса, Обкомдар ҚК(б)П ОК-не облыстағы жоғары лауазымды партия қызметкерлерінің компетенттілігі мен қызметтік этикасы туралы жазады. Сонымен қатар обком құжаттарынан облыстағы азаматтық қорғаныс, кәсіпорындар мен мекемелердегі мемлекеттік құпияны сақтау, жұқпалы аурулармен күрес, төтенше оқиғалар туралы ақпараттарды кездестіруге болады [184].

Одақтық салалық министрлердің, республикадағы салалық кәсіпорындар мен салалық ведомстволардың ҚК(б)П ОК-іне жіберген материалдарының мазмұны сол саладағы жүргізіліп жатқан маңызды іс-шаралардың орындалу барысы немесе орын алған кемшіліктер мен апатты жағдайларды баяндайды. Мұндай материалдар техника-экономикалық негіздеулерден, жоспарлардан, өнеркәсіптің өнім өндіру кестелерінен тұрады. Бұл кестелер арнайы салалық терминология мен көрсеткіштерді пайдаланылып құрастырылған. Бұл мәліметтерді өңдеуге математикалық әдістерді қолдану қажеттілігі туындайды [185].

Қазақстан Компартиясы ОК-нің белгілі бір мәселе төңірегінде құрылған комиссиялармен хат алмасуында:

- Саяси, қызметтік және шаруашылық қылмыстары үшін жазасын өтеп жатқан азаматтардың істерін қайта қарауға құрылған КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы комиссиясының жұмысы туралы құжаттар (ақпараттар, анықтамалар, есептер, баяндамалық жазбалар);

- Қазақ КСР мемлекеттік жоспарлау комиссиясы ұсынып отырған 1962 есептік жылға арналған Қазақ КСР-нің халық шаруашылығын жоспары туралы және Қазақстан Компартиясы ОК мен Қазақ КСР Министрлер кеңесі қаулысының жобасы.

Жеке азаматтардың және партия қызметкерлерінің арыздары бойынша уәкілетті органдармен хат алмасу. Әдетте мұндай арыздардың мазмұны жоғары лауазымды партия қызметкерлерінің жіберген қателіктері, қылмыстары, тәртіп бұзушылықтары туралы болып келеді. Осы арыздағы баяндалған жағдайға байланысты ҚК(б)П ОК-і тиісті мемлекеттік мекемелерге сұраныс жолдап, істің мән-жайын анықтаған. Осы сұраныстарға жауап ретінде ҚК(б)П ОК-не тиісті мемлекеттік мекемелерден анықтамалар, баяндамалық жазбалар, жазбалар, көшірмелер, фотоайғақтар, түсініктемелер, түсіндірмелік жазбалар, қаулылар, хаттамалар, хаттамалық жазбалар, стенограммалар, істерден үзінділер келіп түскен.

Қазақстан Компартиясы ОК-і «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің «құпия бөлім» материалдарын мазмұнына қарай бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады. Олар:

- Күштеп қоныс аударылған халықтарды орналастырудағы экономикалық, әлеуметтік, құқықтық мәселелер туралы;
- Құқық қорғау органдарының құызметі туралы;
- Әскери-қорғаныс туралы;
- Азаматтық қорғаныс туралы;
- Партиялық құжаттар туралы;
- Халықаралық іс-шаралар туралы.

«Құпия бөлім» құжаттарының ішінде әскери-қорғаныс саласына қатысты құжаттар көптеп кездеседі, Әсіресе 1962 жылғы қырғи-қабақ соғыстың шырқау шегіне жетіп, әдемде атомдық соғыс қаупін тудырған «Кариб дағдарысы» да КСРО-ның аса маңызды геостратегиялық плацдармы болып саналатын Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Сол жылдары Қазақ КСР-інде әскери техника жабдықтарын өндіруге, мобилизациялық қуаттарды арттыруға, әскери объектілерді энергетикалық қуатпен, байланыспен қамтамасыз ету, азық-түлікпен қамтамасыз етуге аса үлкен назар аударылып, соғыс жағдайында қарсылас территориясында партизандық қимылдар жасауға арнайы әскери жасақтар құрылды.

ҚК(б)П ОК-і Жамбыл, Алматы, Оңтүстік-Қазақстан, Қызылорда обкомдарына КСРО Әскери Күштері Бас Штабының өтініші бойынша республика территориясында құрылатын арнайы жасақтарға партиялық қызметкерлер құрамындағы запастағы офицерлерден отряд командирлерінің, командирлердің саяси жұмыс бойынша орынбасарларының және басқа да лауазымдарға лайықты адамдардың тізімін бекітуді және осы адамдардың (ҚКП обкомы хатшылығының қаулысы, мандарды тіркеу бойынша жеке іс-парағын, автоөмірбаян, мінездеме, 6×9 өлшемді фотосуретін) материалдарын 1962 жылдың 15 сәуіріне дейін ҚК(б)П ОК-не жолдауды ұсынады. Сонымен қатар әскери дабыл кезінде облыс территориясындағы топтардың жиналуына

арналған байланыспен жабдықталған орындарды дайындау және болашақта арнайы жасақтардың жеке құрамымен саяси-тәрбиелік жұмыстарды жүргізу тапсырылды.

Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1962 жылғы құжаттарынан әскери-қорғаныс саласына қатысты мынадай мәліметтерді кездестіре аламыз:

- Қазақ КСР кәсіпорындарының әскери техникаға қажетті жабдықтарды өндіру және жеткізу туралы жоспары;

- Әскери техниканың маңызды түрлерін өндіруге арналған мобилизациялық қуатты құру және дамытудың тапсымаларын нақтылау туралы;

- әскери объектілерді энергетикалық қуатпен, байланыспен, азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы;

- денсаулық сақтау мекемелерін соғыс жағдайына бейімдеу (әскери госпитальдарды ұйымдастыру);

- соғыс жағдайында нормалауға жататын азық-түлік түрлерін және оларды алатын мамандық иелерінің тізбесін бекіту;

- ПМ-нің әскери уақытқа арналған жедел қимылдайтын әскери бөлімдерін, тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін, өртке қарсы әскери бөлімдерін жасақтау және әскери тұтқындарға арналған лагерлер мен әскери тұтқындарды конвоилау мен күзетуге арналған бөлімдерді құру туралы;

- Ерікті түрде жалғыз басты, балалары жоқ 19-25 жас аралығындағы әйелдерді 2 жылдан кем емес мерзімге әскер қатарына алу туралы [186].

Кеңес Одағындағы азаматтық қорғаныс халықты және экономика объектілерін төтенше жағдайлардан, соның ішінде әскери қауіптерден, табиғи апаттардан және техногендік оқиғалардан қорғау жүйесінің маңызды элементі болып табылды. КСРО-да азаматтық қорғаныстың құрылуы, дамуы және жұмыс істеуі саяси жағдайға, сыртқы қауіптен сақтануға және социалистік жүйені қорғау қажеттілігіне байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Азаматтық қорғаныс тек атомдық соғыс қаупімен ғана емес, табиғи және техногендік апаттар қаупімен де байланысты болды. 1960-1970 жылдары радиациядан және химиялық ластанудан қорғау жүйелері белсенді дами бастады. Азаматтық жүйесі аясында КСО-да міндеттер әр түрлі деңгейлерге нақты бөлінді: орталық, республикалық, облыстық және қалалық. Әр деңгейде халықты және экономика объектілерін қорғау жөніндегі іс шараларды дайындауға және өткізуге жауапты басқару органдары болды.

КСРО-дағы азаматтық қорғаныс қоғамдық санаға және халықтың өмірін ұйымдастыруға айтарлықтай әсер етті. Азаматтық қорғаныстың маңызды элементтері тұрақты жаттығулар, апаттардың салдарын жоюға халықты тарту, сондай-ақ төтенше жағдайлардағы әрекет ережелері туралы білімді белсенді насихаттау болды. Азаматтық қорғаныс жүйесін енгізу билік органдарын ғана емес, сонымен бірге азаматтардың күнделікті өмірін де қамтитын бүкіл қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға әкелді.

Қазақ КСР-нде азаматтық қорғаныс қызметін ұйымдастыру, жауапты

тұлғаларды тағайындау ҚК(б)П ОК-і мен Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің құзыретінде болды. Азаматтық қорғаныс жұмыстарын ұйымдастыру туралы қабылданған қаулылар аса маңызды құжат ретінде «ерекше пакалардың» құпия бөлімінде сақтаулы.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан ықпал ету территориясын едәуір ұлғайтқан КСРО «Социалистік даму жолын» таңдап, социалистік лагерге кірген мемлекеттердегі Компартияларға үнемі қолдау көрсетіп, социализмді құру ісінде оларды үнемі тәжірибелі мамандармен қамтамасыз етіп отырды. Ол елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылып, елшілікте жұмыс істейтін коммунистер жолданып отырды.

Аса маңызды стратегиялық, саяси, әскери тапсырмаларды атқаратын адамдар партия мүшелері арасынан іріктеліп алынып, ұдайы бақылауда болған.

Шет елге жолдама алған коммунистердің партиялық документтері БК(б)П ОК сақтауға өткізілетін. Оның орнына коммунистерге партиялық билеттері қабылданғаны туралы анықтама берілетін. Ол анықтаманы жолдама берген мекемелердің кадр бөліміне өткізіп кетуі қажет. Шет мемлекетке ешқандай анықтама алып кетуге болмайтын. Партиялық билеттерін Мәскеуге апарып өткізе алмайтын коммунистер жергілікті аппараттағы бір қызметкерге өткізіп, ол қызметкердің аты-жөнін орталыққа баяндау қажет болатын. Шет елдегі елшілікке немесе консулдыққа барған кезінде сол елшілік немесе консулдық басшысы БК(б)П ОК-не партияға мүшелігін растайтын сұраныс жолдайды. Құжаттарын БК(б)П ОК-не өткізіп шет елге шыққан барлық коммунистер шартты түрде кәсіподақ мүшелері болып аталатын [187].

Қазақстанмен шекаралас Батыс Қытайдың Чугучак қаласында орналасқан Кеңес консулдығында жұмыс істеген коммунистердің құжаттарын Қазақстан Компартиясы ОК «ерекше секторы» қабылдап БК(б)П ОК-не жолдап отырды [188].

Сондай-ақ, Шығыс және Орталық Европадағы немістерден азат етілген мемлекеттерде КСРО-ның әскери базалары қалып қойғандықтан ол базалардың әкімшілік жұмыстарына да сенімді коммунистер жолданып отырды.

Сонымен бірге, хат алмасу құжаттарының ішінде ҚК(б)П ОК-нің БК(б)П ОК арнайы қоныс аударылғандарды жаңа мекендеріне орналастыру және бекіту туралы партиялық және кеңестік ұйымдардың жүргізген жұмыстары туралы 1946 жылғы есебі. Бұл есепте 1943-1944 жылдары республика территориясына қоныс аударылған «арнайы көшірілгендердің» отбасы саны, адамдар саны, ұлттық құрамы көрсетілген. Кейін демобилизацияланып, бостандығын шектеу орындарынан босап келіп қосылған азаматтардың саны, тұтқындалу, қайтыс болу, орын ауыстыруға байланысты азайған азаматтардың саны нақтыланып, 1946 жылғы 1 июль айындағы республикадағы арнайы көшірілгендердің саны көрсетілген. Сонымен қатар, арнайы көшірілгендердің арасындағы еңбекке жарамды/ жарамсыз адамдар саны, олардың жұмыспен қамтылу дәрежесі, арнайы көшірілгендердің балаларының балалар

бақшасына, яслилерге, балалар үйіне орналастырылу дәрежесі, оларды жер телімдерімен қамтамасыз етілу дәрежесі, тұрғын үймен қамтылу деңгейі, азық-түлікпен қамтамасыз етілуі, ақшалай және малдай көмек алу деңгейі, арнайы көшірілгендер арасындағы жаппай саяси жұмыс туралы, олардың көңіл-күйі туралы, партияға қабылданған арнайы көшірілгендер саны туралы ақпараттарды қамтитын кең көлемді статистикалық мәлімет берілген. Осындай әр аймақтан келген арнайы көшірілгендерді қабылдау және орналастыру бойынша есеп, баяндамалық жазбалар, анықтамалар ҚК(б)П ОК-не ХКК-і салалық басқармаларынан, обкомдардан, Ішкі істер министрлігінен келіп түскен [189].

1953 жылы И.В. Сталин қайтыс болғаннан кейін КСРО-да саяси қысым әлсіреп, цензура жұмсартылуымен әйгілі «жылымық» кезеңі басталды. Негізгі бетбұрыс КОКП-ның XX съезінде С. Хрущевтің Сталиннің жеке басына табынушылықты және 1930-1940 жылдардағы жаппай қуғын-сүргінді айыптайтын баяндамасынан басталды. Осы тұрғыда мыңдаған саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар мен олардың туыстары қылмыстық істерді қайта қарау, соттылықты заңсыз деп тану және азаматтық құқықтарын қалпына келтіру туралы өтініштер бере бастады. Осындай арыздар 30 жылдары ІХК істеген жоғары лауазымды партия қызметкерлеріне де келіп түсті. Жоғары лауазымды партия қызметкерлеріне келіп түскен арызды тексеру материалдары «ерекше папкалардың» «құпия бөлімінде» қарастырылды. Бұл партия басшылығының беделін сақтап қалумен бірге жоғарғы басшылық эшолонындағы жоғары лауазымды партия қызметкерлерінің ықпалымен байланысты болуы мүмкін. Сондай арыздардың бірі Краснодар өлкесі, Турухан ауданы, «Пятилетка» колхозында жер аударуда жүрген Сәрсембаев Сеиттің КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Маленковқа жазған арызы. Оның арызы бойынша 1937 жылы Солтүстік Қазақстан облысының «Еңбекшілдер» аудандық партия комитетінде бірінші хатшы болып қызмет атқарып жүрген кезінде ұсталып, КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының далалық сессиясы шешімімен дүние-мүлкі тәркіленіп, өзі 15 жылға бас бостандығынан айырылған. 1941 жылы «Ерекше Отырыстың» шешімімен жазасы 8 жылға қысқартылып Қазақстанға оралған ол, 1948 жылы ескі ісі бойынша қайта ұсталып, Сібірге жер аударылады. Өзінің саяси қуғын-сүргінге ұшырауын бұрынғы Қазақстан Компартиясы ОК-і бірінші хатшысының қызметін атқарған Ж. Шаяхметовтың Солтүстік-Қазақстан облыстық МҚК-і тергеу бөлімінің басшысы қызметін атқарып жүрген кезіндегі мансапқорлық мақсаттағы заңсыз іс әрекеттерінің нәтижесі ретінде бағалап тексеру жүргізуді сұрайды. Тексеру материалдарының арасында МҚК министрі Губиннің Ж. Шаяхметовтан түсініктеме алуды сұрап жазған анықтамасы, Қазақстан Компартиясы ОК-інің әкімшілік бөлімінің меңгерушісі Нурушевтің Шаяхметовтың ХКП жұмыс істеген кезіндегі социалистік заңның бұзылу фактілері туралы анықтамасы, ҚазКСР-і ХКП МҚБ бөлімінің бастығы Савельевтің ҚазКСР-і ХКП Солтүстік-Қазақстан облыстық басқармасында революциялық заңдылықтық бұрмалануы туралы

баяндамалық жазбасы, ҚазКСР-і прокуроры, мемлекеттік юстицияның екінші дәрежелі кеңесшісі Набатов куәландырған Рудаков ісінен үзіндісінің көшірмесі, Солтүстік-Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы Шеренгиннің Қазақстан Компартиясы ОК-нің хатшысы Скворцовқа Пановтың тікелей тапсырмасымен жүргізілген мемлекеттік партиялық қылмысқа теңестірілген дөрекі заң бұзушылық туралы анықтамасы, Скворцовтың Шеренгінге «Берияның тапсырмасымен Солтүстік-Қазақстан ХКП басқармасында жіберілген қателіктер үшін Рудаковқа тәртіптік жаза қолдану туралы» анықтамасы т.с.с. жазбалар, үзінділер, көшірмелер сақтаулы [190].

Осындай кеңестік мемлекет және партия қайраткері, И. Сталин қайтыс болғаннан кейін қысқа уақыт болса да іс жүзіндегі КСРО-ны басқарған және оның ең жақын серіктестерінің бірі Георгий Максимилианович Маленковтың Өскемен ГЭС-н басқарып тұрған кезіндегі лайықсыз мінез-құлқы туралы материал сақтаулы. Бұл іс құпиясыздандыру кезінде бөлінген құжаттар болғандықтан литерлі нөмірмен берілген және ішкі тізімдемесі негізгі бөлімінде қалып қойғандықтан ішкі тізімдемесі жоқ. Іс материалдары арыздардан, фотосуреттерден, түсініктемеден, анықтамалардан, Өскемен, Екібастұз қалалық партия комитеттері мен Павлодар облыстық партия комитеттерінің протоколдық жазбалары мен қаулыларынан, түсіндірмелік жазбадан, стенограммадан тұрады.

Г.М. Маленков 1930 жылдары саяси қуғын-сүргінге, әсіресе партия мен армияда жаппай тазалау жүріп жатқан «Үлкен террор» кезінде белсене қатысты (<https://urokiistorii.ru/articles/9-podvigov-tovarishha-malenkova>). 1946 жылы БК(б)П ОК-нің хатшысы болды, ал 1949 жылы атом бағдарламасын дамыту сияқты маңызды жобалардың негізгі ұйымдастырушыларының бірі болды. Сталиннің өмірінің соңына қарай Маленков оның ең сенімді серіктестерінің бірі болып саналды. Ол КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалды, ал Сталин өмірінің соңғы жылдарында мемлекеттің ішкі істеріне жетекшілік етті. 1953 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін Г.М. Маленков КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы болды. 1957 жылы Г.М. Маленков Никита Хрущевті ығыстыру әрекетіне қатысып, бұл оның Президиумнан және КОКП ОК-нен шығарылуына әкелді. Ол Қазақстанға жер аударылып, Өскеменде кейінірек Екібастұзда ГЭС директоры болып жұмыс істеді. 1961 жылы партиядан шығарылып және саяси қызметтен кетті) [191].

1950 жылдардың ортасындағы оқиғаларға – Сталиннің жеке басына табыну және оның салдарын еңсеруге байланысты қоғамдық лексиконға және құқықтық санаға «ақтау» сөзі енді. Тұтқындарды босату процесі ең алдымен саяси сипатқа ие болып, оның құқықтық жағы саяси қуғын-сүргіннің өзі сияқты саяси кемшіліктерге толы болды. Егер бұрын адамды айыптау үшін айыпталушының құқық кепілдіктері ескерілмей және толық процесі орындалмай «екілік» немесе «үштіктің» сырттай қабылдаған шешімі жеткілікті болса, енді «сотталу заңдылығын тексеруге» КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Саяси, лауазымдық және шаруашылық қылмыстары үшін жазасын

өтеп жатқан адамдардың істерін қарау туралы» 1956 жылғы 24 наурыздағы жарлығымен соттан тыс органдар – комиссиялар құрылды. Комиссия құрамына партия және кеңес органдарының, прокуратура, әділет министрлігінің өкілдері кірді. Олар саяси, лауазымдық және шаруашылық қылмыстары үшін жазасын өтеп жатқан, бірақ мемлекетке және қоғамға қауіп тудырмайтын адамдарды түрмеде ұстаудың орындылығы мәселесін шешті. Кейін бұл тұлғаларға қатысты істер прокурорлардың наразылықтары негізінде соттар мен трибуналдарда қаралуы мүмкін еді. Алайда бүкіл процесс, жариялауға жатпайтын партиялық шешімдермен және заңға тәуелді ведомстволық сипаттағы актілермен реттелетін еді. Істердің көп болуына байланысты оларды қарау өте баяу болды. Бұл деректер де қуғын-сүргін масштабы мен жаппай өлтіру кезеңдерін жасыру үшін туыстарына берілген анықтамалардағы өлген күні мен себебі өзгертіліп көрсетілді [192].

Қазақ ССР-нде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 8 комиссиясы жұмыс істеді. Лагерлерлерден, колониялардан және түрмелерден барлығы 11 297 адам, соның ішінде саяси қылмыстары үшін – 9131 адам, лауазымдық қылмыстары үшін 908 адам, шаруашылық қылмыстары үшін 114 адам босатылды. Барлық босатылғандардың ішінен 808 адам кәмелеттік жасқа толмағандар. 2329 адамның жаза мерзімі қысқартылды.

Қазақстанда жұмыс істеген КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының барлық комиссияларының есептері КОКП ОК-не, көшірмелері Қазақстан Компартиясы ОК-не жолданды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Саяси, лауазымдық және шаруашылық қылмыстары үшін жазасын өтеп жатқан адамдардың істерін қарау туралы» комиссияларының есептерінде, баяндамалық жазбаларында, анықтамаларында «Еңбекпен түзеу колониялары» бойынша атқарылған жұмыстар, қамалғандардың арызы бойынша істерді қайта қарау процесінде болып жатқан кемшіліктер, ақталған немесе жаза мерзімі қысқартылған істердің сипаты туралы мәліметтер бар. Сонымен бірге Қазақ КСР-і прокуратурасының комиссия жұмысы барысында орын алған заң бұзушылықтары туралы баяндамалық жазбалары да кездеседі [193].

Ерекше папкалардың «күпия бөлімінде» атомдық энергияны бейбіт және әскери мақсатта пайдалану жұмыстарының дамуына байланысты экспериментальды жер асты жарылыстарын өткізу туралы мәліметтерді де кездестіре аламыз. КСРО-ның атом саласының қалыптасуы мен дамуында Қазақстанның орны ерекше болды. Бай табиғи ресурстар, кең аумақты территория, ірі елді мекендерден қашықтық және стратегиялық орналасуы Қазақ КСР-ін КСРО атомдық бағдарламасының негізгі өңірлерінің біріне айналдырды. Қазақстан уран өндіру, ғылыми зерттеулер жүргізу және атомдық кешеннің инфрақұрылымын қолдаумен қатар атомдық жарылыстарды өткізу полигонына айналды.

Орташа машина жасау министрінің ҚК(б)П ОК-нің бірінші хатшысы Д.А. Қонаевқа жазған хатында Орташа машина жасау министрлігінің Қорғаныс министрлігімен бірігіп атомдық энергияны бейбіт және әскери мақсатта

пайдалану жұмыстарының дамуына байланысты экспериментальды жер асты жарылыстарын өткізу үшін жаңа алаңдар құру мүмкіндігін іздестіріп жатқанын және сол жарылысты 1966 жылдың мамыр, қыркүйек айларында Үлкен Азғыр тұз кен орнында өткізуге рұқсат сұрайды. Екі рет өткізілетін жарылыстың бірі Азғыр елді мекенінен оңтүстік шығысқа қарай 2 шақырым қашықтықта өткізілетін болса, екіншісі солтүстікке қарай 8-12 шақырым қашықтықта жасалмақшы. Олардың мамандарының есебі бойынша Азғыр елді мекенінің тұрғындарына және ғимаратарын ешқандай зиян келмейді. 82 ғимараттың тек жетеуінің тұрғындарын елді мекеннің басқа бөлігіне көшіруге тура келетінін айтады. Толық қауіпсіздік және қандай да бір оқыс жағдайды болдырмау үшін тұрғындарды ғимараттардан шығармау ұсынылады. Бұл эксперименттердің аса маңыздылығына байланысты Гурьев обкомы мен облыстық атқару комитетінің тұрғындармен жұмыс жүргізуде көмегі қажет екенін және эксперименттің режимдік сипатта болуына байланысты «Үлкен Азғыр кен орнындағы эксперименттердің химиялық өнеркәсіпке қажет шикізат өндіру және мұнай мен газды сақтауға арналған үлкен көлемдегі тұз куполдарын алу мақсатында үлкен тереңдікте қуатты жарылысты пайдалана отырып сейсмикалық барлау жұмыстары» деген аңызды пайдалану ұсынылады. Сонымен бірге Қазақстан Компартиясы ОК-і хатшысы А. Колебаевтың Орташа машина жасау министрлігіне қарсы емес екендігін айтып жазған хаты бар. Осы хаттың көшірмесі Гурьев обкомының хатшысы М.А. Исеневқа да жіберілген [194].

Бұл құжаттар Қазақ КСР-інің КСРО атомдық бағдарламасында сынақ алаңы болып табылғандығының тағы бір айғағы. Осындай сынақтар нәтижесінде республика тұрғындарының денсаулығы мен экологиясына орасан зор зиян келді.

Кеңестік дәуірдегі партия басшылығының арнайы бақылауында болған салалардың бірі түсті металлургия саласы болып табылады. Бай минералды-шикізат ресурстының болуы, орталықтың саяси экономикалық басымдықтары, еңбек және технологиялық ресурстарды жоспарлы жұмылдыру Қазақстанның мыс, мырыш, алюминий, қорғасын және сирек металдарды өндіру бойынша Кеңес Одағының көш басшыларының біріне айналуына ықпал етті.

1920-30 жылдары Қазақстан аумағында мыс (Жезқазғпн, Балқаш), мырыш пен қорғасынның (Өскемен, Риддер), бокситтердің (Арқалық, Торғай өңірі), вольфрам мен молибденнің ірі кен орындары барланды. Соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі КСРО экономикасында түсті металдардың жетіспеушілігі жағдайында бұл кен орындарын игеру басымдыққа ие болды. Бұл материалдар машина жасау, қорғаныс өнеркәсібі, авиация, радиоэлектроника және атом өнеркәсібі үшін өте маңызды болды. Қазақстан металдарды өндіру, қайта өңдеу және түпкілікті тұтыну арасындағы байланыстырушы буын рөлін атқара отырып, Одақтың «шикізат тірегіне» айналды. Қазақ КСР түсті металлургиясы КСРО индустриялық құрылымының ажырамас бөлігіне айналды. Республика Одақтың ішкі қажеттіліктерімен қоса,

оның әскери өнеркәсіптік кешенін де қамтамасыз ететін түсті металдардың ірі өндірістік ошағына айналды. Түсті металдардың әскери өнеркәсіп кешеніне қажеттілігіне байланысты түсті металдарды өндірісін дамыту туралы партия басшылығының бақылауында болып, құжаттары аса маңызды ерекше құпия ретінде ерекше папкалардың құпия бөлімінде сақталды. Бұл құжаттардан түсті металлургия өндірісіндегі стратегиялық жоспарлау, қаржыландыру, еңбек өнімділігін арттыру, жаңа технологияларды ендіру, қуатты қазу және тасымалдау техникаларымен қамтамасыз ету сияқты мәліметтерді кездестіруге болады [195].

Кеңестік дәуір социалистік идеологияны күшейтуге бағытталған, ұлттық баспа шығарылымдарының белсенді дамуымен ерекшеленді. Сондай журналдардың бірі Шыңжаңдағы қазақ және ұйғыр диаспорасы оқырмандарына арналған «Қазақ елі» журналы еді. Журнал қазақ және ұйғыр тілдерінде араб алфавитін пайдалану арқылы басылатын. Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1946 жылғы 19 тамызындағы қаулысы бойынша «Қазақ елі» журналы төмендегідей негізгі міндеттерді атқаруы тиіс болды:

- Кеңестік құрылыстағы қазақ халқының жеткен жетістіктерін жан-жақты жарыққа шығару;

- Қазақ КСР-індегі өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, мәдениеттің, әдебиеттің және өнердің «ғарыштап» дамуындағы лениндік-сталиндік ұлттық саясатының салтанатын дәріптеу;

- Сталиндік бесжылдықтағы Қазақстанның алдында тұрған үлкен міндеттерін және социалистік құрылыстың алдыңғы қатардағы адамдарын жүйелі түрде кеңінен насихаттау.

Сонымен қатар, осы міндеттерді жүзеге асыру барысында Шыңжаңдағы КСРО-ның бас консулының ескертуі бойынша төмендегідей бірқатар шарттардың орындалуын сақтауы тиіс болды:

- Қытай мемлекетінің тәуелсіздігіне тікелей немесе жанама түрде нұқсан келтіретін, ресми орталық баспаның материалдарынан басқа материалдарды жарияламау;

- Шыңжаңның автономиясының Қытайдан бөлінуі туралы мәселені тікелей немесе жанама түрде қарастырмау;

- Шыңжаң халықтарының ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сыйлай отырып, байлар, билер, бектер, дін қызметкерлері мен ақсүйектерге қарсы ешқандай наразылықтар тудырмау;

- Сыртқы саяси, әсіресе Қытай немесе жалпы Шығыс мәселелерін қарастырғанда, «Новое время» журналының ұстанған бағытынан ауытқымау;

- Журнал Америка мен Қытай барлау органдарымен мұқият қаралатындықтан, құпияларды сақтаудың тиісті ережелерін қатаң бақылау.

Қазақстан Компартиясы ОК-не журналдың контенті бойынша жылдық жоспарлар, журналды экспорттау, тасымалдау және тарату, қаржыландыру, басшы мамандармен қамтамасыз ету бойынша туындаған мәселелер туралы баяндамалық жазбалар жіберіліп отырған. Бұл құжаттардың арасында араб грфмкасымен жазылған хаттар да бар. Олардың қазақша транскрипциясы

берілмеген. Бұл құжаттарың корреспонденттері журнал редакциясы, КСРО Шыңжаңдағы консулдығы, Қазақ КСР-і мемлекеттік бақылау министрлігінен, Баспа орындары, Қазақ КСР-і әдебиет және баспа істерінің Жоғарғы Басқармасы, Қазақ КСР-і Бас Әдебиет цензурасы, «Новая жизнь» журналының редакциясы болып табылады [196].

«Қазақ елі» журналы кеңес дәуірінде бір жағынан идеологиялық хабарды тарату құралы бола отырып, екінші жағынан қазақтың мәдени дәстүрін сақтау және трансформациялау орны болды. Оны зерттеу идеологиялық қысым жағдайында мәдени бейімделу механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сталин қайтыс болғаннан кейін, кеңес қоғамы жаппай толқулар, тәртіпсіздіктер, этникалық және әлеуметтік қақтығыстардың бұрын соңды болмаған толқынына тап болды. Кейбір жағдайларда 1950-1960 жылдардағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстар белсенді қатысушысы мемлекеттік билік пен милиция күштері болған қанды қақтығыстарға айналды.

Кеңестік тарихнамада жаппай тәртіпсіздіктер мен ашық наразылықтар барынша жоққа шығарылып, олар туралы ақпарат құпия сақталған. Бір кездері КСРО-дағы социализм тарихы туралы кітаптар мен мақалалар жазған кеңес атрихшылары үшін зорлық-зомбылық, әлеуметтік қақтығыстар, әсіресе «халық-билік» қақтығыстары жабық тақырып болды. Коммунистік идеологтар «кеңес қоғамының моральдік-саяси» бірлігі ретінде ұсынған Сталиндік және постсталиндік қоғамдағы халықтың парадоксальды, бірақ жалған «үнсіздігі» ұзақ уақыт бойы темір перденің артында көрінді. Үлкен террордан кейін ақпаратқа қол жеткізе алмаған батыс зерттеушілері КСРО-да Сталин кезінде және ол қайтыс болғаннан кейін не болғанын білмеді. Алайда қазіргі қолжетімді архивтік және тарихи деректер Қазақ КСР аумағында саяси-әлеуметтік сипаттағы бірқатар қақтығыстардың болғанын сипаттайды. Қазақстан Компартиясы ОК-нің «ерекше папкаларында» осындай жаппай тәртіпсіздіктерге қатысты құжаттар сақтаулы.

Соның бірі 1959 жылдың тамыз айының басында Теміртаудағы жұмысшылардың тұрмыстық жағдайдың өте төмен болуына байланысты басталып, үлкен материалдық шығындарға алып келеді. Осыған байланысты КОКП ОК-нің 1959 жылдың 17 қазанындағы қаулысында Қазақстан Компартиясы ОК-і бюросы құрылыстағы қалыптасқан жағдайға дұрыс саяси баға бере алмағандығын, 2 ай бойы бюро мүшелерінен ешкім құрылыста болмағаны, өндірісті және жұмысшыларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту туралы тиісті шараларды қабылдамаған, Қазақстан Компартиясы ОК-і бюросы Теміртау қаласындағы оқиға туралы КОКП ОК-не уақтылы хабарламаған деп танылады. Қазақстан Компартиясы Қарағанды обкомының бірінші хатшысы П.И. Исаев қызметінен алынып партиядан шығарылады. Қазақстан Компартиясы Қарағанды обкомының хатшылары мен облыстық кеңестік халық шаруашылық басшылары әр түрлі партиялық жазаларға тартылады. «Қазметалургқұрылыс» трестінің бастығы А.С. Вишневский партиядан шығарылып және қызметінен

босатылып, оның орнына Қазақ КСР құрылыс министрі А.П. Кротов тағайындалады [197].

Осындай, 1967 жылы 13 маусымда Шымкент қаласында орын алған жаппай тәртіпсіздіктің нәтижесінде қалалық милиция бөлімі мен облыстық қоғамдық тәртіп күзеті басқармасының ғимараттары ішіндегі техника, құрал-жабдық және жедел сипаттағы құжаттармен қоса, алты автокөлік пен 16 мотоцикл түгел өртеніп кетті. Қызынып алған көпшілік қалалық тергеу изоляторына шабуыл жасап ондағы қылмыскерлерді босатып жібермекші болды. Сондай-ақ, тоқыма сауда үйін тонап өртеп жібермекші болды. Мемлекетке айтарлықтай материалдық шығын келтіріліп, адам шығыны орын алды. Тәртіпсіздік №1 автобустық парктің жүргізушісі В.Я. Остроуховты медициналық вйықтырғышта милиция қызметкерлері ұрып өлтірді деген жалған ақпараттан басталды. Тәртіпсіздікті тоқтатуға Алматы және Ташкент қалаларынан әскери бөлімдердің солдаттары тартылды [198].

Ерекше папкалардың «құпия бөлімінде» осы оқиғаға қатысты Қазақстан Компартиясы ОК-і бюросы мен Шымкент обкомы бюросының «Шымкент қаласындағы орын алған жаппай тәртіпсіздіктер туралы» қаулылары, Қазақстан Компартиясы ОК-і әкімшілік органдар бөлімінің анықтамасы, МҚК-нің Шымкент қаласындағы жаппай тәртіпсіздіктер, қаладағы ахуал, тергеу барысы, азаматтардың пікірлері, тәртіпсіздіктің белсенді мүшелері туралы туралы жазбалары мен қала тұрғындарының көңіл-күйі анықтамалары, жаппай тәртіпсіздікке қатысқаны үшін ұсталғандар мен қамалғандардың тізімі берілген құжаттар сақтаулы.

Кеңес қоғамындағы жаппай тәртіпсіздіктер дәстүрлі түрде қылмыспен немесе қоғамға қарсы мінез-құлықпен байланысты құбылыстар ретінде түсіндірілді. Алайда, 1967 жылы маусымда болған Шымкентте болған оқиғалар мұндай түсіндірулерге күман келтіреді. Наразылық көріністерінің ресми үнсіздігі жағдайында мұндай эпизодтарды зерттеу кейінгі кеңестік өмірдегі әлеуметтік шиеленіс механизмдерін түсіну үшін ерекше маңызға ие болады. Бұл құбылыстарды зерттеу арқылы кеңестік авторитарлық жүйедегі қоғамдық қақтығыстардың себептерін, табиғатын және салдарын тереңірек түсінуге болады.

Осылайша Қазақстан Компартиясы ОК-нің ерекше папкаларындағы «құпия бөлімінде» Қазақстан Компартиясы ОК-не бағытталған және Қазақстан Компартиясы ОК-нің басқа мекемелер партия комитеттеріне жолдаған хат алмасулар, қаулылар сақтаулы. Бұл құжаттардың мазмұны партиялық тәртіптің сақталуына, әскери және азаматтық қорғанысты күшейтуге, әскери техника мен құрал жабдықтарын өндіруге, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау механизмдерін зерттеуге, мемлекеттік құпияны сақтау ережелерінің сақталуына, жұқпалы аурулармен күресуге, халықаралық қарым қатынастарды реттеуге, күштеп қоныс аударылған халықтарды орналастыруға, жаппай тәртіпсіздіктер мен өндірістегі апатты жағдайлар туралы болып келеді. Посткеңестік Қазақстанда тарих ғылымы құпиялық режимде болған құжаттардың ғылыми айналымға ендірілуіне байланысты

түбегейлі өзгерістерді басынан кешіруде. Бұл дереккөздер ресми кеңестік тарихнамадағы қарама-қайшылықтарды анықтап, өткенге сыни көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

1936 жылы Қазақ КСР-нің одақтас республика ретінде құрылуына байланысты, бұған дейін облыстық, автономиялық республиканың партиялық ұйымы болып келген Қазақстандағы партиялық ұйым БК(б)П құрамындағы республикалық компартия статусына ие болды. Республикалық компартияның құрылуы қатаң орталықтандырумен, репрессиялармен және өмірдің барлық аспектілеріне қатаң партиялық бақылау орнатумен қатар жүрді. Билік басына келгенге дейін партияны ұйымдастыруда, идеялық сабақтастықты сақтауда, партиялық ячейкалар арасында байланысты қамтамасыз етіп саяси күресті үйлестіруде шешуші роль атқарған астыртын құжат айналымының өзіндік ерекшеліктері қалыптасты. Бұл ерекшеліктердің бірі болып табылатын «құпиялық режимі», коммунистер 1917 жылғы қазан төңкерісі нәтижесінде билік басына келгеннен кейін де сақталып 1991 жылы КОКП тарағанға дейін даму үстінде болды. Құпиялық иек ұйымдастырушылық шарасы ғана емес – басқару жүйесінің тірегіне айналды. Бұл партияға ондаған жылдар бойы билікті сақтап тұруға мүмкіндік берді, соңында қоғаммен кері байланыстың үзілуі мен қателіктердің көбеюі реформаға қабылетсіздікке ұшыратып саяси дағдарыс тудырды.

КОКП-да құжат айналымы ресми және құпия болып бөлінді. Ресми құжаттар қалың бұқара мен партиялық көпшілікке арналып – халықтар бірлігі, социализмнің жеңістері, жетістіктері мен табыстары дәріптелді. Құпия құжаттамада сәтсіздіктер, саяси қуғын-сүргін, экономикалық қиындықтар, халықтың көңіл күйі туралы нақты деректер болды. Нақты деректер ресми құжаттарда бұрмаланып, шынайы ақпарат құпия құжаттарда сақталды. Бұл партия басшылығына қалың бұқараның сенімін жоғалтпай, сенімді ақпарат негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік берді. Құпия құжат айналымы бірнеше деңгейге бөлінді. Бұл деңгейлер партияның ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бақылау құралына айналды.

Осындай Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қорларында сақтаулы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хронологиялық шеңбері 1937–1991 жылдарды қамтитын «аса маңызды ерекше құпия» грифімен сақталған «ерекше папкаларының» құжаттары еліміздегі аталған кезеңдегі саяси, әлеуметтік, экономикалық тарихын зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының тақырыбының өзектілігі, жұмыс барысында қаралған дереккөздердің ішінде бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген құжаттардың архивтанулық тұрғыдан талдануы ерекше маңызға ие.

Жұмыстың бірінші тарауында Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі партиялық құжаттар және оларды ғылыми айналымға енгізу мәселелері талданды. Оның ішінде партиялық архивтердің қалыптасуы,

«ерекше папка» грифінің пайда болуы және атқарған ролі, партиялық құжаттарды пайдалану және ғылыми айналымға енгізу мәселелері қарастырылды. Партиялық құжаттарды пайдалану және ғылыми айналымға енгізу мәселелері туралы әдебиеттер мен архивтің дереккөздер салыстырмалы түрде талданды.

«Ерекше папкаларды» зерттеудің архивтанулық мәселелері зерттеу жұмысының екінші тарауында қарастырылды.

Тарауда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалар» құжаттарының құрамы мен сипаттамасы, «Ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талдау (Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкалары» құжаттары тізімдемелеріне архивтік сипаттама), «Ерекше папкалар» құжаттар кешенінің істерінің қалыптастырылу ерекшеліктері сараланды.

«Ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талдау мақсатында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкалары» құжаттары тізімдемелеріне архивтік сипаттама жұмыстары жүргізілді. Бұрынғы партиялық архивтер жүйесінің ғылыми анықтамалық аппаратына тән өзіндік ерешеліктері анықталды.

Сондай-ақ, «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің істерінің қалыптастырылу ерекшеліктеріне талдау жасалды. Қазақстан Компартиясы ОК-нің «аса маңызды және құпия» шешімдері сақтаулы «ерекше папкалар» сақтау бірліктерін қалыптастыруда «мемлекеттік архивтердің жұмыс істеу ережелері» ғана емес «партиялық архивтердің жұмыс істеу ережелері» нормалары көпшілік жағдайда сақталмағандығы анықталды.

Сонымен қатар, XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудің «ерекше папкалардың» ақпараттық құндылығы сарапталды. «Ерекше папкалар» құжаттарында қарастырылған мәселелер корреспонденциялық және тақырыптық белгілеріне қарай жүйеленді.

Отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми монографиялық зерттеу еңбектерімен қатар ҚР Президенті Архивінің ұжымы дайындаған құжаттық жинақтардың фактологиялық деректері негізінде аталған тақырыптың дереккөздерінің архивтік сақталу мәселелері талдауға алынды.

Зерттеу жұмысының тақырыбының жаңалығы ретінде еліміздің тарихындағы маңызды кезеңдерді қамтитын «ерекше папкалар» құжаттарының ақпараттық мазмұнына Қазақстан тарихын зерттеуде деректанулық және архивтанулық тұрғыдан жүргізілген кешенді түрдегі талдауды атап өтеміз. Алғаш рет партиялық құжаттардың тарихи зерттеулерді жүргізудегі типтік және сипаттамалық құралы ретінде іріктеп сараптау әдістері ұсынылды.

Бүкілодақтық Коммунистік партияның құрамында болған Қазақстан Республикасындағы партия ұйымдарының жұмысы негізінде пайда болған құжаттардың түрі, мазмұны, сақталу деңгейі сарапқа салынды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкаларына» енгізілген мәселелердің ауқымы әртүрлілігі оның ақпараттық құндылығын арттыра түседі.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкаларының» құжаттарында идеологиялық тұрғыдан ада, шындық көрініс тапқан. «Ерекше папкалардың» құжаттарында көтерілген мәселелерді қарастыра отырып, тарихшылар зерттелетін кезеңнің өзекті тақырыптары мен партия басшылығының бұл мәселелерге көзқарасын және оларды шешу жолдарын саралай алады. Бұл зерттеушілерге Қазақстанның әлеуметтік, саяси тарихының кеңестік дәуірін бағдарлауға және тарихи фактілерді қалпына келтіруге көмектеседі.

Партиялық архив қорларындағы құпия құжаттарды пайдаланудағы шектеулерді алып тастау жұмысының барысы, құпиясыздандырылған құжаттардың пайдаланылуы, деректердің негізінде Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерін қалпын келтірудегі маңызы зор архивтанулық мәселелерді қарастыру барысындағы жұмыстың негізгі мақсатына қол жеткізілді. Аталған тақырып бойынша жүргізілген жұмыстарға, архивтік деректерге талдау жасалды. Партиялық архивтердің дереккөздік базасының құрамындағы құжаттар ғылыми айналымға енгізілді.

Пайдаланылган әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. Б. Жапаров д.т.н., В.Чупров Тайное становится явью // Казахстанская правда, №189, 3 октябрь, 2015 г. – 13 стр.
2. Мерзон А.Ц. О критике исторических источников // Исторический архив. – 1957, №5. – С. 284.
3. Лившиц Я.З. Протоколы профсоюзных органов Москвы и московской области как источник по истории социалистического соревнования в годы первой пятилетки // Труды МГИАИ. – М., 1963. – Т.17. – С. 137-155.
4. Рейхберг. Г.Е. Протоколы Петроградского Военнореволюционного комитета как исторический источник. // Источниковедение истории советского общества. Сб. Ст. Ред. Кол.: Н.А. Ивницкий. – М.: Наука, 1964. – 375 с.
5. Лисогина А.П. О значении и особенностях критического анализа годовых отчетов промышленных предприятий как исторические источники // Археологический ежегодник за 1970 г. – М.: Наука, 1971. – 406 с.
6. Варшавчик М.А. Предмет и задачи источниковедения историй КПСС. – М.: Высшая школа, 1967. – 212 с., Варшавчик М.А. Источниковедение истории КПСС. – М.: Высшая школа, 1989. – 224 с., Варшавчик М.А. Историко-партийное источниковедение. Теория, методология, методика. – Киев, 1984. – 198 с.
7. Источниковедение истории СССР / Под ред. И.Д. Ковальченко. – М.: Наука, 1981. – 496 с.
8. Борщевский В.Я. Источниковедение истории СССР (1917-1985). – Киев.: Вища школа, 1985. – 232 с.
9. Борисова Л.В. Протоколы Президиума как источник изучения государственной деятельности В.И. Ленина // Вопросы истории КПСС. – 1985, №4. С. 5-9.
10. Борисова Л.В. Протоколы Президиума ВСНХ 1918-1920 гг. Опыт источниковедческого анализа // Исторические записки. – М., 1989. – Вып. 11. – С. 116-119.
11. Данилов В.П., Якубовская С.И. Источниковедение и изучение истории советского общества // Вопросы истории, № 5. – С. 3-24.
12. Яцунский В.К. К вопросу о классификации письменных исторических источников в курсе источниковедения СССР // Труды МГИАИ.– М., – Т.2., 1958. – С. 115-119.
13. Макаров М.К. О принципах классификации письменных источников // Труды МГИАИ. – М., – Т.16., 1961. – С. 57-63.
14. Пронштейн А.П. Методика исторического исследование. – Ростов на Дону, 1976. – 315 с.
15. Медушевская О.М. О проблемах классификации исторических источников // Советские архивы. – 1978, № 5. – С. 3-12.

16. Документы и делопроизводство: Справочное пособие. / Т.В. Кузнецова, М.Т. Лихачев, А.Л. Райхцаум, А.В. Соколов. – М.: Экономика, 1991. – 271 с.
17. Делопроизводство и основные нормативные требования к документам. – М.: Издательство «Юридический колледж МГУ», 1994. – 85 с.
18. Актуальные проблемы методологии, историографии и источниковедения историко-партийной науки: Материалы научно – теоретической конференции 10-11 ноября 1983 года. – А.: Казахстан, 1985, - 212 с.
19. Атабаев Қ.М., Қадыртаева М.А. Деректанудың теориялық мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 44 б.
20. Атабаев Қ.М. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дереккөзі. 1870-1918 жж. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 358 б.
21. Қадыртаева М.А. Документальные материалы ЦГА Каз ССР по истории освоения целинных и залежных земель как исторический источник (1958). Автореф. канд. дисс. – Алма Ата, 1973. – 29 с.
22. Жакишева С.А. Баи-«полуфеодалы» в Казахстане на рубеже 20-30-х годов XX в.: историко-источниковедческий анализ проблемы. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – А., 1996. – 219 с.
23. Кульшанова А.А. Документы ЦГА и Архив Президента РК по политике коренизации в Казахстане (1920-1936 гг.) как исторический источник. Дисс. раб. На соискание ученой степени кандидата ист. наук. – А., 1999. – 144 с.
24. Алимгазинов К.Ш. Воспоминания участников гражданской войны в Казахстане как исторический источник применения методов многомерного статистического анализа. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – А., 2001. – 178 с.
25. Балапанова А.С. Проблемы истории и культуры казахов по материалам героического эпоса: историко-статистический анализ (на примере эпоса «Қобыланды батыр»). Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 1999. – 155 с.
26. Грибанова Е.М. Архивные документы – народу // Советские архивы, 1990, № 6. – С. 98
28. Митропольская Т.Б. Из опыта работы по рассекречиванию документов бывшего партийного архива Института истории партии при ЦК КП Казахстана. // Материалы республиканского семинара – совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов Компартии Казахстана». – Алма-Ата. – 1994. – С. 29-35.
28. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын сақтау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 19 қаңтар. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.03.15. № 350 Заңымен. ~Z990350. «Әділет». Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

29. Кайргалиев М.К. Состояние и перспективы расширения источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов Компартии Казахстана // Сол жерде – Материалы республиканского семинара – совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов Компартии Казахстана». – Алма-Ата, 1994. – С. 1-10.

30. Омарбеков Т. Об архивных источниках 20-х, 30-х годов // Материалы республиканского семинара – совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов Компартии Казахстана». – Алма-Ата, 1994. – С. 11-15.

31. Себряев В.И. Категории госсекретов. Основные принципы отнесения информации к госсекретам // Материалы республиканского семинара – совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов Компартии Казахстана». – Алма-Ата, 1994. – С. 16-25.

32. Байкенжина Л.Ж. Из опыта работы государственного архива Карагандинской области по рассекречиванию документов бывшего партархива // Материалы республиканского семинара – совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов Компартии Казахстана». – Алма-Ата, 1994. – С. 35-37.

33. Тусов В.И. К вопросу рассекречивания документов бывших партархива // Материалы республиканского семинара – совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов Компартии Казахстана». – Алма-Ата, 1994. – С. 37-40.

34. Хасанов М. Документы свидетельствуют о тяжчайшем преступлении // Архивы Казахстана, 1998, № 3. – С. 56-59.

35. Митрофанова И.В. О создании единого партийного архива (по материалам РГАСПИ) // Современные проблемы науки и образования. [Электронный ресурс] – 2013, №1. – URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=8548> (қаралған күні: 11.12.2020).

36. Малышева С.Ю. Основы архивоведения: учебное пособие. – Казань. – Татарское Республиканское издательство «Хэтер», 2002.

37. Цеменкова С.И., Черноухов Э.А. История архивов России: XX начало XXI века // Учебное пособие. Издательство Уральского университета. – 2019.

38. Аникиев В.В. «Новое в методике работы партийных архивов» // Вопросы архивоведения. Научно-информационный бюллетень, №1, 1964. – С. 21-28.

39. Гребенников М.В. Отбор документов в партийных архивах // Советские архивы, 1966, № 2. – С. 88-89.

40. Щегельский А.В. К вопросу о рассекречивании архивных фондов // Отечественные архивы, 1995, №1. – С. 6-10.
41. Никанорова В.В., Коршунова Т.Н. Рассекречивание документов бывших партийных органов // Отечественные архивы, 1999, № 3. – С. 79-82.
42. Савин В.А., Виноградова Я.Ю. Из истории создания и функционирования спецхрана в архиве // Отечественные архивы, 1994, № 1. – С. 18-27.
43. Корнеева В.Е., Копылова О.Н. Архивы на службе тоталитарного государства (1918-начало1940-х) // Отечественные архивы, 1992, № 3 – С. 18-27.
44. Джумалиев С.Р. Рассекречивание архивных документов созданных компартией и комсомолом Киргизии // Архивы Казахстана, 1998 – № 3. – С. 61-68.
45. Гурбова Л. «Некоторые вопросы рассекречивания документов бывших партийных архивов» // «Сборник материалов по международной конференции «Архивы бывших коммунистических партии в странах Центральной и Восточной Европы». / Стара Весь. 28 сентября – 1 октября 1995 г. – Варшава, 1996. – 116 с. – С. 17-18.
46. Пээп Пиллак «Из партийного архива Компартии Эстонии в Филиал Госархива Эстонии. Краткий обзор истории Партийного архива Компартии Эстонии и перенятия его государственной архивной системой» // «Сборник материалов по международной конференции «Архивы бывших коммунистических партии в странах Центральной и Восточной Европы» / Стара Весь. 28 сентября – 1 октября 1995 г. – Варшава, 1996. – 116 с. – С. 63-64.
47. Пирог Р. «Архивы Компартии Украины: проблемы интеграции в систему государственной архивной службы» // «Сборник материалов по международной конференции «Архивы бывших коммунистических партии в странах Центральной и Восточной Европы». / Стара Весь. 28 сентября – 1 октября 1995 г. – Варшава, 1996. – 116 с. – С. 65-66.
48. Платонов Р. «Архивы бывшей Коммунистической партии Белоруссии как источниковая база по истории республики» // «Сборник материалов по международной конференции «Архивы бывших коммунистических партии в странах Центральной и Восточной Европы». / Стара Весь. 28 сентября – 1 октября 1995 г. – Варшава, 1996. – 116 с. – С. 67-68.
49. Росовска Э. «Передача архивов бывшей Польской объединенной рабочей партии на государственное хранение – методические вопросы» // «Сборник материалов по международной конференции «Архивы бывших коммунистических партии в странах Центральной и Восточной Европы». / Стара Весь. 28 сентября – 1 октября 1995 г. – Варшава, 1996. – 116 с. – С. 72-73.
50. Дегтярева И.А. К вопросу об архивных документах, содержащих информацию, составляющую профессиональную тайну // Вестник

ВНИИДАД. Научный информационно-аналитический журнал, 2020, № 3. – С. 31-38.

51. Козыбаев М. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны: 1941–1945 гг. – Алматы: Казахстан, 1964. – 363 с.

52. Куманев Г.А. Война и эвакуация в СССР. 1941-1942 годы // Новая и Новейшая История (Москва), 2006, № 6.

53. Трушин А. Эвакуация как индустриализация // Огонёк, 2015, №12. – С. 26.

54. Вознесенский Н.А. Эшелоны идут на Восток // Избранные произведения. 1917-1947. – М.: Издательство политической литературы, 1979. – 613 с.

55. Потёмкина М.Н. Эвакуация и национальные отношения в советском тылу в годы Великой Отечественной войны // Отечественная история – Москва, 2002, №3.

56. Микоян А.И. В Совете по эвакуации // Военно-исторический журнал, 1989, №3. – С. 31-38.

57. Чиликова Е.В. Пути поиска сведений о численности населения, эвакуированного в Казахстан в годы Великой Отечественной войны [Электрондык ресурс]. – URL: <https://lost-childhood.com/articles/EvakuaciyaKazakhstan.pdf> (қаралған уақыты 27.04.2024).

58. Имангалиев А.Т. История и судьбы людей, эвакуированных в западный Казахстан. / История. Память. Люди: Материалы VII ... указ. соч. – С. 133-138.

59. Сатаева Ж.А. К вопросу изучения истории советского кино в годы войны (по документам Архива Президента РК) / История. Память. Люди: Материалы IX Международной научно-практической конференции 27 сентября 2018 г., г. Алматы. – Алматы, 2019. – 594 с. – С. 218-222.

60. Қазақстанның қазіргі заман тарихы бүкіл адамзаттың дамуындағы жаңа белеспен сәйкес келіп отыр <https://e-history.kz/kz/seo-materials/show/28936>. (қаралған күні: 12.07.2024).

61. Митрофанова И.В. О создании единого партийного архива (по материалам РГАСПИ) // Современные проблемы науки и образования, 2013, №1. URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=8548> (дата обращения: 11.12.2020).

62. Малышева С.Ю. Основы архивоведения: учебное пособие. – Казань: Татарское Республиканское издательство «Хэтер», 2002.

63. Сборник руководящих материалов по архивному делу. 1917 – июнь 1941 гг. – М.: 1961. – С. 241.

64. Коммунистическая партия Советского Союза в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК (1898 – 1986). Т. 6., 1933 – 1937. – 9-е изд., доп. и испр. – М.: Политиздат, 1985. – С. 133-145.

65. Козыбаев И.М. Деятельность института истории партии в Казахстане // Известия АН Казахской ССР. – Алма-Ата: Наука, 1982. – С. 72.

66. ҚР ПА. 141-қ., 18-т., 30-іс, 9-п.

67. ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 936-іс, 20-п.
68. ҚР ПА. 141-қ., 18-т., 30-іс, 4-п.
69. Шотаев М.Т., Алимгазинов К.Ш. Партиялық архивтердің пайда болуы мен дамуы // Ғылыми журнал «Отан тарихы», №3(91), қыркүйек 2020 ж., Алматы, 128-139 бб.
70. ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 2816-іс, 2-п.
71. ҚР ПА. 140-қ., 1-т., 1-іс, 14-п.
72. Путеводитель по фондам Архива Президента Республики Казахстан: Справочно-информационное издание // Составители: Е.М. Грибанова, кандидат исторических наук, А.А. Сейсенбаева / Под общ. ред. профессора Б.А. Джапарова. Издание 2-е, дополненное. – Алматы: 2016. – 310 с., 246 стр.
73. Кропанева О.П. Из истории учета и описания архивных документов в дореволюционной России / Оксана Кропанева, Светлана Цеменкова // Архивы России и Польши: история, проблемы и перспективы развития = Archiwa Rosji i Polski: historia, problemy i perspektywę rozwoju: сб. науч. тр. / под общ. ред. Л. Мазур и Я. Лосовски. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2013, – С. 82-93.
74. ҚР ПА. 140-қ., 1-т., 18-іс.
75. ҚР ПА. 708-қ., 46-т., 134-іс. 295-п.
76. Косарев В.В. Переподготовка и воспитание кадров партийных архивов // Советские архивы, 1976, №6. – С. 25.
77. «... Считаю свою жизнь счастливой ...» (воспоминания Р. Куватовой)». Архивисты и архивы Казахстана XX и XXI вв. Сб. документов и материалов. Сост. Р.М. Абдуали, Ж.Т. Байкаш, Е.М. Грибанова (отв.), Е.В. Чиликова. – Алматы: Архив Президента РК, 2015. – 342 с., – С. 251.
78. ҚР ПА. 30-Н-қ., 1-т., 1-іс, 1,2-п., 38-п.; 708-қ., 139-т., 3087-іс, 11-14-п.
79. Казахстанская правда, 1993, 30 января, №25-26. Стр. 2.
80. ҚР ПА. 30-Н-қ., 1-т., 1-іс, 42, 45-п.
81. ҚР ПА. 30-Н-қ., 1-т., 1-іс, 9-11-п.
82. ҚР ПА. 30-Н-қ., 1-т., 1-іс, 16-18-п.
83. «Как создавался Архив Президента Республики Казахстан (воспоминания Г. Карпыковой)». Архивисты и архивы Казахстана XX и XXI вв. Сб. Документов и материалов. Сост. Р.М. Абдуали, Ж.Т. Байкаш, Е.М. Грибанова (отв.), Е.В. Чиликова. – Алматы: Архив Президента РК, 2015. – 342 с., – С. 256.
84. Куренков Г.А. От конспирации к секретности. Защита партийно-государственной тайны в РКП(б) и ВКП(б) 1918-1941 гг. – М.: АИРО–XXI, 2015. – 252 с., – С. 65.
85. Пивоваров Н.Ю. Секреты партии – секреты Родины: из истории становления секретного делопроизводства в аппарате ЦК РКП(б) в 1919-1924 гг. // Документ. Архив. История, Современность. Вып. 16. – Екатеринбург: 2016. – С. 426.
86. Зеленов М.В. Аппарат ЦК РКП(б) - ВКП(б), цензура и историческая наука в 1920-е годы. – Нижний Новгород: 2000. – С. 131-132.

87. Иванцов И.Г. Секретное делопроизводство органов ВКП (б). 1920-е – начало 1930-х гг. (на материалах Северокавказской Краевой КК-РКИ). // Научный вестник ЮИМ, 2017, №2. – С. 17-21.
88. Восленский М., Номенклатура Господствующий класс Советского Союза. – Лондон: Overseas Publications Interchange Ltd, 1990. – 672 с.
89. Адибеков Г. «Политбюро ЦК РКП(б) – ВКП(б) и Европа. Решения «особой папки» 1923 – 1939. – М.: Российская политическая энциклопедия, 2001. – 400 с.
90. Чистиков А.Н. Секретное партийное делопроизводство в 1920-х гг.: становление и эволюция, История России: исследования и размышления. // Сборник статей к 90-летию со дня рождения доктора исторических наук, заслуженного деятеля науки Российской Федерации Валентина Михайловича Ковальчука. – Sankt Petersburg, 2006. – С. 131-132.
91. Мурин Ю. Г. О делопроизводстве и архивах общего отдела ЦК КПСС В 1960-х – 1980-х годах. Институты памяти: история в архивах.
92. Rogovaja Larisa. 30-е годы в архивах ВКП(б). In: Cahiers du monde russe: Russie, Empire russe, Union soviétique, États indépendants, vol. 39, №1-2, Janvier-juin 1998. Les années 30 - Nouvelles directions de recherche. pp. 233-238; [Электронды ресурс]. – URL: <https://doi.org/10.3406/cmr.1998.2522>, https://www.persee.fr/doc/cmr_1252-6576_1998_num_39_1_2522. (қаралған күні 20.05.2021).
93. Павлова Т.Ф. Архивы закрылись? // Отечественные архивы, 2006, №1. – С. 10-13.
94. Пихоя Р.Г. Советский Союз: История власти. 1945 – 1991. – Новосибирск: Сибирский хронограф, 2000. – 684 с.
95. Шепелев В.Н. Центральный партийный архив открывает свои фонды (информация для исследователя) // Советские архивы, 1990.
96. Ельпатыевский А.В. О рассекречивании архивных фондов // Отечественные архивы, 1992, №5. – С. 15-20.
97. Правила работы партийных архивов обкомов, крайкомов партии, институтов истории партии – филиалов ИМЛ при ЦК КПСС. – М.: 1966. – С. 55.
98. Козлов В., Локтева О. «Архивная революция» в России (1991-1996) // Свободная Мысль, 1997, №1. – С. 112-121.
99. Наумов О.В. Вопросы доступа, пользования и использования документов РЦХИДНИ // Отечественные архивы, 1996, №2. – С. 3-9.
100. ҚР ПА. 30-Н-қ., 2-т., 10-іс, 5-п.
101. «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-І Заңы. «Әділет». Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
102. Земсков В.Н. Заключение, ссыльнопоселенцы, ссыльные и высланные // История СССР, 1991, №5. – С. 32-36; Земсков В.Н. К вопросу о репатриации советских граждан. 1944 – 1951 гг. // История СССР, 1990, №4. – С. 85-89; Земсков В.Н. Массовое освобождение спецпоселенцев и ссыльных //

Соц. ис., 1991. №1. – С. 10-13; Земсков В.Н. Судьбы кулацкой ссылки // Отечественная история, 1994, №1. – С. 25-26.

103. Ельпатыевский А.В. О доступе к документам архивов // Отечественные архивы, 2006, №1. – С. 8-11.

104. Шепель В. «Строго конфиденциально», или о чем переписывались руководители СССР и Казахстана в 20-х годах прошлого века. // Комсомольская правда, 14-21 марта 2013 г.

105. ҚР ПА. 30-Н-қ., 2-т., 91-іс, 1-3-п.

106. АП РК. Обзор археографической продукции и справочно-информационных изданий за 1994 – 2010 гг. Алматы. 2010 г.

107. «Рассекреченная война: «особые папки» ЦК КП (б) Казахстана. – 1941 – 1945 гг. Сборник документов / Е.М. Грибанова, А.С. Зулкашева, Г.Н. Мурзагалиева, Е.В. Чиликова (отв. сост.) – Алматы: LEM, 2020. – 608 с. +12 вкладыш с фото.

108. АП РК. Дело фонда №708 «Центральный Комитет Компартии Казахстана. Акты о приеме на гос. хранение. Историческая справка. 158. Рабочая инструкция по обработке документов за 1946 г.

109. АП РК. Рабочая инструкция по обработке документов за 1946 г.

110. АП РК. 1987 г.

111. АП РК. 1950, 1951 г.

112. АП РК. Акты о принятии документов на хранение в архив. 1975 – 1987).

113. ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 5-іс, 1-п.

114. ҚР ПА. 140-қ., 1-т., 1-іс, 14-п.

115. ҚР ПА. 140-қ., 1-т., 18-іс.

116. Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очеркі. – Алматы: 1985. – 735 б., – Б. 272.

117. Булюлина Е.В. Каста самураев: местные партийные комитеты в 1920-е гг. (на материалах Нижнего Поволжья) // Научные ведомости, 2009, № 9. – С. 64.

118. Павлова И. Механизм сталинской власти: становление и функционирование. 1917 – 1941. [Электронды ресурс] <https://Fb2.Top/authors/pavlova-irina-vladimirovna-49942>. (қаралған уақыты 27.11.2023)

119. Коммунистическая партия Советского Союза в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК (1898–1986). Т.6. 1933 –1937. – 9-е изд., доп. и испр. – М.: Политиздат., 1985. – С. 133-145.

120. Уразбаева А.М. «Қырғыз (қазақ) облыстық комитеті (Қыробком) құжаттары Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының дереккөзі (1920-1925 жж.) тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: 2010. – 145 б.

121. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (бұдан әрі ҚРПА). 141-қ. 1-т. 2816-іс. 9-п.

122. Банасюкевич В.Д. Функции управленческих документов // Терминологические проблемы в области документоведения и архивоведения: Тезисы сообщений к теоретическому семинару / ВНИИДАД, – М.: б/и, 1973. – С. 69.

123. Е.В. Булюлина. Документирование управленческих решений в 1920-1930-е гг. Документационное обеспечение в системе управления: Материалы V Всероссийской научно-практической конференции с международным участием (г.Нижевартовск, 25 февраля 2011 года) / Отв. ред. В.В. Степанова, Т.В. Судник. – Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гуманитар. ун-та, 2011. – 182 с.

124. Колесова М.Е. К вопросу об источниковедении документов партийного происхождения по истории Русской православной церкви второй половины 1950-х начала 1960-х годов XX века // Вестник ПСТГУ 2005/4. «История», – С. 153-168.

125. Краткий словарь Видов и разновидностей документов. Ответственный редактор к.и.н. А.С. Малитиков. – М.: ВНИИДАД, 1974. – С. 79.

126. Ю.А. Русина Источниковедение новейшей истории России: [учеб. пособие] / Ю. А. Русина ; М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2015. – 236 с., 62 стр.

127. Сілтеме, дело пресс. Электронды ресурс <https://www.sekretariat.ru/article/210892-dokladnaya-zapiska-tonkosti-sostavleniya-18-m1>. (қаралған уақыты 11.12.2024).

128. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 235 бұйрығымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033338/history> (қаралған уақыты 24.04.2024).

129. Белянин Л.И., Ларин В.Г., Химин Н.И. Научно-справочный аппарат в бывших партийных архивах: состояние и перспективы развития. // Отечественные архивы. – 1994, – С. 4.5.

130. Лаптева Е.Л. Состояние и развитие научно-справочного аппарата к документам центрального государственного архива общественных объединений чувашской республики в 1990-е годы [Электронды ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sostoyanie-i-razvitiie-nauchno-spravochного-apparata-k-dokumentam-tsentralnogo-gosudarstvenного-arhiva-obshchestvennyh-obedineniy/viewer> (қаралған уақыты 30.03.23).

131. Преженцева М.Г. Интеграция бывших партийных архивов в систему государственной архивной службы [Электронды ресурс] – URL: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/30519/1/dais_03_16.pdf, (қаралған уақыты 13.07.2023).

132. Макаренко Е.А. Партийные архивы проблемы и перспективы развития партийные архивы. Проблемы и перспективы развития // Материалы

V межрегиональной научно-практической конференции. – Екатеринбург: Нижний Тагил, 2019, 14 – 16 мая, – С. 58-64.

133. Карпинец А.Ю. Интеграция учета документов КПСС в систему государственного учета архивного фонда РФ: Специфика Кузбасса // – Кемерово: Вестник КемГУКИ, 2015, №31. – С. 134-139.

134. ҚР ПА.141-қ., 1-т., 936-іс, 20-п.

135. Основные правила работы партийных архивов обкомов, крайкомов партии и филиалов ИМЛ при ЦК КПСС. – М.: 1970.

136. Правила работы партийных архивов обкомов, крайкомов партии, институтов истории партии – филиалов ИМЛ при ЦК КПСС. – М.: 1980. – С. 55.

137. Дело фонда №708. оп-2. УНТО. Переводные таблицы, рабочая инструкция. На обработке документов за 1941 г.

138. Рабочая инструкция по усовершенствованию научно-технической обработки фонда №708 – Центрального Комитета Коммунистической Партии Казахстана, Опись, №4. – С. 29.

139. Сафронова В.С. Рабочая инструкция по усовершенствованию научно-технической обработки фонда №708 – Центрального Комитета Коммунистической Партии Казахстана, Опись №5, за 1941 г. – Алма-Ата, 1987. – 31 с.

140. ҚР ПА. 811-қ., 8-т., 247-іс.

141. Анфилов Б.И. Применение перечней // Архивное дело, 1938, №2 (39). – С. 7-12.

142. Бурова Е.М. Архивоведение (теория и методика): учебник для вузов / Бурова Е.М., Алексеева Е.В., Афанасьева Л.П.; под ред. Буровой Е.М. – М.: Издательство ТЕРМИКА, 2016. – 688 с.

143. Ваганова Ф.М., Ельпатыевский А.В., Турищева Ю.Г., Цаплина В.В. Основные правила работы государственных архивов СССР. – М.: Главное Архивное Управление, 1962. – 237 с.

144. Совершенствование научно-справочного аппарата к документам бывших партийных архивов: методические рекомендации. – М.: Редакционно-издательский отдел Федеральных архивов, 1994. – 61 с., – С. 36.

145. Варшавчик М.А. Источниковедение истории КПСС. – М.: Высшая школа, 1989. – 224 с.

146. Медушевская О.М. Современное зарубежное источниковедение. – М.: Наука, 1983. – 283 с.

147. Сексенбаева Г.А. Документы фонда народного комиссариата земледелия КАССР по аграрной реформе в Казахстане в 20-е годы (источниковедческий анализ). Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 1994. – С. 240.

148. Алпысбаева Н.К. Материалы фонда Совета Народных Комиссариатов КАССР как исторический источник в изучении социально-экономических процессов в Казахстане (1925-1933 гг.) Диссертация на

соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 2002. – С. 145.

149. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы, 2002. – 172 б.

150. Абусейитова М.Х. К проблеме источниковедения средневекового Казахстана // Отечественная история, 1998, №1. – С. 42.

151. Қ. Атабаев. Деректану оқу құралы. – Алматы: Қазақ тарихы, 2007.

152. Пушкарев Л.Н. Вопросы классификации источников в русской исторической науке // История СССР, 1963, №5. – С. 81-96.

153. Макаров М.К. К вопросу о терминологии в источниковедении истории СССР // Тр. Москов. гос. ист. – архив института. – Москва, 1963, Т.17. – 195 с.

154. Медушевская О.М. Теоретические проблемы источниковедения: уч. пособие. – М.: Издательство Московского архивного института, 1977. – 230 с.

155. Ключевский В.О. Сказание иностранцев о Московском государстве. – М., 1991.

156. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 10 іс.

157. Количественные методы в исторических исследованиях / Под редакцией Ковальченко И.Д. – М., 1984; Ковальченко И.Д., Бородин Л.И. Современные методы изучения исторических источников с использованием ЭВМ. – М., 1987; Свищев М.А., Станкевич С.Б. Количественные методы в истории // Вопросы истории, 1988, №1; Кахк Ю.Ю. Математические методы в исторических исследованиях // Вопросы истории, 1989, №2 и др.

158. В.Г. Кабанов зерновые ссуды во время голода 1932 – 1933 гг. В СССР. Известия Пензенского государственного педагогического университета имени В.Г. Белинского // Гуманитарные науки, №23. 2011.

159. Кондрашин В.В. Голод 1932 – 1933 годов: трагедия российской деревни. – М.: РОССПЭН, 2008. – 519 с.

160. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 1-іс, 3-бет.

161. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 1-іс, 3-бет.

162. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 1-іс, 5-бет.

163. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 1-іс, 27-бет.

164. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 1-іс, 58-бет.

165. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 1-іс, 69-бет.

166. Анфилов Б.И. Применение перечней // Архивное дело, 1938, №2. – С. 7-12.

167. «Қазіргі кезеңдегі архив ісі: мәселелер, тәжірибелер, инновациялар» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Алматы қ., 17-18 қазан 2019 жыл. – Алматы, 2020. – 456 б. +18 парақ жапсырма.

168. ҚР ПА. 708-қ., 2/1-т., 172-іс, 14-п.

169. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 1-іс, 10-п.

170. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 1-іс, 12-п.

171. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 1-іс, 346 п.

172. Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. Қазақстан халқының әлеуметтік демографиялық жағдайы (1939 – 1959 жж.). – Алматы, Өркениет, 2005. – 160 бет.

173. ҚР ПА. 708-қ., 36-т., 1508-іс.

174. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка 80 000 слов и фразеологических выражений / Российская академия наук, Институт русского языка им. В.В. Виноградова. – 4-ое изд., дополненное. – М.: ООО «ИТИ Технологии», 2008. – 944 стр.

175. Kindler R. Stalins Nomaden: Herrschaft und Hunger in Kasachstan. Hamburg, 2014. P.16. Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Пер. с нем. Л.Ю. Пантиной. – М.: РОССПЭН, 2017.

176. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 6-іс.

177. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 7-іс.

178. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 9-іс.

179. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 10-іс.

180. ҚР ПА. 708-қ., 29-т., 169-іс; 30-қ., 1663-іс, 1647-іс; 31-т., 1547-іс; 35-т., 1295-іс; 36-т., 1508-іс.

181. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 19-іс.

182. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 27-іс.

183. ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 7372-іс.

184. ҚР ПА. 708-қ., 36/1-т., 3-іс.

185. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 32-іс.

186. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 27-іс.

187. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 20-іс, 708-қ., 1/1-т., 23-іс.

188. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 20-іс.

189. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 20-іс.

190. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 28-іс.

191. (<https://www.britannica.com/biography/Joseph-Stalin/Lenins-successor> 27.04.2025.) (ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 29а-іс.

192. С.В. Елеуханова. Положение репрессированных в Казахстане // Материалы международной конференции «Долгое эхо диктатуры. Жертвы политических репрессий в странах бывшего СССР – реабилитация и память», прошедшей в Москве 10–12 сентября 2014 г. в рамках проекта «Судьба жертв политических репрессий – право на реабилитацию и память». – М: «Мемориал» – «Звенья», 2016. – 480 с. – С. 193-235.

193. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 25-іс.

194. ҚР ПА. 708-қ., 36/1-т., 3-іс.

195. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 32-іс.

196. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 24-іс.

197. В.А. Козлов. Массовые беспорядки в СССР при Хрущеве и Брежнев (1953 – начало 1980-х гг.). Издание третье, исправленное и дополненное. – Москва: РОССПЭН, 2009.

198. ҚР ПА. 708-қ., 44/2-т., 6-іс.

199. Шотаев М.Т., Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Алимгазинов К.Ш. ҚҰЖАТТАР ҚҰНДЫЛЫҒЫН САРАПТАУДЫ ЖҮРГІЗУ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ (статья) // Тарихшы, ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Серік Мектепұлы Мәшімбаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Ресей империясының Орталық Азиядағы саясаты және рухани өмірі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, 2019 ж. қараша. 246-250 бб., 5 бет.

200. Шотаев М.Т., Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Алимгазинов К.Ш., АРХИВТЕРДЕГІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚҰПИЯСЫЗДАНДЫРЫЛУ ТАРИХЫНАН (статья) // Президент Архивінің 25 жылдығына арналған «Қазіргі кезеңдегі архив ісі: мәселер, тәжірибелер, инновациялар» атты II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы, 2019 ж. қазан. 399-405 бб., 7 бет. URL: <http://archive.president.kz/upload/iblock/648/%D0%9C%D0%B0%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D1%8B%20%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D1%84%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%BD%D1%86%D0%B8%D0%B8%202019.pdf>.

201. Алимгазинов К.Ш., Шотаев М.Т. ПАРТИЯЛЫҚ АРХИВТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ // Ғылыми журнал «Отан тарихы», ISSN 1814-6961, №3(91), қыркүйек 2020 ж., Алматы, Қазақстан. 128-139 бб., 12 бет. URL: <https://otan.history.iie.kz/main/issue/view/27/28>.

202. Алимгазинов К.Ш., Шотаев М.Т. ҚР ПРЕЗИДЕНТІ АРХИВІНДЕГІ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ҚҰЖАТТАРЫН ҚҰПИЯСЫЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы, ISSN 1563-0269, eISSN 2617-8893, №3 (106), қыркүйек 2022 ж., Алматы, Қазақстан. 158-167 бб., 10 бет. URL: <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1545/876>.

203. M.T. Shotayev, K.Sh. Alimgazinov, G.S. Zhugenbayeva. The attitude of the soviet authorities to the first wave of ‘nomaders’ according to the documents of the ‘special folders’ of the CC CP(B)K // HISTORIA I ŚWIAT (SCOPUS), Institute of History, Faculty of Humanities, Siedlce University of Natural Sciences and Humanities, ISSN 2299-2464, Tom 11 (2022), september 2022, Siedlce, POLAND. p. 273-290, 8 страниц. DOI: <https://doi.org/10.34739/his.2022.11.16>, URL: <https://czasopisma.uph.edu.pl/historiaswiat/article/view/3037/2569>.

204. Шотаев М.Т. ЭВАКУАЦИЯ: ДОКУМЕНТЫ «ОСОБЫХ ПАПОК» КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА ВО ВРЕМЯ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ // «МАТЕРИАЛЫ XI Международной научно-практической конференции. История, Память, Люди», 20 сентября 2022 г., С. 74-80, 7 стр. URL: <https://archive.president.kz/upload/iblock/4a9/%D0%9C%D0%B0%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D1%8B%20%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%84%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%BD%D1%86%D0%B8%D0%B8%20%D0%9C%D0%B8%D1%86%D0%B2%D0%B0%202022.pdf>.

205. Шотаев М.Т. Состав и описание документов «особых папок» партийных фондов ЦК Компартии Казахстана (КазССР) // I Международная научно-практическая конференция "Архивный диалог. Наследие партийных архивов (к 95-летию Национального архива Республики Беларусь)", 26 мая 2022 г., С. 135-141. URL: https://narb.by/files/00316/obj/110/32503/doc/%D0%90%D1%80%D1%85%D0%B4%D1%8B%D1%8F%D0%BB%D0%BE%D0%B3_%D0%92%D1%8B%D0%BF1.pdf.

206. М. Шотаев. ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯЛЫҚ ҚОРЛАРЫНДАҒЫ «ЕРЕКШЕ ПАПКАЛАР» ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН СИПАТТАМАСЫ // Жаңа архив. Ғылыми-әдістемелік журнал. ISSN 2958-6593, Т. 2. № 2, маусым 2023 ж., Алматы, Қазақстан. 55-61 бб., 7 бет. URL: https://archive.president.kz/upload/iblock/8bb/%D0%96%D0%B0%D2%A3%D0%B0%D0%90%D1%80%D1%85%D0%B8%D0%B2%E2%84%962_compressed.pdf.

207. Алимгазинов К.Ш., Шотаев М.Т. ПБЖП ЛЮБЛИН ВОЕВОДАЛЫҚ ПАРТИЯЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ: САҚТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы, ISSN 1563-0269, eISSN 2617-8893, №1 (108), наурыз 2023 ж., Алматы, Қазақстан. 68-79 бб., 12 бет. URL: <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1611/920>.


208. D. Magier, M. Tursynbekovich Shotayev, T. Zhandosovich Makhanbayev. Communist Party documents from the period of its rule in Kazakhstan and Poland: A comparative study // «Rocznik Instytutu Europy Środkowo-Wschodniej», 21 (2023), z. 2, december 2023, Lublin, POLAND. s. 135-151, DOI: <https://doi.org/10.36874/RIESW.2023.2.7>, URL: https://ies.lublin.pl/wp-content/uploads/2023/12/riesw_2023-2.pdf.

209. М. Шотаев. Қазақстанға қоныс аударылған халықтарды қабылдау және орналастырудың «ерекше папкалар» құжаттарында көрінісі (1937-1954 жж.) // Жаңа архив. Ғылыми-әдістемелік журнал. ISSN 2958-6593, Т. 3. № 2, маусым 2024 ж., Алматы, Қазақстан. 57-74 бб., 18 бет. URL: <https://archive.president.kz/upload/iblock/62c/1acok31ybflbkaami05tbm0tgfkfvxra/%D0%B6%D1%83%D1%80%D0%BD%D0%B0%D0%BB%20%E2%84%962.pdf>.

Қосымшалар


№ 1-қосымша

«Ерекше папка» архивтік ісінде сауалнама арқылы қаблданған шешім



Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві. 708-қ. 1-1-т. 1-іс.

«Ерекше папка» архивтік ісінде қаулының бөлімдерінің орындаушылар мен бақылаушыларға таратылу реті



Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві. 708-қ. 1-1-т. 4-іс.

«Ерекше папка» архивтік ісінде қалыптастырылған құжаттардың тізімдемесі

Опись документов.							
находящихся в деле № _____ папка № _____							
№№ по порядку	Дата	Входящий №	Исходящий №	Куда адресован или откуда поступил	Краткое содержание	№№ листов дела	Примечание
1	2	3	4	5	6	7	8
				1942 год			
1	3.1	-	135-1	Постановление ЦК КП(б)К <i>Рассекречено. пр. ж. н. к. 08.11.84. Куз</i>	О подборе коммунистов и комсомольцев на укомплектование вновь формируемых воинских частей	1-2	
2	7.1	-	135-9	Постановление ЦК КП(б)К	О высылке в Военно-Политическую Академию РККА.	3	
3	7.1	-	135-16	Постановление ЦК КП(б)К	О состоянии и задачах противочумной работы в республике на 1942 год.	4-6	
					Материалы к постановлению 135-16	7-10	
4	9.1	-	136-2	Постановление СНК и ЦК КП(б)К <i>Рассекречено. пр. ж. н. к. 08.11.84. Куз</i>	О мероприятиях по дополнительному формированию 96-й кавалерийской национальной дивизии.	11-32	
5	17.1	-	136-11	Постановление СНК и ЦК КП(б)К	О размещении вновь формируемых двух запасных стрелковых полков.	33	
6	17.1	-	136-12	Постановление СНК и ЦК КП(б)К	О плане производства и сдачи винтовочных противотанковых гранат Сердюка (ВПГС-41) на I квартал 1942 г.	34-36	
7	17.1	-	136-13	Постановление СНК и ЦК КП(б)К <i>Рассекречено. пр. ж. н. к. 08.11.84. Куз</i>	О дополнительном призыве и поставках для национальных кавдивизий.	37-44	
8	16.1	-	136-16	Постановление СНК и ЦК КП(б)К <i>10 мар. 1942</i>	О реализации Указа Президиума Верховного Совета СССР от 26.XII 1941 г.		

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві. 708-қ. 1-1-т. 4-іс.

№№ по порядку	Дата	Входящий №	Исходящий №	Куда адресован или откуда поступил	Краткое содержание	№ листов дела	Примечание
1	2	3	4	5	6	7	8
9					Материал к поста- новлению 136-16	47	
9	20.1	-	136- 18	Постановление ЦК КП(б)К	О направлении на политработу в 96 национальную кав. дивизию партийных, комсомольских, со- ветских и хозяйст- венных работников.	48- 50	
10	23.1	-	136- 20	Постановление СНК и ЦК КПК	О размещении поль- ских воинских со- единений.	51	
11	26.1	-	137- 9	Постановление ЦК КП(б)К	О посылке коммуни- стов и комсомольцев на работу в органы милиции НКВД Турке- стано-Сибирск. и Карагандин. ж.д.	52- 53	
					Материал к постанов- лению 137-9	54	
12	26.1	-	137- 16	Постановление ЦК КП(б)К	Об откомандировании т.Адилгиреева Х.М. на учебу в Военно- Политич. Академию РККА им. Ленина	55	
13	28.1	-	137- 18	Постановление ЦК КП(б)К	О результатах про- верки заявления о засоренности аппа- рата Управления Леса- ми местного значе- ния при СНК КазССР	56	
					Материалы к поста- новлению 137-18	57- 62	
14	28.1	-	137- 29	Постановление ЦК КП(б)К	Об итогах работы предприятий золо- той промышленности Казахстана за 1941 г. и мероприятиях по выполнению пла- на 1942 г.	63- 68	
					Материал к поста- новлению 137-29	69- 73	

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві. 708-қ. 1-1-т. 4-іс.

Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің және Қазақстан К(б) П Орталық Комитетінің «Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің және Қазақстан К(б) П Орталық Комитетінің (Қызыл Армияға жылқылар мен машина жіберу туралы» 1942 жылғы 26 маусымдағы қаулысына кейбір өзгерістер енгізу туралы» қаулысы

Жир. 158 и 3 от 11. VII. 42.
325 28

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!
КАЗАҚТЫҢ СОВЕТТІ СОЦИАЛИСТІК
РЕСПУБЛИКАСЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ
ЖӘНЕ
КАЗАҚСТАН К(б) П
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ

Алматы, Үкімет Үйі.
Алма-Ата, Дом Правительства.



СССР
Пролетарии всех стран, соединяйтесь!
КАЗАХСКАЯ СОВЕТСКАЯ СОЦИАЛИСТИЧЕСКАЯ
РЕСПУБЛИКА

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
СОВЕТА НАРОДНЫХ КОМИССАРОВ
И
ЦЕНТРАЛЬНОГО КОМИТЕТА
КП(б) КАЗАХСТАНА

11 июля 1942 г.

№
ОСОБАЯ ПАПКА
ОСОБАЯ ПАПКА.

О частичном изменении постановления СНК КазССР и ЦК КП(б) Казахстана от 26 июня 1942 года "О поставке лошадей и машин Красной Армии".
(т.т. Алексеев, Заговельев)

В частичное изменение постановления СНК КазССР и ЦК КП(б) Казахстана от 26 июня 1942 года "О поставке лошадей и машин Красной Армии" Совнарком КазССР и ЦК КП(б) Казахстана постановляют:

- Отменить пункт "б" указанного постановления СНК КазССР и ЦК КП(б) Казахстана от 26 июня с.г. в части из'ятия из народного хозяйства республики для поставки Красной Армии 195-ти неходовых автомашин.
- Поручить Казвоенкомату (т. Малькову) в обеспечение плана поставок автомашин Красной Армии, установленного постановлением ЦКЮ от 18 июня 1942 года за № 1914/сс обратить 195 автомашин из числа остатка от прежних поставок, находящихся на сдаточных пунктах облвоенкоматов, в том числе: 140 автомашин в гор. Алма-Ата, 25 - в гор. Усть-Каменогорске и 30 - в гор. Караганде.
- Обязать Казвоенкомат (т. Малькова):
 - Немедленно передать автомашины, указанные в пункте 2 настоящего постановления Наркомату Автотранспорта КазССР для ремонта и поставки их в Красную Армию;
 - не позднее 12 июля с.г. получить от военного Совета СЛВО необходимые для ремонта этих машин запасные части и материалы и передать их Наркомату Автотранспорта КазССР.
- Обязать Наркомат Автотранспорта (т. Гаврилова), председателей исполкомов, облсоветов депутатов трудящихся и секретарей обкомов КП(б)К: Восточно-Казахстанской области т.т. Гармашева и Рванцева, Карагандинской - т.т. Ерглибекова и Пазикова, а также председатели ис-

Қазақстан Коммунист (большевиктер) партиясы Орталық Комитеті бюросы мәжілісінің «өте құпия» айдарымен қабылданған № 353 хаттамасы.

Алматы қ. 12 қараша 1946 жыл.

ЦК ВКП(б) и ЦК Кадры в связи телеграфом.

Барлық елдердің пролетардары бірігіңдер!
Пролетария всех стран, соединяйтесь!

СТРОГО СЕКРЕТНО

**ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТ (большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
КОММУНИСТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ (большевиков) КАЗАХСТАНА
ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ**

ПРОТОКОЛ № 353

Заседания Бюро Центрального Комитета КП(б)К
" 12 " *ноября* 1946 г. пункт *38*

Об утверждении тов. САКАУОВА Ж.
членом центральной избирательной комиссии
по выборам в Верховный Совет Казахской ССР.
(Г. Яковлев)

Утвердить тов. САКАУОВА Ж. членом центральной избира-
тельной комиссии по выборам в Верховный Совет Казахской ССР,
вместо умершего тов. АЛИЕВА С.

Внести на утверждение ЦК ВКП(б).

Секретарь ЦК КП(б)К *Ш. Шайхметов*
Казахстана /Ж. ШАЙХМЕТОВ/.

Г. Яковлев
т.с.

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві. 708-қ. 1-1-т. 9-іс.85-п.

Қазақстан Коммунист (большевиктер) партиясы Орталық Комитеті бюросы мәжілісінің «өте құпия» айдарымен қабылданған № 6 хаттамасы.

Алматы қ. 19 сәуір 1949 жыл.

См. директиву ЦК, касающуюся Вокс
5 экз
ОСОБОЙ ПАПКА
СТРОГО СЕКРЕТНО

Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!
Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

**ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТ (большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
КОММУНИСТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ (большевиков) КАЗАХСТАНА
ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ**

ПРОТОКОЛ № 6

Заседания Бюро Центрального Комитета КП(б)К
„ 19 “ апреля 1949 г. пункт 47

О плане работы Казахского отделения Всесоюзного
общества культурной связи с заграницей
(т. Крашенинников)

ЦК КП(б)Казахстана постановляет:

1. Утвердить план работы Казахского отделения Всесоюзного общества культурной связи с заграницей на 1949 год (прилагается).
2. Обязать уполномоченного ВОКС в Казахской ССР т. Кенесбаева представлять в ЦК КП(б)Казахстана отчеты о ходе выполнения плана работы Казахского отделения ВОКС за каждый квартал.

Секретарь ЦК КП(б)Казахстана *М. М. Мухоморов* Ж. ШАХАМЕТОВ

КС-1

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві. 708-қ. 1-1-т. 12-іс. 31-п.

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві. 708-қ. 1-1-т. 37-іс. 196-п.

«Ерекше сектор» бөлімінің Құпия бөлім секторында қалыптастырылған «1962 жылға «Ерекше папка» материалдары» тақырыбымен қалыптастырылған істің мұқабасы

**ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ
КОММУНИСТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ КАЗАХСТАНА**

ЦК КП КАЗАХСТАНА

ОСОБАЯ ПАПКА

Рассекречено

гор. Алма-Ата

Отдел Особый сектор

Сектор Секретная часть

ДЕЛО № 12

Материалы "Особая папка"
за 1962 год.
(Имеются внутренние ссылки).

Начато 10 марта 196 2 г.
Окончено 21 июня 196 2 г.

На 240 листах

ФОНД №	<u>708</u>
ОПИСЬ №	<u>1/1</u>
ЕД. ХР. №	<u>99</u>
СВ. №	

УДАЛИТЬ

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві. 708-қ. 1-1-т. 39-іс.